

11.2006


2350к

МАРИА
ҚОЖАХМЕТОВА

ЖАНЕТ

СИЛІМ







МАГИРА
ҚОЖАХМЕТОВА



ББК 84(5Каз)

К 56

Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

К 56 Кожахметова Мағира. Жантәсілім: Роман — Алматы, “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2001. - 312 б.

Сегіз, тоғыз ай аралығында алыстағы Бұғылы ауылының жетпісінші жылдары кешкен хал-ахуалының астарында сол өнірдің сексен, тоқсан жылдық қуаныш, қайғысы, өкініш, мұны, бақтыы жасырынған. Кешегі мен бүтінгі тіршілік тынысынан көніл қобалжытар келешек келбеті еміс-еміс көлбендейді. Үміті, күдігі қатар жарықсан құрделі кезеңнің Бұғылы тұрғындарына артқан жүгі сан алуан тағдырлар арқылы өрбиді...

ISBN 5-630-00315-1

**К 47002250201
415 (05)-01 8—2001**

ББК 84(5Каз)

© Кожахметова М., 2001

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЕРІК АКАДЕМИЯЛЫҚ КİТАЛХАНАСЫ

00149823

*Жиырмасынышы
гасырдың құғын-сурғін,
аштық, согыс жылдары атылған,
қаза тапқан,
хабарсыз кеткен
есіл ерлердің руҳына бағыштадым
осы еңбегімді. Солардың ішінде
Мұхамеджан, Кәстай,
Мұсабек Қожахметұлдары,
Балтабай Магзұмұлы, Нұрмұханбет
Әбдірахманұлы, Бекілән Әміреұлы,
Халық қажы Бердәлұлы, Қожахмет қажы
Әлімбайұлы, Сәбиолла Әміреұлы,
Сүлеймен Серғазыұлы, Өгізбай Құрманұлы
аруактарында да мың тағым...*

Автор.

I

Табалдырықтан аттай беріп Тоқсейіг шал аңтарылып тұрып қалды. Ашық есіктен ортаңғы бөлменің қақ төріндегі бесік көзіне жылы ұшырағанымен, аттай тулас шыға келген жүргінен тынысы тарылып бара жатты. Әдегте қолы әлденеге тиіп кетсе “опасыз бок” деп қайталай жүріп-ақ барлық шаруасын тыңдырып үлгеретін Жанғанымның отырысы да мұлдем өзгеше. Айналасы ыбырсып, шашылған мақта ма, жұн бе, анық айырмады. Бірақ кемпірінің ыңғайлы жайғасқан түрінен әлденендей іске ықыласпен кіріскенін сезді. Тіпті мұның ішке енгенін де анғармады. Әлде бір шуберекті бесіктің өне бойына әлсін-әлсін өлшеп, ту сыртында жатқан қайшыны көрмей, алашаның бұрыш-бұрышын аралап кеткен саусақтары әлгінде - өзі шансып қойған инеге тіреліп, селк ете басын көтеріп алды. Не әрі, не бері жүрмей қақшиған шальина сондағана көзі түсті. Оның бесік жаққа қадала қарап тұрғанын да енді байқады.

- Күдайым жарылқайын десе, казынасы мол ғой - Жанғанымның дауысы сынғырлай шықты. Сеніммен айтылған сездер шалды жұбатып алдағандай өсерде қалдырыды.

- Сен не былықтырып отырсын?

Кемпірі біргүрлі жуасып, бүгежектей берді. Манадан бері іздеғен қайшысын тауып алып, умаждалған шуберекті асыңыс қия бастады. “Не істеп жатқанымды көріп отырған жоқсын ба“ дегендей, қыш тастаған шуберектің бірін бесікке еппен жақындастып қойды да, анадай жерде шашылған жұнді

қопсыта тегістеп, қолы-қолына тимей түте жөнелді. Қымылыңда алабөтен ширактық бар.

Шалдың секемшіл көңіліне күдік жүгірді. Аяқ астынан пысықсына қалған Жанганнымның қазіргі бір де бір өрекеті миына қонар емес. Әйелінің ұсақ-түйек шаруасына мұншальықты зер салмайтын. Бірақ сорлының мынасы не? Жүрегін шаншытып әкеткен үрейден зәресі ұшып, әрі қапаланып, алашаның шетіне алқына әрен жетіп, отыра кетті. Әдетте қас-қабагынан бәрін сезе қоятын қосағының бұның дәл осы сәттегі есін үрлаған ойынан титтей хабары болсайшы, жағасы жайлауда, есінеп қойып, сөйлем отыр.

- Шөп болсаң да, көп бол... анау Күжбанның тұқымы, ескен тұқым, жуас еді марқұм, Дәм ағамды құдайдай сыйлап өтті ғой, әруағы жар болғырдың бір шапағаты тиер-ау. Әне, Қөпжасары қандай жігіт дерсін, он бір баласы бар, солардың бесігін альп келдім... Құдайдың көзі түзу болсын, тек әйтекеүр жақсылыққа жалғассын келіннің ниеті. Әлті Қөпжасардың үйіне әдей соқтым, әйелінің тубіг шәлісін, мейлі тіпті қырық жылғы ма, жалынып сұрап алдым, жөргегінің арасына салайын...

Тоқсейіттің құлағы шың етті. “Өскен тұқым...“ - Қайжайдағыны есіне оралтып, ішінде шемен бол қатқан қайғысы жаңғырып шыға келді. Алансыз айтыла салған бір ауыз сөз онсыз да ушыққан жарасын аяусыз тырнағандай. Еңсесі езіліп, орнынан козғалуға да мұршасы жетпеді. Жалғызын ойлағанда ғана тәүбесіне келіп, “иә, алла, шүкірлік“ деді күбірлеп. Әбден сарғайып ескірген бесікті жаратқан иесінің өзі қолына тапсырғандай-ақ Жанганным мәз-мәйрәм. Талай жылғы киялдарын тоздырып, зарықтырған үміттерін енді-енді жалғағалы түрған, бірақ әлі көздеріне көріне қоймаған армандаидай алыс сәбидің жасауына қызыға кірісіпті. Былайғы шакта алды-артын болжай сак сөйлем, сабырлы жүретін Жанганнымның мына даражалығына мазаланып, жер-жебіріне жете сөккісі келгенімен, үн қатпады. Әлдене деп дауысын көтерсе, күдік аралатып үлгерген тілегінің тас-талқаны шығатында берекесі қашты... “Сорлы-ау, неге жанталастың, неге?“. Өні қуақыланып, жүдеп отырған шалына назар

токтатқан Жанғаным қәдімгідей таңғалды. Қатты ренжігенде, осындаі пұшайман хал кешип, тіл-аузы байланып қалатын... “Төнірім-ау, пәтшағарға не көрінген, мына мусәпір түрі нені емексітеді? Мұндайын байқамағалы қай заман...”

- Ауырып отырганнан саумысын?

Қас-қағымда өзегін өртей жаздаған сұyk ойын Токсейіт таратып жатпады. Не болса, содан секемденетініне қорланды. “Неге алдымен жақсылыққа емес, жамандыққа жориды, сорлы кемпірінің ырымын қуанышқа жори салса, несі кетептін еді? Еркінен тыс құдікке соншалықты тұтқындалғаны қалай? Неге еkenі белгісіз, көзалдына Көпжасар мен келіншегі елестеді. Қашан барса, көшетін үтеге үқсал, астан-кестені шығып, жалаң аяқ, жалаң бұт шауып журер бокмұрындарына қарамай, ауыл аралаудан қолы босамайтын Көпжасардың әйелі, мейлі салак, маскунем болса да, әйтеуір жыл сайын бала табады. Және сол пақырлар ауырып-сырқады легенді ешқашан естімепті, бірақ естері кем бе, ақыл-зейіндері жоқ дей ме... мұны несіне ойлап кетті? “Е, әлті қырық жылғы шәлісін әрен құрап алдым деген еken ғой Жанғаным. Қайтсін-ай, тіпті еш сөкеттігі жоқ... ал, жөн-жосықсыз құдіктенгенімді ешкім сезбесін... тәубә, тәубә...“ - Токсейіт жымиган сынай танытып еді, кемпірінің де қабагы жадырады.

- Өзім аямаған пәндәмді өзге пәндәм аямаса еken дегендей, алла тағаламның ықыласына құлдық. - Жанғаным әлгінде тастай салған оймағына жармасты, бұның ойын түсініп қалған сияқты, ақтала сөйледі.

- Бүгін жауырынымның құрысып тұрғаны. - Әңгімені шалы мұлдем басқа желіге ойыстырды.

- Әбден үйкүшікке айналғансың, бір мезгіл орманды аралап қайтушы едін, одан да қалыпсың. Баяйдаі тау-тасты кезіп байқамайсың ба, ердің тақымынан ат кетсе, құты қашты дей бер. Ең әрісі, қоранда жылқың болмаса да, жұтап тұрмай ма.

- Е, өзің емес пе, “сексенге иек артса да қақпас аттан түспейді” деп жүргт сөз қылады, отырмайсың ба күніне бес рекат намазға табынып деген...

- Сен қашаннан намазға жығыльып, қатынға табынатын болғансың, шынымен қартайған екенсің ендеше... Мен “көз

тимесін“ деп әдейі айтқанмын... - Әлгі өзірде Тоқсейіттің демін ішіне тартып, сұрланған түрінен шошып кеткен Жанғаным енді батылдана тіл қатты. Қатты қорыққаны рас, тіпті оқыстап жаманат хабар естүге тастүйін дайындалған. Қатар ғұмыр кешіп келе жатқан жарты ғасырдан астам уақытта (мұның он жылын шалы түрмеде еткізді) бірінің көnlіндегісін екіншісі айнағтай танитындықтан ба, ең акыры адымдаған әдістерінен де әлденендей болжам жасауды дағдыға айналдырған. Екеуінің өзара күнкілі, өкпе-назы, реніші, қуанышы қебінесе ишармен, емеурінмен айғақталып жатады. Бөтеннің алдында “әй-шәй” деспек түгілі, онашада бет жыртысып көрмеген. Басқалар үшін женіл-желті қабылданар жәйттердің бұларға әрдайым салмақ салып жүретіні де сірә, соңдықтан шығар. Сабырын үрлаған шалдың тұксиген қабағы да емес, оның жаңын жегідей жеген уайымның табын сезген, соның өзі-ақ жоқ-жітімін айғақтап, қабыргасын қайыстырар небір сумакай ойлардың жанғырып шыға келуіне жетіп жатыр еді. Қалеріне ештеңе кірмегенсіп, өзілдей сойлегенімен, Тоқсейіт шығып кеткеннен кейін де, бүйірін тескен қобалжудан сейіле алмады. Жан-жақтағы ағайын-тұғандарының бас амандығын тілеп біраз отырды. Соңғы жылдары қызық-қуаныштан ғөрі қазаның үстінде жиірек кездеседі. “Бұ шіркіндердің ешқайсысы жәй әншнейін келіп-кетуді білмейді. Денінің саулығын медет қылғып, қырық жамау көnlінді елеп-ескерер кім қалды дейсін? Әйтеуір Айғаным ғана... Жалғыз інілерінен қалған түяқ та шеттеп кеткен, сонау жылдары осы маннан көшірілген жылқымен бірге ол да аттанған. Абыройсыз емес, суретін газет-журналдардан көріп тұрады, радиодан да атын естіп жатады. Бір рет келіп те қайтқан келіншегімен, балаларымен. Бір облыстың ішінде міз, алысқа ауып кеткен ештеңесі жоқ дейтін шалы. Бірақ ат ізін сирек салады. Дастанның атағы дардай, әйтілі жылқышы, үйі толған кілем, жылына екі соғым сояды дегенді сырттай естігенімен, анық-қанығын білмейді. Атабаба дәүлеттің масасы соған конғанына да шүкіршілік. Әттен, неліктен екен, күні бүгінге шейін төрін корсеткен емес.

Ой желісі үзіліп кетті. Мұны қинайтыны Дастан үйінің

төрінде отырмағаны ма екен, тәйірі-ай, төр деген не, төркіннен қалған көз болғасын, іштей елеңдейтін шығар. Рас, талай барғысы да келген. Неге екенін өзі де үқпайды, сол Дастан бай тұрады дегенге сенбейді. Төрт қабырга мен ішіп-жегеннен арылмайтын токшылықтың құны құрып қалсын. Бәрібір “әлі жебемей, тірі байымайды“, ата-баба аруағына бағыштап, ат шаптырып, ас бермесе, ағайын деп іздемесе, ұлкендердің басын қосып, дәм татқызбаса, байлығынан не қайыр?! Жанғаным ойдағы-қырдағы туыстарын есіне алғанда, көкірегінде жасырынған, ешкімге тіс жарып айтпайтын өкпе-назы да солармен қатарласа тіріліп шыға келген. Бұған өзі де таңырқағандай. Сол жамағайындарын сағына тұрып өкпелейтіні, өкпелей тұрып сағынатыны несі. Бәрінің де Бұғылы жерін көңілдерінен мұлдем алыстатқандай, бір айналып соқпайтындарын түсінінкіремейді. Жұртта қалғандай тірліктері мынау, тұтін түтеткен от басынан гөрі Құлабие шоқысын түгелдей еншілеп ұлгерген зират көп. Іргелес орналасқан Ивановкаға көшіп жатыр бәрі. Жана совхоздың орталығы айналасы екі-үш жылдың ішінде танымастай өзгеріп, кешегі қотыраш үйлердің орны да жоқ. Қызыметті мұндағылар барып-келіп істейді.

“Көрінде өкіргір әлгі Итемген қақбас, совхоздың орталығына Бұғылыны таңдағанда, “бұ жердің сұы жоқ“ деп өтірікті соғыпты ғой. Қолынан билік тайып, қайраты кемігесін ол қақбасқа кейінгілердің бірі өліп, бірі қалса да бәрібір болғаны-ау, көзалдында күйреген ауылына жаны ашымағасын, не дерсің. Қарғыс қағары бар-ау құрғырдың, әлі күнге шейін дін аман, ұл-қыздары жан-жақта, шетінен зіңгіттей қызыметкөр деседі. Екі қатыннан тұған балалары қауым ел. Бар уайымы - қазір қатынсыз. Елге жасаған қиянатынан соғыс аяқталғасын сотталып та келген. Ұақыттың өшірмейтіні жоқ қой, әлі де елдің атынан сөйлейтінін қайтерсін. Бұғылының Итемген білмейтін нұы, сұы бар ма еді тәйірі. Құбылмалы заман-ай, содан бері де елу жыл етілгі, осы Бұғылыға көшпейміз деп зар еніреп отырып алғандары әлі есінде. Ол кезде Сүйін әuletі жеке ауыл, ата-бабаларының сүйегі жатқан жерден бір елі ұзамаудың амалын іздел, шарқ

ұған. Эр шоқыны панарап быпраған ұсақ ауылдардың басын қосып, артель үйымдастырылды. Жеке қоныстанып үйренген жұрт сөйтіп мұлдем тосын тірлікке де көндіккен. Айналасы жеті-сегіз шақырымға бола сонша жылап-сықтағандары, қазір күлкіл. Тіпті берлінге шейін өлтөндөрін арулап Сүйін жұртына апарып қоятын, қандай қақаған қыста да сол әдеттерін тастамайтын. Енді пайымдаса, соның езі түкке түрғысыз әурешілік. Аталар аруағын аттамаймыз дегендері де бос сез. Кейінгілер сол бабаларының сүйегі қайда қалғанынан хабарсыз. Арыздаудың реті және келіңкіремейді, бәріне жауап беретін мына біз, шал-кемпірлер. Бастары қосылса жеті атасын түтөндей жіліктеп беретін шалдар бұ күнде намыссыз бол бара ма, ескі қорым егіннің астында қалғанда, тырп етіп бірі шылқпады. Қит етсе, өкіметті кінәлап жар салады, акы иесінің өздері үндемегесін, қайдан білсін өкімет кімнің әкесінің қайда жерленіп, сүйегінің қайда курап жатқанын. Іштен жай-жапсарды жақсы білетін азамат суырылып шылқлағасын, сырттағылар қалай тон пішсін. Мәселе шешілер кезде жабайы андай індеріне тығызып алады да, артынан періште көрінгісі бар бәрінің. “Енді кеп шеттерінен шешенсіңдер, - дейді Қалқан, - қатын-қалашыңа шейін қит етсе аудан, облыс қайда, бастықтар қайда деп аттан салып атойлайсындар. Құдай-ау, бұларың көтөндегі қотырды жүрттың бәріне көрсеткенмен тең гой. Эркім өз тәніне ие, ендеше оның іріп-шірігеніне де кінәлі ең алдымен өзің. Тұған ауылын да өз тәнің сияқты, ұдайы сылап-сипағанды, күтімді тілейді. Алакандай Бұғылы не өткізбеді басынан, дүрілдеген колхоз, аты шулы совхоз да атанды. Үш ауданын шекарасында орналасқаннан ба, әрқайсысына кезек-кезек қарағанын айтсандашы. Апа, түсінесің бе, бір кездегі сіздің Сүйін ауылының кебін қазір Бұғылы киіп түр-ау...“

Дүниенің аумалы-төкпелілігін зердесіне баяғыда түйгенімен қу бұтағына шейін біте қайнасып кеткен ауылының барған сайын мүшкіл хал кешуі алабеген алапатқа аппаратын тәрізді. “Осы біз ақырзаманның бакытсыздары болып журмейік, алды-артымызды тып-типыл ғып журмейік. Ең ақыры әкс-шешеміздің, топырағы торқа болғырлардың,

жатқан жері де тып-типыл, көзден бір-бір үшқан жок па. Балдәурен балалығынан бергі тұста қадір тұтқандарынан түк жок, жеттіске таяған жасының ішінде өз іздерін өздері өшіріп келе ме, қалай? Сірә, сондықтан шығар, іштей мойында мағанымен, ұзакқа созылған күйкі тірліктерінде жалмауыздыққа, әлде соған үқсас па, әлденендей сұрықсыздық бар. Қатарластарындағы немере сүйе алмағандарында да әлті жалмауыздықтың салқыны жатуы әбден негайбыл. Алла тағала алдымыз бер артымыздың тып-типыл қалғанынан сақтасын. Көрі қойдың жасындағы жасым қалды ма, тек жалғыздың сонынан шикі өкпе ергенін көруді қия гөр, жаратқан ием. Қозіміздің ағы мен қарасындағы қараашықтарым Қалқан мен Сананың алдында кетсек, ендігі тілек сол. Ризашылық дейінші құдайға, ризашылық“.

- Апа-ау, ырымыңыз жақсы той. Үйдің іші базарға берпісіз, тойға дайындалып жатырсыз ба?

- Аузына май, айналайын! Адам куаныштан да есалан бола ма, өзімнен өзім бүлініп, әуреге түсіп отырғаным. Артықтау кетсем, кешіре салындар, бірақ жүрегім жарыла жаздал жүргені рас. Тіл-көзі сүктанбасын деп, қатын-қалашқа да айтудан қорқамын. Екі дүниеде ризамын сендерге, тағдырыма. - Дауысы жарықшақтанып шықты.

- Осы сіздің жүрепініз неден жаратылды екен, апа. Жақсыға да, жаманға да кеширімдісіз, тоқшылыққа да, жоқшылыққа да “шүкіршілік“ деп құлшылық етуден жалықтайсыз. Жер басып жүргенің үшін де біреуге карыздар сияқты сөйлейсіз. - Сана қолтығындағы қағаздарын столға қойып, халатын киіп алды.

- Мына қызықты қара, - деді кенеттен Жанғаным орнынан асығыс көтеріліп, - шәй қоюды үмиттып кетілпін, сениң қай мезгілде келетінің есімнен тарс шығыпты, әй, алжыған неме...

Қалбалактай жүгіргеніне қарап Сана күліп жіберді. Былайғы жерде паң көрінер, кім-кімнің де алдында өзін сыйлатарлық айбыны бар қайын енесі үй ішінде соншалықты биязы. Мұнысы кейде бейкунә қорғансыздықпен астасып жатады. Айналасын шуактандырарлық көл-көсір мейірім бар бойында. Сол бір үнсіз аялағаны үшін өзін талай рет бақытты

сезінген. Арқасын үдай ашытып, сүйек-сүйегін кеміретін кей күнгі жағдайынан құтқаратын да енесінің сол жылы қабағы. “Бедеу“ деген ат тағылып, өмірден еш мән таптай қиналғанында бөтен пигыл танытпағанын сірә ұмытар ма? “Құдайдың бергенінен опа табасың ба, бермегенінен опа табасың ба, маңдайында жазылғанға бәрібір көнестің. Табалағаның алдына келсін. Басың жас, жиған-тергенімізді жолыңда шашайық, қарал, емдел“ деп мұның еңсесін көтермегендеге, кім білсін, бүгінгі жағдайына жетер ме, жетпес пе?

“Көптің бірі, ең акыры екеудің де бірі емес балан, әбден кешікпей түрғанында, алып бермейсің бе анау қыздардың арасынан таңдағанынды“ деген сөзді күн сайын естісе де, мән бермейтініне танғалады. Онашада аň ұрып, курсінгенін байқап қалса да уайым бұған. Асылы, дана бол, надан бол, баласыз әйелдің күні қараң. Байқатпауға тырысып, қанша асқақтағанмен, өзгенің алдында бәрібір кем-кетігің үнірейіп тұрады. Шалқып-толқыған ортада жүрсөң-дағы, ит мініп, ирек қамшылаған тірлігін өзіңе ғана аян. Ата-енесіне сыйлы, жарына сүйікті болғанымен, бұдан гөрі анау Көлжасардың қолтығынан қоланса исі мұнқіген, жайын ауыз әйелі әлдеқайда бакылты.

Біреудің жалғыз ұлына кезіккенін айтсаңшы. Тағдырларының осылай түйісетінін кім болжапты. Тым жастай қосылды екеуі. Орта мектепті бітірісімен үйлену тойларын жасады. Қалқан үш жыл азаматтық борышын атқарып қайтты. Кемпір-шал мұны қызындаі әлпештеді. Әскери міндетін өтегеннен кейін Қалқанды қоярда-қоймай окуға жіберген өзі еді. Көкшетаудағы педучилищені бітіріп, ауылдағы мектепке мұғалімдікке орналасты. Сана сырттай өкімін деп жүргенінде, педучилище жабылып, орнына кітапхана техникумы ашылды да соған түсті.

Өмірде кол жеткен азды-көпті табыстарына екеуара бірдей еңбек сініргендерінен бе, үй-ішінде кикілжінге себеп табылмайтын. Ол кезде Бұғылыда аты облысқа дүрілдеп шықкан интернат бар-ды. Сананың ауылында бастауыш кластар ғана. Оқуға әкелгенде, әкесі алғаш рет осы Жанғанымдардың үйіне түскен. Арғы аталарымыз жақын

араласқан, қыз берісіп, қыз алысқан десіп, бірден бауыр тартып кетті де, кейіннен Сана бұл үйге жиі келетін. Туражол ауылы мен Бұғылының арасында көлік жиі қатынайтын болды. Шынын айтса, туған жері Бұғылы сияқты. Тұшты дегені болмаса, сол Туражолға емешесі үзілетіндегі ештеңесі жоқ. Рас, ауыл сыртындағы көлді ұмыта алмай жүрді. Тіпті жиі-жиі түсіне енетін. Кішкентай кезін елестеткенде, қолынан жетектеген әкесі мен айдын көлді қатар есіне алады. Әлі күнге шейін солай. Бірақ бертін келе көл суалып кетіпти. Құркөл деген аты ғана, орны шіріген қамыс, қурай, шалшық, томарлар. Құркөл қазір құрыған көл тәрізді естіледі құлағына. Бәлки он жасында қойнауынан аттанған Туражолға көнілінің суу себебі де Құркөлге байланысты шығар. Соңғы уақытта Құркөлдің сонау балалық шағындағы шалқар сүйн түсінде қайтадан көріп жур. Адам баласынан асте сактау қабілетін қойсанышы, әйтпесе баянда шолға айналған мекеннің дария кейіпінде санасын арбауын қалай түсінбек? Балғын шағындағыдай құм жағалауында асыр сала жүтіріп, сүйнде жүзіп жур. Куанып оянғанымен жер бетінен мұлдем жоғалған жәйттердің көнілін қобалжылғына қатты құлазыған. Қырқа асырмайтын арманының азабына кезігердей құдікті әсерде қалады мұндауда. Өз жасындағы ешбір әйел кештеген қасіретті өткеріп келе жатқаны рас қой. Сырт көзді еріксіз сұқтандырлықтай сикыры бар тәнінің де өзіне жексүрүн көрінген сәттері көп. Келе-келе күйеуінің ежелгі ыстық ықыласынан да суи жаздал тоқтаған. Өзіне құмарта қадалған көзқарастарға мұлдем жыны ұстайтын. Кейін соның бәрін де байқамаудың амалын іздеді. Еркектерге ұнайтынын түйсінудің де құпия қуаныштары бар ғой. Көз құртын сатқан кез-келгеннің ынғайына қулай салу емес, толқымалы сезіміндегі өзің ғана үғынатын өзгерістерден кенеттен биіктеп құлпыра түсетінің анық. Кім екенінді танытып, сұлулығынан айналған мейірленіп шыға келгенін айғақтайтын слеусіз де сыпайы емеуріндердің еш ретсіздігі жоқ. Мерейің есіп, еркін де ерке сезінесін өзінді. Ұшатын құстай сергек жүретін бір кездерің болады ғой, сондай таңғажайып сәттерден нәр алса керек жаны. Есейген сайын сол таңғажайып сәттер де азайып,

салмақтылыққа бой алдырады екенсін. Күні кеше басқаларға еркелей қарайтын әдетінен де айнып барады. Сонау кездегі мерейін өсіретін жылы көзқарастардың мән-мағынасы да арзандағандай.

Дәл қазір біреудің өзін емес, өзі біреуді еркелеткенді ұнататында. Берлінде ғана түсінген мұның себебін. Сірә, саби сүюді аңсағаны шығар. Жас, әдемі көрінудің ана атанудың жанында түкке түрғысыздығын үққандай. Эр-берден соң бұрынырақта мақтандырылғанда қасиеттері енді қылмыс сияқты елестеп, іштей қуыстанатын. Өзінің көп келіншектермен салыстырғанда, әлдеқайды сымбаттылығы, ешкімнің назарына шалынбауын қалайды. Адам табиғатының әлем жаратылысына үқсастығы көп-ау шамасы. Мәңгібаки көктемді, жазды, не мәңгібаки қысты елестептіп байқанызы. Қандай жайдары болғанымен, жаздың өзі де жалықтырар еді, ал мәңгібаки қысты елестету мүлдем мумкін емес.

Әлгі кітаптарда, киноларда жиі кездесетін мәңгілік муз, қар, шел дегендерінің жөні басқа, солар да өзгереді ғой түтпің түбінде. Түтпі безерген сол қалпынан титтей ауытқымағаны, нендей нәрсе болса да жақсылық па. Бедеулікті Саны осындағ ұғымнан таратады. Төнірегін жайқалтып, жасыл желек жамылған жаздың ұзаққа созылғанын ешқашан анғармапты. Ендеше ұдайы жас қыздай сыланғап етуі де қисынсыз. Жан дүниссіндегі ірілі-ұсақты жаңаңылқтарды әркез өзін қоршаған табиғат сырларымен жастайынан салыстырып өскендіктен бе, басқалар үшін қаралурсін қабылданар жәйттердің Сананы оқыс тұжырымдарға жетектейтіні бар. Топырақ нәрінен қуаттанып, көктемде көгеріп көз қуантатын шөптердің ұзамай сап-сары түске малынып, сағыныш бол жүректі қобалжылтатыны, шілдеде төнірегін саялы баққа бөлеген ағаш жапырақтарының күзгі дауылдың екініне шыдамай ақыр аяғында тұлдыр қалатыны оны әрдайым мазасыз ойларға жетелейді. Өзін сол топырақтың қылтанақ бөлшегіндегі көріп, кейде “міне, мына тұстан қылтиып өссем“ деп орын таңдайтынын қайтерсің. Ең ғажабы – көніліне аса ұнаған жерде, шынымен-ақ дірілдеген гүл, әйтпесе көк тіреген

қарағай, сыландаған қайынға айналып кеткісі келеді. Өлімнен қорықпайтыны да сондықтан-ау, ә?

Әйтеүр саналы ғұмырында, табиғат құдіреттің жан-тәнімен сезіне мойындағанымен, ішкі әлемінде де сондай күштің бар екеніне сенетін. Сол сенімнің арқасында ол қазір жүргегінің астында бұлк-бұлк тыныстаған нәрестесін он тоғыз жыл зарыға тосты. Бұлдыр-бұлдыр мұнартқан, бірде жақындей, бірде алыстай, әбден далбаса қылған арманы, ансары ана болу еді. Енді міне,

маздал оты үміттің,

жан-жақтан шуақ шашылғандай. Құдіреттің көкесі енді басталды. Ішкі әлеміндегі төңкерістердің анау сыртқы әлемдегі құбылыстармен әбден астасып кеткені не деген жұмбақ сыр, екі ортадағы үқастықты сезінген сайын ертеңде артқан тілегі телегей-теніз бол тасуда. Тұнерген қою бұлт астында көп жүріп қалса да, аспан ашылғаннан бері әрбір қас-қағымын жылға балап, бей-берекет өткізген қайран уақытының орнын енді-еңді толтырғандай.

Анадан жалғыз, әкеден екеу еді. Тұған шешесінің түр-түсі есінде сакталмапты, тым кішкентайында қалыпты. Обалы не, өгейлік танытқан жоқ ешкім. Әкесі бұл сегізінші класқа көшкенде қайтыс бол кетті. Әлі есінде, үйіне барғаннан кейін окуға құлқы соқпай екі айдай жатып алған. Мектепті тастанап, жұмысқа орналасқысы келген. Алғашында ден қоймапты, сонынан байқаса, өз үйіне өзі қонақ. Әке қазасына қайғыра жүріп, тұған ауыльнан бойы суып кеткенін көкейіне түйді. Қайда барса да, байыз таппай состиып, әлденеден опық жегендей, оқшауланар “ауруға” үшырағасын, Бұғылыға қайтадан асыққан. Марқұм әкесінің көрегендігі ғой, ол жылдары Туражол тұрғындары балаларын оқытуға құлшына қоймайтын, көбі бастауыш, әйтпесе жеті кластық қана біліммен шектелетін, соған қарамай, “оқысан, қорлық

көрмейсің“ деп қашан көзін жұмғанша, мұның құлағына құйып кетті.

Қалқан екеуінің арасында үнсіз түсінісу, өліп-өшіп сүйгенге бергісіз жарасымдылық бар деп біледі о бастан-ақ. Жеке бастарының қамынан гөрі қарттар жағын көбірек ескеріп, солардың он қабағын бағуды әдетке айналдырғаннан да шығар, кішірейіп ілгеннен ештеге жоғалтқан жоқ. Келін ретінде жасаған қызметі алдынан қайтып, шүкіршілік, араларынан қара мысық өттепті. Қалқан көніл білдіріп, сөз байласқан кезінде, жап-жас басымен кемпір-шалдың өзіне деген іттиғатын ең алдымен зердесіне қондырған.

Тағдыр ғой, басқа арнаға бұрылыш кетуі де мүмкін еді өмір соқлағының. Өздерімен оқыған әлті Көпжасар өлеңдетіп хат жазудан әсте жальқпайтын. “Мына дүниенің гүлі де сен, сөні де сен“ деп қағазға үйлесімді тіркестерді онды-солды боратқанымен, кездескенде, екі езуі екі құлағында, ыржып қулетін де қоятын. Қасында айналсоқтағанымен, сезге шорқақ еді. Хаттарыма неге жауап жоқ деп мұны мазаламай, солай болуға тиістідей қабылдайтын. Өзінің ықыласын білдіргенге риза. Қалқан мен Сананы туыс деп үғыпты, тойлары өткесін естіген, ғұмырында арақ таттайтын Көпжасар үш күндей жоғалыш, мас күйінде орманың ішінен тауып әкелінген. Абыройына орай оның себебіне ешкім назар аударған жоқ. Қалқан ғана әлденені сезгендей сыңай танытқан. Құрбы қыздары да “мыңқыып жүріп, қарай гөр өзін“ десіп, естігендерін еселей жеткізген. Өткінші ғой бәрі, артынша ол да үйленді. Өзі ала жаздай комбайнда, қыста машина жөндеу шеберханасында, керемет табыскер. Дегенмен әйелінің үқсатуы шамалы, ержеткен қыздары да шешесіне тартқан. Сыртқы пошымдары еркек тұрпаттас, дөрекілеу, есейе келе тарапмаса. Өздері төрт қыз ба, бір-бірінен аумайды, жаңылмаса, жетеуі үл.

Үыстауға келмейтін қайран уақыт, күні кешегі қалқан құлақ Көпжасардың бала-шағасының санына жетпей жаңылғасын шынымен егделікке мойынсұнғаны-ау. Ойдан ой жанғырып, есіне түсіп жатыр-дағы, әйтпесе біреудің баласында не шаруасы бар, өзінің соған да қолы жетпей отырған

жоқ па. Мықты болса, құдайдың бермегенін баяғыда тартып алmas па еді. Қай әйел бірақ мықтылығынан табады дейсің баланы, жаратылсынан пешенесіне жазылған міндеті. Бұны мандаісыз жаратқасын, не істемек, басқалардың қызық-куанышын табалауға болмайды. Құрғыр-ай, тұлымнің үшінша орала беретіні несі “мандаісыз” деген сөздін. Әбден зәрезап, корқып қалғандықтан ба, өз қуанышымды өзіме қимай отырғаным не сүмдүк. Кеудесін күдік кемірген жанның құні курсын, ойыңа жақсылық түспейді. Сірә, біз байқамайтын, неше турлі жаманатты өніміздегідей елестетудің өзі соны қол бұлғап шақырғанмен бірдей шығар. Шаттық тірлік кешкің келсе, ойың да шат болсын. Қаран қалғыр қайғыға жөнжосықсız жол берсен, алды-артынан шырмап, ақыры шалып құллатар. Болашағыннан келтен хабаршыдай кесептә жәйтті жеткізуге асыға сумандап, жүйке-жүйкенді шаршататын мағынасыздықтан қалай құтыларсың. Кел-көсір тілекпен куаныш күте отырып еркінен тыс қай-жайдағы құнсыз бірденеге бас ауыртуға мәжбүрсін. Басқасын қайдам, қалт басқан қадамынан сан алуан ырым таратып әкетуді енесінен үйренген.

- Кең қалмайсың ба қызметіңен? - Жанғаным буын бүркіратып қуырдақ салған табакшаны ластарханға қойды.

- Туу, иісі қандай, қалай тез дайындалыңыз? Саспаныз, әлі уақыт жетерлік, үлгеремін.

- Жандарың дамыл таптай шапқылаудасындар, қос басына, етінжайға кітап тасимын деп-ақ шаршадың. Қалқан да тыным көрмейді, бұрынғы мұғалімдігі жақсы еді, сағатымен барып, сағатымен қайтатын... совет боламын деп, денсаулығынан айырылмаса екен. Құдай-ау, ақысы да мектептегісінен әлдекайда аз дей ме? Бастықтардың ақшасы аз екен ғой... бұнысы қалай?

- Қолында билік, ондай адамға машина, ақша керек пе. Елжүрт қажетін Қалқаннан сұрайды, арыз-мұнъын Қалқанға айтады, бір-бірімен үрысса да, согтасса да Қалқанның алдына барады. Ерлі-зайыптыны қосатын да ажырататын да Қалқан.

- Қой әрі, қайдағыны қозғамай, бәлесінен аулак ондайдың, атама жаман сөзді.

- Туу, баланыңдың қолында қандай билік жатқанынан тиүтей хабарыныз жоқ еken ғой, апа... тусіндірейік те.

- Жо-жоқ, айтпай-ақ қой аргы жағын, құдайым бет жыртысып, сottасқаннан сақтасын.

- Әй, апа-ай, - деді Сана құлқісін әрен тыбып, - одан да менен үйқын дұрыс па, қандай түс көріп жүрсін деп сұрамайсыз ба.

- Рас-ау... мен де алжын дегенмін ғой, әйтпесе Қалқанның ақшасында не шаруам бар, баяғыдан сендердің тиын-тебендерінді санап жүргендей-ақ...

- Шәйді өзім құяйын, апа... соңы кезде түсімде Құркөлді жіі көремін, кішкентай кезімдегідей шомылып жүремін, бейнебір ешқашан тартылмағандай, айдын сұы, құм жиегі...

- Су деген ырыс қой, шомылып, жүзіп жүрсен, мекен-жайын кенеjer, Құркөлдің бір кездегі дария бағын берер жаратқан ием.

II

Құлағына гүрілдеген мотор даусы жеткендей еді, жүгіріп терезеден қарағанда, ештене көрmedі. Жарықты өшіріп қойып, қайтадан үңілді сыртқа. Тып-тыныш! Қолына ұстап түрған пердені төмен түсіріп жіберді де шам жақпастан отыра кетті.

- Әже-е-е, - деп қынқылдады тілі шыққан Нұргұл. Қапелімде қалай жеткенін андамапты, қамзолынан жармасып айрылар емес. Алаң боп айран-асыры шыққан көнілін немересі де жадыратпады. Құлазыған қалпы міз бақпастан отыра берді Айғаным. Алды мектепте оқиды, естері кірген немерелері өз бөлмелерінде, тырс еткен дыбыстары білінбейді. Нұргұл мен Бекені ғана адымын бағып, сонынан калмайтын.

- Жарыққа барайықшы, - Бекен әжесінің қолынан тартқылады.

- Сенімен балмайды, менімен... - Нұргұл ағасына кет дегендей ишарамен тыртысқанын қояр емес.

- Менікі, менікі әже...

Мойнынан құшактай, әжесінің қойнына күмп бергенін

аңғарып қалған кішкентай қыз шыр етті. Қорқып кетсе керек, Бөкен жалма-жан атып турды.

- Миымды ашылтыңдар ғой, күрындаршы әрі... ку тақтайға төсемей, әлгі текеметті орап тығып тастаған ба... атың өшкір ку дүниене несіне аяйды?

Бауырына тығытуға таласқан немерелері состиып, дереу жым болды. Бөкен жылыстай шығып бара жатты. Нұргұлі бәрібір етегінен жабысып альшты:

- Елтең Жанғаналтай келеді қонаққа. - Құп-құйтақандай баланың өзін әлділеп жұбатқан үніне шыдамады, еміреніп жүре берді.

- Құдайдың маған бергенінен айналдым, құлышыншақтан айналдым, алданышым, дәнекерім... кет десем де құшақтайды, басқа кім сөйтеді маған... құдасының бергені, алласының бергені... қонақ шақырган ниетінен айналайын, кімнің алыс, кімнің жақын екенін сезетін...

Әжесінің ашуланғанынан зып берген Бөкен енді бұларға есіктің аржағынан таңдана қарады. Жақындауға батылы жетпей, соның амалын да таптай қылтиып түр. Ағасының жалынышты түрінен одан сайын масайраған Нұргұлде ес жок, “көрдің бе” дегендей, әжесінің бетінен қайта-қайта сүйеді.

- Әй, қызғаншағым-ай, - деді Айғаным, - өскенде қызғаншақ болмасан, жаарар-ды. Кел бері, Бөкентай, келе ғой, қошаканым, үрыспай ойнандар.

- Айған, әй, Айған! - Тұпкі бөлмеден шалының дауысы қаттылау естілді. - Бұл үй кешкі шайын бере ме, бермей ме, ана жамандар тамақ ішпей үйықтап қалмасын. Не сен, таңертенден берекен қашып, көйлегінің етегіне сүрінші жүргенің. Сорлы ау, үйренген құқайың емес пе, үйіне қашқаның жана көргендей келіннің, о, несі-әй?!

- Неге айғайлайсың? - Ақырын айтса да, зілді шықты дауысы, - Анау балалардан үлсаншы, онсыз да жүректері жаралы, үрейлері үшіп әрен жүр. Үш мезгіл ішіп-жемін алдына келсе, жетпей ме саған, не шаруаң бар келіннің келген-кеткенінде, үлдан үлтмайсың, қыздан қымсынбайсың, не болса, соны айтып. - Айғаным есікті нығарлай жауып,

таусыла сөйледі. - Өзгеден көрген азабым аздай, сен де тубіме жетіп болдың-ау, балаңа бір, келінгे екі, саған үш аландаپ, әрқайсының бабынды табамын деп өletін шығармын мен бейбак. Жаным сірі екен, дымын білдірмеймін деп қылқынып журген... екі қақбас отырайық осылай ел-жұртқа мазақ, бір-бірімізге азап болып. Не жазығымыз бар еді құдайлын алдында, картайғанда шаңырағымыз шайқалатындай. Бес баланың анасы болғанша, қит етсе, төркініне тұра жүпреді, жетесіз тұған жасық неме. Құдай осылардың азып-тозғанын қызықтасын деп, ұзақ ғұмыр берген ғой бізге. Сүйегінде дәні жоқ, өңкей намыссыз...

Кайдан ғана айттым әлті сөзді деп ынғайсыздандығымен, мұнын шаға, ұзаққа шырқағының Құрман үнсіз тындалы. Жазықсыздан-жазықсыз зекігенімен, мына сөздері құлаққа қонымды. Титықтатып түр ғой үл да, келін де. Бәрінен бұрын досқа күлкі, дүшланға таба қылғандарын айтсанышы. Талай жесір, жетімге шапағаты тиіді, тәрбиеледі. Енді ата сақалы аузына түскенде бір кездегі өзінің көсемсіген тірлігі үшін де қысылатындай.

Откен күн тәтті елес, бүгінгісі далбаса, сонда ертені не? Айған айтпақшы, “елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде” отырғандары отірік пе. Бойдан қайрат тайғасын көзге күйік - тірі жүргеннің де сәні белгілі. Оның үстіне картайғасын, тұған топырағы “мен мұндалап” мазасын үрлайды екен. Ат жалын тартып мінгеннен азығын жолдан тауып, реті келген тұста бөгеліңкірей қонақтап тірлік кешіп дағыланғандықтан ба, бергінгे шейін қатеріне кірмеген пікір. Жәй әншнейін аты Олжай-Сүйін демесен, жамағайынмен біте қайнасқан кезі кемшін. Нағыз сүйек жақыннан жүрдай, сірә сол себепті шығар. Қол-аяғын балғадай, деніншің сауында жүрттый әрі туыс десе де, тауба, қазір де жерге қарап қалған ештеңесі жоқ. Енбегім етіп кетті деп міндетсімейді, айналасына сыйлы. Құрмалдығынан, тойынан, соғым, сыбағасынан қалдырмайды ауыл. Кішісі кес-кестемейді алдынан, үлкені... үлкені бар ма екен әуелі, өзі шамалас кәрі-құртанаң да азайды-ау. Обалы нешік, казактары “аталап” тұрса, орыс пен немістері “о, деда Курман” деп, корғен жерде құрак ұша амандасады.

Анда-санда қолқаласа, совхоздың басшылары да бетін қайтармайды, керегін тауып, талап-тілегін ескеріп жүргендері. Алты бөлмелі ақ шатырлы үйде бұларға жетпей жаткан ешпене жоқ. Жыл сайын құлыштандайтын бие қысқы соғымдарын екшеп, келімді-кетімді қонаққа жұмсайтын қой-ешкілері де жетерлік. Күн көрістері ешкімнен кем емес, уайымы құлқын тамақ пен киер киім болсын мынау бейқұт заманда. Бір үзім нан тауып жеудің басынан өткен қасіреті өзімен, өзі сияқтылармен кетерін білгендіктен де, сірә, сенімді шығар. Бүгінгі тірлігінің мәні өзгеше екенін біледі, өттең соны қызықтау қындал бара жатканы рас қой. Балаларының жас кезіндегі ракат екен, мейірің қанғаннан басқа түк көрмейсін, есейе келе мұншалықты азап арқалатар деп пе. Шаштары ағарғанша ақылдан жүрдай, не от басында бірлік, не қызметтерінде береке жоқ, әйтеуір жамандары аман болсын, көңілге медет те сол қарайғандар. “Құрманов“ деп мұның атын айдай әлемге түптің-тубінде айғақтататын жаман қара домалақтары емес пе. Белінен өрген екі үл Октябрь мен Кенес, алды қырық бесте, кейінгісі қырықта. Имандай шыны тағдырына риза, жетпіс беске таяған ғұмырында бәрін көрді, жоқшылықты, тоқшылықты, жақсыны, жаманды, жоқ деп жасымады, бар деп тасымады, жақсыдан үйренді, жаманнан жиренді. Жеке басының қамын құйттеп, қорқау тірлік кешкен жәйі жоқ, не көрсе де көппен бірге.

Кешегі қырғын соғыстан аман оралымын деп ойлади па, небір жайсандар қалды ғой, шіркін, қыршынынан қыльып. Опат болсам да, әйтеуір атымды өшірмейтін үлдарым бар артымда деген ойдың талай рет қыландағаны рас сол от-жалын оргасында жүрген жылдары, бауырларымды тірі қалдыра гөр деп жалбарынатын тәңіріне.

“Бейшара Құрман, кебек жеп отырып, інілерін оқытып жатыр“ деп аңыз қылады екен жүрг соғыстың алдында. Кебек жесін, не жесін, оқылқаны рас. Өзі білмінен қағажу қалғасын, қолдарынан жетектеп жүріп Мұса мен Балтаны Қекшетауға апарып, оқуға түсірген. Өндірдей ержеткен шактарында көздері мөлдіреп шығарып салған мұны майданға. Осы күнге шейін бар Қекшетаудағы ескі стансаның орны, жүрт улап-

шулап, дүниенің күніренген кезі еді ғой. Беу, опасыз жалған, сол тұс қазіргі вокзалдың қоймасы, соғыстан оралған соң да, тіпті соңғы жылдары да бірнеше рет барған, іштей елендеп, інілері келіп қалатындаі-ақ ұзак тұрып қайтатын. Тып-типшіл жатқан қойма маңы мендеу күйінен айнымағасын, әлем-таптырақ халде кейін оралатын. Неткен әділетсіздік, бұл кундері бейне бір олар өмір сурмелендей, жарық дүниеге ешқашан келмегендей. Әке-шешелерінен тым жас айырылды, әркімге жаутаңдал, кім көрінгеннің есігінде жүргенде, дәл сол кезеңде тұсіне қоймаған, аласапыран басталып, соны төңкеріске ұласты да, езіндейлердің күні туды ғой. Қай жағына қараса да жатсынбай дереу араласып кетті. Не керек, берекелі жылдар бел алып келе жатқанда, аспан айырылып, жерге түсті. Соғысқа алғашқы шақырылғандардың тізіміне ілінді. Үйелмелі-сүйелмелі балаларымен Айғаным Бұғыльда қалды. Мұса мен Балта поезға шейін шығарып салды. Ауылдарынан жиырма жеті жігіт бірге шыққан, ішінде балдызы, Айғаным мен Жанғаным көздерінің қарашығындаі көретін Нұрхан да бар, келіншек әкелгеніне екі-үш ай ғана откен.

Мұса мен Балта қашан поез ұзғанша, ентіге жүтіріп еді-ау. Былайғы шақта ақыл айтудан жалықпайтын пақыр, қоштасарда көкірегінде сайраған ойының бір де бірін жеткізе алмады бауырларына. “Менің барым, байлығым сендерсіндер“ дегенмен әріге аспай, қыстыға берген. Сол қыстыққан күйі кете барды. Көздері шоқтай жаңып, бойларынан жастықтың жалыны ескен түрлерін тұнғыш рет көргендей, мактаныш пен өкініші аралас сезімге қыстыға іші өртентген. Бекерге өртенбепті, артынша екеуі де әскерге шақырылыпты. Өзара хат алысып та үлгермеді, бәрін, сонынан, ауылға келгенде естіген, Сталинград тубінде қаза тауыпты. Ал, Нұрханның амандығынан Айғаным мен Жанғаным әлі күнге үміттегендегі. Ұлдары жасық емес еді әуелде, құлай үрғанда, қазір шығарып жүр түрлі “өнерді“. Баяғы әдетіне басып, жұрт айтқандай кебек жеп отырған заман емес, Октябрь мен Кенесті де “окысандар ғана көздерің ашылады“ деп, құлақтарына құйып-құйып, енді сол оку отіп кеткен бе милярына, тындасан, сөздері кесек, істеріне карасан, қарның ашалы. Октябрь калаға

бойы үйреніп алғасын, амал нешік, сонда қалып қойды. Бір емес, үш рет үйленді, бәрінен жаңына бататыны сол. Алғашқы орыс өйелінен туған қызын бұлар бауырына басқан. Еленаі, айналайын, жарығым, ауданда ауруханада істейді, алға сайын келіп тұрады. Әттең, Октябрьдің екінші әйелінде үш бала кетті-ау, із-түзінен хабарсыз. Аздырайын десе, құдекене дауа жоқ, әп-әдемі үсын бұзып, бес баласы бар қатынның қолына кіріпті. Содан бері ол келмейді, бұлар бармайды. Екінші келіншегі немерелерімен араластырмады, дереу үйін ауыстырып, Қарағандыға көшіп кеткен. Сүйеніш тұтқан Кеңес мұлдем кеш үйленді. Қолдарында Еленаі болды да, Айған екеуі соган алданып біраз журді. Отызға толғанша тіпті келіншек алайын деген қалеріне кірсе-ші Кеңестің. Үлкен үлдің қырсыздығы, кіші үлдің томаға-түйік тірлігі де уайым, Айған екеуі талай таңды кірпік қақпай атыратын. Кішкентайынан Кеңес тыңдырымды, пысық еді. Келе-келе совхоз шаруасына араласа жүріп, бригадирлікке көтерілген. Шекерді әкелгеніне де он жылдан асты. Кеш үйленді деп өкінбейді, шүкіршілік, бес немерес сүйді, жаны солардың үстінде.

Қойны құтты болғанымен, діні қатты келінің. Шыны-аяқ сылдырыласа да, біреудің даусы өктем шықса да, көшеге жүгіреді, дереу киініп ауылына жиналады. Әр ұрыскан сайын үйдегі азды-көпті жиһазды түйіншектеп, бөліске салады. Бөлмесіндегі кілем мен шкафтағы әшекейлі ыдыстар он жылда мың шығып, мың енген шығар. Сол құрғырлар не тозбайды, не сынбайды. Тап-түйнак оралған қалпы бір машинаның ішінде кете барады, сол күйінде артынан келіп жатады. Күйіне ме, казір араққа үйір бол барады Кеңес. Екеуінң арасында бұлар түсінбейтін не пәле барын. Бөлек шығындар деп те байқады, оған Кеңес қонбейді, жауабы “кетсе, жолы әне“. Төркінінде жұмалап жататын келіншегін әлден уақытта үш аяқты мотоциклімен өзі әкеледі дүниесімен шоқитып. Әр күні жаңа түскен келіндей, орыс-қазактың алдында әбден масқара етіп бітті. Айғанның мінезін де өзгергікен осы, сөл нәрсеге күйіп-пісіп, күйгелектеніп барады. Кино, телевизор қараудың қажеті шамалы, концерт өз

үйлерінде. Сырттай намыс жыртқандары болмаса, Октябрьді көздеріне көрінбегесін, мұншалықты ойламайды. Кім білсін, бекерге қустаналаймыз ба? Сорының қалының, бір әйелін бір әйелінен өткен мінезсіз ғып кездестірген. Ішкі ықыласына салса, іздел барсам дейді, бірақ “қалған көніл, шыққан жан“ деп тапжылмай қойған Айғаннан жасқанады. Еленаймен ақылдасып, барып та қайтқанымыз жөн-ау. Әкесінен мұлдем көз жазбауын тілейді, анау Қарағанды асып кеткен інілерін де іздел, хабарлас деп айтудың реті келмей жүр. Көрлік те алқымдаң түрған жоқ па, күні ертең кисая кетсе, немерелері бірін-бірі танымай, жан-жақта бытырап қала ма деп қобалжиды.

“О заман да бу заман, балаларын тастап, біреудің қанғырған қатынын ала ма, оның үл-қызы Октябрьге не опа көрсетер дейсің, қанына тартпаган намыссыз неме?“. - Айтатыны осы Айғанымның Дауласпайды. Өзінін де миына қонбайды Октябрьдің бұларға түсініксіз жұмбак тірлігі. Бәрі ең алдымен әйелге байланысты деп қанша актағанымен, қырықтан асқан үлында да талай гәп жатса керек. Бауырмен, баламен арақатынаста туыстықтан гөрі тереңірек дәнекер болған жағдайда, қай жағына да өмір сүру әлдекайда мәнді, әлдекайда женіл тиері сөзсіз. Қас-қабағындағы тигтей өзгерісті қағып алатын бауырларындағы емес, екі үлының басында қандай қазына барын білмейді. Ақылға шақырып, уақытын шығындармайды, жүрегін жарагаған сәттері жиі кездескенімен, даурығып та, таусылып та сөйлеуден бойын аулақ үстайды. Кәмелетке толғанша, рас, еміренетін, елжірейтін. Соғыстың жан түршігерлік қасіреті есіне түскенде, қызығы, азабы көп пе, бәрібір жер басып жүргені үшін, ержетіп келе жатқан үлдары үшін жаратқан иесіне мың тағзым жасайтын.

Адам баласының тіршілігінде құпия көп қой, соның бірі мынау өткінші дүниеде мәндайына жазғаннан аса алмауын. Жазықсыздан-жазықсыз қыршынынан қиылды қанша жігіттер қаһарлы жылдары, ал, өзі артықшылығынан тірі қалды дейсің бе, жок. Зерделесе, бул да жұмбак. Есен-сау елге оралсак, арман жоқ деген күндердің арга қалғаны қашан. одан

бері талай арман ескіріп, талай арман жаңғырды. Жастарды былай койғанда, өздері де өзгергендей. Қанағатсыздық жайлап барады. Тұрмыс түзелген сайын ашқарақтанып, әрқайсысымыз жеке-жеке патшалық құрудан дәмеліміз. Шет жағасын қөрген кешегі заманды ешқашан актамайды, бірақ жүрттың не істеп, не қойғаны, қателігі, құлаганы, сүрінгені, қуанғаны — бәрі көптің көз алдында өтетін. Ақталушысы, қуәгері, корғаушысы, айылтаушысы, түтел дерлік оргаларынан табылушы еді. Аядай ауылдың ішінде жасалған қытмысты сол аядай ауылдың өзі жітін жіктең, тусін түстеп беретін ыңшынын шығармай-ақ. Аттан салып, әділетті айдаладан күтпейтін бабаларының сол қасиетін ұмытқан сияқты ма, қалай? Әлде бүгінгі жеткізбей ұмыттыған мына біздер ме?

Ешкімнің көз-жасына қалған жерім жоқ деп компиғанымен, асыра сілтеген тұстарын қайда жасырмак? Отзызыншы жылдары байыбына үңілмей, қызуқандылыққа салынып, шолақ белсенді атандып, есін әрен жиған. Есін жиғызған өзі сияқты бұқара. Осы Айғаным мен Жанғанымның әкелері аты шұлы бай болмағанымен, қысы-жазы үйлерінен қонақ арылмайтын, кедей-кепшікке қайырымды ауыл еді. Шағалалы қөлінің жағасын бөлек жайлайтын. Рахман үйін Дәм-аганың үйі деп атайдын бүкіл ел. Бара-бара Дәм-аға ауытына айналған. Бай атаулы дүниесін, малын тыққыштап, ойға, қырға жүгіргенде, Рахман жеке меншігіндегі дүниесін түп-түгелімен ортаға салды. Жер аударылып та, сottалып та, қашып та жатты өзгелер. “Жиғантегенім міне, ессесі кетсе, жамағайын, әнс, тең бөліп алсын, тек бас бостандығымызға тимендер, бірде бетін, бірде артын берген заман талай құбылып, талай шайқалар әлі, көткеншектеген тұсына дәл келсек, кімді кінәларсың, тәнірдің жазуы да“ деп, нық қалпынан айнымаған еді жарықтық. Бірдейшілік, теңдік деп ұран салған Итемгендер ше? Неге екенін анық айырмайды, есіне Итемген түссе, қай-жайдағыны қазып біtedі. Атқа қатар мініл, бастарынан көптеген жәйтті бірге өткізді. Екеуі де жетімдіктерін, кедейліктерін көлденен тартып, айдарларынан жел ескізді. Тіпті біраз жол сапарлас, біраз жыл үзенгілес жүргенде,

алаңғасарлығы ма, Итемгеннің ішінде ит өліп жатқанын аңғармайты. Кешегі халықтың басым көпшілігін бай-кулактар деп күгіндағанда, ысқырығы жер жарған өзіндегі белсененділер айналасы жиырма жылда сол байсымактардың өзгеше түрін жамылтып шыға келді. Және бұлар Рахмандардан әлдекайда айлалы, қызы заманның киын-қыстауын да жеке муддесіне шешүте шебер. Күші-қайраты ашық айқасқа тускен сыңай танытқанымен, не үшін күресетіні санасына сіңбеген нағандық па, әлде агар күннің ынғайына жынылар көленкедей жаратылышы ма, өзінің де атқамінерлігінде қорқыншылты корқаулық жатқанын уақыт дәлелдеп берді. Құдай Итемгеннің кебін кигізбесін, бірақ өмірінің тәтті сәттерін алда-жада есіне түсірсе, қабаттаса қалатыны таңсық. Кебін кигізбесін дейтіндей қайғы басып, кара жамылған ештенесі жок, керісінше, ұлы ұяда, қызы қияда, дені сау, аттап басса, немере, шебере, қайда барса, шаңырағының бір пүшпағынан шығады. Алғашқы әйелі тым момын, жас етті өмірден. Одан туғаны шетінен дүңкіген кара да, Тендіктен кіл өңкей қызыл шырайлы, келбетті балалар қалыпты. Жазмылшқа не шара, Тендіктің бір қызы бүкір, кемтар бол қалды.

Дүниедегі адалдық пен сұлулық атаулы Итекеннің алдында күмға сіңген судай, түпсіз құдықтай бойына сіміріп жатқандай. Тендік кайтыс болғанда, осындаі ойда қалғаны бар. Бейне бір тартылған дариядай төңірегі жадау көрініп және бәрін жүдегіп түрған Итемгеннің өзі сияқты елеステген. Қайғы үстінде қақаңдал, дүйім жұрт, әсіресе қатын-қалаштың үсақ-түйек шаруасына күліге бергенінен де секемденген.

Соғыс аяқталып, ел есін жия бастағанда, Бұғылы колхозының председательдігіне сайланып, Итемгеннің орнына келгеннен бұлінді екеуінің арасы. Қалыс басқан қадамына шейін қағазға тізіліп, ауданнан, облыстан ағылған тексерушілерден әбден жауыр болған ауыл. Адалдығынды айғақтап қорғанудың да ынғайысыз тұстары жиілеп, әлденеше рет қайталанса, кәдімті қытмыскерден түк айырмашылығың жок. Арызқойлар мұны жақсы түсінеді, ұра берсөн құдай да өлеңді, құр соңынан қалмаған соң, бәріне қолын бір-ақ сілтеген. Жазықсыздығын дөлслдей жүріп, озіне-өзі жексүрын

көрінгені сонша, былайтың жүрттың алдында қыстаптанатынды шығарды. Өзінің ғана емес, елдің де берекесі кетіп, аудандақ партия комитетінің үмітін актамағанына қатты қапаланған.

Колға қару ұстап соғысудың жөні бір бөлек, алақандай ауылды бейбіт енбекте басқарудың жөні мулдем бөтен мәселе екенін сонда алғаш рет айырган. Итемгеннен көтіріп, опа таптайтынына көзі жеткеннен кейін, сол жылдары жаңадан үйымдастырылған “Труд пахаря“ колхозына көшті. Соғыстың алғашқы кезінде жер ауып келген немістер, ежелден қоныс тепкен орыстары, түркілікты қазактары бар, үядай ғана ауыл екен. Ағалап-жағалайтын ешкімі жоқ, екі қолға бір жұмыс, қат-қабат шаруасына бел шеше кірісті. Нақақтан нақақ жаны күйіп жүргендे, бауырларының майдандас досы Метельников Бектүр қол ұшын созған. Темір атаулының құлағында ойнайтын Бектүрдің қасына көшіп келгеніне де ширек ғасырдан асыпты ғой. Сол уақыттың ішінде басқаны елемегендеге, мына ауылдың аты әлденеше рет өзгерілті. Бергі он-он бес жылда дүрілдеген “Целинный“ совхозына айналды.

Демін ішіне тартып, назарын терезеге тікті. Ештеңе анғарылмады, үйінің ішін алабөтен тыныштық басқан. Енсесін езіп әкетерліктең қоркынышты көрінді осының озі. Сірә, әлгі жамандарын әлдилеп жатып, көзі ілініп кетті ме, Айғанымнан еш дыбыс білінбеді.

Әлтінде талып жеткен мотоциклдің гүрілі, жақындаған сайын қақалып-шашалып, көнілге күдік үялатты. Әлем-таптырық шықкан үні жамандықтың хабаршысындей шалдың берекесін қашырды. Абыржығандықтан ба, тұра беріп, кайтадан сылқ етті. Буын-буынан әл кетіп, мелшиген күйі. Айғаны құрғырды не басып жатыр, тұрмай ма? Шықпай ма алдынан? Бала-шағаңың үйқысын бұзбай, үйді басына көтере шәнкілдемей кірсе екен келіні. Анау-мынауға былқ етпейтін пәтшагар басы, көрмейсің бе, міне, кесір сөздің күсі болмайын деп жанталасуын. Құрман шалға ең қызыны – келінінің шайпау тілі. Қолы әлденеге тисе, тау қопарғандай түрінен қандай қаймықса, ешкімнен именбей сөйлегенінен сондай корланады.

- Айған, әй, Айған, - деп айғай салды. Өз даусы өзіне

жанғырыға естілді. Есік жакқа елеңдей қарап, біраз отырды. Мотоциклдің үні өшкелі қашан. Неге үйге кірмейді бұлар? Балаларының бөлмесінен пүліш шапаның желбекей жамылған Айғаным да шықты. Самаладай жарқыраған электр шамынан көзі жыптылықтан, тастуйін отырған шалына секемдене қарады. Дәл осы кезде аулада бала жылағандай болды.

- Сен тезірек шықшы, Кенестер неғын үйге кірмей жатыр, мотоциклінің оты мана сөніп еді... алті жаманды тоңдыратын болды... бұлар ма, бұлар баланы да аямайды...

Есік алдына беттеген Айғаным қапелімде түк үклай, жүргеі аузына тығылды. Кенестің рульге басын сылқ сүйеп, етпеттей жатқан түрінен адам шошырлық. Бейне бір жансыз мұсіндей. Жылтай-жылтай, әбден сілесі қатқан баланың солығынан ғана есін жиды Айғаным. Екі-үш қадам жүргенше құдайына мың сиынып, мың жалбарынып үлгерді. Кенестің тірі екенине көзі жеткеннен кейін ғана лөлкедегі Азаматты қолына алды. Немересін кеудесіне қысып, ал кеп жыласын. Қыстыға сөйлеп, тұншыға еніреді. Тұғанына бес айдан сәл асқан сәби енді болмаса демі бітердей. Омырауына басып, көзінің жасы сәбидің бетіне тамбасын деп, женінің үшімен қайта-қайта сұртті. Шекер қайда деп сұраған да жок. Мұның не деп және сөкпеді ұлын. Онсыз да жағдайын түсініп тұр. Кенес пен мынау шарананың арасында қазір еш айырма жоқ сияқты, бір уыс бол бүріскең түрін аяды Кенестің. Енгезердей еркектің дәрменсіздігін байқаса жыны ұстап, тас-талқан ащуланар еді бұрыншырак кезде. Жасы ұлғая байқады, анау-мынау мықты азаматының өзі, бабы табылмаса, бейшара бол шыға келетінін. Күйік тірлік, күйбің шаруа десек те, ырыстың солан басталатыны рас қой. Қатын жүрген жер күйбің-күйбің шаруа, күйік тірлік болмай қайтуші еді, бірақ мұның аржағында екінің бірі түсіне бермейтін жәйттер жатыр. Ошак қасы жөнделмесе, еркекте күй де, сән де қалмайды-ау. Көремін деген құқайым ба еді бұл? Сәбидің не жазығы бар, осынша азаптайтын, құлыным, қошақаным... Немересінің өксігі басылып тынышталған сайын манағы бір сәтте кеудесін шымыр еткізген ұлына деген аяныш сезімі мүлдем тосын арнаға бұрғандай.

Әлі де қозғалмай, ерттеулі аттың мойнынан құшақтағаңдай елестеген ұлының бейнесі енді қай-жайдағы ызасын қоздырды. Бәріне кінәлі осы бір кейті, жайбасарлығы сияқты, қасына дереу жетіп барды.

- Тұр, - деді бұйыра сөйлеп, - нениң салмағы езіп жатыр сені, құлап жататындаиде не көрінді... неге ойламайсындар мына періштенің жағдайын, миын шайқалтып неге жалғыз әкелесін, не құдайдан, не адамнан қорықтайсындар...

Кенес әрең көтерілді. Үйге беттеген анасының соңынан ілби қозғалды.

- Тыныштық па? - Есікті ашқан өзіне үрейлене қарағанымен, ішіндегі алай-түлей мазасыздықты сездірмеуге тырысқан Құрман орнынан қозғалмады.

- Екеумізді өлтірмей, тыныштық орнатушы ма еді бұлар...

Мұның тас-талқан көнілін сезгендей-ақ қолындағы нәресте шар етіп қайтадан жылады. Емшек еметін мезгілі әлдеқашан өтсе керек, Айғаным деру сүт жылдытып, тамақтандыруға кірісті. Қашанғы әдеті – бір жасқа жеткенше немерелерінің емшек сүтімен ғана қоректенуін қадағалайтын. Не болса, соны жас баланың аузына тыққанды қаламаушы еді. Жаны қысылғанда бәрі есінен шығып, қарны ашқан сәбиді қалайда алданлырудың әлегімен, әбден титықтады.

Есікке антарыла қарап отырган шалына көзі түскенде, Кенестің үйге әлі кірмегенін билді. Келіні туралы да сұрамаған, өздеріне түсінікті дегенімен кенеттеп жүрегі дірілдеп қоя берді.

- Сен шықшы, - деді шалына, - бұлдіріп келгеннен сау ма екен?

- Не бұлдіруші еді.

Тәлтіректей басып, Кенес кірді ішке. Өн бойын билеген мазасыздықтан ба, әлде қорқынштан ба, түсі қашып тур. Ішін улаған арақ та бір, жанын қинаған азап та бір, әке-шешесінің антарыла қарағанынан өзінің мас адамдай көрінгенін үқты. Мас болса, мас та шығар, шарадай басын қазандай қылған сергелденге қашанғы шыдасын.

- Шекер қайда?

- Жоқ...

- Не дейді мынау, жоғы қалай? - Қарғтар бір-біріне шошына қаасты.

- Не қалайы бар, бітті бәрі... құрсыншы бәрі... шаршадым... төсек салып беріңдеріш, құдай үшін....

- Әй, не деп тұрсың? - Экесінің даусы қаттырақ шықты. - Әлде есіннен алжасып тұрсың ба?

Ұлының жүзінен бұрын-соңды анғармаған күйзелісті көріп, Айғаным қанышалықты үрейленсе, соңшалықты аяп та кетті. Үрейленгені – ашу үстінде жамандыққа үшірамады ма, морт кететіні бар еді, тек әйтеуір кесірінен сақтасын қудайдың.. Ілуде бір, онда да келіншепінің көзіне шалынғанды тілдеп, аяғына ілінгенді теуіп, шектен шыққан кезінде болмаса, қол жұмсағанын байқаған емес. Бірақ мына тұрысының жөні мұлдем бөлек, мұлдем қорқынышты. Мұндайда айғайлау, ақылтөйсу ретсіз екенін түсінген Айғаным шальна “үнінді шығарма“ дегендей ызғарлана қарап, шәй қамына кірісті. Жүргі өрекпіп, тула бойы қалшылдан бара жатса да, қимылы ширак. Ештеңе ойламағандай-ақ сыңай таңытқасын, екі бұрышта күжірейіп, қабактарынан қар жауған еркектердің де шырайлары өзгерейін деді. Бірер шыны-аяқ шәйден кейін ғана мән-жайды асықтай сұрай бастады.

- Құдағидың хал-жағдайы қалай, жақсы ма екен?

- Ауылында жок, Атбасарда тұратын қызы босанып, соған қалжа әкетіпти.

- Е... е... бұл қуаныш қой, Шекерден кейінгі қызы болуы керек, жаңылмасам...

- Иә, сонысы...

- Ал, Шекер... үйінде қалды ма?

- Тастан кеттім, орта жолда...

Құрман кесесін төнкере салды. Енді ешқайсысы үн қаттай, тұнжыраған қалпы дәм қайырысты. Тұн салқын, ызырық желінің құтыра соғатыны және бар, жапан далада, женіл киіммен дірдектеген келінін елестетіп, мұлдем берекесі қашты Айғанымның. Даусын мейлінше бәсек шығаруға тырысып, жалына сойледі.

- Жүрг құлактанбай түрғанда, тезірек алып кел, жолда, тұн ішінде ойелге жалғыз қалуға болмайды, аң бар, құс бар,

шошынып жүрер, тіпті жазатайым әлденеге үшырауы да мүмкін ғой... қалай ғана дәтің шыдаған, қатігездігің жоқ еді, неден мұнша өзгердің? Неден... - Ұлын емес, өзін-өзі жазғыра, мұнын шаққандай әлдекімге.

Кеңес жауап қатлады. Бет әлпегінен жолға дайындалайын деген нышан сезілер емес. Ішінен бірақ өкінгендей. Тым күрығанда үйінде тастап кету керек еді. Өзінен де бар, қарғап-сілеп тынса бір сәрі, мотоциклдің ызығытқанына қарамастан, орнынан әлсін-әлсін үшүп тұрганы. Рульдегі мұны да, колындағы баланы да шыбын құрлы көрсе-ші. Бір рет аударылып қала жаздағасын, ашуланғаны сондай, мотоциклін тоқтатып, алдындағы баланы дереке жұлып алып, әйелді жолдың шетіне итеріп жіберді. Қалайша сөйткеніне қазір өзі де аң-тан. Не істегеніне енді ғана есеп беріп отыр.

Озінен он шакты жас кішілігіне балап, о баста мән бермеген жәйттер, кәзір пайымдаса бақытсыздығының басы екен. Облыс оргалығындағы тігін фабрикасына жұмыска кіргеніне үш-төрт ай өткен бойжеткен Кеңеспен танысқан күннің ертеңіне соңынан ерген. Кеш үйленгендіктен бе, алғашқы күннен келіншегінің ыңғайына құлап, оның қандай да кемшиліктерін жастығының әсері деп білді. Шекер не істесе де, бұл үйдің жаңдары қарсы тұрмады. Сорына қарай қайын енесі де қызына басу айттып, тыйым салудың орнына, кит етсе, өре түрекеліп, жөн-жосықсыз шаптығатынды шығарды. “Бай таптайтындаі, несіне асықтың, жаныңды күтпей, жүргттың сендей қызы сылаңдап әлі жүр... ішке сыйған бала сыртқа да сияды...“ деп, бұл барған сайын лаң салып әлек. Қызының бес баласы бар екені қаперіне кірмейді.

Бала бағу әке-шешенің мойнында, малдың, үйдің тауқыметін де көтерептін солар. Күні кешеге шейін белі бүгіліп, сиыр сауып көріп пе келіншегі. Жалаң аяқ, жалаң бас алып келді демеді, жасауы жоқ деп те сөкпеді, үлде мен бұлдеге орап отырғандары рас кемпір-шалдың. Барын да, жоғын да саусаклен санап әдегтенген көлденен жүргттың: “ел аман, заман тынышта қызының соңынан көрпе-жастығын да әкелуге жарамаған қайбір онған неме, жарымаған...“ дескендері болмаса, әке-шешесінің аузынан ешқашан бөтген соғ естімеді.

Күдаларының алдынан өткен, киіттеріне шейін кигізіп, ұланасыр ғыл аттандырған. Шекер екеуінің жіңі қатынайтындарын санамаса, бұның туысын қадірлеп, шақырған да емес. Немерелерінің қызығына риза үйдегілер. Ал, өзі ше? Кырықтан асты, тындырғаны кәне?

Ағынанда құдіктің,

куйректіктің әлі келеді малтығып... Экенін қамшылауымен Қарағандының екі жылдық мұғалімдер дайындастын оқу орнын бітірген. Қазақша оқыған, кейін жергілікті мектептегі сабак түгелдей орыс тіліне ауысып, уақытша кітапханада қызмет жасады. Бұжумыс та көніліне қонбағасын, шоферлық курсы бітіріп, кейіннен трактор, комбайнның қыр-сырын обден менгеріп алды. Қыста тракторда, күзде комбайнда, қарбалас кезде керек жерінен табылады. Табыс көп, ынтымақ жоқ. Алда-жалда Айғанымсыз осы үйді елестетсе, жаны түршігеді. Анасы құйып бермесе, шәйдің де дәмі кермек татиды.

- Бірдемеге ұшырамаса жарап еді әлті сорлы... екі кештің арасында асығып кеткен түрің жаман еді... емшектегі баласын да аямайды, соры құрғыр... неше сағат өтті Азаматты емізбегелі, емшегінен азап көрді-ау енді... — Айғаным бір айтқанын алденеше рет қайталады.

Ендігі отырысының жөнсіздігін үкқан Кеңес ықылассыз қозғалды. Асықтай қимылдан, ұзақ жиналды. Қас-қабағын бақылаған шешесі мұның керек-жарағын дереу алдына тосып, дедектей жөнелді.

- Әлті сорлыға ала бар, тұнпі сұық өтіп кетепін болды-ау, - деді Шекердің пальтосын ұсынып.

Ішкі бөлмеден Азаматтың шырқырай жылағаны, оған қосыльп іле-шала тетелестерінің де қынқылдағаны, біреуінің су, екіншісінің айран сұрағаны естілді. Басы мен-зен, біраз түрған Кеңес есікке беттеді. Балалардың қынқыл-сыңқылы одан сайын үдей түсті. Айғаным енді соларға карай асыкты.

III

Итемген әдеттегісінен ерте ояңды. Қызы малды табынға қосқаннан кейін қайтадан жатса керек. Тұс ауғанша үйіктайтын бейқамдығына күйіп-піскенімен, ішінен тынады. Бірді-екілі ескерткенінде ”ту-у, несіне ағтығасыз, бәрі өзім тындыратын шаруа ғой” деп бетін қайтарып тастаған. Қораның алды ыбырсып, шашылған ара, балта. Іргесі шіріп, күн өткен сайын мыжырайған үй, анғал-санғалы шыққан корасынан шалдың көнілі жудеп қалды. Тендік дүниеден өткелі мынау қара шаңырағының да еңсесі түсіп, жер тартып тұр. Өз кезінде сөүлетті санаған үйдің соңғы он жыл ішінде шөгіп үлгергені таңданарлық жәйт-ау, ә. Итемген күбірлей сөйлеп, басын шайқады. Мойындауы қажет, дәл осы үйінің іргесі кисаяр демеғі. Биік шатыры алыстан ағарандап, еңселі көрінеді дегені баяғыда өшкен дәурені екен, байылтап қараса. Дәл осыған қалайша ақылы жетпеген?! Кем-кетігі үніретіп, опырылғалы тұрған мынау үй, айналып келгенде, кетіліп-мұжілген өзі екен ғой. Итемген аяқ астынан шөгіп, тұншыққандай, ауаны қармана жұтты. Қиналтып барып шыққан кекіріктен кейін ғана тынысы женілдеді. Енді қораны тазалауға кірісті.

Ауылдың іші тып-тыныш. Қораларының есігі шалқалай ашылып, шаруаларының қоқып жатқанымен ешқайсының ісі жок. Үйқыдан өлгендей, әйелдердің самбырлаған дауыстары да естілер емес. Таң атар-атпаста бірлі-жарым сиырларын шала-шарпы сауып, қой-ешкілерін айдал жібергендерімен бар шаруа біtedі. Итемген ауыл сыртындағы ат шаптырым шарбаққа қарады, жылқыларды әлі қамамағты. Бие өкелуге ертерек болғасын, есік алдындағы орындыққа жайғасты. Жанағы әзірде құлазыпқан ойлар қайтадан килікті басына. Жан-жағына зер сала, ауылдың о шеті мен бұ шетін бағдарлай қарап өткенде, басқа үйлердің арасынан көз қызықтырлықтай біреуін де тапқан жок. Кенеттен

жыптылықтап, жасаураған жанарымен бір нүктеге қадалды. Алтыс жыл бұрын өз қолдарымен қарағайдан бұрап салған мектеп үйі, жана үкімет орнағаннан кейінгі алғашқы құрылым болатын осы атырауптағы. Сәнді-ақ еді бір кезде. Алыстан арнайы ат басын бұрып, талаілар тамашалаған сәулетті мекен еді-ау, шіркін. Кішігірім қалашықтың орнын алып жатқан үйлер енді басынан бақ тайған қаралы сұлудай тым жүдеу, тым салқын. Сонау жылдардағыңдай ішіне оқушысы сыймаған емес, көрші ауыл-аймақтың балалары жататын интернат үйлері де қаңыrap бос тұр. Алты-жеті класс қана оқитын үш-төрт бөлме қалса керек.

Итемгеннің езуіне күлкі үйірілді. Санасын селт еткізген жэйтке қатты қуанды, зіл тартқан иықтары да ауыр жүктен босағандай. Енді ойдағы, қырдағы балалаларының амандығын, тезірек бастарының қосылуын тіледі. Ертеректе мектепті біттірген балалардың дәстүрлі рәсімі – ағаш отырғызатын, міне, солар қазір жасыл-желек жамылған кішігірім баққа айналышты. Несімен көз тартады десе, сол бау-бақшасымен бұның назарын өзіне тартқан екен. Бұған дейін мән бермеген жэйт – шынында да жұртға қалғалы тұрған мектептің ескі үйін бұзып, анау жайқалған ағаштың арасына неге жаңадан қоныс көтермеске.

- Беу, шіркін, тұлқінің құйрығындағы бұландаған, жеткізбей жер құштырар сайқал заман. - Итемген әлдекімді мұқатқандай, кекесінмен мырс етті. — Жо-жок, заманға тағар кінәм жок, құдай-ау, сол заман дегенің кәдімті адам емес пе, заман дегенің мына менің өзім емес пе? Қайратты шағымда жаратқан иемнің қолынан бір, жолынан екі асағандай, асып-төгілтіп тірлік кештім. Қандай аштықта, тарлықта, кешегі ел қырылған опатта басым аман, бауырым бүтін шыққанда, құдайдан қол хат алған жок едім. Бірақ соным үшін де ел-жұртқа жексүрін көріндім той. Бәрі етті, кетті енді. Жаман, жақсының тенелген шағында бұның да басқаларға жасаған қайырымдылығы мен қиянаты үмьттыса керек-ті. Дегенмен адамдар қайырымдылығынан горі қатігездігінді ұзағырақ есте сактайтыны несі екен?. Небір қияметтеген сол қатігездігінің арқасында откенін, сіро де түсінер ме бүгін жерлестері. Ешқашан. Кім-кімнің де колы үзарған

мынау мамыражай кезде дүние боз баяныдан осындай тептегіс елестері анық. Сол тептегіс дүниені титтей қинальссыз таптауға машықтанғандардың бұдан несі артық. Әттең, қолға ұстаптай зымыраған уақыт, уысынан сусып түскелі бері ғана қадірінді үктым. Тым кеш. Дәурені өтті деп түсінетін сенің кешегі қатігездігін дәл қазір әсіресе қажет екенін кімге қалай жеткізерсің. Қопара қөтеріп, қопара бұзатын жәйттер сарайында сайрағанымен, ішінде туып, ішінде өліп жатқалы қашан. Әйтпесе көрсетер еді айналасындағыларға. Ойға лақтырған тасын қырға домалатқан осы бір қатігездігі еді ғой, шіркін. Кек аттыны алдынан өткізбейтіні де соның әсері болатын. Салты етек қатынға шейін қаймықлай жанынан қайқаңдал өте шығар бұу күнге қездесем деппін бе. Беу, шіркін, тұлқінің қүйрығындағы бұлаңдаған, жеткізбей жер құштырап сайқал заман, қандай ғана құқайына қөнбей келемін сенің. Заман дегенің мен болсам, танғалатындағы да түгі жоқ кой. Кеше қандай едім, бүтін қандаймын. Мылжа-мылжамыз шығып, кім көрінгенге жаутаңдал, топастың да, ақылдының да қабағын бағатынның анық, ендеше заманың да мен сияқты азып-тозғаны рас шығар. Сонда менің өзім - дағы тұлқінің қүйрығындағы бұлаңдаған сайқал заман... Әлдекімді мазақтағандай, тағы да кекесінмен жылди.

Жылқылар кісіней шүркүрасты. Жүтегендерін алып, шалдар мен бала-шаға жылқыларды қамаған үлкен шарбакқа беттеді. Жаулықтары ағарандап, бірен-саран кемпірлер шықты далаға. Итемген сол жаққа аяндады. Құлынды биелеріне келгендер өзі сияқты кәрі құртандар ғана. Бие сауатын бес-алты үй бар, калғандары бірден ағытып жібереді. Жылқы малын бұл ауыл көбінесе сойыска пайдаланады. Қысқы соғымға деп бағтағандары болмаса, басқа қасиетіне титтей мән бермейді. Сондықтан да жыл өткен сайын жабайыланып, қолға ұстасу қындағап барады жылқыны. О баста өріс тарлығын сылтауратып басталған әдет енді тұтастай ауа жайылған. Итемген қызын бие саууға әрен қөндірген. Әйтеуір тез үйренді. Осы Сәниясінің оқымағаны қашшалықты ақыл болғанын енді түсініп жүр. “Қызық-ау, - деп ойлады шал, тұнғыш балаларын қолдарынан жетектеп, ту-у, сонау Алматы,

Қарағанды апарғаны есіне түсіп, - әр мезгілдің өз мезіреті, өз қажеті бар, сан құбылып тұрар. Кешегі міндет, кешегі тілек бүтін түк емес, бүтінгі керемет деп сонынан құғаның өртең түк емес. Мұғалімдік институтқа түқтарты ішініп, қағаз алып шыққанда, со балаларым үшін қандай қуандым. Кейіннен сондай қағаз үстап келгендер көбейіп кетті де, ұл-қыздың тізгінінен айырылып қалдық кой. Жә, қыздар жөндерін тауып, жат болды, ұлдары ше? Бет-бетімен быттырап, жеке бастарының қамымен әлек. Өздеріне-өздері әрең жеткен кіл өңкей босбелбеу. Оқып-тоқығандарын қайтейін, іргеден көтерілген шаруашылықтардың біреуінің пүшпағын илеуге жарамағасын. Сыртта сұltан болғанынан не пайды, ең акыры анау Тоқсейіттің жалғыз ұлы құрлы жүрмегесін ауылда. Балапан басқан тауықтай күркешік үяларынан аттап баспайтын соларды қойшы, тәйірі. Аман болсын тек. Үміт қылғаны, әр нәрсенің паркын біледі, кеудесінде жалыны бар деп дәмеленген Кенжеболат, тәуір қызметке ішінгеннен бері аракқа үйрек. Қолы жеткен жерде аузын, аузы жеткен жерде қолын тыймағасын, не онсын! Ақыл дегенің айлакерліктің мың тәсілі, оны миларына жазбағаннан кейін әншейін біліммен ұзакқа шаппас. Оқығандарын қайтейін, көз алдында нылжүрмегесін, досынды қолтықтап, дүшпанынды тоқпактап жүрмегесін. Төнірегіне жібектей жағып, түбіттей үлбіреуге тырысадын не қажеті бар? Құдайдың құдіретін қойсанышы, Тендіктен туған балаларына тән со бір мінез, ұлкеннің де кішінің де ықыласына құлай салатын. Алды-артына жалтақтамай құлата жүрсе, жұрттың ығыса жасқанарын үқпайды пакырлар. Әр аттаған сайын өз ықтиярларымен қыл көпірді көбейтуге жандары құмар. Қызығына да, шыжығына да тойған мына жарық дүниені қимағаны, сірә белінен өргендердің жасықтығына кинальысы шығар. Жолдан тайып, талай құлагап, талай сүрінгенде, орны үнірейіп тұрар жараның аузы өртең-ақ бітелетіндей көрінетін. Сондағы сенетіні төнірегін тамсандыра ержетіп келе жатқан, әсіресе өзі ерекше үміт артатын бес ұлы еді. Уысынан қапияда сусып кеткен билікті өкінішпен ойлағанда, аңсарының қарымы қайтар күн бел астынан соуле шашатындағы елестейтін. Амал нешік, бұны

небір қатерден белін қайыстырмай тік көтеріп әжеткен намыс пен қайрат балаларының бойында жоқтың қасы. Дайын ас, мамық тәсекке мәз. Асқақ мақсат болмағасын, жәй әшейін жүртты елеңдеткен өлі мумкіндігінен не пайда?

Алғашқы әйелінен туған балалары өзімен қатар есейді де, жат бол кетті. Бұ қунде өздері немере сүйген, жастарына жетпей қаусап отыр. Тендерінен туған ұл-қызы жұрт назарына тым ерте ілінді. Өуел баста мән бермепті, жамағайынның сұтына, қызғана қарағанында да гәп жатыр екен ғой. Әйтпесе, неге бұның ұл-қызының қалыс басқаны да, шалыс басқаны да гу-гу әңгіме өзегіне айналды. Бөріне кінәлі өзінің баяғы өр мінезі, намысқойлығы-ау. Бұның жүқарған тұсын өзінен емес, бала-шағасының тірлігінен көруге былайғылардың бейім тұратындары да сондықтан. Кез-келген пенденің осалдығын да, мықтылығын да ең алдымен артындағы тұяғынан сезуге болады, өзінің ең бір үримтал тұсы да осы. Қатарластарымен салыстырғанда, мақтанарлық хал кешкен сыңай танытқанымен, шешімі қабыстаған ішкі есебі қөкейін теседі де тұрады.

Алла тағаланың зауалын койсанышы, кезінде өзінен ақылды біреудің қасында көлбендей қалғанын байқаса, жылдамырақ құтылуға асығатын. Небір азулыларының да ұзаққа шыдамай, бұл ауылдан жыраққа бой тасалағандарын біледі. Бәрінің обалын көтермейді, бірлі-екілі жасаған қиянаты бар. Кейіннен солар туған ауылда байыздап тұрактамайтынды әдетке айналдырды. Қайтып оралуға талай сөті түскенімен, анау Құрмандардың кіндік қаны тамған топырағына қайырылар түрі анғарылмайды. Кім болжаған, ауылдарының мұншалықты жүдеп, күресінде қаларын. Ауылығана емес, сол Құрмансыз бұның да жетімсірейтіні анық. Бүткіл ғұмырының мәні тіпті сол Құрмандарда жатыр ма деп қалады кейде. Қездері көріп, құлақтары естімейтін есер шакта Құрман, Ментай, Тоқсейіт төртеуі тайталаса қатар шықты. Өздерінің тұлдыр жағдайын тудай желбіреткенде аспан айналып, жерге түсетіндей екпіндеген. Кейіннен жетімдік пен кедейлік ұмытылып, теңеліп, ел қатарынан озынқырай ойқастаған шақ туғанда, өзгені бүйірден қысуға машықтанған дағдымен өзара

сисыспады. Құрман сыңаржак жалаңтөстігінен тапты не тапса да. Оған кияда самғаған сүнқар да, жер бауырлаған жылан да бір, екеуін бір тәсілмен амалдауға бейім. Уралаған ұрандарының мағынасын тым беріден түсініп, кім көрінгеннің шалғайына жөн-жосықсыз жармасты. Адамның шамына тие жүретін адалдығымен басқаның аузына құм құйғысы келді. Ақыры өз аузына құм құйылған жоқ па? Жұрттың жырттығанын жамап, тесілгенін бүтіндеу ешқашан мүмкін емес. Мұны жастайынан қаперіне түйген. Өзі сияқты жалишыларды теңестіремін деп жүргенде, өмірдің үйреткен көп сабағының бірі осы. Әркім өз жырттың өзі жамауға тиіс. Пенде шіркінді қойсаншы, екі колын жылы суға малдырып отырсан да, қанағат жоқ, жалғанда бү шіркіндердің көзін ашпа. Құрман со шіркіндердің көзін ашам деп аласұрды. Көздері шырапдай жаңып еді, өзіне бас салған жоқ па. Менің елу жыл бұрын үққанымды ол әлі үғар емес. Анау мектептің іргесін қалап жатып айтқаны күні бүгінгідей есінде: “Керемет заман орнағалы түр, біз көреміз, улгереміз...“ Бұғыльда мектеп ашу үшін елден ерек жүгіріп, жаңын салған да Құрман еді. Әкесінің құны қалғандай, әр бөренені есептеп, қашан құрылтыс аяқталғанша дамыл таптаған. Қөршілес ауылдардан ағаш шеберлерін жинап, қолына балға, балта ұстай алатынның бәрін жауып жіберген.

Алда-жалда санай қалса, облыс қолемінде аттары белгілі қанша азamat жүр десенші осы үядан үшқан. Бүкіл атырашты мекендеғендегендер балаларын окуға таситын бертінге шейін. Беу, шіркін, Бұғылы мектебінің аты да, заты да бөлек екені рас еді ғой. Сойтсе, өзі сияқты ол да қазір ешкімге қажетсіз, мужіліп біткен. Көзге бірден үрмай, құрт жеңен тістей үтілуде. Қашан дергек шалдыққаны белгісіз, әйтеуір дардай атынан түк қалмғандай.

Итемген өз тағдырының жүдеп-жадаған ескі мектеппен үқастығына таңғалды. Бір кездегі бақытты жылдары еңселі үйдің дүрілдеген кезенімен орайлас екен. Дегенмен жеке басының қадір-қасиетінен ертерек айырылды. Өзі атак-абыройынан адыра қалғалы қашан. Қу екеш қу ағаштан

салынған мынау үйдің төнірегіне шырқаған даңқы әлдекайда ұзакқа созылды. Соңғы кезде ғой қаңсып, қаңырап қалғаны.

Бұғылы ауылының тұрғындары кенеттеп бір жаңалық ашқан. Бұдан ширек ғасыр бұрын сол жаңалыққа баулыған өзі еді. Жаңылмаса, төрг класс бітірген Кенжеболатын, кімге қыр көрсеткенін есіне сақтамапты, жаңа оқу жылы басталғанда, аудан орталығындағы орыс мектебінің үшінші класына қайтадан берді. Шырқырай жылап, азар да безер қарсылығына қарамастан, ұлын сондағы интернатқа тапсырды. Елеусіз көрінген сол оқығаның артынан Итеменге еліктеушілер көбейді. Бұғылы мектебі ежелі ынтымағынан, дүрілдеген даңқынан айырылып қалды. Оңжылдық мектеп сегізжылдыққа айналған. Оның өзінде кей кластары жоқ.

Жетімсірей құлазып, монтаны жаугандаған ескі мектеп шалдың есіне қай-жайдағыны түсіріп, қас қағымда ғасырға жиырма жыл толмаған өмірінің небір көрінісін ат-анық әкелді көз алдына. Соншалықты айқын елестегеніне қарамастан жүрегінде титтей өкініштің табы сезілмеді. Тек қана тұла бойы ауырлад, зіл тартқан арқасы одан әрмен ашып қоя берді. Өткен ізі қыыр-шиыр бүраланымен көкейінде көлбендей бермейтін. Аракілдік қадала ойға батқаның өзінде, сырт козге тарау-тарауға бөліп әкетерліктей корінер ұзақ ғұмыр қыска тоңның етегіндей қолапайсыз шолтандап, құтын қашыратын. Құдік ұялатор қысыр ойдан сондықтан да бойын аулақ ұстауға дағдыланған. Басынан өткергенін жіптек тізіп, қазымырланудың қажеті не. Қанша қазса да, түбіне жетпейді. Жеткені – аяқ астындағы шалшыққа тұншылққаны. Өйтіп қорлық көргенше, тәуекелге бел буып, құдайдың басқа салғанына шыдамай ма.

Тәйірі-ай, адам баласының жасы өзінен өзгенің бәріне көзге шыққан сүйелдей бадыраятыны үйреншікті әдет емес пе. Шыбын жанның саясын мұддегендеге, сорлы пенде құдайдан жасына жас қосып беруді сұрамайтын шығар. Тірлігінді бес саусақының өлшемімен шектеуге келмейтіні сияқты, ұзақ сонар өмірінді де әлденемен есептедің кисыны жоқ. Ағынан актарылса, осынау кемелденген жасында кеменгерлік белті қалдырды деп бәлсіне алмайды. Өйткені

кеменгерліктің төркіні өзінді алдап, өзгелерді де соның болымсыз әшекейіне сикырлау. Ондай жазылмайтын дерттен бұл әйтеуір аман. Шүкірлік, Құрманға үқсан, айдалаға лаккан жок, Тоқсейіттей сottалған жок, Ментайдай құрып кеткен жок. Құрманның бойында өзі жақтырмайтын, қаралтан-қарал айналасындағылардың ниетін тарылтатын бір мінезі болушы еді. Дәл қазір де айырып айта алmas еді соған не себеп екенін. Замандастарының апишысын қуыра келген қат-қабат өзгерістен басқалар естерін жиғанша, бұл екеуі атқа қонып үлтерген. Өзімен бірге Рахман үйінің босағасында жүрген Тоқсейіт те бұның сонынан ерутеге жарамады. Жігерсіз емес еді, бірақ қысылтаянда сол әүлеттің жанаашырына айналып, не көрсе де солардың ынғайына қулады. Сөйтсе оның да есебі түгел, өні түгілі түсінде армандамаған бақытқа кенеліп, Жанғанымды жар қылды. Естіген жұрт қайран қалысты. Рахманның көл-көсір байлығын енді жалшысы қызықтайды десіп, қақланнан оңай құтылғалы тұрған Рахман үшін де, екі жеп бите шыққан Тоқсейіт үшін де алқымдары ісіп шыға келген. Бірін екіншісіне қомсынғаннан емес, екеуіне де ештеңе қимағандықтан ерсілі-қарсылы шапқылағандары есінде. Тоқсейітті жау деп, құғынға ұшыратқанда, тірі келеді демеген. Тататын дәмі бар екен сүмның. Сол науқанның қайнаған ортасында Құрман мен Ментай да жүрген. Масқараны қара, айдай толықсыған Айғанымға ол да ғашық болып, жаңа өкімет орнатам деп тыраштанған белсенді жігіттің арыны су сепкендей басылған. Бұның намысын қамшылаған осы екі оқиға еді. Айғанымға қатысты ішкі тілегі, ішкі есебі післей жағып, қасындағылардың алдын орап кеткені жанына батқан. Әрбір қадамын сақтықпен есептеп, есемді асырам деп жүргенде, құрдастарынан көш артта қалғаны жүрегін аяусыз тілгілеген. Бағасын өзі ғана үққан асылынан қапыда тоналғандай, бауыры езіле өкінген. Қарымын қайтаруға жанталасқанымен, түк өнбеді. Ептілікпен тыңдырғысы келген, әбден илеуі қансын деген үміті жәй әншнейін қорқаулықтан әріге аспады. Несін жасырсын, Айғанымға ынтықтығы кейін дс басылмаған.

Елді аштық жайлалаған ауыр кезенде түрмеге жабылған

әкелерін ажалдан алып қалғанын да екінің бірі білмейді. Үсынған, небір өткелдерден өткен еркектер дағдарған қынқыстауда төтеден жол тапқан екі қыздың ақылы анызға айналған. Айттырып қойған жерлеріне үзатылып үлтермеген бойжеткендер зобаланда күйтгелектікке салынған жок. Ұрын келуте де мұршалары жетпеген күйеу жағы, Жаулыбай деген бай тұқымы, үйір-үйір түйе, жылқыны алдарына салып, тымтырақай қашты. Қалың берген қайын жұртқа қайырылуға уақыт тығыз, байлығы жол-жөнекей шашылғанына қарамастан, өлемендікпен бой тасалаған.

Итемгениң қазір күлкісі келеді, бір қыстың қаһарынан қалмайтын, итке, құсқа жем мал үшін жандарын аямаған, тіпті үстеріне жөнді көрпе жамылмаған сорлылар бай саналды-ау.

Рахманды бала-шағасымен бес бөлмелі қарағай үйінде көргені әлі есінде. Әр бөлмесі ат шалтырым, кең сарайдан кем емес-ті. Бұғылты мектебінің жаңынан интернат ашылып, қосымша үйлер салынғанда, бұзып өкелінген анау қиқышойқы интернат қабырғалары сол Рахман үйінін журнағы. Жалғыз үй алғашында орманның іргесінде бірер жыл тұрган. Байлықтың белгісін табу қын еді. Бірақ, баяғы биік қалпы, ерсілі-қарсылы өткенде, кеудесінен басқандай әсер ететін. Бұның да себебі бар еді.

Бірде Итемген сол үйдің тұсынан құстай ағып келе жатканда, аты сүрініп, озі жер құшқан. Есін жияр-жимаста анғарғаны – төбесінен тәнген зәулім сарай. Денесін басып-жанышып, келеке қылғандай, бүрьш-бүрьшынан сакылдаған күлкі естілген. Құлаған жерінен тұра алмай біраз жатқан. Әлден уақытта құлағы күркіреген үннен жарыла жаздал, есін жиган. Алғашында алапат екпінен көзінің оты жарқ етіп, тәнірегін жаңғырық жайлап әкеткен. Сол жаңғырық бірте-бірте алыстағанда ғана мұның кәдімгі қарқылдаған күлкі екенін үққан. Орманның тал, бұтасына шейін сыйқылықтағандай, жер-жебіріне жете табалаған.

Ал-айқын үн естілген:

- Эй, тексіз жаратылған неме, жан бар, ес жок, мына қарқыныңмен тас үгіп, тау қопаратындағы, қайда екпіндел

барасың. Өрмелегеннің бәрі өрге жетпейді, өлемендікпен қанша омырауласаң да, сен кешегі құлақкесті құлсың. Оған біз күә, шырылдаң дүние есігін ашқанда, жаратқан иенін рахымы түспеген саған. Жатырынан қарғысқа үшырағансың, бейбак. Атаң сенің зұлымдық, анаң сенің арсыздық, калайғана онарсың. Зұлымдық пен арсыздық қосылғанда, артынан не қалушы еді? Құдайдың ықыласынан адъра қалып, адаттық, тазалық атаулының жауы бол туғандықтан да қүшіктеген иттің бауырынан бірақ табылғансың. Ей, нәсілі тәмен азғынның тастандысы, сениң адамның үйіріне өкеп қосқан Рахман еді ғой. Енді кеп олай ойқастайсың, былай ойқастайсың, не пифыл, не мақсатпен? Рахманға кектенетіндей байлап-матап алған жалшысы емессін, ата намысына жармасатындей, тегің белгісіз. Тексіз мақұлықта кек, намыс болмайды. Соңда сенікі не жосық, Итемген? Туа бітті тірлігіне титтей өзгеріс енгізем деп бұған шейін шөп басын сындырмағанда, кенет аласағыран қүйін қирапқан шаңыракты еркінмен панарап, ықтағанына қарамастан, одан әрмен дал-дұлын шығарғаның қалай? Киең үрсын кара шаңырактын. Хайуансың, Итемген. Желбіретер туының түсі белгісіз тексіздердің құқайынан сақтасын, құдайым. Маңдай терін тамшылатпай, көздің жасын сорғалатпай қауышкан қуанышың да қас қаққанша. Дүние кезек дегенде, аяқ шалған сен болсан, белдеспей-ақ бердім қамытты қолыңа. Билік дегенің қамыт, өз мойныңа кийп, еңкетейсің бе, алде өзгенің мойныңа артып коясың ба, еркің білсін. Екеуде оңай шаруа емес. Тізгінді тартып үстаяуға үнемі төзімің жетпес, қолың қарысып, жанарың бүлдірар. Көзің көрмесе, қолыңың қуатынан не пайда, күш-қуатың қайтса, көрегендігінен не пайда, әрі бағытынды айқындаң, әрі бағпен желіп отырарлық құдіретті құдайым кез келгенге дарытпаса керек. Әсіреле сендейлерге, кездейсоқ қолыңа тиғен тізгінді үстарлық қауқарды қайдан алар екенсін бұдан былай. Осы құлағаныңнан тұрма, Итемген, асав арғымак кім көрінгенді арқасына қондыра бермейді, тізгінінен осы айрылғаның – айрылған. Табалап тұрған мен, Рахман емес... мен, Тоқсейіт емес... мен, Айғаным емес... мен емес... мен емес... Озің талай аунаң-қунаған, жауын-шашыннан, долы

бораннан сақтап, ықтасын болған үйін, үйі-і-іін... Қайысқан қара орманың... енді сенің көрін, ко-о-о-о-рің... топырақ айдаң әкелді сені, баяғыда осы маңдан тауып алған Рахманның тазысы болатын, табылған жерің... өлтөн жерің... көзінді ашқан жерің... ит әкелді ме, құс әкелді ме, әйтеуір құдайдың бүйрығына дауа жок... мезгілсіз шақырған өтештей айналаңың мазасын үрлап бітіп едін, енді жеткен жерің осы.. табалаған мен... мен Рахман емес... мен емес...

Еңгезердей тұлғасымен әлде кім бұны көленкелеп түр екен, "мен емес" деген соның даусы.

- Қастаңдық жасайтындаі не көрініпті, маған етіп кеткен ештегесі жоқ, мен емес,-деп жатты жаңындағыларға.

Итемген Тоқсейітті үнінен шырамытты. Манадан бері кешкен жағдайында нендей жұмбак жасырынғаның қапелімде үқпайды. Алғашында кулki аралас айғаймен есінен тандырып, содан кейін танғажайып сыйырмен санасына сіңген сөздердің қайдан құлағына құйылғаны мүлдем түсініксіз. Бір қайран қалғаны - жер-жебіріне жетіп өзін әбден жерлеген жаңағы сөздерге қабыргасының қайыспағаны. Керісінше , іздеғенін тапқандай, жер бауырлаған тұман сейіліп, адастырып кеткен данғыл жолымен енді табысадай. Топырақ құшқан жауырының көтере алмай қиналғанына қарамастан, өн бойында алабөтен серпіліс оянып, әлгінде ғана іркіттей іріген көнілі лезде қатып-семіп үлгерді. Көп нәрсеге көзі жаңа ашылғандай, төнірегіне таңырқай қарап біраз жатқан. Бұрынырақта еміс-еміс елестер балалық шағы, түп-төркінін бойлап әдеттеген шытырман тағдырының жұмбак бастауы тұнғыш рет сабырлы ойға жетелеп және не ойласа да тамыртамырын бойлай жанын семіртіп, жүзі жадырады. Жігерін жасытуға тиісті мынау оқыс оқиға бұдан бұлайғы тірлігін басқа арнаға бұратындаі деруе есін жиды. Былық-шылыққа, қайшылыққа толы кешегіңе қайрылудың не қажеті бар. Мұның өзі тапа-талтусте қабаған иттің дамбалынан тартқыладап, жаланбұт қалдырғанымен бірдей емес пе? Өйтіп абұйырды ашқанша, жатқанынан тұrmай, көмусіз қалсын. Құдайы дем беріп, қуаттаса, қасқайып-ақ карсы алар нендей тосқауылды да. Жүргеі жараланса , түбінде оның да бір емі табылар. Эри-

беріден соң не ол жүрек деген, қайда, білмеймін, құлқы да жоқ соны білуге. Бұған шейін жүрекке салмақ түспегені рас, бұдан кейінгісін тәлейінен көрер. Жалбарына тілейтінім - жігерімді жасыппасын жаратқан ием. Адам баласының нендей сиқырдан бастау алғанын дәлме-дәл анықтап берсінші біреу бұған, пенде шіркіннің о бастағы әкесі кім, анасы кім? Жағы талып, аузы көпіргенше сайдайтын, әйтпесе басынды дуалап, есінді үрлайтын сазды мақаммен алға тағаланың өсietін жеткізбекке тырысқан, жұртты қурақ үштыра бүгжендеткен молдалардың арасынан табылар ма еken сондай біреу. Табыла қалса, мүмкін тегімді мен де таратып берермін. Неден дамып, неден өрбігені миына да кіріп шықтайтын дүмшелер ең алдымен өздерінің тегін түстеп алсын. Бәлки ертеңнің тұтқасынан мықтап үстар текпі топтың бастауы мен болармын. Ендеше мұқалмайды жігерім, таусылмайды тілегім.

Штей серпілтіл, бойын ширатқан көзі шырадай жанды. Манағы әзірде төбесінен төңген Тоқсейіт әлденеден үріккендей шегіншектеп барады. Дабырлаған дауыстар естілді. Кеудесін көтергенде, абыройына қарай, жиналғандар көп емес еken. Көптің ішінен жылы ұшырағаны – Айғаным. Өзіне тұнжырай қарап түрғандай елестеді. Назар салғаны-ау. Куаныштан жүреті өрекпілі Итемгеннің. Имандаш шыны, жүрек атты пәле барын сездірген осы Айғаным еді. Бірақ со жүректі беріштей қатырып тастаған да өзі. Тақиясына таққан үкісін желдің әлсіз лебі тербел, бұл еміне қадалған сайын оның кеудесі шалқақтай биіктейді. Әйтеуір төмендегі бұған солай көрінді ме, жәудіреген түрі мұның емеурінің қабылдамай, тіксіне қалды. Енді қыздың әр кімылы мазақ пен кекесінді анғартқандай. Алданыш сәт үзакқа созылмады. Әлгі әзірде ғана ұмыттыған, белін буындырып түрған шаншу қайтадан күшіне еніп, басын сылқ еткізді. Итемген ыңғрай жаздап, жұтынып қалғанда, тілін тістеп алған. Қайтсе де, қынқ етлеуге тырысты. Жалған елеске жұбанғаның штей өзіне кешірмей, әлі де үміт жылуын үялатып, кей-кейде соған мәз болар сәттер үшін әрі қапалана, әрі қорланған тістенді. Басынан сүйеп, демесе, Айғанымның сол ғана бір қылышы үшін дүниес озгеріп жүре берер ме еді, қайтер еді, бірақ ол

шалқасынан түскен Итемгеннің алдында аспанға асқақтай сіңіл бара жатты.

Жіпті бірден үқкан, енді Айғаным да анау көгілдір аспандай алыста. Көзін алдап қызықтырганымен, жарты әлемді иемденіп, тіршілік нәрі болғанымен, ешқашан шет-шегіне жеткізбейді. Жан сарайын жаулап үлгерген Айғанымнан тұнғылған сайын іші тілім-тілім, дүние атаулы қаңырап, өн бойы өлі денеге айналғандай. Өзегі өртеніп кетті.

Итемгеннің мазасыздынып, әрі-сәрі хал кешкенінің, жақсы көруден запа шегіп, аласүрғанының алды-арты осы болды. Тіпті адам баласын жақсы көргенінің алды-арты да сонымен шектелген тәрізді. Әрине, мұны ол көп жыл еткеннен кейін, мүмкін қазір ғана түсінген шығар. Асылы, сүйіспенішілкten жолы онғарылмаған, әсіресе сүйе тұра, өзін сүйікті ете алмагандар тым катірез, тіпті жауыздаққа шейін бара ма деп қалады. Талай әйелдің құшағында күйіп-жанғанда, неге екенин өзі де білмейді, жүрегі жыльып көрген емес. Қыз-келіншекке, ынғайына, сәтіне байланысты қырындалған, бұл үшін ешқашан өлемермендікке салынған емес. Сезім сергелдені, егер бары хак болса, Айғанымның бойжеткен шағымен, сұлулығымен өнісे керек. Одан кейінгісінің бәрі қунделікті ішіп-жейтін, кәдімгі көп міндеттерінің бірі болғанға үқсайды. Басқасын айтпағанда, дүйім елді шулатып қосылған Тенідіктің тұсында да, мойында масқа амал жоқ, асып-тасыған сезімге кенелдім демейді. Үнтығудан гөрі қызығуы, қызғануы басым, дүшпандары қыр көрсетуді көбейткенде, мұным да бір соққы сендерге дегендей өрекет жасаған. Және өзінің қадіріне жетпегендердің ен осал тұсынан кармады.

Рахман әулетінің аяулы келінін иемденгенде, досы да қасы да жағаға лақтырылған балықтай тулаған. Тіршілікте махаббаттан, бауырмалдықтан, тоқтықтан да жоғары тұратын қасиет барын сонда тұнғыш рет зерделеген. Еркек кіндіктіге керегі намыс пен кек қана деп түйген. Қалғанының бәрі соның арқасында реттеледі екен. Сөйтсе, Айғанымға сұыған көңілі сұстyxыққа, өжеттілікке баулып, бүкіл пәнніге сұыған көңіл бол шығыпты. Заманының желімен жарысканда, бакыт / жүрттың айтуынша/ колына қонып үшіп алма-кезек

аудықсанды үдайы бір мінезбен қарсы алып, күйгелектенбей шығарып салуға дағыланды. Сонысы үшін де Айғанымға, өзегін өртеп жіберген өкінішіне қарыздар.

Корлана тістенген сол бір жәйттен соң Итемген жалғыз қалған. Бұл есін жиғаны мүн екен, қауқылдастан дауыстар сап тыйылып, өлмеді-ау деді ме, басын көтергенде, айналасындағылар түнделе мұның жатқанынан тұрмауын тілегендей.

- Мұндайлар өлмейді, жұз жасайды.
- Артында жылайтын ешкімі жоқ, өлсе, кімге дәрі...
- Тымырайып бәленің бәрін ішіне тығып жүргенін айтсандаршы...

- Қырық сідіктен қайбір кісілік... - Екілене шыққан дауыстардан зәр төгілгендей.

Есін жия келе бұлшық еттері жәй әншейін созылған шығар деді. Соның өзінде он жақ білегі ісіп кетіпті, тіпті қозғалтпайды. Сол қолымен жер тірер жамбастай қисайды. Жас шөптің балауса исі танауын қытықтап салқын жел соқты. Қектемнің көз жайнатар келбеті толқынға қарсы кемедей жүзген бұлттардың ара-арасымен сығалаған күннен одан әрмен нұрлана түскендей. Кою бұлттың құшағына кіргенде ғана төнірек салқын тартып күннің батар шағынан хабар бергендей. Тумысында табиғат тамашалап көрметен Итемген төнірегіне қомағайланған жұтынып телміре қарады. Бұлттың ішіне бір батып бір шыққан күн маңайды сәулелендіріп сан құбылды. Қозғалуға қорғаншақтап көзімен барша атырапты тінткілеп шықты. Жұтені сыйырылып кеткен атын анадай жерде Тоқсейіт айналсоқтап жүр. Әлден уақытта Итемгенге қарай аяңдады.

- Тұрмайсың ба? - деді атты көлденендетіп - Неден үріккенін білмеймін әйтеур қатты үркіпті, біраз жерге шейін жетектеп журмесен болмас. - Тоқсейітпің үнінен жанашырлық сынай аңғарып, тұла бойына сан мың шаншу инедей қадалғанына қарамастан сүйретіліп әрен көтерілді. Тәлтіректей тұрып Тоқсейітке сүйенді. Қан жүгіргесін ұйыған аяқтары жазылды. Он жақ қолының қозғалтпағаны болмаса, сүйегі сай, біраз жер қолтықтасып келіп, бойын жилы. Тоқсейіт атын

жетектеп, алға озды, бұл артта. Екеуі де үнсіз. Ашық алаңға жеткенде Тоқсейіт сәл тыныстап ілбі аяңдаған Итемгенді тосты. Оның одан әрі журе бергенін қалаған Итемген адымын бәсендетіп, кібіртіктеп қалды. Алдында келе жатқанда еңкіш тартып, жүзі сынық көрінгенін Тоқсейітке жақындағанда аңғарды, бұған қасқая қарап, кеудесін шалқақ ұстап түр екен.

- Жолың болсын - деді тізгінді ұстатып.
- Кекетпе...
- Өзгеріпсін, мұлдем өзгеріпсін.
- Дүние аударыльш-төңкерілтіп жатса да мынқ етпей өгіздей сүйретілгеннен сақтасын.

- Оғізің мен болым ғой. Құдайдың мандайға жазбаған арғымағын ит-әлекке түсіп ізdemедім, алда-жалда қолға тисе, астында қалармын әйтпесе өгізге үйрентен сорлы басым собалап қор қылармын.

- Асадың жөнін елден ерек сен жақсы білуші едің ғой?
- Құрық емес, кұлық жасап жүйріктің жүлдесін жабы алған заманда қойдық о кәсіпті.
- Қайтеміз бір-бірімізді қажап. - Итемгеннің үні шаршанқы шықты. - Итше ырылдақсанда жетер мұратымыз қайсы?

- Бастаған өзің едің, жетерсің мұратына. Тісінді басқаға батырсан да Дәм-аганың жағасына жармасқанынды қойсанышы. Жағымпазданудың да жөні болмаушы ма еді. Кенестің билігі онсыз да тақымына жәйлі ертоқымдай, атына ерттеулі, мін де шап. Қай қырдан ассаң да шаужайына жармасар есті жан қалмады, алдың ашық, бүйірің ток. Өз құйрығын өзі тістейтін жыландай алды-артыңа у шаша берме. Жұмысың болмасын Дәм-аганың үйі мен қүйінде, алар жазасын алды, сазайын тартты, кенестің де сенен гөрі мықтылары бар шығар, ал бәрі бірдей шынжыры ағытылған тәбеттей қапса, о жағын да байқармыз. Аптығынды бас, тыйыл.

- Не мегзеп, кімді қорғап тұрғанынды білесің бе? Сен айтатын сөз бе еді мұның бәрі. Мен шынжырдан босасам, мойнымды шіріткесін үзіп кеткенмін. Байлаудағы тәбет сенсің, итаяғына лактырған сүйек-саяғы бұрынғыдан горі майлы ма өлде айналсоктап шыға алмай жүргенін... білеміз...

Тоқсейіт кілт тоқтады.

- Сенің де нені мегзеп тұрганынды білемін, ішпің күйсе, тұз жала. Бірақ екеумізге де лайықсыз өңгіме, бұдан әріге барыспайық, батпаққа батармыз белшемізден. Өзіміз батсақ та арулардың атын былғамайық, бұнынды тірі жан естімесін. Тілерсектен қағар едім, әттең бүтінгі күн сенікі.

Итемген үндемеді. Айтарын айтып қалса да шектен шығыңқырағанын сезді. Шынында да Тоқсейітің шамына тием деп андаусызыда қалай аузынан шығып кеткенін аңғармалты. Іші күйгендіктен Айғаным мен Жанғанымды итке лактырылған сүйекке тенеді-ау қара басып. Ақталғандай кінәсін жуып-шая сөйледі.

- Маған қырсыға бермесенші, өзіңе титтей залальмды тигіздім бе осы уақытқа шейін. Күн сенікі дейсін, көкірегінді ашсан, өзіңе де туған күн емес пе? Құдайдың бергенін неге қызықтамайсың, қолыннан қағар кім қалды? Томаға-тұйық төзімділігін кімге дәрі, әлде өмірге екі рет келем деп ойлайсың ба?

- Қанша тыраштансан да, тағдырдың о баста жазғанынан асу, әй, білмеймін. Менің білетінім – ағайынның ағайынға қарсы шығып, бітіспес жауға айналуы, түбінде жақсылыққа апармайды. Ақыл-есінді улап үлгерген қатігездігіннен корқамын, әкесін өлтірген жендеттей көрінесің сен маған. Өз тамырынды өзің қыып, қансырап өлеңтін сияқтысын, жо-жоқ, өзің өлтіреді деген мағынада емес, неге екенін үкпаймын, сенің артыңданан ақырзаман орнайтын сияқты. Осынша тасырандағанда, дүние орнында тұрады деп сенесің бе, өзің өрген қамшың кейіннен өзіңе сілтепен жүрмесін, - Сабырмен айтылса да, салмағы ауыр әңгімесінің соны дәрменсіздікке үласқандай.

Тоқсейітті назарын сала тындаған Итемген жанарымен айдаланы кезіп кетті. Дел-сал күйде Тоқсейітке қаралы, соның қан-сөл жоқ, жүдеп-жадаған түрі екен мағынасыздық жайларатқан. Бұдан арғы сөздің қиуоласпайтының екеуі де түсінген сыңай танытты. Иштерінде ақтарылмай қалған сырлары әлі де жетерлік болғанымен, сөз жарыстырмады.

Енді әрқайсысы өз ойларымен өздері таласқандай, үнсіз ұзак түрдү.

Екеуі екі жаққа бұрылғанда, бүйірін өлдене тесіп етті, бірақ анық не екенін үқлады Итемген. Әйтеуір бұрын-соңды кешпеген алабөтен күйтеп еніп, іші-бауыры кеміріле құлазыған. Тоқсейіттің сонынан телміріп, атыстағанда сабасына түсті. Орнынан тапжылмай анау қашан орманның ішіне кіргенше үзатып салды. Қозінен тасаланып, ғайып болғанда, тұла бойы жеңілденіп қоя берді. Бар тұлға бітімімен Тоқсейіт мұның тынысын тарылтып әкеткенін алғаш аңғарғаны. Ендігі тұста жолдары ешқашан түйіспейтіндей көрінген. "Құдайдың дәл осы жерге атымды сүріндіргені-ай" деді іштей. Қайтадан бұрылып, Тоқсейіттің қайысқан қалың орманның орта тұсындағы ашық алаңға салынған үлкен ағаш үйге кіргенін болжап, іші үдай ашыған. Сана-сезімі қызғаныштан уланып, дүние қарауытып кетті. Ағаш үй бейне жұмақтай елестеп, Тоқсейіт соның төрінде жайғасқандай өн бойы қалш-қалш етеді.

Содан бері қанша жыл өтті, бүтіндей бір

ғасыр сырғып барады...

Беу, шіркін, тұлқінің құйрығындаған, жеткізбей жер құштырар сайқал заман, сондағы ағаш үйдің сиқын қара, пейіштей қызықтырғаны қайда. Тапа-тал түсте тоналған жалғыз жолаушыцай мұсөнір кейіпке еніп, жүресінен отыра қалғандай. Жалбарына қайыр сұрағандай. Қабырғалары қисайған ескі мектеп үйінің келмеске кеткен күндерін елестетіп, әбден көмексленген оқиғаларды жаңғыртқанына Итемген шынымен таңғалды. Кәдімгі жан иесімен тіл қатысқандай, манадан бері ескі мектеп үйімен сырласқанын үқты. Мұның астарында өзінің тұтастай ғұмыры жатқанын түсінді ме, белгісіз. Қалайда сол ескі үймен әйтеуір бір табысқысы келетінін үқты.

Биені жетектеп, кораға беттегендеге, көзалдына жаңадан

салынып жатқан зәулім үй елестеді. Баяғы Рахманның қыстаудағы үйі екен дейді, қас қаққанша өзінің үйіне айналыпты, төнірегі бау-бақша, жап-жасыл, пейіштің бағы дерсің. Сергіп қалды. Жаңадан үй салатындарына іштей қуанып, танертенден желкесінен тартып, қозғалтпай қойған корғасын салмақтан лезде құтылды. Әлі үйқысынан оянбаған қызына да ренжіген жоқ. Манағы өзірде қай-қайдары ашуын қоздырып, анғал-санғал шашылған қораға енді назар аудармады.

IV

Совхоз кенсесінен Кенес көнілсіз шықты. Үйіне келе жатып, одан әрмен құлазыды. Көшеде кездескеннің бөрі құдіктене қарап, сыртынан табалағандай көрініп, әрен жеткен. Бұлыға жетелген шешесіне көзі түсіп, Кенес өзін кінәлідей сезініп, шапшаңдата торғі бөлмеге өтті. Балағына жармаса ерген Бөкенді көтере кірді. Шешесінің жөтелі үдеген сайын үрейін ұшырады. Жуырманда басылатын түрі жоқ, тіпті тынысын бітіріп, бір-ак тоқталатындаі. Әлденеге титтей ренжісе, тақ-тақ етіп тұншыға жетелепін қашанғы әдеті. Соңғы кезде қеудесін әрен көтеріп жүргенін анғарса да, мынасы мулдем қорқынышты. Бала-шағаның мазасын алмайын дегендей, үні әрен-орен шығады Айғанымның. Бөкенді құшағына қысып, терезеден сыртқа мағынасыз қадалған Кенес анасы туралы қамыға ойлады. Дәл қазір оның жағдайын женілдететіндей ештеңе жасай алмайтынын мойындағанда, бойын дәрменсіздік буды.

Анау-мынау ренішке бой алдырмайтын Айғанымға соңғы жайттер өсіреле қатты тигенін біледі, бірақ сол соққыдан өзі де есенгіреп әрен жүр ғой. Бұл ашып айтпаса да, анасы тәтішлей сұрамаса да, іштеп жеген қайғы жаман екен. Шекер әлі төркінінде. Қол тигізбетені өзіне мәлім, бет-аузын жол бойы тасқа соғып, дал-дулын шығарған қалпы милициядан табылар деп қаперіне кірсеші. Тұн ішінде жалғыз тастап кеткенине “соққыға жығып, жарымжан қыла жаздағы” лепен

аійып қосылып, бәрінен бұрын бүкіл жүртқа тараған гу-гу өсектен бойын арашалар орын таптай қиналады. Қандай көкбеттігін білсе де, келіншегі мұншалықты өуре-сарсанға түсіреп деп ешқашан ойламаған.

Бүтін директор шақырып алып, бригадирліктен босағанын хабарлады. Ауылдың атына кір келтіргенін, мұның лаңы ауданға шейін жеткенін бетіне басып, әбден сөкті. Бұл акталудың амалын таппады, бірте-бірте директордың таққан кінесін кәдімгідей мойындастырады. Қазір жанына батып түрғаны да сол. Нақақтан күйгені, намысын аршып алар бір ауыз сөз айтпағаны үшін енді өкінгендей. Ылғи осы. Тым құрыса істің анығына өзгелердің көзін жеткізуге дәрменсіз. Неден осылай тілінің кырқылып, бетінен басып, бүгежектей беретіні. Эй, құрысынцың бәрі, койныңдағы қатыныңды қайтіп айылтарсың, көлденең кісіге, үндемей құтылғаны да дұрыс шығар. Абыройсыздықтан басқа не әперер дейсін, осы жағдайға жеткен екенсін, шыдап бак. Анасының аузы дуалы ғой: “Әйеліңе ие бола алмасаң, кінәлі өзің, айдаладан әділет іздел, елдің мазағына қалма, әлділеп-әлпештеген анау бұлдіршіндердің болашағын ойла, надан болса да, соның құрсағынан шыққан, келіншегінмен келісімге кел, ауа жайылып кетпейінше, құтқар мына қорлықтан“ деп еді.

Жұмыстан шеттегеніне емес, соны Айғаным естісе, не болады деп нальған Кенес басына түскен ауыртпалықтың салмағын қазір ғана түсініп, не істеп, не қою керектігін білмей дал. Кішкентай кезінде біреуден таяқ жеген достары дерек шешелеріне шағынуға жүгіргендे, бұл көзінің көгергенін, төбелесіп соққыға жығылғанын білдірмейге тырысатын. Аялап арқасынан қағу былай тұрсын, “кім көрінгеннен женіліп, несіне еркек боп жаратылдың, көзіме көрінбе“ деп қолын сілтейтін. Әлдекалай запа шеккендерін сезсе, ұлдары үшін қорланатынын Кенес ертеден зердесіне түйген. Жөнжосықсыз еркелеттей, бар мейірімі аялы көздерінен төгіліп, қуанса да, ренжісе де қабағымен жеткізетін анасы бертін келе өзгерді. Немерелерін айналып-толғана еміренеді, баяғыдай емес, ойындағысын акпа-төкпе актарып салатын әдет тапты. Бала-шағаның басы құральып, мереій тасығанымен, күрсінүі

де жи. Кінә тақлағанымен, сол күрсіністерге себепкер алдымен Шекер екеуі. Октябрьдің жөні басқа, қатар журмегесін, күйігі де алыстау. Соны сезгендей-ақ үйге жуымайды, туған ағасы өзіне де жат. Шіркін, ағасы бұның оқымағанын оқыды, кимегенін киді, бәрінің үміт артқан сүйеніші еді. Білім қандай, сымбат қандай, өттең, аға бол бауырына тартпады, үл бол әке-шешені елемеді, әке бол балаларына бүйрек бүрмады, сонда кім болғаны, қартайғанша артына қайрылмай кеткені-дағы. Осындай жігері мұқалып, жасып жүргенде, бір көрінсе ғой.

Кеңес ұлын қеудесіне басып, құшырлана искеді. Құшағына тығылған сәбиден көмек күткендей, қайта-қайта бетінен сүйді. Мынау дәрменсіз жағдайға еріксіз душар бол, жаралы жүргегіне ем іздегендей, әлдекімді сарғая ансады. Әлдекіммен ішін тескен сырларымен бөліскісі, ақылдастырылып келеді. Есіне түсе бермейтін ағасын неге ойлағанын енді үкты. Қандай жолда жүрсе де, бірге туғаны рас, басқа жанашыр кім бар. Жандары ауырғанмен, бұның өкінішін көтеру үшін әке-шешесі тым көрі. Ренішін сейілтіп, мауқын басуға жарағанымен, балалары әлі жас. Құдай қосты деген келіншегінің түрі белгілі, өздерін жерге қаратып, ауылды дурліктіріп қойғаны.

Мойнына асылып, тәбесі көкке жеткендей қуанған баласы Кеңестің ойын бөле берді. Тәп-тәтті тілімен әр нәрсені сұрап, соған өзі жауап беріп, мәз-мәйрәм. Мұңсыз қалпымен әке жүзіндегі ренішті аулаққа қуғанынан бейхабар, ұдайы осылаі көтере бермейтіні белгілі, ерекше ықыласын пайдаланып, масайрай еркелейді. Еңсесін езген сары уайымнан құтқара көңілтін шарықтатқан баласының қылышын қызықтаған Кеңес серпілейін деді. Ұлының желкесін мейірлене әлсін-әлсін сүйген сайын ракаттанып, жүзі жадырады. Басқаның бәрін ұмыттырған сәбінің иісіне мейірі қанараС емес. Әлтінде іздеген әлдекімі, шарқ үрүп ансағаны баласы екен ғой. Бауырына қысып, елжірей табысып еді, алды-артынан құрылған ой қакпанынан құтылғандай. Белінді қайыстыраш азап шеккенде, осылаіша құтқарып алаш құлдірет керек-ау, әйтпесе адамтар қасіреттің кез келген түріне шыдамай, бірден жан тапсыраш

ма еді, қайтер еді. Ал қысылтаянда аласұрып әлдекімді іздейтінің де сондықтан шығар. Кеуденде толтырған не қуаныш, не қайғын, селдей тасып, сыртқа лықсымаса, құса бол өлерсін. Тағдырының үпір-шүпір ғып берген балдай тәттілерінен айналды, осылардың есіп, ержеткенін көрсе, не арман. Несіне қапаланаңды, бригадирліктен түссе, дүниенің кілті сонда қалып па, үйренген көсібі, қайтадан шопыр болады. Қатыны ел-жүрттың табасына қалдырса, жалғыз мүнікі емес, осы ауылдағы екінің бірінде кездесер таныс жағдай. Арак-шарапқа тойып, есін білмей құлап жатқан әйелдері де жүр ғой замандастарының. Содан соракы больп па, көнеді бүйрекшің жазғанына. Әке-шешесі үшін, балалары үшін көнеді.

Ұлы құшағынан сыйыла, көзімен есік жаққа асықты. Атасы келе жатыр екен.

- Кенсеге жәй шақырып па?

- Бригадирліктен түсірді...

Құрман жауап қатпады. Қалай болса, солай тәселген киіздің шешіне отыра кетті. Жалма-жан немересі де тізесіне қисайды. Әжім басқан беті қушиып, мұн торланғаны байқалып тұр.

- Қызметті қойшы, тәйірі-ай, онда түрған ештеңе жок, бірақ абырайсыздықлен шыққан жаман.

- Жұмыстан босаған адамның абыраймен кеткенін қашан көрдін?

- Бөрін көргенмін, откергенмін... абыраймен де босағанбыз қызметтен, абырайсыз да қуылғанбыз, не көрмеді дейсін картайған әкен. - Сөзінің соңында даусы қалтырап шықкан әкесін айт кетті.

Былайғы шақта қаперіне кірмейтін жәйттер налыған сөттері неліктен алабөтен салмақ салады. Басың ауырып, балтырың сыздамағанда, айнатадағылардың тауқыметін білмейсің бе сезбейсің. Күнде көріп жүрген шал-кемпірдің қаусап картайғанын енді ғана анғарғандай. Киімің көк, тамағың тоқта жүргіттың бөрі де өзіндей көрінетін қызық. Айдаладағы біреу түгілі, жақыныңың қандай хал кешкенімен, титтей шаруаң жок, атла-жайлда омақаса құласаң

ғана ес жијатының қалай. Әке-шешесінің мәнгі жасайтынына сенгендей-ақ алшаңдал келіпті бүгінге шейін.

- Жағдайдың анық-қанығын түсіндіру керек, директормен сөйлессем бе екен? Атағын айтсаншы, әйтпесе қызметі құрғырынды уайымдал отыр дейсің бе?

- Қалай түсіндіресің, түсіндіруге келмейтін мәселе ғой, әке. Аппақ сақалынды біз аямасақ та, өзің аясаңшы.

- Е, е, балам-ай, ақ сақалдан да қасиет тайып барады, аядың не, аямадың не... Қайратың кеміген соң бастық түгілі бала-шагаңда да жексүрінсың. Асылы күш-куатың құрығасын қалтылдан жүргеннің де бағасы шамалы. Қартайғаның – қалірінің тайғаны деген үғым қанымызға бұрын-сонды сіңбекен еді, бұ күнде ақ басымыз қақбасқа айналуға бейім түр-ау. Қайдам, кінә өзімізден де шығар.

- Сонша неге таусыласың, әке. Бетінді ешкім қайтарды ма осы уақытқа шейін, құдайға шукір беделің де кем емес. Сенің жолынды бізге берсін деп тіле одан да.

- Қай әкенің жолы қай балаға жөн болар дейсін, шырағым. Жолын емес, жөнін берсін де. Ризамын саған, қандай ит тәрбиелеген деген атқа қалдырмап едін, қайдан білейін, құдайдың нендей сорға итермелегенін. Жоқ-жітігімізді тутендең, тігісін жатқызған бір өзін... Октябрьдің тентіреген ізін білдіртпейтін де өзін, қырық жамау көніліміздің үнірейген орнын да жапқан бір өзін. Енділі шакта сенің жаман атыңты естімей өтсек деп тілеймін. Ризамын тағдырыма, анау Мұса мен Балта, Нұрхан не көрді өмірден, бір уыс топырак та бүйірмады туған жерден, арманда кеткен бауырларымды айтсаншы, заманың қайдағы қанды шайқасына душар қылған, козім қашан жұмылғанша, жазылмайтын дерг қой. Мұса мен Балта қарашибын, тірегім, куатым еді ғой, шіркін.

Ежелті әдеті, әлденеге ренжісе де, куанса да, сөзінің аяғы соғыста қаза тапқан інілеріне кеп тіреледі. Есін білгеннен бергі уақытта үй-ішінде Нұрхан, Мұса мен Балтаның есімдері атаптамай қалған күн сіро де жоқ. Көдімгі тірі адамдар, үнемі қастарында сияқты. Әкесінің талай арманы інілерімен бірге ошқен сняқты, тіпті қаралұрсін шаруасының қыры келмей қалса да, соларды іздеп отырацы. Қайтиас саларға аттанған

ауылдастарын әңгіме қылғанда да өз үйі, өлең төсегінде көз жұмып, арулап қойылғанға не жетсін деп, міндетті турде Мұса мен Балтаны, Нұрханды, хабарсыз кеткен, өзі білетін бүкіл жігітерді атап шығады. Соғыстан кейінгі әке ғұмырының қызығы, өкінші, шаттығы түп-түтелімен Мұсаның, Балтаның, Нұрханның аттарымен сабактасып жатады. Мынау төрт қабырғаның ішінде Нұрхан, Мұса мен Балта өздерімен қоян-қолтық араласып келе жатқандай. Әкесінің аузынан түспегендіктен бе, Кенес үшін де дәл солай. Асүйдегі биік ағаш столды Мұса сатып өкелді дегенді жастайынан жадында сақтап, ку ағаш құрлы өмірлері болмағанына талай өкінген. Мұны да еске салатын әкесі еді. Қапаланып айтса да, сағынып айтса да Нұрхан, Мұса мен Балтаға қатысты әңгіме өз басын әрдайым әрқиңді әсерде қалдырады.

Үйреншікті дағдысы бойынша інілерін қамыға еске алғаннан кейін шал көпке шейін тіл қатпады. Мұндайда төнірегінде гілердің де сөйлегенін ұнаттайады, қашан қабағы жазылғанын Кенес үнсіз тосты. Бұ жолғы үнсіздік ұзакқа созылды. Үлкендер тарапынан ешқандай ықылас байқалмағасын, Бөкен де қыңқылдауын үдettі.

Немересі назарын аударып селт ете, көзін ашты, астындағы киізді түзенкірей отырды. Бөкенді тізесіне салып, әбден жайғасқан соң, көне макаммен әлдіге басты. Сөздері анық естілмегенімен, құлакқа әуені жағымды. Кішкентай бала түгілі Кенесті де маужырата балқытып, кең құшағына тартқандай, мандайынан сипап, аялағандай. Неткен мұнсыз тірлік, Бөкен атасының омырауына тығылтып, әлди-әуенді еліте тынданайды.

Таңертең шай ішпей кеткен, асүйге кіргенде, күндеғідей дастарқан да жайылматты. Жадаулықты тайға басқан таңбадай айғасқап, бұрыш-бұрышта балалардың киімдері ыдыс-аяқпен араласа шашылыпты. Айғанымның соның біріне мән бермей отырғанына таңғалды Кенес. Қолы қимылдамаса дамыл таптайтын шешесі айран-асыры шықкан үй шаруасына был eter түрі жоқ. Орнынан сүйретіле котеріліп, шәйнекке су құйғы. Газ плитасын тұтатып, шойнекті қойып жатқанда, он жақ білегінің дірілдегенін Кенес бірден анғарды.

- Биені ағыттып жіберіндер, бүгін сауатын халім болмай тұр, - деді тілі күрмеліп. Әр сөзін ұзак ойланған айтып, соның өзіне дәрмені әрен-әрен жеткендей. Шешесінің шәйді сүтсіз құйғанына да таңырқады. Бет әлпетін әлдеқандай үрей билеп әкетіпти. Бұрын-соңды Айғанымның мұншалықты енжар көзқарасын көрмеп еди. Демін бұлықтырып тастайтын құрғақ жетелінен секемденетін. Талай рет айнаға түсіріп, кеудесі таза деп келгенімен, құдай атқыр со бір жетелден айыққан күні шамалы. Не кесел келсе де, жетелден ғана күтетін. Енді сонысына қосымша дерг жабысты ма, ештеңеге аландамаған сынай таңытқанымен, іші алай-тулей Кеңестін. Анасының мынау сұлық жанарының қасында кесе екеш кесеге шейін жетімсіреп жаутаңдағандай.

Кеңестің көз алды түманданып, аяқ астынан мағынасыздыққа айналған бүгінгі жағдайын ойлады. Бірінен-бірі асып түсіп жатқан көңілсіз оқиғалардың тым көбейіп, енсесін көтертпей қойғаны қалай. Анасы айтатында, қайғыны қайғы жаңғыртқаннан сақтасын. Тұла бойын байлап-матап тастағандай, осы бір үш-төрт жұманың арасында жүргегінің тыншыған күні жоқ. Соққы үстіне соққы, бір ісінде береке болмай барады.

Бүгін Айғаным төсектен денесі ауыр тартып оянған. Сиырды өргізетін мезілт тақап қалғандықтан, мәсісін аяғына асығыс сұғып, шелекті қарына іле есіктен аттағанда, төнірегі қарауытып жүре берді. Салмағын игерे алмай сүрініп-қабына шарбаққа әрен жеткенімен, сиырларды саууга қүші жеттеді. Тырсиган желіндері ішін үдай ашытып, мөлт-мөлт жаутаңдаған қызыл сиыр мен құнажынды шарбақтың есігін ашып, босатып жіберді, көрші үйдің келініне де өтініш жасамады. Сиырды өуелден бұзауынан айырып сауатынына өкінгендей, жаңағы тырсиган желіні бір жақ бүйірін тескен қалпы сілейіп қатты да қалды. Сол жақ аяқ-қолы үйып, қозғалтар емес. Бос шелекті тастай салды. Шарбаққа сүйеніп біраз тұрды. Малдарын көшениң орта тұсына шейін айдалап, табынға қосып, кері оралған көріш келін бұқ кісіні аңғарған жоқ. Асыға қимылданап, үйіне кіріп кетті.

Әлдеқандай жұмбак өзгерістің құрбанлығына шалынған

тәні еркіне көнбей апшысын қуырып түр танертеңнен бері. Бала-шағаны шошыптаудын амалымен іштей әбігер. Әйелге үйдін қара шаруасы таусылған ба, зығырданы қайнағанымен, ештенеге әлі келер емес. Денінің саулығынан ғөрі, құдай атып, жатып қалса, үйдегілердің жағдайы не болады деген үрейдің әсері басым.

Күйбің шаруаның шегіне ешқашан жетпейтінін біле тұра неліктен соны уайым қылғанына таңғалды Айғаным. Әлде пендे атаулының бәрі сондай ма, кеудесінен жаны шыққанша аласұрып отетін. Жан дегенінің өзі шарқ үру, дамыл таптай тыптырлап, азап шегу ме сонда. Жарық дүниеге жылап келгенде тән иесі күні ертөнгі қыруар қасіреттеген шошып жылайды-ау шамасы. Қашан есінден адастырғанша, тәнінді жер қойнына тапсырып, көкке үшып жоғалғанша, сананды мың улап, мың емдел үлгерер кайран шыбын жан.

Қызығына тойып бітпейтін тіршілік қанышалықты тәтті болғанымен, қаусаған дененді қашанғы сүйретпексін. Шыбын жаның да шаршап-шалдырып, тәнінді сүйреп жеткізген жері осы шығар. Әткен, тым қатыда қалдыра көрме сонымнан ерген бейбактарды. Сәл аялдай ғөр, арудай аптақ ажал. Шаңырағымның шайқалғанын көрсетпей неге алмадың жанымды. О дүниеге үдай аңы өкініш арқалап қалай барамын. Жетпісті иектеген шағымда бұдан артық әлденені ансау да күнә мә деп корқамын. Ұл-қызымның ынтымағының, ырысының садағасы болсын жаным, тек құтын ұрлама ошағымның. Жуанның жұқарып, жінішкенің үзілтелі түрған мезгілінде үйшіптаған сүттей іріген кезімізге тап келсен, амал нешік.

Ақталма, Айғаным, - дегендей бір дауыс,- айрандай үйшіғанын көріп пе едің бала-шағаның. Құрсағыннан шыққанды былай қойып, есін білгеннен өүлетінің тарыдай шашылған берекесіздігіне күйзелетініңді қайда жасырасын. Ғұмырында жарықтық әкеннің арқасында бұландаған балалық шағыннан аскан ракатты шакты өткерменегін белгілі еді ғой, тек мойындауға коркатынсын. Күні бүгінге шейін әкендей еске түсіргенде, ертегідей балалық шағынды сағынатының басқа түгілі озіне де ерсі көрінетін. Бул жонінде

Еленге ғана тіс жарған. Дәл қазір қасында Елениң болмағанына өкініп тұрганын сезді. Тезірек ауданға хабар жеткізу керек, Еленді шақырту керек. Төркінінде жөнжосықсыз жатқан Шекерді қайтпек? Олай-пұлай боп кетсе, елден үттің-ау. Өлім үстінде қарым-қатынастарын саудаға салып, бітімге келмей жатса, қарғыстың атқаныдағы. Бұрын-сонды көрген құқайы да жетер, көз жұмар алдында от басының тыныштығын сақтай гөр, тәнірі. Жоқтау айтып, жұрттың сай-сүйегін сырқыратсын демейді. Қалқайып балаларының жаңында жүрсе екен келіні, соған да риза. Соры қалың болмағай шалының, кіл өңкей бақа, шаянның ортасында ебедейсіз түйеге ұқсан жүрмесе, не қылсын. Бойы симаған жерге емін-еркін кіруі де қыынға соғар, қайран Құрманның. Қартайғанда күнінді біреуге қаратып, сүйкімсіз қыла көрмесін сені.

Ойы шашырап, құлқы соклады ештенеге. Қозінің алдын қара нүктелер қантап, шыбындан ұшты. Лезде ғайып болғанымен, артынша тағы да мазасын ұрлап, басын мен-зен қылды. Бара-бара қара нүктелер бір ғана нокатқа айналып, жанарын соңынан жүгіртті де отырды.

Мынау мениң қозіме көрінген не екен, - деді тағы да әлгі дауыс,- арбап қойғандай басымды бүлғактатқан түрі жаман, тілті еркімді ұрлап бара ма, қалай? - Жанағы дауыс жан дүниесімен астасып кеткендей. - Әлде о баста елеусіздеу осындан нокаттан жаратылған тәнің әбден қаусаған шағында қайтадан сол алғашқы пошымын іздегені ме. Әлде тіршілік дегенің қозінді өмірбақи алак-жұлак еткізіп, жаңына тыным бермейтін жаппай қара нүктелер ме. Бұған шейін қалай байқамағанмын, жарық дүние атпак әлемді айқыш-үйқыш қайшылаған қап-қара нокаттар екен ғой. Жанарынды ашсан да жұмсан да көретінің сол. Ендеше ажал дегенің саналы ғұмырыннан кейін мәнгілікке жалғасатын санасыз өмірін-дағы. Қара нокат кейіннен калықтаған құсқа айналып ұша ма, әйтегеір шыбын жаңың мәнгілік. Кімнен, қашан естігенін білмейді, адамның жаңы тәннен ажыраған сон ұдайы түс көріп, ракат ҳалде күн кешеді дейді. Азап атаулы топырактың астында комілің, жаңың тағажжайып түс бол жалғасса, жаман

ба, жақсы ма? Адамдар жұмакты о дүниеден дәметкенде, елестететіндері өлпі таңғажайып тұс кой, сірә. Әділетті де, көзіміздің тірісіндегі азды-көпті қателігімізге төрелікті де о дүниеден іздейтініміз неліктен. Құдайдың атын жамыльып, жауыздықты мысықтай балалатқан жексүрындар аз ба айналасында. Олар да рахымды олімнен күтептін шығар, батар күннің еншісіне симайтын ештеңе қалмай түр-ау мына көңістікте. Қолдарымен атқарған зұлымдыққа шейін аллаға жауып, тәнір ісіне балаған адамдар қайтпас сапарға титтей жүк апарғылары келмейтіні түсініксіздеу. Ажал алдында иманға жүтініп, алашағынан гөрі берешегін, қарызын ойлат шарқ үрганыңдай, өмірбаки шындыққа ғана мойынсұнса, шіркін, тоңғеріндегілер.

Өзі екіудай ғұмыр кешкендей, бірі кәдімгі күнделікті парызы, екіншісі өң мен түстің арасындағыдан тәтті елес. Бүтінге жеткені де сол тәтті елестің арқасы сияқты. Дәрмен таусыларда қимайтының да асылы өлпі тәтті елес-ау. Қолымен атқарған қыруар ісін емес, орындалмаған, тіпті әлі жүз жасаса да түбіне жеткізбейтін қай-жайдағы бірденені ойлағаны несі. Іштей өлімнің тәтті елес екеніне сенеді, ендеше өкінбейді демім таусылар деп. Онсыз да тірлігінің жарым-жартысы бос арманмен откен.

Беу, тіршілік, барлық не дегізбес, жоқтық не жегізбес, откерді ғой бастарынан. Аштық не жегізбес қана емес, не істеппес. Соғыс жылдары қырманнан қайтқан қатын-қалаштың қойын-қолтығына дейін тексеріп, бір уыс дән табылса, жуырманда бітпейтін ланға қалатын бәрі. Көздері мәлдіреп, жүдеген бала-шағаның орны бір бөлек, өзгеше сыр анғартқан Тендіктің жүзін көру де азап еді Жанғаным екеуіне. Нұрханнан хабар-ошар болмады. Құрманнан, Тоқсейіттен хат үзілген жоқ. Бауырдың орны Жанғанымға да, өзіне де аса ыстық, тілектері соның үстінде еді. Дастаның емшектегі кезі, өз балаларынан гөрі Тендік екеуінің жағдайын жиірек қадағалайды. Ауыздарынан жырып, бар ойлайтындары соның қамы. Енді пайымдаса, Тендікке деген ықыластары дос, дүшпаннның аяғында тапталғандай екен. Сол ықылас болмағанда, кім біледі... Бірак тағдырдан кім озған. Тіс

батырып, тілге татыр ас-тұз азайып, жудеп-жадаған бір шақта Айғанымға оқыс ой келген. Өз ойынан қорыққаны соншалық, Жанғанымға да білдірмеді. Қырман мен ауылдың арасы өжептәүір қашық. Жолдың оң жақ беткейінен әрменірек ауыл бейіті бар, былайша жақын көрінгенімен, жаяу жүргенде біраз жер. Қырман күзетшісі денсаулығы нашар, кейінірек көкірек ауруынан қайтты марқұм, өздерімен катаrlас, Жанай деген момын, жөні, жібі тұзу жан болатын. Қызы-келіншектерге қырсығы жоқ, алда-жалда дән тылқыштағандарын көрсе, “байқандар, аздал-аздал...“ дегеннен әріге аспайды.

Күздің қара сұық сүркай күндері еді-ау. Итемген өзінің соңына түсіп, тісін қайрағанда, Тендік жөнінде қаперіне түк кірмепті. Сыпсың соз жеткенде, Нұрханнан қара қағаз келгендей есенгіреген. Үміті үзіліп, бұрын-соңды күдіктенбетенмен, алғаш естігенде, бірден сенді. Сынай қараган дүшшан көзқарастардан бойын арашалап алуға мұршасы жетпелі. Дауыс қыла жаздал, әрең тоқтаған. Тісімен ернін тістелей-тістелей қанжоса қылғанын артынан, үйтеге келтесін көрген.

- Сәл шыдашы, сәл шыдашы, - деп жалынған, - Нұрхан тірі оралар, сәл шыдашы, жаным. Кетпеші... басындырып дос пен қасты... Көзіміздің қарашығы едің ғой, суқаранғылыққа қалай қиясың бізді. Бәрі қалпына келеді әлі, сен тек шыдай түршы... тек Итемген емес, түсінші, жаным. Түсінші... - Адам баласына дәл сондағыдай ешқашан құрак үшып жалынған жоқ. Тендіктің табанын жалауга дайын еді. Күйіктен өзінің қап-қара тұтігіп кеткенін кейін жүрттан естіді. Басын Тендіктің тізесіне салып, жас баладай солқылдаған.

Сезімтал еді ғой, марқұм, бұны құшақтай альп, қосыла жылаған Тендік. Сөйтсе, Нұрханды жоктағандары еken екеуінің де.

- Қалай шыдайын, Ай-ау, сендерге масыл бол қашанғы отырамын, көріп жүрген жоқпын ба жағдайды. Екі дүниеде ризамын сендерге де, Нұрханға да. Басымда еркім жоқ сорлымын мен...

Тұнімен үйіктамай шыққан Айғанымға келінінің “масыл бол” дегені шымбайына батқан, шамасы жұмыс іstemегеніне

қысыла ма. Арқа сүйер азаматы жок, тілге татыр асы жок үйді басынды-ау, атана нәлет, Итемген. Отымен кіріп, кулімен шылқан кешегі босағада тағы қандай өшің қалды. Ағынан жарылындаршы, ағайын, әділет қайда, бұнын экесін шонжар деп, бақ-дәuletін сұптырып алғанда, Итемген сияқтылардың жыртығын жамауды мүдде қылдындар ма? Тумысында жарымаған неме бүтінделуші ме еді, тәйірі. Итемген сияқтыларды төбене көтерген сайын басына әнгіртаяқ орнатып, құтыра түседі. Әділет қайда, өзім дегендерді соғысқа да жібермей отырғанын көздерің неге көрмейді, кулық-сүмдүктарын да зандастырып істейді булар. Аруағын жебегір, айналайын, Дәм-ағам, не боп кетті дүние. Жана үкімет те бір, құдай да бір деп үйреткенде, Итемгенте құлдық үрсын, не істесе де құрап үшсын деген мазағын ба әлде? Сен оны асырап сақтағанда, бізді қорлап өтетінін неліктен сезбедің. Қызына қырындал, келініңе көз қысады, қай-қайсысына да жеке меншігіңдей қарайды. Неге біздің көңіл жаралы, оның көңілі көтерінкі, неге біздің қарнымыз аш, оның қарны ток, неге? Бүйірін тесіп әкеткен сауалға шыдамай Айғаным тұн оргасында қырманға келді, койнына тыққан кабы бар.

- Біреу сезсе, екеуміздің де басымыз кетеді, - деді күмілжіп Жанай.

- Ешкімге сездірмеймін, анау зираттың ішіне апарып тығамын әзірше. Рұқсат етпесең де аламын, айғайлайсың ба, айдатасың ба өзің біл.

Көздері жыптылықтаған еркекті шыбын құрлы елеместен, қабын бидайға толтырды. - Кел, арқама салып жібер, тез.

Дедектей жөнелген Жанайдың қандай мүшкіл халде қалғанынан бейхабар, белі бүктетіліп әрен шықты қоймадан. Ауылға тартпай қырдағы зиратқа беттеді. Тұнді айтпағанда, тусынан күндіз әрен өтетін құдайға мың жалбарынып, бұл жолы титтей өгейсіген жок. Адымдаған сайын аяулысына асыққандай, қабырғасының қайысқанына қарамастан, қапты жіберер емес. Саусақтары қарысып, темірге айналғандай. Жетті-ау. Тілін бісмілләға икемдеп, үнсіз біраз отырды. Бейіттің ара-арасымен қапты сүйреп, орта тусына әкелді. Қарағаймен қоршалған орамның ішіне әрен кіргізді. Бойына

жақын биіктікке бір қап бидайды көтеруге күші қалай жеткенін бұлмейді. Гұрс еткен дыбыстар есін жиған. Сонда ғана өзінің қайда келгенін сезіп, бойын билеген үрейден денесі дірілдеді. Аруағын шақыратында, бір де бір туысы мұнда жерленбепті. “Кешіріндер, кешіріндер, - дей берді қайталай, - қылмыс емес жасағаным, үйде шиеттей бала, еркегіміз түгелдей майданда. Нұрхан, сен кешірші...“ Бейне бір інісінің сүйегі осында жатқандай, бейне бір ол баяғыда өлгендей көрінді Айғанымға.

Бір қап бидаймен Тендікті ешқайда жібермейтіндей болған. Қазір ойласа, далбаса екен сондағысы. Қап түгілі, дорба үшін сотталып жатқан қыын-қыстау сәтте жасағаны, әрине, жүрек жүтқандық. Ішінен қылмыс деп есептемеген. Соғыста жүргендердің есебіне тіркеп, солардың бала-шағасының нәсібіне санады.

Орак аяқталмай-ақ Тендік бұлардан кетіп тынды. Дастанды емшектен шығарып үлгерген, Айғаным мен Жанғанымнан қаймықты ма, әлде қолбайлау деді ме, ұлына қолқа салмады. Зираттың ішіне тыққан бидайды Тендік барда әкеліп те үлтермеді, өйткені етін науқаны аяқталмайынша, үйге жеткізу қауіпті. Тендік бұлардың Нұрханға қатысты үмітінің тасталқанын шығарып, үйлері үнірейді де қалды. Өздерімен жылап-сықтай жүріп, акылдарына құлақ асқандай сыңай таңыта жүріп, бір күнде тайып тұрды.

Нұрханың жаназасын шығарғандай еді со күні. Өз еркімен барғасын, не істесін бұлар, іш қазандай кайнағанымен, әлдене деуге дәрмен жок. Итемгенді бұрын менсінбей кеткенін білетін ел-жүрттың алдында қатты соққыға ұшырап, бір емес, күнде өлді. Бұл езі әйел байғустың шыдауы ауыр, сана-сезімі уланған, арына, төзіміне аса қатерлі сәт болатын. Айға балаған ата-баба қасиеті шуйкедей келіншектің қырын кеткен қабағымен өлшенер деп кім болжапты. Сүйекке салынған масқара таңбаның жанында байлық, шен дегенін тук емес екен. Талай сүргінді бастьарынан еткізіп, дәүлетінен айырылғанда да, әкешеше қатар өліп, бауырларын қанмайданға аттандырғанда, мұншалықты пұшайман күйге түспесе керек. Асылы намысқой адамға қашан да қыын. Шамаң жетсін, жетпесін,

өмірбақи өрге тырмысып, кеуденді дауылға тосып өлесін. Тағдыр-тәлейін, шіркін, дауылға тосқан кеуденен алтың тынса, бір сәрі, мылжа-мылжанды шығарып, көденен көзге азып-тозғаныңды әбден қызықтатып, қорлайтынын қайтерсін. Тендік Итемгенге тигенде, шала-жансар денесін ит пен құзғын қарғалар талаған акқудай еді Айғаным. Қорғансыз құстай тыптыраған. Не өлмей, не серпімей, есалан жағдайда жынданып кете жаздаған. Бүкіл әuletінің намысы тапталғандай, ішнен кіжінгенімен, ештеңе бітіре алмады. Амалын тауып, Итемгенді өлтірсем бе деген, батылы жеткенімен, артындағыларды аяды.

Ақылға жендерді ғой қасіретін. Шемендей іште қатқанымен кек пен егеске жалғаспады. Есін адастыруға жақыннатқан оқиға жылдар жылжыған сайын кеудесін кеміргенін қойып, өкінішке, мұнға ұласты. Бір кезде дүшпан ісі деп қабылдағанын келе-келе құдай ісіне аударды. Құдайдың қалауына көнбеске шара қайда. Эке намысы, шеше намысы, бауыр намысы деп тыртысқанда, қурсағынан шыққан бала соны қайтіп үқпады. Үқтыра алмағаны өз кінәсі-дағы. Тендіктің заманы басқа еді, қанша күстәна қылғанымен, басы жас, дені сау, бұлардың арғы-бергі тегінде шаруасы болған жок, қайдан білсін іштерінде не сыр жасырынғанын. Аты дүрілдеп тұрған еркекке қызыққан шығар, менсінбесе, өзі менсінбеген, былайғыларға Итемгеннің беделі жүргені шындық қой. Ажарымен алыстан мен мұндалап, ауылдағы мугедек, қықы-шойқы еркектерге кундері түскен Тендік сияқты келіншектер тым көп-ті. Ал, Итемген жалғыз, бұған қоса дәүірі жүріп тұрған дырдай бастық. Айғанымға деген көnlінің қарымын еселеп қайтарды ғой. Өзіне деген әлде ынтықтық, әлде өзгеріс, әлде өшпендейлік пе, әйтеуір Итемгеннің ұзак жылдар бойы түсіндіруге құдіреті жетпей, әбден басылған мысы басқаша бағытта көтеріліп, күшіне еніп шыға келтен. Қолына Тендікті қондырумен талай уақыт дымын құртқан дәрменсіздіктен құтылып, жауын жеңіп қайтқан жауынгердей қуанған сыңай танытып еді. Миын шатастырып, қабыспаған ішкі есебінің жауабы қалжыратып барып дұрыс шешілгендей, қындықпен жеткен жеңісіне нанар-нанбасын

білмей масайраса керек. Со бір қыл-көлір сүннан да Айғаным
кеудесін жоғары көтеріп өтіп еді-ау. Екі кештің арасында
бәрін бір-ақ жоғалған, Нұрханды, Тендікті, қара шанырағын.
Құрманнан да айрылған шығармын деп ойлаған, ақ босағасын
оп-онай тастап кете барған Тендіктің мына әрекетін еркінен
тыс жаман ырымға жорып, бұл үйден аттанған адам енді
оралмас деп түйді. Бойынды үрей билегенде түйедей нәрсе
түгілі түймедей нәрседен де секемденіп, қанша ескермейін
десен де, болымсыз жәйтгің өзінен өртөнді маңызды бір ісін
тәуелділей-ак, мазасызданатының жиі кездеседі. Жүргегін
лұпілдей тосқан тілегінді көлденен көзден қызғаныштан қори
тұра кез келген кездейсок жәйтке құрбандыққа шалатының
жұмбақ. Тендікпен бірге талай арман өшті ғой, шіркін.
Кішкентай Дастанды тастап кеткенімен, қара шанырақтары
иесіз қалғандай-ды.

Шынында да Дәм-ағаның берекелі дастарқаны Тендікпен
коса келмеске кетті. Өздерін қойшы, бір-бір еркектің етегінен
ұстағанға мәз, төркін шаңырағына қарайланағымен,
қолдарынан не келсін. Әлпештеп Дастанды өсіргендерімен,
он, солын да дұрыс таныта алмапты. Өмірбаки Тендіктің
Итемгеннен тапқан балаларымен араластырмаймын деп
жанталасқанда, бейкунә Дастанның күйгелек боп ержеткеніне
де мән бермепті пакырлар. Неткен ақымақтық, өздеріне, не
өзлеге пайдасы жок көрсөкүрлікшарымен екі оттың арасында
ұшқан көбелекке үқсатып, Дастанның есін шығарғандары.
Тұған анасынан жатбауыр ғып, жақындаса өзірейілдей
аластатқанда, сорлы баланы қатігездікке, мейірімсіздікке
баулыпты. Ашып айтпағанымен, өздеріне өкпелі сияқты
Дастан. Сендер мәпелеп өсірдіңдер деген былай тұрсын, есейе
келе бауырмалдықтың титтей нышанын қимады. Бұларға да,
Тендікке де он қабақ таныппады. Жас кезінде анасына қандай
салқын қараса, қазір өздеріне де солай. Екі жақтарына да еш
катасты жок, өзімен өзі. Іргесін аулакқа салып, есін жиғасын,
осы маңнан жұмыс табылмағандай, қайдағы алыс ауданға
көшті. Әл үстінде жатқанда, арнайы шакыртқан Тендіктің
хабарына құлак аспай, тіпті жерлеуге де қатастыпады. Айғаным
со жолы не ойларын бўлмей дағдарған. Тендікке қаталдықлен

карауды үйреткен өздері екенін мойындағанымен, қартайғанда сол қаталдықтың мұлдем қисынсыздығын үққан. Бірақ қартайған Дастан емес, өзі екеніне мән бермегі. Жастардан рахым, ізет күткеннің де жөні бар-ау, сондай жасымызда қандай едік. Ит-ырғылжынға түсіріп, Тендіктің кейінгі балаларымен араластырмаймын дегенде үтқаны қайсы. Тасбауырлықтан аскан не соққы бар қартайғанда. Нұрханың көзіндегі қадірлеп, шаң жуытпай обектегенде, қарасын көрсеттейтінін, көлеңкесіне зар бол қалатынын қайдан білсін.

Марқұм Тендік қайтарынан үш жыл бұрын Бұғылыдан әдейі келіп, көйлек, жаулығы бар, кешулік сұраған. Екеуі көрісіп, мұндарын шаға көп жылады. Бір түн қонып, таң атқанша мауықтары басылмай сырласқан. Сыр емес-ау, ұзак уақыт жүрек түкпірінде сақтал, берішке айналған бір-біріне өкпе, назы, арызы – бәрі ақтарылды. Араларындағы іріл-ұсақты реніш, білместік адыра қалып, бастарына бақытсыздықты үйіп-төккен ауыр жылдарды еске түсіргендегі екеуін шаттыққа бөлеген. Өшкені жанып, жоғалғаны табылғандай, Тендіктің әдейі іздел бір конғаны мерейін өсірді. Жылап отырып қуана, қуана отырып жылай бүкіл өмірлерін електен өткізе байсалдылықпен шолып шықты. Торкіні көшіп келтіндей, баяғыда жат бол кеткен Тендіктің аяқ астынан көмескі тартқан нелер оқиғаларды жаңғыртып, сыр тартқанынан екеуі де бір жасап қалып еді. Өзі де кешулік сұраған Тендіктен. Бұл дүниедегі өз араларындағы арыз, өкпе о дүниеге қонақ болмай-ақ қойсын дескен. Әлі күнге бітеу жарадай мазасыздандырап жәйттерге басқаша қарал, қыртыс-қыртыс қатпарланған әңгіменің тиегі ағытылды. Тұптің түбінде ажалдан құтылмайтының анық, санаңың ояу, деніңнің сауында бір кездे артық-кем айғайласып, араздасқан, соттасқан адамдарынмен кешірім бөліскенің ғанибеттігін со жолы ескерген. Және мұның орайын тапқан Тендікке ерекше риза болды. Үлкен ретінде өзі назар аудармапты бұрын-сонды. Әлдекімге деген окпені, өшпеніділігінді сары майдай сақтал, қыттымырланып өлгенде, кімге женіл. Шерінді тарқатып, ішінді босатқан да жон екен картайғанда.

Арғы-бергіні түгелдей қопара қозғағанда, Дастан туралы екеуі де ләм деспеді. Екеуінің де ет, жүргегінен жаралғандай болғасын ба, Дастанға қатысты сөз, ауыр тиетіндіктен өздерін өзі аяса керек. Андаусыз ғана арманын білдіріп, “сізге еріп, барып қайтсам“ деп қалды. Айғанымның да қокейінде көтпен жүрген ой еді, мерзіміне келіспегендерімен, бірге баратындарын анықтасқан. Іске асырып үлгермеді ниеттерін, Тенідік те, өзі де білек сыбанып шыға қоймады. Қанша тілек, қанша арманды өлтіресің көзің тірісінде, қанша мақсатың жер құшады. Есебіне жетпейтін сол әттеген-айлар арқылы басқа бір өмір шекенін қарап, миығынан қуле ете шығады. Сен өткеруге тиіс саналы ғұмыр адасып қалғандай жүдеп жадайтының бар. Отыз жылдан астам жұз көріспеген Тенідікпен өткенін елжірей еске алғанда, мандайларына жазылған тағдырдан еріксіз көз жазып, әлдекімдердің сұық қолының құрбандығына үшырағандай сезінген. Қыршынынан қылған боздақтардың өздерінің жоғалтқан бақыты, қын тағдыры екенін әрен ажыратты. Дұрысында солардың жалғастаған, қалыптаспаған, қауызын жарып үлгермеген жас өмірлері тірілерге мәңгілік қасірет жүктеп кеткені екен. Соғыстан, айдаудан оралмаған әр адам құрығанда он, тіпті жүзделеген адамның келешегіне қаншалықты өзгеріс енгізетіні, қанша үміттің орны үнірейіп тұратыны бір алланың өзіне ғана мәлім шығар.

Кенеттен селк етіп, жүргі сыйздады. Тұла бойы тұнғышы есіне түсіп, дағдарып қалды. Октябрьдің жөні ше? Тасбауырлыққа да, жасықтыққа да жатқызбады оның құпия тірлігін. Өкініштерін түрлі-түрлі себепке малдандырып, актағанда, Октябрің қатысты ойлары түк қабыспай, мұлдем жаңылысты. Өлсем, топырак салмасын деп айтуда оңай, бір-бірінің алдындағы парызын быттай қойғанда, басқа жұрттың сынынан, мінінен қалайша құтылмақ. Ат ізін көрсетпегенімен, Дастан абыройлы, жаман атын естірткен жоқ. Сырттай болса да мерейін өсіріп отырады. Онымен салыстырғанда, Октябрьдің жолы қандай ауыр. Мазакка, дүшпанның табасына қалдырған қылышы көп еді, қайтейін, іштеп шықкан шұбар жылан. Дағаса да, қарғаса да өзіне қамшы бол оратылады.

Мектепті қатарлас оқығандардың арасында білім іздел, шырқап кеткен жалғыз содан басқасы бір-бір темірдің құлағынан ұстап, осы маңда қалған. Қорлық көрген ешқайсысы жоқ. Шетінен шаруаларына мығым, іргелі үй, үрім-бұтағын қызықтаған жігіттер. Қоярда-қоймай соның оқығанын тілеген әкесі. Алыстағы Октябрьге жіберілетін қаржы да, үйдегі жанға жұмсалатын қаржы да тең түсетін кезінде. Жылына екі рет ауылға келгенде, үстіндегі киіміне жаяу тұрып, аттысы түсіп қарайтын. Маңайдағы ел-жүрттың өндері түгілі түстеріне кірмейтінді киіп шылқанда, біз сорлы соған мәз болып жүре берілпіз-ау. Қолымызды ай мен күнге жеткізетіндей көрдік пе екен әлде.

Түскі шәйді Айғаным асықпай, баплен әзірледі. Сыйлы қонақ күткендей, бала-шағасына үздіге еміреніп отырды ішінен. Шалы мен ұлының қабактарындағы кіrbінді жуып-шаш сейлеп, дастарқан басын шуақ жайлады. Немерелері де масайрап, соңғы күндері ересектер тарапынан ұзағырақ созылған көңілсіздіктің өздеріне тигізген әсерінен сейіліп шыға келді.

- Төрт көздерің түгел отырғанда, айтсам ба деп жүрген бір өтінішімді жүрек түкпірінде сақтағалы қашан. - Айғаным елеусіздеу ғана әлденендей әңгімеге бастағанымен, дересу сабактап әкетуге асықпады. Біразға шейін қалың ойға шомған қалпы өзіне оқыстан аңтарыла қараган Кенес пен Құрманға тілті де назарын тікпей қойды.

- Илеуінде тірліктің

жүріп, міне, қартайдық... Шукір, үрім-бұтак, ағайын бар, бірақ солардың бастарының қосылғанын көру ендігі тұста қиындаій беретін сияқты. Алыстағыны қойып, қолтығымыздың астындағылар да жалт беріп, шығандап барады, мен әлі екеуіннен де көз жазып қалмайын, - деп сөзінің соңын әзілге ойыстырып, күлген сыңай танытты.

Кеңес ынғайсызданып, қипактай берді, келіншегіне қағысты өлдене естүге дәл қазір титтей құлқы жоқ. Көзінің қызығымен әкесінің жузін бағдарлады, қабағы салынды.

- Менде бір арман бар. - Ұзақ күрсінген Айғаным тағы да тоқтап қалды. - Менде бір арман бар, - деді өлден уақытта қайталап,- өмірдің қызығын да, шығығын да өткердік қой бастаң, орындалған, орындалмағаны бар, тілектің қайсыбірін сараптарсың жан алқымға тірелерде. Дүниеге құдайы конак бол, сыпайы аттану да адамға жүктелген көп міндеттің бірі шығар, жаман айтпай, жақсы жоқ, төрт көзіміз түгел отырғанда деп айтайдыныш, түптің түбінде олай-пұлай бол кетсем, Дәм-ағаның қасына апарып қойындар. Бұл өзі алып-ұшпа тілек емес, талай електен өткен тілек, міне, осыны ескеріндер. Сүйектері корланған әке-шешемнің тып-типыл өшкен атының қайырымы қайтын тым болмаса, берекесі қашып, быт-шыты шыққан кейінгілерге шапағаты тиер мүмкін, адам аспаннан салбырап түспейді ғой, небір әулиелік те қаңың арқылы, тегің арқылы дарыса керек, тегімізді өзіміз таптап кеткендейміз қазір, жау екеш жауына да істегі ме екен баяғыда мұндайды, бала-шағаның азып-тозып жүруі де сондықтан ба деймін... - Құнірене сөйлеген Айғанымның бойында күйгелектікің ізі де жоқ.

Құрман қапелімде не дерін білмей, мен-зен қүйге енген, бұрын-сонды басына келмеген ой кенеттен есенгіреткендей өні қуқыл тартты.

V

Бұғылы шоқыларының қуыс-қуысы ұлпа бұлтқа тольп, анықтай қарағанға желдің ығымен баяу жылжи көшкендей. Ауыл ішінде үп еткен самалдың лебі сезілмегенімен, анау ұлпа бұлттардың қозғалысынан ғана анғарасың әуеде қалқыған өлденендей мазасыздықты. Ұзынынан созылып, өркештene жалғасқан тау сілемдері кокжиектен астасқан. Төніретін мұнартып, жібектей ұлбіреген бұлттар көнілге шуақ

үялатқандай. Қойны-конышы жасыл қарағайға тұнып, етегі қалың орманға үштасқан тау әрі сұсты, әрі асқақ.

Тыншылтықты анда-санда гүрсілдеген дыбыстар бұзып түр, арғы беткейден естілетін сиякты. Қиқы-жиқы орналасқан үйлердің маңында қарайған ешкім байқалмайды. Жазда шаруасын тындыруға асықкан ересектер жағы үйде отырсын ба, шалғыларын, балта, араларын арқалап, шөпгін, отынның қамында жүрген шығар. Төңірегін барлаған Қалқан осындей ойға келді. Балалар, сірә, жидек, бұлдірген теруде, әйтпесе ала жаздай сонау кияндағы көлден шықтайды. Мынау үйлерді қаз-қатар тізсе ғой, бір көшеге жетер ме еді, жетпес пе еді? Кішкентай кезінде бұлар қазіргідей жұтан қөрінбейтін, мұмкін үй-үйдің арасы ағашқа толы болғандықтан ба екен. Со жылдары Бұғылы ну тоғайдың оргасында, әрбір үйдің алдыарты қайың, терек, қарағай. Сейткен қалың жыныс қазір ку томарларға айналған. Кесілген томарларға қарал, осы ауылды жудетіп түрған да сол томарлар екенін үқты Қалқан. Үйлердің неліктен алқам-салқам, ешқандай зандылыққа бағынбай салынғандай қорінгенін енді түсінді. Әуелде шоқ-шоқ ағаштарды панарай қалаңған үйлердің орналасу тәртібі дұп-дұрыс, пейіштің бағындаі-ак.

Қырық жыл өмір сүргендеге, кіндік қаның тамған топырағының қу томарға айналғанын қалайша аңғармағансың, қалайша? Тіпті бұған шейін жүрепін сыйздатып көріп пе, ауылдық советтің председателі бол, озіне жүктелген талап-тілектерді үкқаннан бері әр түрлі жәйтке миын қатыруға мәжбүр. Бұған жетелеген де ауданың атқару комитетіндегілер. Пәлен жыл мектепте үстаздық қызмет атқарғанда, талай түлекті қияға үшірып, сәт-сапар тілегенде, өз тамырларын өздері қиған мына сойқаның қасынан күндер, айлар бойы титтей қиналмастан өте шығыпты. Сырттан шапқан жау жок, бұғылылықтардың өз қолымен жасалған қылмыс. Іргедегі, баяғыда такыр жер еді, жарты ғасырдың ішінде бау-бақшалы қөрікті мекенге айналып, сүмдыш-ай, табиғаттың пешенесіне жазған ну орманың құртып тынған бұғылылықтар енді сол селоға коныс аударуда. Жана совхоз құрылып, түрғын үйлер түгілі мекеме орындарына да үй жетпегесін, селолық советтің

Бұғылда қалуын өтінгенімен құлақ асқан ешкім жок, қазір барып келіп істеп жүр. Жаз айларында ешпене емес-ау, қакаған қыста қындау тимесе. Тау беткейіне қайтадан бұрылғанда, “бәрібір Бұғылға теңесер жер жок“ деп тамсанды. Ивановкаға көшіп баруы, мынау шоқыларды қып кетуі екі талай. Жан-жағы жалаңаш болғасын ба, Ивановка бұ жерден гөрі әлдекайда жұтандада. Ұдайы аңызак жел соғады да тұрады, қыста тау-тау қар, көктемде сай-сайға ағып, лай су, ми батпақтан аяқ алтып жүргісіз. Бертінге шейін көршілес совхоздың кішігірім фермасы, шағын ғана шаруашылық болатын. Колтықтас жайғасқанымен, тұра жолдың бойында жатпағасын, бұрын-сонды етene араласпайтын. Орыс, мордва, неміс, чуваштар мекендейтін, күні кешеге шейін бастауыш мектебі ғана бар село еді. Аз уақытта іргесі кенейіп, дүрілдей көтерілді. Жас мамандар қебейіп, құрылыштың нағыз қызған шағы қазір. Қос қабатты совхоз кенесімен қатар жаңа жобалы мектеп, дүкен салынуда. Әзірге бұлар ескі клубтың кішкентай бөлмесінде. Ал Бұғылда қаныраған бос үйлер қашама, иелері шетінен бұзып, көшіріп әкетіп жатыр.

Қаусаған үйлердің түріне көз жіберген Қалқан мұнға батып біраз тұрды. Тұтастай томарға айналып бара жатқан ауылы емес, қара басы тәрізді, мен-зен ойдан еңсесі езіліп, орнынан қозғалуға зауқы соклады. Іргесі сөгіле бастаған Бұғыл бұрын да көнілін талай аландағанымен, аяқ астынан жабысқан дерттей боп, мұншалықты салмақ салған емес. “Шұғыл шара қолдану керек” деп ішінен әлденеше рет қайталағанын өзі байқаған жок. Шұғыл шара... бірақ қандай... мұның қолынан не келмек... ертерек қымылдағанда... Әттен, енді кеш, о баста жөн-жосықсыз көшулеріне жол бермеу керек пе еді?

Қалқан енді жерлестерінің қуйкі тірлігіне ренжілі. Көздерін ашқаннан туған топырактың берекесін қызықтағандардың аз уақытта алды-артына қарамай, оп-онай көшіп жатқандарының себебін түсінбеді. Күні кеше сыңсыған ну ағаштың ортасында тірлік кешіп, өз ормандарын өздері ойрандағандардың ертеңінен не күтуге болады? Бәріне де кінәлі, міне, осы – ауылдастарының озбырлығы, өздеріне, үрпағына жасаған озбырлығы, әлгі әзірде “шұғыл шара қолдану керек” деп

қопандағанына ызалана мырс еткен Қалқан өзінің шарасыз екенін үқты.

Кішкентай кездерінде, соғыстың қын-қыстау шағында алда-жалда ағаштың бұтағын сыйндырғанын үлкендер байқап қалса, бұларды үрып-соғуға шейін баратындары есіне түсті. Соңда “орманың – қорғаның, есік алдындағы бау-бақшаның титтей қылтанағына тиуғе хакың жоқ“ деп әсіресе шалдар зар илейтін. Малдың қын өрнектей кептіріп, тезек жағатын күндер алыстаған сайын Бұнылы да қу томарға айналып бітіп. “Төнірегін жалап-жұлаған аш қасқырдай жем іздеп, жөнкіле берсек, артымызда не қалмақ, алдымызда не күтпек деп ойлады Қалқан. - Табиғаттың өзегінен өнген тоғайдың тасталқанын шығарып, көршілерінің қолдарынан еккен бау-бақшалы мекеніне жаштай қоныстанып жатқанда, нендей мақсат, нендей піфыл бар екен бұл бұғылықтарда?“.

Тыныштықты комбайн дарылы бұзды. Биік қызыл қорабы анадайдан кез тартып, бәкене үйлердің ара-арасымен жылжып барады. Рульде отырған Қөпжасар екенін Қалқан бірден таңыды. Мана үйден үш күннен бері моторы от алмай қойған мотоциклін әрлі-берлі шұқылап, “Қөпжасарға қаратпасам болмас“ деген оймен шыққанын енді есіне түсірді.

Қөпжасардың үйіне жақындағанда, қораның ішінен дабырласқан әлдекімдерді байқап, адымын баулатты.

- Ассалаумағалейкүм, құрдас, біздің үйдің есігі қайда екенін білесің бе, мына жақта гой.

- Сені жиі өзгерtedі деп естімін есігін, көнілі қаласа, батыстан, қаламаса шығыстан шығарып ала береді деседі.

- Шеге қағуға ебедейсіз нокайлар не айтпайды сырттымыздан.

- Он саусақтан тамған өнерінчен қарайласпайсын ба?

- Ой, құрдас-ай, соны айтсаншы, мына менің барлық мәселеден қарайласатындаі қауқарымды айтсаншы... - дей берген Қөпжасардың созін қоралан бұларға қарай беттеген әйел бөліп жіберді:

- Қайсынның күшің тасып бара жатыр, қауқар-қауқар деп қауқылласқанша, анау бауыздалған қойдың етін бұзып—мүшелеп бермейсіндер ме, анау жаман катынынның жамбасты

жауырыннан айыра алмайтынын білесің, неғып әлі кунге шейін далада жүрсің? - Аңтарыла тұрып қалған Қөпжасардың қолтығына жармасып, дедектете жөнелді.

- Эй, сен өзі... деп бұлқынғанына дес берер емес. Әлгінде ғана екі қулағы екі езуіне жеткен құрдасының әлсін-әлсін жалтақтағанына, еңгезердей тұрпатымен шүйкедей келіншектің ынғайына құлап, сүріне жүтіргеніне құлқісі келді Қалқанның.

- Жаман қатының дедің бе сен, рас қой, ендеше ретін келтіріп жақсысын тауып берсеңші. – Қөпжасар әйелді бауырына тартып, құшақтай алды. Бетінен сүймекке әрекеттеніп, тыпты еткізбеді.

Оқтем сөйлегенінен лездс өзгеріп, үні шықпай бүріскен қалпы ”өй, мынау қайтеді” деген әлті келіншек Қалқанға қымсына көз таstadtы. “Кетші, әрі, бензиннің иісі ме, жүргегімді айналаң!” деп бұлқыннып барады.

- Бензиннің иісіне жерік қылсам қайтесің?

- Қой, әрі, қайдағыны айтпай, анау қатының көрсе, бәяшә боп, қызғанып жүрер, жібер енді.

- Шамасы, байынды қызғанбайтын болдың ғой.

- Сен басқаша ойлағаныңда емес, неліктен сенің

байынды қызғанбайтыныңда, мұнда бір гәп жатса керек.

- Мықтылығың жетсе, тексеріп байқа.

- Не байқайтыны бар, бәрінен де... - Сөзін аяқтамастан Қөпжасар келіншектің ернінен сүйгендей сынаймен құшағынан босатып жіберді. Қойлекінің қырыстанған етегін, қобыраған шашын тәртіпке келтірген Гүлсөн енді Қалқанға тіл қатты.

- Бұтылының келіндері бұзылған екен, тіпті орамал да тартпайды бастарына деп сөгіп келе жатқан жоқсыз ба?

- Сөгө қалсам, қалай акталар едініз?

- Сұраққа сұрақпен жауап беретініңіз қызық, екен.

- Эй, осы екеуіннің “сіз” деп сыйданатындарың неліктен?

- Тым болмаса, сескендіріп жүретін бір жанды қимайсың ба бізге? – Гүлсөн сыңғырлай құлді.

- Соңда кім-кімнен сескенеді еken? – Көпжасар Гүлсәнға бұрылды.

- Сызданатынымыз кім, сескендіретініміз қайсы, байқап түрған жоксың ба? Әлде кіт өңкей боркемік, босбелбеу еркек қаптап кеткенде, мынның ішінен біреуінің алдында именгенімізге сене алмай, әлде көре алмай... - Қалқанға кербездене бұрылып, сыр тартқандай ұзағырақ жанарын тоқтата қарады да, сөзінің соңын тағы да құлкіге көміп жіберді.

- Эй, мынауың қайтеді-әй, - деп басын шайқаған Көпжасар қасындағыларды үйіне қарай бұрды.

Қалқан қабағының астымен Гүлсәннің қымылын бағып, бір сәтке назарын тоқтатты, Жаңағы құлқінің ізі сүйылып, ешкіммен әзілдеспегендей, тіл қатыспағандай, селкос қалыпты, Өзіне от шаша қараған ілкі сәттің қайталануын тілегендей, әлсін-әлсін жаутандағанымен, қас қаққанша өзгерген келіншек енді көз қиығын да салмады. Бұлардың алдын орай қораға асыға кіріп кетті. Ештенеге түсінбеген Қалқан Көпжасардың соңынан ере берді, бірақ бойын әлденедей мазасыздық жайлап, дәл жаңынан құйын дөңгелене үшкандай әсерден арылмады.

Кең қораның оргасында терісі сыптырылып, асулы түрған қойдың істөгін Көпжасардың ұлы Тұяқ реттеп жатыр еken.

- Е, бұл ненін құрметіне? - деді Қалқан.

Қойдың кімнің құрметіне сойылып жатқанын Көпжасар да білмейтін бол шықты.

- Не, міндетті түрде біреудің құрметіне ғана тамак ішеміз бе, өзімізге шығар.

- Өз құлқынына ғана мал сойғанды қазір кімнен көріп едін? Одан да қатын-қалаштан қызығанып түрмүн десенші. - Ішек қарын аршуга кіріскең Гүлсән дурсе коя берді Көпжасарға. - Кізімді басып беріндер деп, қатының қақсағалы қашан, әлде саған айтпай ма өзі ештене, билігін жүрмейтінін сезеді-лағы...

- Е-е... - дей салды Көпжасар.

Кольна ұстаған шарасы, шелегі, құманы бар, есікті жүлкі ашқан әйелін көргенде, жүрегі сыйдалап коя берді. Шұңғайтеген

көздері төнірегін керенау барлап, аяғын алыс-шалыс басқаннан-ақ оның үрттап алғанын түсінді.

Үйдің ішінен әйелдердің дабдырласа даурығыскандары ап-анық естіліп тұр.

- Эй, неге саусағынның үшімен қимылдайсын?

- Анау қызылға боялғанын әпер деймін.

- Ішімдегі балам түсіп қалады деп, қорқып отырсын ба?

Қаттырак, теп.

- Кетші әрі, кайдағыны айтпай, сендерді білмеймін, өзім жаңағы жүз грамды көтере алмай қалдым.

- Тәйірі-ай, сол да сөз болып па, екіншісін ішсен, көзің шырадай жанады, шыда азырак.

- Куырдағын әкелмеуші ме еді бұлар, ішім өртеніп барады.

- Ішіп-жегендерінді актасандаршы ең алдымен.

- Былқ-сылқ, етіп, буындарың жоқ па, не тірлік мыналарын, істесендер, дұрыстап істендер.

- Жә, жаңың ашымасын Жаңылға, мұнданай киіздің қаншасын басып бердік, шаң басып, шіріп жатқан жоқ па, әне, несіне сонша әлектене қалдындар, бәрібір қара күйеге жем дайындал жатырмыз.

- Дүзің күйір, жап аузынды.

- Бойжеткен қыздары бар емес пе, дәтің шыдап, қалай айтасын?

- Керек еді оларға бүндай киіз.

- Қойындаршы, әй, тіпті ақысын төлейін, қойындаршы, үят қой.

- Ақшаң өзіне, одан да арақ, әкел, үніміз өшсін десен.

Алты бөлмелі үйдің органғы кең залында шағын ғана киіз басу қамына кіріскең әйелдердің қолына да, ауыздарына да тыным жоқ. Әлден уақытта танау қыттықтаған қуырдақ келді. Ас дайындау қамында жүрген Гүлсән мен Қөпжасардың қыздары. Дастарқан басында байқады Қалқан, өзі құралпық жігіттердің келіншектері жиналыпты.

- Сенің Қызы Жібекің бұлданып қалды ғой, оюға қолының ебі бар, келе қойсын десем, әлі жоқ қой.

- Қалқанға мұны несіне айтып отырсын. - Қопжасар әйеліне ызбарлана қарады.

- Е, неге айтпаймын, байы емес пе?
 - Байың боп, саған қашан сөзіміз өтіп еді? Жүрт та солай, жайына отыр.
 - Жә, жетер, біздің алдымызда салғыласпай екеуін, одан да, әй, Қалқан, құйсаншы, әкеп қойған екен мөлдіретіп, ішейік те.
 - Ерекліз ғой, алып қояйық, мыналар құрлыш жокпсыз ба?
 - Құрдасының сөзінен кейін анғарды, әйелдер түгелдей дерлік стакандарын босатыпты, Қалқан аздап қана үрттады.
 - Арақты мынадай үлкен стақанмен ішпейді, әй, Жаңыл, осы үйде рөмкелер жоқ па, әкел бері, хрусталь болса да.
- Әйелдер жағы Қалқанға қарсы өре түрегелді.
- Сенің үйіне барғанда ішерміз рөмкемен.
 - Аузыңа дәмі де татып үлгермейді, құрсыншы әрі.
 - Ауылымызда жоқ кайдағы бір дәстүрді шығармай, тыныш отыр.

”Дәстүр“ деген сөзді естігенде, Қалқан шашалып қала жаздалы. Әріге бармай, бергі отыз жыл аралығында Бұғылы ауылында әйелді қойып, еркектердің өзі сирек ішептін арақты. Қазіргі бағасынан екі, уш есе арзан, сонда некен-саяк кездесетін арак-шарапқа үйрек еркектер, ал әйел атаулы тіппі таттайтын. Мына жосықты қара, енді кеп Бұғылының әйелдері ”ауылымызда жоқ дәстүрді бастама“ дейді. Сонда дәстүр дегенін жәй әншнейін ойыншық, алданыш бірдене болды-ау, ей, мыналарға! Алғашында күлгенимен, бірте-бірте Қалқаның қабағы түйіліп, қалың ой тұманына енді. Мынан ”дәстүр“ деген сөз шықпай қойды. Әдетте бұл үғымның төнірегіне ол тек жақсылықты толтайтын, дәстүр деген сөзben жиіркенішті жәйттің қатарласуын елестетпеген-ді ешқашан. Бәлкім, арак ішуді жиіркенішті деу дұрыс та емес шығар, зерделесен, ”артық ішкен ас та арам“, ендеше кез келген жосықтың өлшемі, мәні бар. Тегін екен деп, ауаны қомағайланған жұтып, тауыспайтыныңдай, толып түр екен деп, арак та бір, ауа да бір, титтей шімірікпестен қылқытып жатқандарын қарашы. Қалқаның алдында қызық та коркынышты сурет тұра қалғандай еді, түбірінен кесілген анау ағаштардың үңірейген орны мен әйелдердің мынау

жағдайының арасында еш өзгеріс жоқтай. Оқыстап тағы бір ой таратты іштей: бәріне-бәріне кінәлі осылар, жегенге тоқ, китенге шат, азғындаған әйелдер...

Назарын еріксіз Жаңылға тікті. Айналасындағыларға өктем сөйлеп екі езуі көпіріп аузын тыяр емес. Не айтқанынан өзі де бейхабар тәрізді. Қалқан оның он бір баланың анасы екенін, кейінгі тұған алты-жеті баланың ақыл-есі кем, үл-қызы түгел дерлік, сабак үқпай, аудандағы арнаулы мектепке жіберілп жатқанын есіне түсірді. Мынау шалқақтай сөйлеп, төнірегіне тепсіне қараған әйел оған жер дүниені есуас, жындыға толтыраш мақұлықтай елестеді.

Өзіне тесіле қарағанын сезді ме, Жаңыл мұның иығынан жүлкі тартты.

- Қыз Жібекің неғын келмеді деймін, соны айтшы, әй?

- Барып сұрасанышы, қайдан білейін.

- Ендеше, қүй, Қыз Жібекің үшін алып қояйық, тамағындан етер емес қой әйтпесе, бұткіл Бұғылыда қатынын сендей қалірлейтін еркек жоқ.

- Мұсәпірсүін, күйеуінің қорлығы өткендей сайрауын карашы, - деді Гүлсән.

- Әй, сен бытшылдама, ішіп-жегенінді біл.

- Қой әрі, тамақ асырау үшін келген жоқтыз, бұлдан отырғаның не сенің?

Бірінің сөзін екіншісі іліп-шальшіп, ақыр аяғы шуга айналып бара жатқасын, Қалқан мен Көпжасар сыртқа шықты. Әбден қызып алған әйелдер бұларға көніл де аудармады.

Қарағайдан бұральш, төрт қабырғасы қалқайған монша үйіне беттеген Көпжасар әлдебір бөрененің үстіне көнілсіз сылқ етті.

- Биыл бітіретін шығарсың, мұкті де әкеліп қойыпсың, пысықсың-ау.... - Қалқан жымиган сыңай танытты.

- Пайдасы жоқ пысықтық, жел үшшырып жатқан пысықтық, ең қызығы соны ұға турып, қолынмен атқарған ісінің дал-дұлы шыққанын көзінмен көре тұрып, өлемендеңдікке салынуынды бәрібір қоймау. Неге? Өзім де түсінбеймін.

- Есіндеңді білгеннен жаныңа дамыл жоқ, осы сен неге

демалысқа шығып, ел қыдырып бір байқамайсың? Мандаі терінмен тапқаныңың қызығын неге көрмеске? Курортқа барасын ба, жұмысшылар комитетіне кіріп шығайын жолдама сұрап.

- Ешқандай демалыс пен жолдама мені құтқара алмас, қайтесің өуреленіп. Менің тірлігім тұбі тесілген қайықпен теңізге сапарға шыққандай далбаса ғой... Ертеректе үйелмелі-сүйелмелі өскен балаларыма сенетінмін, қазір олардың түрі белгілі ғой өзіне, несін жасырайын...

- Қапаланба, дегенмен бар жақсы... әне, Серігің қандай жігіт, өскерден оралғасын көмекші ғып аласың комбайнның, талай рет мотоцикл айдан жүргенін көріп едім, баулысан, үйреніп кетпей ме? Тұяғың да, әне, азамат, оны неге баулымайсың өз кәсібіне?

- Ықыласы жок, сондыктан сенбеймін. Машина емес, мал бағу керек оған. Шіркін, осылардың оқып, қағаз, қаламның күшімен қызмет істегенін көрсем, арман жок дейтінмін. Білесің ғой, окуды жағдай көтермеді кезінде, сүйенетін, сенетін ешкім болмады.

- Ту-у, сен де қай-жайдағына арман қылып, кімнен кемсін? Қай бір куні әкем Бұғылының институт бітірген жігіттерін санап отыр, қашанғы әдеті ғой, тіпті дерп пе дерсің, не дерсің, ауылдың өткен-кеткенін бүге-шігесіне шейін қазбалай береді, қазбалай береді, содан біздін Бұғылы өзгерे қалатындар. Ал қайда сол оқыған жігіттер, барған жерлерін көгертип, мерейлері өскен және біреуін естімедім.

- Асыра сілтеп жібердің, неге болмасын, қане, есептейікші, алысқа бармай өзіңнің туыстарынды алайықшы, бөлелерің шетінен дөкей, әлгі Октябрь сот емес пе, Кеңес ше, бертінде туған Еленай ше, ауданда.... Итемгеннің ұл-қыздарын қайда қоясың, дырдай қызметкерлер, жо-жок, бұғылылықтар ешкімнен кем емес.

- Сен де әкемнің сөзін қайталадын-ау, олардың оқығанын қайтейін, жеке бастарының қамынан аспаған ақылдарын қайтейін. Шықкан тегін ұмытқандардан өлдене күтіп, алданатын анқауың мен емес. Сендер-ак тұлыбына моніреген сиырдай, жоқтан дәмеленіп, журе беріңдер, Жә, қоялық бос

әңгімені, оқығаны, тоқығаны, асылы, ардағы ма, мейлі, қай жерде де аман жүрсін, бірақ солардың бөрінің басын косса, бір өзіңе айыrbастамаймын.

- Ойпымай, ғұмырыңда айтқан жылы сөзің осы шығар, ә? - Еңжар отырған Көлжасар кенқ-кенқ күлді. - Андаусызыда аузыңдан шығып кетті ғой деймін, ә?!

- Мұның рас енді... өзің де ойлашы, тойған жерде емес, туған жерде жүрген жоқпыз ба біз, сен де мені соларға айыrbастамас едін.

- Сөзіңнің шырыны бар десем де, мына жағдайды қайда қоясың, Қалқан, туған жердің тойған иттеріне ұқсап бара жатқан жоқпыз ба? - Көлжасар енді өзгеше бір ойға шомғандай, төнірегін бағдарлай ұзак қарады.

- Ұқсасақ, бұ да уақытың бір сыйны шығар.

- Қашанғы дағдымыз ғой, кінәнің бөрін уақыт пен құдайға аударып құтылатын, кейде маған сол уақытың да, құдайың да адамдардың қырық өтірігінің екеуі сияқты.

- Қалай-қалай сөйлем кеттін?

- Өзім табынатын тәнірі біреу ғана, ол – табиғат, қалғанының бәрі соның құлы, тіпті әлті уақытың да соның құлы. Жерді қазып, түбіне жетпейсің, кокке самғап, шегіне жетпейсің, міне, саған табиғат, уыстауға келмейді және өз уысынан жібермейді де. Қалғанының бәрі далбаса.

- Алда-жада жоғары білім алсан, философияға жаңалық қосар ма едін?

- Жаңалық жасаймын деп әлектенген сон, мұның пайдасы бола ма, таланттың кереметі күшенбеуде шығар. Сарқырапт аққан өзенің асав толқыныңдай жойқындық қажет кез келген салада төңкеріс жасау үшін. Альска бармай, өзімнің мынау қотыр-қотыр тірлігімді қарашы. Неге мен анау ұл-қызыымды жетектемеймін, солардың жолында басымды неге тау-тасқа үрмаймын, неге емдетпеймін? Неге? Оңай дейсің бе, кілен мақау, кемтарларды қораға иірген қойдай бағу. Басында салмасын мұндаидай қорлықты. Табиғаттың қарғысына ұшырағанбыз, не мен, не Жаңыл. Егер біз ак жүрсек, кіл өңкей жарымвестерді келтірер ме едік дүниеге. Күнөға белшеден батып, өз тәнінді өзің туралғандай хал кешу ғой біздің қосіп.

О баста тәнірімнің қаһарына ұшырағасын, емдегем, түзетем деп, тыраштанар жәйім жоқ. Марқұм әкем үрпағының мына түрін көрсө...

Даусы дірідеп, көнілі бұзылған досын қалай жұбатудың амалын таппады Қалқан. Осы балалардың ауыр жағдайы өзінің де жүрегін мазасыздандырады. Ақшаны күреп табатын енбекқор әкенін арқасында өзірге ештеге білінбейді, не ішем, не кием демейді, ерлеңті күндері не болмақ? Санадан, сезімнен журдай, тәндері сау, алды жиырмаға жетсе де, шетінен мешеу екені рас-ая. Қалқанның тұла бойы түршікті. Күйінште отырған құрдасының дәрменсіз кейпіне қарауға дәті шыдамай, әлдене деп алдарқатқан жоқ.

Кішкентайларынан бірге өскендерімен, Көпжасар ішкі сырын актарып, мұнын шаға бермейді. Іліп-қағып, өзілдеп, әріге бармайтын, маңызды деген жәйтті де қалжынмен жеткізуға әдеттенген. Қалқан сол мінезіне әбден үйренген, мына тосын қылышы есеніретіп жібергендей. Аяныштан гөрі елжіреуі басымырақ жұмбақ сезімге бөлениген. Қалқанға қос қолымен басын ұстап, шытырман ойға батқан осынау жігіт ен жақыны, бауырындай көрінді дәл қазір. Бұған өз мұны қосылып, көнілі босады. Кіндіктен жалғыздығы, қаусаған әке-шешесінің күндерді қиялмен жалғаған пұшайман түрі есіне оральп, мүлдеп жүдеп калды.

- Қапаланбашы, бауырым, қапаланбашы, - деді өзін де, оны да жұбатқандай, – қапаланбашы, кімнің бауыры бүтін дейсің, маған – жоқтың, саған – бардың қайғысын тартқызууды жазған шығар...

Көпжасар дереу есін жиды. Үнсіз біраз отырды. Аңдаусызда осынша актарылғанына таңғалып, қатар өскен серігінің де жарасын оқыстан тырнағалғандай әрі-сәрі хал кешті.

- Марқұм әкем айтатын... – Ол мүлдем бөлек әнгіменің желісіне көшті. – “Түбінде Дәм-аға дастарқанының ырысы үрпағында қалады, көрерсіндер, әлі, бақ қонған шаңырақ“ деп. Қашан көзін жұмғанша бірақ өзін кінәлідей сезінді шешелерінің алдында. Қиянат жібермеді ғой дегенді де жи қайталайтын, қайдам, бұ да мүмкін. “Қыстаудағы үйлерінің

шаңын аспаннан бүркыратып, шатырын бұзып жатқанда, көзіме от көрінді, қас қаққанда әлде найза, әлді қанжар ма, өкшемнің тұсынан зу еткендей болды да, демім тұншығып, ұшып түстім, содан жабысқан дергтен айықладым“ дейтіні еміс-еміс есімде.

- Сен де қай-жайдағыны теріп, шатыр бұзғаннан дейсін бе, сәтін солай салғасын...

- Жо-жок, әр нәрсениң де иесі бар, жансыз деп, біздің булдірмейтін затымыз бар ма? Шынында да аттап басқанына шейін есеп беріп, жөнімен жүру керек, әттең соны өлер шағымыздағана мойындаиттынымыз қын. Жөн делік, әй-жәйға қарамай бұзған сол үйдің ағашын анау мектеп құрылышына пайдаланып, жарты ғасырдай тұрды, ел-жүргітты оқытты, абыроны асты, әлі жүз жыл тұрар еді, бірақ ақыры не болмақ? Менің әкемнің қазасын құшпақ. Ту-талақайладап, шешінен үрлап әкетіп жатыр. Бәрінен озған Итемгенді қайда қоясын, әкем сияқтыларға ойындағысын орындарып, дүниенің рахатын кешті, ал мынау тіпті сүмдүк қой.

- Несі сүмдүк, түсінбедім.

- Әлі естіген жоқсын ба, мектептің бос үйлерін сұрап, ауданға барғыштағ жур, тіпті иемденіп үлгеріпти. Сен білетін шығар десем, селолық советке қарамаушы ма еді? Тым болмаса қалған ендігі қарағайын талан-таражға салғызбасаңдаршы.

Қалқан қапелімде жауап бермеді, мектептің іргесінде отырып, бұдан хабарсыз жүргеніне таңырқап, әлдекім тәбесінен қойып қалғандай миына ештene кірер емес. Бойы тіркеніп кетті. Ес жылып, көзін ашқалы өздері үшін ең аяулы, ең қасиетті мекендері емес пе еді, өмірлерінде жақсылық, қуаныш атаулы да сонымен байланысты, ауылдың қорғаны, сәні, мәні?

Көзалдына қызық ой-сурет елестеді кенеттеген: мектеп үйі бұзылса, күн сөулесі Бұғылыны айналып етіп, қаранғылық жайлайды, жарық мұлдем өшеді. Одан арғысы таскерен мұлқаулық. Ал оған дейінгісі қандай ғажап еді. Қалқан өздерінің бес-алты жасында ма, Көпжасар екеуі мектептің есігінен кіруге жүрексініп, терезелердің бергі жағындағы саялы баққа үрланған кіріп, ағаштарына өрмелеп, ұжак отырғатын.

Ішіне енсе, жұмбақ әлеммен жүздесіп, небір қызыққа кенелетіндей әсерден біразға шейін арылмаған. Оқып жүрген жылдары да осынау уыз әсер қиялдарының көкжиегін кеңейтіп, тіршілік бұлар үшін мектеп және жер шары бол екі ағыстағана жылжыды. Жо-жоқ, екі ағысы не, айналып келгенде жер шары атты шеккіз үғым бір ғана осынау мектептің айналасына кіріккендей еді ғой. Қазіргідей емес, кино, клуб, радионың да міндетін осы мектеп атқаратын, дүниенің төрт бұрышына қатар тігер көзі бар, бәрін-бәрін білерлікте сиқыры бар зәулім сарай екені рас болатын. Бұғылының ырысына біткен бұл үйден айрылу еш мүмкін емес. Саналы өмірінің сонда өткенін, оқушылық жылдарды есептемегендегі, мұғалімдік қызметі, бүткіл тірлігінің тікелей сонымен сабактастығын ойлағанда, Қалқан айғайлай жаздады. Қабағы қарс түйіліп, ренжігеннен бет әлпеті сұрықсызданған. Оған әлдене дей берген Қөпжасар бері қарай беттеген Сананы көрді. Ол қораға кірмей, екеуіне бұрылды.

- Ойпырмай, мынау бір сәтті күн болды-ау, бастарының косылғанын айтамын, екеуінің біздің үйге бірге келмегендеріңе қанша уақыт өтті десенші.

- Жаңыл қайта-қайта шақыртқасын, алғінде тағы жіберіпті, “көмегіне зар бол жатқан жоқтыз, жас ет жесін” деп, ет дегендеге бет бар ма, келіп қалдық.

- Е, жөн-ақ, қойдың басын екеуіңе тартпағанда, қайтеміз. Талай уақыт өтті-ау, дастарқан жайып шүйіркелеспегелі, ешқашан бітпейтін жұмыстың сонында сылт-сылт жүреміз де қоямыз, бүгін сәті түскен екен, журіндер.

Үйеме табақ етті ортаға қойып, арақты сылқытқан әйелдердің ортасына кіріп келгенде, Қөпжасар аңырып біраз тұрды. Бұларды тоспағандай, қаперлерінде түк жоқ, шетінен масан.

- Эй, Қалқанның қырық рулы елден таңдал алған Қызы Жібегі,-деп айғай салған Жаңылдың күйеуінің қас-қабағымен шаруасы жоқ.

- Мәссаған, не қара басқан бізді, ұмытып кетіппіз,-деп Гүлсөн “ұялған тек тұрмас” дегендей, әбден жаукемделін, ырсиган бас сүйекті қолына түскен майлықпен жауып, төмен

ысыра салды. Қимылты тым екпінді шықты ма, онысы домалай Қөпжасардың аяғына барып тірелді.

- Иесін жаңа тапты,-деді әйелдердің біреуі.

- Әй, сендерге не болған? Жә, мені қойшы, күтпегендерің дұрыс та, тұған күйеуін танымай тұр-ау мына Жаңыл.- Қалжындағы сойлеген Санатастарқан шетіне жақындағы. Қөпжасар “төрге шықсанышы” дегендей емеурінмен Қалқанға жаутаң қағып жайғаса берді. Сүйек-саяқ шашылып жатыр дастарқанның үстінде, рәсуәсіз туралған ет үйіліп қапты табакта.

- Күйіндар, - деп бүйірды әйелі бұған мағынасыз тесірейіп,- Қызы Жібекке еселетіп ішкізіндер. - Бұлдыраған жанағы Санатастоктап, он қолымен ауаны қармай, әлденені бүйірған раймен кіжініп қояды. Айналып келіп, сөзінің соңы Санатаста тіреле берген соң шыдамады ма, әйелдердің бірі қағыта тіл қатты.

- Мұның Сананы жақсы көретін реті бар, көрмейсіндер ме, бізге қимағанын үстемелеп соған қүйыш жатқанын.

- Ішпейтінін білген соң-дағы, әйтпесе, - деп екінші біреуі іліп әкетті.

- Е, неге ішпейді, әлде әулие ме?

Гұлсөннан мұны күтпегендей жалт қараған Санатаның Қалқанға тесіліп отырғанын көрді. Келіншектің жанағы оттай жанаңып, жүзі алауладай түскен:

- Үлкен кісінізден сұрағаным ғой, айып етпе. Назарына да ілмеді сұрағанымды.

Сананың көкірегіне ұялап та үлгермеген күдікті жуып-шаюға тырысқан Гұлсән енді бұған жақындаі түсті.

- Киіздің оюын өзіңе қаратып, біраз тостық, қалай екен, бағасын берерсін, бұрын әдеттенбеген ісім еді.

- Үйіңнің іші-сыртын ою-өрнекке толтырып, әлектентенінде, осы сен катынның не ойлағаның бар? Молана бірге әкетпексің бе, жалынып сұрағанда, бермедің ғой. - Жаңылдың үні зілдене түсті. - Жастанып жат түскиіздерінді, күдайдың көзі түзу борібір маған.

- Бетіңмен лақпай отыр. - Қөпжасар әйелін тыйып тастағанмен, анау слей қоймады.

- Ақшасына бермелің-ау тіпті, ілуге сыйлайтындаі кай

құдан бар еді, сен қатынның ниеті ме, сен қатынның... Неше жерден қолынан өнер тамсын, маган жетпейсің. Жайқалып өскен бәйтерекпін мен, қара әне, жапырақтарымды, ал сен кімсің, қуарған ку бұтаксың, қандай азаматтың бағын байлаң...

Одан әрі Сананың ештеңе естүге мұршасы келмеді. Мастықпен ойындағысын актарған Жаңылдың бет-аузы қисаймай, төбесінен дүңк еткізгені өзінен гөрі қүйеуіне ауыр тигенін сезді. Қалқаннның көзінше осыны естігендегіңе қорланды. Былайғы тұста әзіл-қалжындары жарасып, “кет әріге” барыспаған келіншектің қатігездігін өлденемен актаудың амалын таппады. Арақтың қызынаған балаудың жөні жоқ сияқты. Тұруға әрекеттегенгенімен, орнынан қозғала алмады. Манағы әзірде аузына салған титімдей етті әлі жұтпанты, біртүрлі секемденіп, тамағынан өтпелі. Елеусіздеу бұрыльшы, қол орамалына орай салды.

Екіленіп, алқымы іскен Жаңылдың түр әлпеті сиықсызданып кеткен екен. Не айтып, не қойғанынан хабарсыз, өзгеге мірдің оғындағы естілер сөздеріне өзі мән берер түрі қөрінбейді. Аяқ-қолдары ербендер, буын-буындары дірілдеген әлсіз денеден соншалықты зілдің қалайша лықсығаны түсініксіз Санана.

- Жақсының асылы қеудесінде, жаманнның асылы бөксерсінде, адамның қоры екенінен бейхабар-ая, сорлы.- Тұншыға сыйырлады Гұлсән.

Әлті әңгімеден соң үйдің ішін ынғайсыз тыныштық билеген. Құлағы шынылдаپ, бір уақ түк естімеген Сана есін жиып, сергек көтерілді. Ғұмырында ешкіммен бет жыртыспағаны өз алдына, қасиетіне татымайтын пендемен сөз таластырып қайтсін, іштегі алай-тулейді айналасындағыларға білдірмей, үйден шықты.

- Жетесіз ит, не істедің? Зәрінді шашу үшін әдейі шақырдың ба? - Меніреу күйде отырған Көпжасардың көзді ашып-жүмғанша әйеліне қалай тап бергенін ешкім байқамай қалды.

Жаңылдың шынғырған даусынан шошынып, бәрі атыш-атып туристы орындарынан. Столдың үстіндегі дастарқанмен қоса аяқ-табак, ыдыстар еденге шашылып, сарт-сүргт сынып жатты. Әйелінің жағынан пергілеген Көпжасардың көзі

ештеңені көрер емес. Алдындағыны да артындағыны да тәпкілеп, төсөніш демей, шыны демей лақтыра берді. Үйдің ішінің астан-кестені шықты.

- Ортеймін, қирагамын, ит пен құсқа жем қылғанша опасыз мына дүниені, бүйтіп күйіктен өлгенше, құртайын сені де, құриын өзім де... түбіме жетесін, түбіме...шаршадым...жетесіз неме, кімнің арқасында шалқаясың, маскунем, абырайдан айырылған, ас ішіп, аяқ босатар макұлық, тойғансың әбден...не өткізіп, не тындырып, бұлданасың Санага. Тырнағынан садаға кеткір, үндемеген сайын басқа секіріп, құтырғансың, қағып алайын жынынды, қарғыс атқан...

Тағы да ентелей үмтүлған Көпжасардың білегінен Қалқан үстай алды. Жан баласына қол тигізбек түгілі қатты сөзге барыспайтын құрдасының ашуланғанын мұншалықты жағдайда көрген емес ешқашан.

- Жә, жетер, соңша көтеріліп, не айтпайды әйел. - Қалқан қалш-қалш еткен Көпжасарды сабырға шақырып, женінен тартты. Үрейлері үшқан қатын-қалаштың масандықтары лезде тарқап, бәлімeden жылыстай шығып бара жатты. Ұзакты күн дабдүр-дүбдүрға тұнған үй де тынышталып, Көпжасардың алқынған демі мен Жаңылдың сөйлене жылағанын, бұрыш-бұрышқа тығызып, үрлиген кішкентайлардың түрін алма-кезек бағдарлаған Қалқан әжелтөүір уақыт өткізіп үлгерді.

Жығылған әйел етек-женінің түрлігін елейтін шамасы жоқ, мастығы әлі де тарқамағандай. Тұруға мұршасы келмегенімен, тілін безеп, жуырманда тоқтар емес.

Оқтын-оқтын үруға үмтүлған Көпжасарды қасыра құщақтаған Қалқан шығып кетудің ыңғайын таптады. Топты әйелдің ішінен біреуі қалмағанына ренжіп, қайсысын қалай жұбатарын білмей, әлі де өн бойының дірілі басылмаған Көпжасарды қасынан үзатпауға бекінді.

- Армандаған асылың шығар, құдай қиса, мен қидым... - Кеудесін көтере беріп, кайтадан бүктеліле құлады Жаңыл. - Білемін, ынтызарың сол. Эне отыр ғой көзі, айт қане шынынды, қылым қисаймайды, естимісің?

- Ой, макұлық, ақылдан жүрдай бейшара, не оттап кеттің? Баладан үялмайды, кудаіідан қорықпайты... - Денесін білген

ыза сәл саябырып, өлгіндегі емес, тістене тіл қатты Қөтжасар. Құрке тауықтай қодыраңдаған әйелдің шарасыз кейпіне күрсіне қарап біраз отырды. Ішкен сайын осы. Қиямет атаулыны мұның басына үйіп-төккенде, еріксіз таңдай қақтырып, өлтөн адамды тірілткендей. Сана мен Қалқан кешіре ала ма, үят болды-ау... Мәселе тіпті кешірімде де емес-ау, түнгілген көңіл мен жараланған жүректің орнын әлденемен толтырудың кисыны келе қояр ма екен енді. Қатын-қалашты тізіп қойып, әдейі жасағандай болды Жаңыл. Қайтпаған кегі бардай әрекет істеді.

- Не тындырдым деп жатырсың, жаныңды жаһаннәмға жібермей түрғанда, көтер басыңды мақлұқ.

- Тіріліпсің, қандай күш саған қол жұмсатқан, соны түсіндірші. Әлде құса қылған ғашығының көзінше құмарыңдан бір шығайын дедің бе? Бертінге шейін атын айғайлап, түсінде сандырактап, есінчен ауыса жаздағаныңды білмейтін шығар мыналар, ал, ендеше естіндер, көріндер, ойбай, ойба-а-ай. Не откермедім мен басымнан... көзі құрғыр неге шықпайды, кулагы құрғыр неге керен қалмайды сол сүмдікты қөргенше... - Тактайды қолдарымен сабалай домалаған Жаңыл айғайлап жылай бастады.

- Жынданып кетпесін осы, түрі жаман,- деді Қалқан үрейлене.

Әйелдің түрпаты шынында қорқыншты еді. Қимыльна көз ілеспей, екілене сойлеп, әлсін-әлсін шыңғырады. Беталдына тұра үмтүлышп, әлдекімді қуғандай, бір тұрып, бір жатын, ұзак әуреленді. Әлден уақытта қыбырсыз қалды. Қөтжасар мен Қалқан да тіл қатыспай, әлде долылықтан, әлде аурудан қиналған әйелге үрке қарасып отыра берді.

Қөтжасар қалшиған қалпынан қозғала алмады, сірә, өзі де қатты щошыса керек. Әлгінде ғана тынышталған Жаңыл қайтадан селкілдей жөнелді, арасында айғайлап қояды.

Шығып кетуте ынғайсызданған Қалқан не істерін білмей, орындығын жылжыта бергенде, Қөтжасар әрі қиналып, әрі қылып, каралы.-Сәл токташи.

- Жо-жоқ, мен боламын әлі.

- Құдайдың қара бастырғаны, міне осы. Бұрын да

байқайтынын, ішкеннен кейін алда-жалда біреу бетінен қақса, жыны қозып, бұлан-талаң тұлданатынын...мұлдем асқынып барады, не істеймін, не? Арактан азған еркектерді емдейтін, ал әйелдерді қайтеді екен? Не боламыз енді, қыз-кеleiшек арак ішіп,

ризық кетті әuletten,

ырыс та, береке де қалмады...

“Әй-әй” деп аракідік шошына дауыстап, Жаңыл біраздан соң қорылға басты. Тетелес екі қызы үй ішін жинастырып, бұрыш бұрышта тығылған қара қожалак балалары әке тізесіне жабысты.

Ретсіз шашылып, кір басқан орамал ма, төсеніш пе, ыдыс па, әбден мильтыға араласқан. Стол үстіндегі пуліш жамылғы жартылай салбырап, аяқ астында жатыр. Назарға ілінген бүйымның бәрі майлыш пен сулыққа айналыпты. Бөлмен-бөлметеге сіңіп үлтерген сасық иіс танау жарады. Терезелердегі пердеге шейін қара-күрым. Есіктеге жөн-жосықсыз құрылған мақпал, маталар, еденде үйпа-түйпалиңған алашалар, дені жана болғанымен, ешқашан жуылып-қағылмағаны көзге үрады. Аппақ сарайдай шаңқиган үйдің ішіне кірген кісі үркіп қашатынын Қалқан өз жағдайынан сезіп отыр. Кішкентай қыздар шаңын бұрқыратып, еденді сыйыра бергенде, Қоңжасар екеуі далаға беттеді.

Қораның іші де опыр-топыр, құйын үйірліп өткендей. Шашылған қамыт-сайман, тері-терсек.

- Ат жегесіндер ме? - Қалқан “мыналарың не” дегендей сыңаймен иегін қақты.

- Неге екенін білмеймін, қораның іші бұларсыз жетімсіреп тұратын сияқты. Және орманға барғанда, тауға шыққанда, ат-арбаға не жетсін.

- Оның рас. Бізде ешқандай техника, машина жете алмайтын жерлер бар ғой әлі.

- Кішкентай кезімде өкем қарағай жығуға тауға жиі апаратын. Сонда маған ат пен арбадан күшті ештенс жоқтай

көрінетін. Шаруаның төтесін білетін жарықтық. Бөренелерді арбаға доңғалақтарын алыш қойып, әдіспен артатыны әлі жадымда. Мен де тырбындаң көмектесетімін. Нағыз еңбеккор еді ғой, шіркін, әкем. - Көтжасар ауыр күрсінді. Ишін тесіп әкеткен әлде нала, әлде өкініш, әлде шарасызыңың ба, әйтеүір әкесін есіне түсіргенде, тұншықтырған бір пәледен арылғандай болды.

Күннің шырайы бұзылып, аспанды қою бұлт басты. Аума-төкпе желдің бой тоңазытар лебі байқалады. Лезде жауын қүйып берді. Жаймашуақ жаздың жылы жаңбырына үқсамайды, бір түрлі ызғарлы. Үйнен асыққан Қалқанның көзі шарбаққа олпы-солпы ілінген киізге түсті. Жаңадан басылған киіз, жауынның үдете сокқан тамшылары оюларының бояуын сорғалатып тұр.

VI

- Сыртынан су жаңа, жәй әншейін жылтырағаны екен ғой,- деді автобусқа кіріп жатып Еленай.

Орындықтардың арқасы сынған, құлаған, төбесіне шейін котыр-котыр, шынында кім-кімнің де жанарын жүдегендей.

- Іші өртөнген, маған дейін... әйтпесе жаңа екені жаңа.

- Кім өртеген?

- Ешкім де. Егжей-тегжейін сұраған жоқпын бұрынғы шофердан... сен бәрібір түсінбейсін, машинаның қай тетігін білесін. Осыны бергендеріне де шукір...

- Әтәй, жолшыбай темір дүкеніне соға кетсек? - Алдыңғы катарға жайғасқан Еленай рульді бұрып үлтерген Кенеске сұраулы кейіппен қарады.

Әлгінде ғана бірнеше түйіншек қылп автобусқа тасып еді, әлі де азынып тұр-ау шамасы. Еленнің абыржыған түріне қарап, Кенес басын шайқады. Үйреншікті дағдысы - үйге келген сайын тасынып, ең әрісі сабынға шейін ұмытпағайтыны.

- Атам темір плита тапсырған, соға кетейік, қыста жұрт оны таласып алады, болса жарайды ғой, дайын машинамен барып қалсын. Айтпақшы, әкелген кіслерің әлі үзак бола ма? Тосын

қалып ынғайсыз бол жүрмесін. - Еленай заттарын жайғастырып, жайланаң отырды.

Іздеген бүйімтайы жоқ екен.

- Кеше ғана түсіп жатыр деп естігенмін, бұ жұрт ештеңе қоймас, - деп ағасының алдында актала сөйледі.

Оргалыққа қайтып оралды. Маңайдан совхоздың адамдары көрінбейді.

- Жиналысқа келіп пе еді?

- Анығын білмеймін, мектептің директоры, бухгалтерлер... шамасы әрқайсы бөлек-бөлек шаруамен келді ғой деймін.

- Мұншалықты кешіккенде, асықлай тамақ ішіп...

- Эне шықты ғой.- Кенес моторға от алдырып, дайындала бастады.

Үш-төрт әйел, екі еркек ішке енді.

- Қарай гөр мына аязыңын қысуын... - Сөйлей кірген жілт қолдарын уқалап койды.

Бірінің үстіне бірі тізілген, жұзден аса ма, аппак жұмыртқаларды қағазымен көтерген еркектің көзілдірігі булаңып, кіре берісте тұрып қалды.

- Эй, жап есікті тезірек, сұықты анталатпай.

- Одан да көмектесіп жібермейсің бе, алсаншы анау қолындағысын.

- Е, кім оған қаладан жұмыртқа тасуды міндеттеппі?

- Не, сенің тамағың бітеге ме, ештеңе тасымайтындар.

- Түк көрмегендей, әсіресе еркектің артынып-тартынғанын сүбіқаным сүймейді. - Қасындағыларға басын қақшаң еткізіп, жақтырмай қараған егделеу әйел алдыңғы қатарға манғаздана отырды.

Сонша жұмыртқаны қайда коярын білмей әлі көтеріп тұрған бейтаныстың түріне қараған Еленайдың езуіне күлкі үйірілді."Ынғайлаг салуга икемі жоқ-ау" дегендей, орнынан тұрып, жігіттің қолындағысын бері таман алды.

- Ауылда тауық жоқ па?- Әзілдей тіл қатты.

- Жоқ болғасын дағы. Зары өткен ғой, кіл өңкей әтеш қалса керек бұлардың ауылында. - Әйелдердің бірі мырс етті.

- Бұлардың ауылы деп қара мынаның құтыруын, кімнің отын тұтатып, кімнің сүйн ішіп жүрсін өзін.

- Қайтейін енді, қадіріміз артып, жібермей қойғасын... шындықты айтқанға да кінәліміз бе? Тауықтың зары өтпесе, сөйтер ме? - Құлкіге бұлыққан әйел көз жасын сүртті.

- Әй, сен жастарды үялтпа өйтіп, жаңадан отау тігіп жатқан жоқ па? Өйтіп сөккенше, қоранда қырылған тауығының он шақтысын неге бермейсін? Қоштің келгендері жақында ғана...

- Бәсе, соны айтсанышы. - Өзара бір-бірін қағыта қалжындастып, бәрі де орыны-орындарына жайғасты.

- Ал, Кенес, рұқсат, қалай самғасан да, мыналардың көнілі тыншып, жәй тапқан сияқты. - Егделеу әйел жан-жағына бағдарлай қарады.

Көшелерден бұрылышп, қашан аудан орталығынан шыққанша, бастары автобустың төбесіне әлденеше рет тиіп, әрлі-берлі домалаған түйіншек-түйіншек торларының соңынан қол соза беруге жальқкан жолаушылар, кең тас жол алдарынан жылт еткенде, мотордың уні де құлакқа жағымды естіліп, қайсібіреулері қалғып-мулти бастады. Желдің екпіні қүшнейіп, ашық дағаға беттеген сайын екі жақ әйнектен мазасыз ызындар лап қойысты. Кейде жәй әншейін үрлекендей, кейде қатты ыскырғандай, әуендетіл барады. Алды-артына аландамастан алысқа беттеген бебеу ән дүрмегіне ілесе алмағандай оқшашау естіледі. Дар-дар етіп, анда-санда мотордың дауысы қорқытқанымен, күдік үялатып үлгерместен, қайтадан ежелгі әуеніне жалғасады. Қар кіреукелеген ақ кайынды орман да сонау көз үшінда әншейін сыйықтарға айналып бара жатқандай. Аспан мен жер астасып, аптақ түстен көз сүрінеді.

Сыртқа қадала қарап, ұзак отырған Еленайдың желке тамыры тартқандай, басын оқыс көтерді. Іштегілер үнсіз, автобусты жаңғыртқан жаңағы әзірдегі көріністің ізі де жоқ. Тегіс жолдың үстінде өздерінің маужырай балқығандарын елемейді ешқайсысы да. Машинада емес, жылы үй, жұмсақ тәсекке қонақтағандай. Тек қана ағасының енгезердей екі иығы алма-кезек қимылдан, аса сақ отырғаны сезіледі. Ұзакты құнғі тірлігі осы-ау, - деп ойлады Еленай. - Жас емес, үлғайған сайын темірмен алысу да қыын ғой. Әтәйінің еңкіш тартып, еңкейген түрінс қарап, аяп кетті. Кішкентай кезінде, шіркін, қандай тұлғалы сіді? Үйленгенше мұлдес басқа болатын, үнемі

кулімсіреп, өнбойынан мейірімділік төгілетін де тұратын. “Қандай қыздың бағына мәндайың жарқыран тудың екен” деп көрші-қолан, женгерлері сүйсінетін өтәйінің қазіргі түрпаты Еленайдың есіне қай-жайдағыны оралтып, көнілсіз ойларға жетеледі. Қартаяттын да жаста емес, қырықтан енді ғана асты өтәйі, соған қарамастан жузі жадау, қабағы салыңқы. Кейінгі кезде үстіндегі киімдеріне шейін алқам-салқам, басындағы анау мыжырайған құлақшыны несі, тонының қолтығы да сөгіліп кеткен бе, қалай?

Ай-апасы мұндағы шыдамайтын, алде оның да бабы келмей жүр ме? Осының бөріне іштей Шекерді кінәлады. Жарым деп жаны ауырмайтынын, мінезінің қырсықтығын ойлады. Осы үйдің босағасын аттағанына, міне, он жылдан асса да әлі күнге кеше түскен келіндей, шаруаға бапсыз. Бір шанырақтың астында тұрганымен, ине-жібіне шейін бөлек сақтап, бөлек үстайтының қайтерсін. Дүниенің қадірін ұғып жасаса, бір сәрі-ау, долылықтан істейді бәрін. Шал, кемпір күні ертең үйді көшіріп әкететіндей, көзіне түскенді жасырып-пысырып жүргені сорлының. Тіпті жөнді киімді өзіне қимайды, алба-жұлба киініп, қайыршылыққа жаны өуес. Әпергенді сандыққа тығып жинай береді. Ай-апасы алғашында “жетім, әкесіз өскендіктен шығар” деп сылап-сипап, неғұрлым қымбат киімдерді атуға әлдеттендірген. Бетіне қарал, колын қакпады келіннің. “Ешқайда жібермеймін, тілегім де, жүрегім де Еленайым” деген бұдан да Шекердің әлегінен айырыла жаздаған. Ол кезде Еленай бесінші кластар оқитын.

Атасы мен Ай-апасының еркесі, жұлдызы, бұл не айтса да орындалады. “Патша бала” дейтін атасы. “Алданышым, сүйенішім, сенің саянда күн көріп отырмын” дейтін Ай-апасы. Бір таңғалатыны - қанша еркін, өзімсініп үстағандарымен, әке-шешесін үдайы есіне сала жүретін. Әкесі - Октябрьді ете сирек көріп есті. Жыльына бір келе ме, жоқ па, әйтеуір анда-санда кездескенде, мойнынан құшақтаг, тізесінен түспейтін. Ал әкесі аттанарда бәз баяғы қалпында, күліп-ойнап отырып қала беретін. Тұған аناсы туралы да Ай-апасы жиі әнгімелейтін. “Екеуінің дәм тұзы жараспалы, бүйрықтан кім асыпты” дейтіні есінде. Ай-апасының титтегі қызғанышсыз,

тілпі ерекше ілтиппаттан айтатынан ба, ешқашан өзі көрмеген анасы жәйлі кей-кейде тәтті қиялға шоматын. Бұған қоса мектептің аржағында төнірегі бау-бақша, ақ шатырлы еңсөлі үйде тұратын Ведерниковгардың үлкен отбасы тайлы-тұягына шейін бұның асты-үстіне тусе жылты шырай танытып, көрген жерде құрақ ұша құшақ жаятын. Әсіресе етженді, толық Маруся апай бауырына қысып, ұзак тұрушы еді. Мұның себебін Еленай бертінде түсінді. Маруся апайдың інісінің қызы Арина бұның шешесі екен.

Ұшінші класқа көшкенде, әтәйі үйленіп, Шекер қосылды бұларға. Жүк машинасынан сатымен түсіп келе жатқан женге бейнесі әлі жадында. Төнірек толы адам, шашылған құрт, ірімшік, кәмпіт, қант. Төргі үйге шымылдық құрылыш, Шекерді соған кіргізді. Қасында қыздар, шетінен үлбіреп түр. Күнде көріп жүрген өз үйі Еленайдың алдында кенеттен өзгеріп шыға келген. Танғажайып ертегінің ішіне енгендей, дүние атаулы көгілдір де әсем түске бөлеңіп, қас қағымның арасында бұрынғы жұпымны үйлерінің еңсесі көтеріліп бара жатты. Талдырмаш денелі анау нәзік жан үй ішін нұрланырғандай елестеп, атасы мен Ай-апасындей оны да жақсы көремін деп түйген іштей. Сол бір әсер қазір де Еленайды толқытатын тәрізді. Элде алғашқы көрген той болғасын, солай ма екен. Әйтеуір ауыл адамдарының жүзіндегі қуаныш, қызылды-жасылды киңген қыз-келіншектердің мың буралған қимылты, талай күндер толастамаған ән мен күй қонғліне өшпестей із қалдырыпты. Балалық шағындағы ең бір ұмытылмайтын көрініс осы Шекердің келін боп тусуімен байланысты. Әсіресе, құрылған ақ шымылдық бейне бір сикырдай әсер етіп, аржағында отырғандар хор қыздарындей қызықтырып, киялын жан-жакқа шарлатқан. Шекердің жасыл жапырақты, гүлді көйлегіне шейін назарынан тыс қалмай, көз алдында мың көбелек ұшып, өзі де солармен бірге самғағандай шаттыққа бөлентені рас. Сол ғажап әсерден көпке шейін арылмаған. Аяқ астынан бәрінің мерейін өсірген қуаныш ешқашан аяқталмайтындей, ешқашан таусылмайтындей бақытты кезі еді бұлардың.

Анық-қанығы жадында сақталмайты, үй-ішін жайлана-

ызғар бірте-бірте ауа жайылып, Ай-апасының қабағын кірбің шалатынын, жиі-жій күрсінетінін байқап жүрді. Бұрыныңрақта "саям, шырыным, алданышым" деп сүйсініп, еміреніп құшағына қысса, енді қапаланып, күйзеле отырып бауырына басатынды дағдыға айналдырыды. Мұнысын, әрине, өзі анғармаған шығар. Бірақ Еленаі атасының, Ай-апасының бет әлпетіндегі сәл-пәл өзгерісті, әрбір әжімдеріне шейін қалт жібермей есті ғой. Нешеде екенін бітмейді анық, жарық дүниені тұнғыш рет түйсіну атасының төрге жайғасып, бұны қеудесіне қыса тізесіне отырғызып, әлдилегенімен тікелей қатысты. Және сол көріністі, сірә ешқашан ұмытпас. Атасының ұзак ынғылдағ, әлден уақытта жуыр маңда аяқталмайтын хиссаларға көшелтіні, жанынан шығарып, әлде жаттағанын айтып жатыр ма, о жағы беймәлім, тек әлди-әуенің ықпалымен үйықтап, қайтадан оянғанда, тағы да әлгі таныс мақам үшін қиырсыз жалғаса беретін. Кейінірек, мектепке барған жылдары үкты, інілерінің майданнан жазған өлең хаттарын халық әуеніне салып, жырлайды екен.

- Кім білсін елге барып қуантам ба?

Кім білсін мұнда қалып суалтам ба?.. - Осы тұқса жеткенде көмейіне әлдене тығылғандай, біраз жеткірініп барып есін қиятын. Содан кейін күрсінуі жиілеп, сөзсіз ақырын ғана ынғылдағ отырушы еді.

Тұған әке-шешесінен ғорі екеуіне әлдеқайда жақын тұратынына былайғылардың таңырқайтыны бар. Тіпті ашықтан-ашық кінәлай сөгетіндерін кайтерсің бәз біреулердің. Тілмен түсіндірліктей жәйт пе екен бұл. Қеудесінде сонау балалықтың балдай тәтті шағында маздаған шуақты ешкім де өшіре алмаса керек. Неден өрбіді осы ой?, Шекердің әлегінен шығып жатыр-ау... Иә, бесінші класта окитын. Атасы мен Ай-апасы бір жаққа, сірә Бұғылыға кетті ғой деймін. Дүние түгелдей өтей көрінген со жолы. Сабактан шыға үйге асығатын кешегі күн жоқ, сөмкесін шана есебіне пайдаланып, сырғанак тебеді, қаранғылық үйірлгенше көшеде жүреді. Ауызғы бөлменің сыртқы терезесіне қарап, Ай-апасын іздейді, жүрегі сыздайды. Шекерге деген алғашкы жылылықтың жоғалғаны қашан, тіпті коруге құлқы жоқ. Ақар-шакар сәбілерінің

ортасында бәя-шая, ештегеге қолы тимей, айғайлап жүргені. Бұны көрсө, долярып шыға келеді. Сондай бір кеште, қандай күш көтергені белгісіз, Ведерниковтардың үйіне келді. Маруся апайдың қуанғаннан есі шыға жаздады. Өбектеп, аймалай ма, іскей ме, дастарқан басына әкеліп, алдына қоймаған тәттісі қалмады.

- Тез хабарлайықшы, Аринаның арманы орындалсын бір көрем деген... - Құлағы еміс-еміс шалған сөздердің мағынасын үға қоймаған. Тек әйтеір мынау ересектердің жақындығы барын, өзін жақсы қөретінін біледі.

- Бұлғын үйіне бара ғой, ертең кел, күнде келіп тұр, - деп бұны шығарып салды.

Сабактан шыққасын, сол үйге баруға әбден үйреніп алды. Қаперінде түк жоқ, бірде есіктен кіре бере өлдекім өзін құшағына көміп жіберді. Бет-аузын сүйіп, дымы құрығанша аймалады, арасында жылап та қояды. Әуелі шошып, кейін бұрылғанымен, бейтаңыс әйел дес берер емес. “Рас па, етірік пе” деп сан рет қайталады. Жақын арада мауқы басылар сыңайы жоқ. Еленайды олай да, былай да айналдырып бауырына қысады. “Ты - мое чудо” - деп қойып, әлсін-әлсін сүйеді. Жүзі жылы еken әйелдің. Қөгілдір көздерінен тамған мөлт-мөлт жас Еленайдың бет-аузын айғыздады. Қанша емірентенімен, бұл орнынан қозғалмаған. Бойынан жұмбак діріл жүгіріп өткенімен, өзін өліп-өше аймалаған әйелдің ыңғайына құлай қоймады. Тұрі Маруся апайға ұқсайды еken, сол жінішкелеу көрінген. Үстіндегі киімі қалың, үйдің іші ыстық және манадан бергі жөн-жосықсыз аймалаудан денесі пысынап, тынышсыздана берген Еленай. Басындағы Ай-апасы тіккен кішкентай бөркін жұлып алды да, лактырып жіберді. Содан соң жалма-жан шешіне бастады. Аңтарыла қараған шешесі енді ләм деместен, көздері жыптылықтап, мұның шашып тастаған киімдерін жинастыруды. Шашынан сипап, көйлегінің түрліген етегін түзегендей, бір сәткө жанынан шығарар пиғылды жоқ. Тамак ішкенде де оның көзқарасын сезіп отырды.

- Ай-апандар келді ме? - Маруся апайдың сұрағына жауап қатпаған, олардың келмегенін айттуға зауқы соклады. Астан

соң Еленайды жеке бөлмеге енгізіп, су жаңа көйлек, жемпір кигізді үстіне.

- Мынау мектепке, жаңа форма... фартук, ағын да, қарасын да әкелдім. - Өзімен үлкен кісідей сөйлескені ұнады. Көйлек те бойына қона кетті, айнаның алдына жүгріп барды. Етегінің екі жағын көтере секіріп-секіріп қойды. Тіпті өзін көбелектей сезініп, ұша жөнелгісі келген.

- Ты смотри, какая она непринужденная, будто я всю жизнь рядом с ней была...

- А как ты представляла, без тебя она будет забитой, что ли... ничего подобного, она у них как королева растет... - Апалы-сіңлілі екеуі күнкүлдесіп, бірі екіншісін кінәлай сөйлеген.

- Бүтін қон, бәрібір Ай-апаларың жоқ, кой, айтпасаң да, білпік қойдым,- деді Маруся апайы арқасынан қағып.

Кішкентай қызға қыскә кештің тигізген әсері тым қүшті болды. Ай-апасы шешесінің кім екенін бүрын да талай айтқан, бірақ дәл осылай табысам деген қаперіне кірмепті. Етек жеңі желбіреген көйлек те ұнаган, мыналардың өбектеп, қошеметтегені де ішін жылытқандай. Ешқайсысын жальындырмай қонуға келіскең.

Қоярда-көймай Арина мұны қасына жатқызыды. Неге екенін әлі де ұқпайды, со жолы Маруся апай әлдекәйда жақын көрінген. Орнынан тырс қозғалмаған қызын иіскелей-иіскелей, қанша әлпештесе де, бәрібір құмарынан шықпайтындаі, біресе жүргі қысылды ма, біресе еніреп жылады ма, таң атқанша Арина үйқтай алмады. "Тым болмаса сүйші бір рет" деп бетін тосып жальынған. Сүйе салса, несі кететін еді сонда, бірақ былқ етпеген бұл. Шешесіне көз тоқтатқан алғашқы сәтте шынында да алай-түлей сезімге бөлениген. Жақындасқан сайын сол сезім альстай берді. Жан дүниесінен ақтарылса да, күн сайын басынан кештегесін, мына ақпа-төкле мейірім денесін пергілегендей шошытады екен. Манағы әзірдегі қуанышы ұзаққа созылмады. Құргак таңырқау, тамсанудан аспай, әрі алыс, әрі жақын Аринаның қобыраған шашына, он жақ көзінің астындағы қап-қара меніне

қарай берген. Саусактарымен өлті менді басынқырай үстап қойды.

- Әдемі ғой, иә, - деді шешесі.

- Әдемі екен.

- Сен енді үлкен қызың, ақылды қызың.

- Иә, ақылдымын.

- Менімен кетесің бе?

- Қайда... сонда қайда тұрамыз біз?

- Жаным сол, рас ақылды екенсің ғой, жаным... менімен боласың ғой будан былай, менімен..

Оқыс қымылдаған тұрпатынан адам шошырлықтай, Аринаның түрі өзгеріп, бұлай масайрағаны құрсын, Еленайдың зәресі үшты. Куанғаны қандай қорқынышты, жанарын тарс жұмған Еленай өзі де анғармастан, шешесінің омырауына тығылды. Танауын жарған бөтен істен жүргегі лоблығандай, дереу теріс қарап үлтерді. Не, қандай ііс, байыптауға мұршасы жетпеген. Көнілін лезде сұытып, енді-енді төгілгелі тұрған нөсер ниетін тұншықтырған бір жұмбак сәтті өткерген. Бәрін де шешкен сол жұмбак сәт екенін кейін де талай-талай есіне түсірген. Тұған ана омырауынан бұркыраған мұлдем өгей, жантәні қабылдамаған жат ііс тал бойын түршіктіргені тайға басқан таңбадай анық еді. Мұнысы ешкімге ешқашан түсіндіре алмайтын тек түйсікпен ғана зерделейтін жәйт. Дәл сол шақта Арина да мән бермеген шығар, тіпті қазір де ұғынып-ұғынбауы екіталай. Кінәламайды оны және ақтамайды да. Әкесі мен шешесінің арасындағы жағдайға шұқшиып, бірін даттап, екіншісін жақтаудан аулақ. Ай-апасының бұл орайдағы тұжырымымен баяғыда келіскең. "Дәм-тұздары жараспады, тәнірінің бүйрығы солай".

Шешесінің қойнында өткізген сол тұн алғашқысы да, ақырғысы да болды. Таң атар-апаста Кенес келіп, үйіне өкетті. Аринаның бұны құшақтап жібермей, айғайлап жылағаны, дауласып-керілдескені, Маруся апайдың оған зекіп үрысқаны - бәрі есінде. Басы көтертпей ауырып тұrsa да шешесі берген түйіншекті ұмытпай, Кенеске үстатқан. Шіркін, балауса бейқунәлік-ай, көбелек гүлді койлекті ерекше қызығып киіп жүрді. Оны сыйлаған ет жақындан гөрі айқыш-үйқыш

орналасқан гүл өрнектері әлдекайда мәндірек көрінетін. Сәби қиялын биікке самғатып, сан алуан суреттерді елестетер со бір көйлектің қекейінде сақталғаны өзіне де таңсық. Арина кешкен жан азабымен, сірә де санаспаса керек, қолқасын тескен бөтен иістен кейін еш жоламаған. Бәз баяғы бөгде, сағынышсыз, мұңсыз қалпында қала берді. Жанары жасаураған Аринаның дәрменсіз кейпі де аяныш сезімін оята алмаған. Сол оқиғадан соң қызыу көтеріліп, сырқаттанғаны есінде. Он күндей төсек тартып жатты. Атасы мен Ай-апасы күні түні дамыл таппай, сасқандары шығар, алыстағы әкесін шақыртыпты. Октябрь келген тұста бұл айырып та үлгерген. Науқастануына байланысты үй ішінде дау туып, ересектердің көпке шейін тұнжырап жүргенін де біледі. "Мен өлгенше тиіспендер, қарғадай баланың қарекетіне бір жұмаға шыдамағандарың не сүмдыш, ел жүртты шулатып, намыссыз туған шірік немелер". - Ай-апасы бұлқан-талқан ашуланған. Октябрьге де "сені кім шакыртқан, әкесі сен екенсің ғой" деп дүрсө коя берген.

Сойткен Ай-ападан да өрлік біртіндеп тая бастады ғой, оған себепкер тағы да өзі. "Осы қызым оны-солын танығанша, қанаттыға қақтырмаймын, тұмсықтыға шоқыттырмаймын, соған дейін тірі жүрсем екен, мен өлгенше бұ қызым да қарап қалмас, құдайым көзінің қазіргі отынан айырмасын" дегенді жиі қайталайтын. Шынында Еленай кәмелетке толып, Көкшетаудағы медициналық училищеге түсісімен, келінге артық ауыз сөйлемейді, мұлдем жуасыған. Бала-шағаның ыңғайына жығыльып, ежелгі мысынан айырылғандай.

Кеңестің қолтығы сөгілген тонына қарап, осынша қоңылсіздікке берілгеніне таңғалды. Жан-жағынан жел гулегендей, денесі тоңазыды. Эйнекке қырау қатып, сырттан түк те көрінбеді, бәз баяғы ызың, манаураған біркелкі буалдыр бояу. Аяулысындаі-ақ, текшеленген жұмыртқаларды аскан сақтықпен кеудесіне қысқан манағы жігітке көзі тұсті. Отырған бойы. Еленайға оның мына сүркү құлқілі көрінді.

- Қалай, сыңдырып алған жоқсың ба?

Жігіт селк ете түскенімен, тіл қатқан жок.

- Сыңдырып алсаның, келіншегініз үйге кіргізбейтін шығар.

Мұрнының астынан не деп мінгірлегенін естімеді. Бейтаныстың үндемейтіні өзіне әлдекайда үйлеседі екен. Сөйлеп еді, бет - аузы жыбырлап, дәрменсіз күйтеп енді. Енди Еленай жағасын қымтанаң, ешкімге назарын тікпеуге тырысты. Шамальдан соң үйіне баратының, Ай-апасының, атасының қуанатының ойлады. Бірінен соң бірін есіктен кіргізіп жатқан жүктеге қарап, "шемоданыңды көтеретін біреуді тауып ал дедім ғой, неге тыңдамайсың?" - деп міндетті түрде Ай-апасының айтатының елестетіп, езу тартты. "Шемодан ұстайтын біреуді" Ай-апасы күте-куте жалықкан да шығар, бірақ әрдайым бұның есіне салуды ұмытпайды. Ай-апасы үшін "шемодан көтеретін біреу", ал өзіне ше? Бір емес, әлденешеуінің бейнесі қатарласып шыға келетін қызық. Мектепте жүргенде, балалардың арасындағы ең тентегі, сабакты да нашар ұлтеретін, бір класс жоғары оқитын балаға ғашық болған. Алқын-жұлқын, қайда барса да төбелесіп, екі иығын жұлып жеп жүретін со бала туралы небір қиялға шомушы еді. Тайсақтап, анау-мынауға жалтақтамайтыны үнайтын, бойы жинақы, сұстылық байқалатын жарқ-жүрк еткен өткір көздерінен. Бүкіл ауылға сүйкімсіз, мұғалімдерді мезі қылған тәртіпсіз оқушыны қалайша қиялында батырларға үқсатқанына қазір нануы қын. Оңжылдықты аяқтамады, кейінгі тағдырынан хабарсыз. Алғашқы жүрек лұпілі де сонымен бірге кетті. Бұлардың мектебінде үш жыл ғана оқыған, әке-шешесі жок, немерелес туыстарының қолында тұра алмады, сондықтан сабағын тастауға мәжбүр болыпты дескен.

Қызық, бір кезде ұнаған адамды, тіпті түрін-түсін ұмытқанымен, сонынан жан сарайында қалдырған сезім үзіктерін еш есінден шығармайсың. Қымбатың, асылындағы қабылдаған адамды емес, жылдар жылжыған сайын өзінің сол кез, сол сәттегі толқыныс, тәбіренісінді жиірек ойлайсың. Училищеде жүргенде, қалалық кітапхананың оку залын босатпайтын. Қара көмірдей шашын желкесіне қайырып, көздері мөлдіреп тұратын бір жігітті сонда кездестірді. Екі жыл бойы кітапханаға бір мезгілде қатар қайтатын. Ұдайы жүздескендерімен, тұлдескен емес. Үнсіз ұғынысқандай, сол екі жылда бейтаныс жігітті көргеніне мәз, көнілі көтерінкі,

басқа емеурін байқаптады. Көшеде келе жатса, аспаннан соның бейнесі, үйде отырса қабырғадан соның бейнесі, тіршілік атаулы соның бейнесімен тұтасқандай, таң атырып, күнді батыратын. Сабағын жақсы үлгеруге де ықпалын тигізді. Қаланың ортасындағы жазғы стадион, қысқы мұз айдынына барып конъки тепкенде де іздептін бейтаныс сүйіктісін. Жақыннан күнде жанаса жүріп, тіл қатыспағандарына кейіннен, сірә, өкінген де шығар. Бірақ сол уақытта бұдан артықты тілемеген, көргеніне риза.

Күтпеген жерден ол кітапханаға келуді сап доғарды. Еленай қанша үміттенгенімен, күндер өте берді, санасын жаулаған жұмбақ жан қайтып оралмады кітапханаға. Есімі де белгісіз. Үйінің қай маңда екенін шамалап болжағаны бар-ды. Енді қолы босағанда, көше кезіп, мақсатсыз жаяу аяңдауға машықтанды. Кімнен, қалай сұрағаны есінде сақталмапты, сабырын үрлаған жұмбақ жаның мекен-жайы-ау деп мөлшерлеген үйдің иелері Теміртау қаласына қоныс аударыпты. Көшіп кеткендердің байырғы қытайлық тұрғындар екенін де со жолы білген. Білген де көзі бақырая танырқаған. Екі жылға жалғасқан тәтті елестің дәл осылай аяқталарын сірә де болжап па, тіпті қайдан, кім екеніне мән бермепті ғой. Ес жылып, етек жапқан бойжеткен шағында ішкі дуние қалтарысына әжептәуір өзгеріс енгізген қымбат тұлғаны оңайлықпен ұмытқан жоқ. Күйзеліске ұшыратпағаны және шындық. Ах үрғызып, өзегін өкініш өртемеді. Тұнгі аспаннан жылт-жылт жарқыраған жұлдыздай көзін де көнілін де алыстан арбайтын сол бір белгісіз бейне.

Ондірістік тәжірибесін шалғайды совхозда өткізгенде, үш айдың ішінде үш жылға есейген. Танысып-блісіп үлгермей, бір көргеннен “ғашықтық” дертіне шалдықкандардың санынан жаңылды. Өзара бәсекеден, ерегістен туған жәйт онсын ба. Біреуінің пиғылын екіншісі андыған жігіттердің шалғай ісі, дөрекілігі көнілін жүдепті. Алда-жалда жақын тұтып, жаны жайсан, жүзі жарқын-ау дегеніне де бойын дарытуға секемденетін. Қотыркөлде оқитын, болашак мал дәрігері, өзі сияқты практикант құрбысымен ғана араласты. Басқаларға қарағанда сүйкімді көрінген. Клубта кеш сайын өтетін кино, биден бірге қайтып, сырласқандай сынай танытып жүрді.

Көзілдірік тағатын. Өні сары, тікірейген қысқа шашы бар. Бір күні қоштасып тұрып : "Сен сак жүр, жігіттердің ниеті бұзық" деді.

- Не істеуім керек соңда?
- Олар сені қалайда алып қаламыз, бұл ауылға келген қыз кері қайтпайды дейді.
- Қайсына алып қалар екен? - Еленай мысқылдай күлді, кімді мысқылдағаны өзіне де бимәлім.
- Ал, сен, қалғың келе ме?
- Жо-о-о-ға... әлі он жетіде ғанамын.
- Он жетідегілер де кетіп жатыр күйеуге.
- Мен олар емеспін ғой...
- Егер қалғың келсе, егер... - Тұтығып сөзінің соңын жұта берген серігіне қарап, бұл бар даусымен қарқылдай күлді.
- Ендеше, өзің біл. - Ұлан қайырылмастан бір-ак тартты. Әкпелетіп алғанын бұл кеш түсінді. Сызылып тұrap сылтайы құрбысының оқыс қылғына қайран қалып, "қарай гөр өзін" деп кете барған. Содан кейін киноға, биге баруды тоқтатты. Бірде Ұланды жігіттердің соққыға жыққанын, көзілдірігінін өйнегі сынып, зақым тиғенін естіді.

Танымайтын картандай әйел бұны әдейі іздеп, қалың топтың алдында именбестен айғайлап үрystы.

- Сен қырсықтың кесірінен ұлым тәбелесіп, әне, кемтар бол қалатын түрі бар. Осыдан мүгедек бол қалса, шашыңды талдап жұламын. Көзімнің ағы да, қарасы да деп отырған жалғызыма кесірің тиі. Бұ заманың қыздарында ұят жоқ, о, несі-ай, өзара өшіктіру үшін жүресің бе әрқайсымен, өліп бара жатсан, одан да ұстамайсың ба біреуінің етегінен. Табаныңды тезірек жалтырат аман-есенінде... бәрібір алғыздырмаймын ұлымға бұзылған қызды. Отымың алды, суымың тұнығына...

Еленайдың қорыққаннан төбе шашы тік тұрып, қол-аяғы дірілдеген. Ала көздері ақшандап, аузынан ақ көбігі шашыраған қарасүр әйелдің жүзіне тұра қарауға дәті шыдамады. Әлдене айтуға дәрмен жоқ. Буындары ұстамай, бойы былқ-сылк, үялғаннан қайда тығытарын білмеді. Кезек күткендердің бірі бұны арашалай сөйледі.

- Эй, құдайдан қорықсаншы, бұлдіршін қыздар озінде де

бар емес пе, не боларына көзің жетіп тұр. Қолынмен атқарғандай, бәрін көріп-білгендей, не былшыл мынауын, тоқтататын ынғайың жоқ қой. Бұ да өзіндей адамның әлпештеген баласы шығар, қойсанцы.

Анау одан әрмен өршеленіп, соны әйелдердің үрыс-керісіне ұласты. Аурухананың бас дәрігері шығып, әрен ғенде басылды бәрі. Өзін жактаған әйел : ”Нақақтан-нақақ күйдірген бұ әүниеде оңбайды, сөзіне есеп бермей осынша беталды лаққаны несі, сөздің де жүйесі болуы керек қой. Сен , қарағым, ренжіме, жүзінен нұр тамып тұр екен, былатып сөзге қияттын бала емессің, Ұланның шешесі ғой әлгі, оған да мән берме, ол өзі ауру. Әмірде сондай ызакор, долы әйелдер кездеседі кейде. Әлі жассың, қайдағы біреудің акымақ қылығына жасып жүрме” деп жылты шырай білдірмегендеге, не істері өзіне де белгісіз-ді.

Кешке дейін еңсесін әрен қотеріп, төңірегіндегілеріне сыр байқатпаға қанша әлектенгенімен, қызметтөн жүрт үйлеріне қайтты-ау деген шамада жалғыз калып, солқылдан ұзак жылаған. Жазықсыз жәбірленгені батты жаңына. Ұланның, не басқасының құшағына жақындал та көрген жоқ, сойте тұра өзі туралы соншалықты сорақы ойлайды екен ғой өзгелер. Өксігі басылышп, бетін жуғаннан кейін тар дәліздің түкпіріндегі ұзын шар айнаның алдында тапжылмай біраз тұрды. Қөп жылағаннан көздері ісінкі, өні қып-қызыл. ”Неге мені бұзылған қыз дейді?” Айнадағы бейнесіне тесіліп, мін іздендей сынай қарады. ”Көйлегімнің етегі қып-қысқа, әлде сондықтан, кеуде жағы да жабысып, денесімен дене, әлде сондықтан... аяқтары түп-түзу, балтыры аппак, туфлиінің өкшесі биік,.. білектері жінішкелеу, бірақ жұп-жұмыр, саусақтары салалы... әлде сондықтан...”

Осы уақытқа шейін мұншалықты егжей-тегжейлі өзін ”тексермеген” шығар. Мұсінін сыннан өбден өткізіп, енді бет-ажарынан кінә іздеуге кірісті. Қызарған жүзін уқалап, кіргік-қасын түзенкірей тәртіпке келтірді. Біркелкі қылып, желкесіне түскен қап-қара шашын қолдарымен салалай тарамдап, әдей дудыратып қойды. Көздері когілдір екен-ау. Шашы қара, көзі кок, жүзі ақ қуба. Бет әлпегінен түнжыраған

мұнды көрді, тіпті жымығандай нышан білдірсе де, кетпейтіні несі. Жо-жоқ, мынау көгілдір көзбен қара шашы екен ғой мүң сияқты алдарқатып көрінетін. Еріндері тым дүрдиңкіреген, міне, міне, талтый, тіпті үйлесімсіз.

- Ту - у-уу, қандай сұлусын.

Аурухананың қос қабатты үйін түтелдей жаңғырықтырған дауыстан Еленай шошып, айнадан бұрыла ыршып түсті.

- Алыстан нарцисс гүліндейсің, тапжылмай манадан тұрсын. Өз бейнене өзің ғашық болғаннан саумысын? - Қуле сөйлеген терапевт дәрігер екен. - Бүтін қал, кезекшілікті де атқаруға тиіссің, әйтпесе сені тым еркелетіп жіберген сияқты бастықтар.

Кыптылықтаған Еленай орнынан қозғалмаған. Пәтеріне баруға зауқы жоқ, кезекші дәрігердің өтініші де орынды-ау. Не істейді кеткенде, бәрібір клубқа бармайды. Әрі күнделіктерін де толтырмалты, тәжірибесіне есеп беріп, күн сайынғы жұмысы жайлы жазғаны жөн... - Құлазыған көңлінін емі табылғандай, бойын сергектік биледі. Үн-тұнсіз ординатор бөлмесіне беттеді. Былайда байқамалты, Жәпек ағайы өзілкой, сөзуар екен.

- “Заречный” совхозының бес бөлімшесінің бозбалалары түтелдей жиналып, сен үшін төбелесіпті ғой. Жиырмасынцы ғасырда мұндан дуэль, сирек оқиға. ”Ол қыз ешқайсынды менсінбейді, текке әуреленбендер, тырнағына да татымайсындар” дегені үшін Ұланды жабылып соқса керек. Қызық, жігіттер бұл үшін таласады, ал сенің жападан-жализы жүргенің мынау, тіпті солардың біреуімен сойлесіп көрдің бе өзің, иә, әлті Ұланды айтамын.

- Өзі қайда? - Еленай батылсыздау үн қатты. Қалайша ойына оралмаған, соққыға жығылса, мертіксе, ең алдымен осында жеткізбей ме? Әрине, осында жатыр ол, ендеше қазір барады. Қалай ғана ескермеген, қалай... неге реңжіттім екен откен жолы. Өзі де кінәлі, бұның күлтегініне ашуланғаны несі, шын үнатса, мазактағанына да шыдар еді ғой. Дуәлі несі, екеу емес, жиырма отызының арасында адасқан не қылған дуэль...

“Сақ жүр, жігіттердің ниеті бұзық”, - дегеніне мән бермей келекелегені үшін де сөйтер ме? Әй, Ұлан-ай, икемге конбей

үнемі тікірейіп тұратын шашы сияқты мінезі де... - Шешесінің түрін елестеткенде, Ұланды іздең табайын деген ниетінен тез айныды. Соңша халықтың арасында қорлағанын кешіре алмас. "Бұзылған қыз" аталған жоқ па Ұланның ланынан. Әрберден соң мені актайдындаі кім ол? Тек жүрсе, түкке де ұшырамас еді.

- Э, Ұлан ба, екінші қабатта ғой, не, қасында журіп, ұзакты күн көрmedін бе?

Жаңа ғана журегін алқындырған сәттен оңай құтылып, селқос қалпына қайтадан енді. Не танғалған, не абыржыған сыңай танытпады. Бей-жай күйде кішкентай сумкасын актарып, умаждалған дәптлердерді шығарды да, столға қойды. Алдын ала жоспарланған, атқаруға тиісті жұмыстарын жетекшісі тапсырғандай етіп, тәптіштей жазуға кірісті. Алғашкы бетті әзір толтырды, әрі қарай қолы журмеді. Бүгінгі күннің өзіне қатысты көрінісі көлденендең кетер емес. Манағы долы әйел дымын құртып, аузынан актарылған былапыт теңеулер кұлағының тубінде ызындаі қайталануын қоймады. Ересек адамның алғаш рет тілі қатты тигенінен бе, қанша тырысканымен, басқа ешленеге алданар түрі жоқ. Мынау бөтеген ауылда мұнын шағып барап сырласы жоғына қапаланды. Облыс орталығынан мүлдем шалғай қиянға неге келдім деп өкінді. Курстастарының көбі қалада, жақын аудандарда қалған, ал өзінің қайдағы шет совхозға сұранғаны несі екен? Басқа ауылдарда кездесе бермейтін мықты, аты шулы дәрігерлер бар дегесін бе, әйтеуір осында жеткенше асыққан. Бірнеше елді мекенге қызмет көрсететін, жиырма орындық жәйі бар, жасыл орманның шыға беріс қойнауына орналасқан аурухана үйі анадайдан көз қуантып еді. Ауыл мен екі ортада ашық алан. Таңертең біраз жаяу жүреді, жанга ракат, айнала тып-тыныш. Көшениң ортасындағы соңғы жобамен салынған мектеп үйі. Бағдарлай қараса, ауылға да үқсамайды, кішігірім қаладай, тұрғындары көл. Солардың ішінен Еленайға жанашыр біреуі бар ма екен? Жападан-жалғыз отырған қыз соны ойлады. Әлдекіммен сырласқысы, әлдекімді пана тұтқысы келді. Кіріп-шығып жүрген Жәпек ағайынан басқа ешкім жоқ. Мағынасыз отыра бергеннен жалығып, потеріне қайтуға жиналды. Бұны

қашан да күтүге дағыланған үй иелері. Тезірек барайын, кезекшіліктің не екенін түсінбейді және ескертсем бір сәрі деген оймен халатын шеше берген.

- Мұны қалай тусін деп бұйырасыз? - Жәпек ағай есіктің бергі жағында қалшиып тұр.

- Не істеймін, таң атқанша бәрібір жұмыс жок, ешкімді өкеле қоймас енді.

- Жо-жок, жарамайды бұның. Әрі күн де батты, дала қаранды, жалғыз журуге болмайды саған.

Шынында да уақытты текке өткізгенін енді анғарды. Әлде клубқа соқса ма екен, бүтін би кеші, мына қалпымен сопиып қалай барсын, екінші жағынан коркынышты да. Ұлан айтқан сезге құлак асқаны жөн, жамандық тілемейтіні рас оның.

- Қарның ашса, тамақ та дайын.

Екіудай ойға шомған Еленай халатын асықпай қайтадан ишінде ізді. Столдың үстін жайнатып жіберген дәрігер ағайына танырқай көз жүгіртті. Осындағы ең көрікті саналатын, үлкенге де, кішіге де үнамды, сұнғақ бойлы, маңғаз жан. Қырыққа жуырда толғанын, дүрілдетіп той жасағанын әріптестері ауыздарының сұы құри әңгімелеген. Маңына қыз-келіншектер үйрек. Реті де бар, кара торы жүзінен, отты жанаарынан, әр қымыл-қозғалысынан сенімділік, ерекше жігер байқалып, төңірегіндеғілерді мысы басынқырай жүретіні рас. Өз ісіне деген мығымдылығы да өзгелерді сескендіргендей, қай кезде көрсөн, еңсесі биік, кеудесі шалқақ. Сондай беделді адамның ілтипат көрсеткені Еленайға үнай бастағы.

- Тұystарың бар ма, қайда турады?

- Альста... атам мен әжем...

- Папаң мен мамаң ше?

Бұл сұраққа Еленай жауап берген жок. Жәпек те одан әрі қазбаламады.

- Биыл оқуынды аяқтайсың, ө, - деп әңгіме тақырыбын өзгертіп жіберді. - сосын не істейсін? Иә, иә... міндепті түрде жұмыс... мамандығың бойынща кемінде үш жыл... бөлкім институтқа түсерсің?

- Білмеймін. - Еленай ишін қикаңдатты. Құрбыластарының арасында еркін отыратындаид емес, әлденеден қысышып-

қымтырылып, қарны ашса да, дастарқанға қол созбады. Жылағаны, ренжігені бар, беті қызарып мазасыздана берді.

Жәпек өзіне спирт құйып ішті. Бұған да тосты кішкентай рөмкемен, бірақ ”іш” деп қолқаламады.

- Сен, Балапан... - Жәпектің үні соңшалықты жұмсақ, - ауырып отырсың-ау?

Жаңын да, тәнін де қинаған дергтен айықтырғандай естілді ”Балапан” дегені. Бір ауыз сөзден әлемнің еркесіндегі сезініп, жүзі жадырап, қабағы ашылды. Әттең, ішкі дүниесіндегі өзгерісті сөзбен жеткізелік мұршасы жоқ, үн-тұнсіз.

- Балапан, Балапан... - деді әдейі созыңқырай әндептіп, - алтын баласын, ә? Окуынды бітіргесін бізге келесің бе?

- Білмеймін, - деді тағы да күмілжіген Еленай. Сұлу да сымбатты еркекке тұра карауға үрейленіп, жанарын айдалаға альп қашты. Бойын билеген әрі қуаныш, әрі қорқыныш қатар жарысқандай. Қас қабағындағы кірбің жойылғанымен, көкірегіне шаттық үялатқан жанағы ғажап сәт батылдыққа жетеледі. Кенеттеген жігіттің сұлтанындағы елестеген Жәпектің әр сөзі жүргегін дірілдетіп ала жөнелді. Тас мүсіндегі қатып, іштегі алай-түлей дауылды білдірмеуге тырысты.

- Осылай отыра береміз бе, Балапан?

- Білмеймін... - Жәпек бұған одан әрмен тесілді.

Оттай жанған жүзін қайда жасырудың амалын таппады, қолдарын екі тізесінің арасына тыққан Еленай жан-жағына үркे қарады.

- Балапан, егер ерніннен сүйсем, ұрыспайсың ба?

- Білме... - Сөзінің сонын жұтып қойды. Жауап бермек түгілі не естігенін үғар шама жоқ. Қасына Жәпек асықпай жақындаған сайын мойны төмен ишіп барады.

- Қаламасаң, сүймей-ақ қояйын, тек басынды қөтерші.- Қарсы алдында қимылсыз тұрған Жәпек біраздан соң есікке бетtedі. Қолдарын қеудесіне айқастырып, кішкентай бөлмені ерсілі-қарсылы әлденеше рет адымдан шықты.

Мұны күтпеген Еленайдың альп-үшқан көнілі саябырып, басын шалқақ ұстаған Жәпекті тосырқай бағдарлап, еңсесін басқан зілбатпан жүктен женілдегендесі, орнынан серпіле көтерілді. Ештеге аланұдамастан кетем дегенімен, сиқырлы

бір күш аяғын байладап-матағандай. Өзіне соншалықты жайбараптат көрінген жайдары жүзден алыстауға қауқарсыз. "Қала ғөр" деп жалынбай-ақ ырқына бағындырларлық мысы басып барады.

- Өзің біл, корықсан, журе бер.

Селкостау айтылған сөздер қыздың шамына тиді. Неге қорланғанына өзі түсінген жок, бірақ жүрек түклірінен атойлаған бұырқанысты жасыруға муршасы жетпеді. Қалайша тақылдай жауап бергенін аңғармай, өз үні өзіне айғай жаңғырықтай естілді.

- Кімнен корқамын сонда? Ешқайда кетпеймін.

Бұған танғалып, оқыс бұрылған Жәпек мәз-мәйрәм қуллі.

- Мен қорқынышты емеспін бе? Ойладың ғой әлгінде... бас салып құшақтайды деп. Бірақ сені құшақтамаймын деп үйғардым. - Дауысында кекесін бар.

Қаны бетіне теуіп, басыла қоймаған әлгі бұырқаныс қайтадан ашыун қоздырды.

- Сіз...сіз... қандай... - Эрі қарай жалғастыруға аузына сөз түспеді. Ұнап ұлгерген сүйкімді жанға қалай ұрсудың ретін тапплады.

- Бәрібір сен алтын баласын. - Эр буындан ызғар ескен жаңағы зілдін титтей ізі жок, дауысы мақлалдай жұмсақ. - Мұны өзің білуге тиіссің, Балапан... шыныңды айтшы, неше жігітпен сүйістің?

Қапелімде сасқалактап, ызаланған сыңай танытқанымен, еркінен тыс күш міз бактыртпады. Мынау есте сақтарлық жағдай болды Еленай үшін. Хал-акуалының, күй хошының билігін урлағандай, ішкі толқыныстарын сәт сайын сан алуан өзгеріске үшіраратып, бір құлазытты, бір қуантты, бір сескендірді.

"Мен сізге қуыршақ емеспін" деген сөз тілінің ұшына үйірліді. Бірақ майда қоңыр дауыстың құлақ тубінен ұзамаған әлди әуезі жүз шайыстыруға жібермейді, тым сиқырлы, тым айбынды. Абдыраған Еленай бойын құрсаулаған шарасыздыққа мойынсұнғандай лап еткен қарсылық нылшаны шаладай өлімсіреп, жанып-өше, өшіп-жана бөсендей түсті. Еркін қалықтауға дағыланған қиялды казір де шартаралы

шарлап, бұған шейін кештеген, білмеген әлем құшағына күмп беретіндегі төтенше жаңалық тосқан. Қызықтыра отырып, күдіктендірген құпияның шешуі қыындаған сайын ерегіскендей уақыт та табан тіреп, алға озар емес.

- Шыныңды айтпайсың, ә...

- Сіз... Жәпек ага... - Бірак кідіріп қалғаны. “Жәпек” дегені ұнамсыз естілгені. “Тіпті келіссіз есім, - деп ойлады, - осындаи сұлу адамға лайқатсыз”. Аяқ астынан тапқан міні батылдығын ұрлаған кісінің алдында сәл-пәл ширауына себебін тигізді. Алаулаған жүзін бұған дейінгідей жөн-жосықсыз жасырмады.

- Мен Ұланға барып келмесем?

- Мейлін.

Арада әжеіттәуір уақыт өтсе де, Еленай орнынан қозғалмады. Жәпек те “неге” деп сұрамады. Бұған күрсіне қарап, бетіне тоңінкірей жақынлады да, ернінен сүйді. Еленай қарсылық та, ықылас та білдірмеген. Оған мүмкіндігі де жоқ, жігітпен сүйісіп көрмеген бұрын. Өз қызыуының лебіне өзі шарпылғандай, өрттей жаңып отыра берді. Бұдан әрі Жәпек мазаламаған. Демін ішіне тартып, қара торы өні күреніткен қалпы қөзін қадап тұрып алған.

- Жағдайың сенің қын болады-ау, Балапан. Кімге қор болар екенсін, әлде жалғыз қалар ма екенсін, әншейін,

арманды бос тербеткен,

бесік тербетулерің керек сендердің, мына түріне қарағанда, білмеймін, білмеймін...

Сол сөз қазір де Еленайдың саңылауында. Екі кештің арасындағы оқыс оқиғаны неліктен ұмытпайтыны жұмбак. Дәл со жолғы иығынан қасиетін ешкімнің тарарапынан да кейін көрген емес. Ешкімнің де алдында дәл со жолғыдай өрттей жаңып, қысылған емес. “Сүйді, небәрі құшақталы, ал...” деп өзін алдарқатканымен, қас қағым сәттің өшпес із қалдырғаны мәлім. Әлде тағдырын алдын ала айқын болжағандай шегедей

нығарлаған қатал үкімінің шындыққа жалғасып жатқанынан ба, кім білсін: “Жағдайың сенің қыын...”

Еленай қеудесін кере күрсінді. Жауырын тұсынан шашшу қадалғандай, тынысы тарылып, қинала есінеді. Содан бері он екі жыл өтті-ау. “Мен алі он жетіде ғанамын” дейтін бал дәурен шағынан бері. Бүтінгө шейін балауса бақыттылықтың буымен жүргені де анық. Бірақ кездейсоқ, айтылған Жәпектің сол сөзі жылдар жылжыған сайын күркірей еске түсетіні қорқынышты: “Жағдайың сенің қыын болады-ау, арманды бос тербеткен ...”

Автобустың оқыстап тоқтағаны жолаушыларды манадан бері бейқам қалғығанынан лезде серпілтті. Бірінен соң бірі домалаған жұмыртқалар орындықтардың ара-арасынан соқтығыса жарылып, қапелімде дағдарып қалған иесі жанжағына қыптылықтап қарай берді.

- Әттеген-ай, - деді Кеңес, - екпіндеп ете шығатындей-ак екен, жылдамдықты төмендетіп альп... бес-алты сағаттың арасында қардың осынша үйлігені, ə?

Бойларын әлі де жазып үлгермеген адамдар оппа қарды күрекпен құшақтай лақтырған Кеңестің қимылын жәй қызықтаудан ынғайсызданғандай, біртіндеп сыртқа шықты. Еленай ағасының аяздан домбығып қызарған жалаң қолдарына көзі түсіп, қарсыласқанын елеместен, күрекке жармасты.

Қырдың астынан еміс-еміс трактор гүрілі естілді.

- Ауылға да жеттік кой, - деді әйелдердің бірі.

VII

Зираттың тұсына жақындағанда, божыны тартынқырай үстады Тоқсейіт. Манадан бергі салдыр-гүлдір арба донғалақтарының үні сәл саябырланып, төңіркте тыныштық орнады. Иесінің піғылтын таңығандай, сары бие де аяңға басты. Аруақтарға ниетін білдіріп, бетін силаған шал алғашында аялдан тоқтармын демеген. Жанарына адамның сұлбасы шалынғандай елестеп, кайта-қайта қарады. “Мына қара сұықта жүрген кім екен. Сірә, шалдардың бірі-ау...” Тоқсейіт енді солай қарай бет бурды. Көзі алдамапты, үлкен аланды алып жатқан қорымның

дәл ортасында әлдекім отыр. Арбадан асықпай түсіп, белін жазды. Тиелген уш-төрт шіріген қайың ағашын әрлі-берлі аударыстырып, биенің ауыздығын босатты.

Итемген мұны байқаса да ден қоймaston бет-аузы жыбырлаған қалты. “Жүрмейтін жері жоқ екен осының да”, - деп қойды ішінен. Тоқсейіттің әдейі бұрынғанын жактырмады. Таңертең хошы болмай тұрған. Түсінде Тендікті көріпті, алыстан қарайды, бұл қатты шаршап, төсекке қисаяйын десе жамбасы тақыр еденге тиеді. Тендік болса, жақындаамай, бұның астындағы бірсалар, көрпелерді тартып, дереу қағып-сілкіп жатыр. Әлден уақытта еден де әлдекайда сырғып, шынырауға құлай бергенде, шошып оянған. Біразға шейін есін жия алмай көзі құстесегіне түскенде ғана әлгінде осының бәрін Тендіктің далаға шығарып, шаңын қаққанын елестетті де тіксініп қалды. “Тұс - тұлқинің боғы” десе дағы, аламның алды-артын орайладап, сан алуан құдікке итермелейтіні қорқынышты. Күнделікті жастанар төсенішін сілкілей әйелінің түсіне кіргенін жақсылыққа жорымады. Күздің ызғарын елеместен таңертенгі шайын асығып ішіп, осы жаққа беттеген. Аят оқытуға біреуді ертіп алайын деген ниетінен де тез айнып, жалғыз аяңдал жеткені әлгінде ғана. Тізесі дірілдеп, шаршаған сияқты.

Сарыбиенің пошымынан-ақ арба үстіндегі иесін болжаған. Жаны бір дамыл таппайтын Тоқсейіттің таң атар-атпастан тогай аралап келгенін үқты. Баяғыда Дәм-ағаның қасынан бір елі үзамайтын. Алғашында тұған баласы емес деген ой үламаған көкейіне. Сойткен Дәм-ағасының үмітін ақтағаны да рас Тоқсейіттің. Көзін ашқан Рахманмен өзі де жұз шайысармын демеген әуелде. Тағдырға не шара, Айғанымның бір ауыз жылы сөзі сонда дүниені өзгертіп жіберер еді ғой, шіркін. Діні қатты үрғашыны көргені де, білгені де сол ғана, жалған сағым әлі де алданышында елестейді. Бұ дүниеде Айғаным мен Тендік қана санасына мықтап сінгені. Марқұм Тендік, жатқан топырағын жұмсак болғыр, тайпалы елден кегін қайтартқан сенімді серігі еді ғой. Ұзақ жыл бірге тұрғанда ішіндегісін актармaston, тастүйін өтті өмірден. Мінезі жібектей, даусын көтеріп сойлемейтін, үлкен-кішіні аялат үйренген бейібак озін жақсы көрді ме, кормеді ме, шешімін таптаған коп жұмбағының бірі

осы. Ел-жұрттың алдында жанарын шатынатқан тұсы жок, әсіресе үйінен қонақ арылмаған жылдары абыройын асырған. Айғанымға деген ықыласын былайғылар білмейтін, жақын араласқан үш-төрт кісі ғана ортақ сиріне. Қызығы - қатарлары сиреп, қашасы жарық тірлікten көшіп жатыр, ал баяғыда Рахманның шаңырағы бастарын косқан үш-төртеуі әлі тірі, сөні жұтаң көштің соңында әрең ілбігендей. Бірін-бірі жек көріп, бірін бірі жамандыққа қыып, бірін бірі қапысын тауып сүріндіруге дайын тұрған сол баяғы өздері әлі тірі.

Анадайдан бұны жете танымағандай, әлде сынағандай қақшиған Тоқсейітті жауырынымен-ақ байқап, қай-қайдағыны түбін қаза есіне түсіре бастады. Жазмыш дегенді қойсашы, анау Тоқсейіттен сірә өлгенде де құтылmas. Оның жамандығы жок еді, үрейін ұшыратындаидай, ұзақ ғұмырында бұның әлде иттігі, әлде кателігі ме, әйтеүір екеуіне ортақ қыын жағдайға күә боп келе жатқаны жақпайтындаидай. Бұның тарапынан жасалған қатігездікті ішіне бүгіл тымыраятыны қинайтындаидай. Дәуірі жүрген, дәуірі көшкен қай кезенде де Тоқсейіттің күнкоріс әрекетін әрдайым тамаша қылатын. Өзі дерсін, митың-митың аяңынан сірә де жаңылмайды. Қатарымнан озам деп тыраштанбады, әкімдікке жоламады. Кедейміз деп кеуделерін жұлған аласапыранда селт етпеген қалпынан кейін де айнымайды. Билікке қолы жетерліктең талай сөті түскенімен, титтей әрекеттенбегені жұмбақ. Табынған пірі белгісіз.

Көк желкесінен Тоқсейіттің әлі қарап тұрғанын сезген сайын оған деген әлденендей өшпеніліктің баяғыдан бері ішін қыз-қыз қайнатып келгенін ұқты. Бұрын соның себебін айқын түсінбейтін. Зерделесе, жүдеу шағының да, ойдан орып, қырдан қырқып алуға дағыланған озбырлығының да, жалғыз күәгері екен ғой. Қанша рет құтылуға әрекеттенді, бірақ отқа салса, күймеді, суға батырса, тұншықпады, нендей сикқыры барын сұмырайдын. Мұның көленкесіндей сонынан еріп келеді. Былайғы жұртқа көсемсі сөйлеп, қашалықты байсалдылық танытуға құлышынғаны осыны көргенде кенеттен сап тыйылатын. Бейне бір ұрлық жасағандай, міне, ту сыртындағыдан қуыстاناип, берекесі қашып отыр.

Алқымынан қыспағанымен, апшысын қуырып, мысын басатыны қорқынышты Тоқсейітің. Мыңқыып үндемейтінінай, не мұны айыпта, жер-жебіріне жетпейді, қалай шыдайтынын. Ұдайы осылай, бұны ынғайсыздық құрсауына матаң тастайды. Айыпта ма, ақтай ма, қарғап сілей ме, қызыға ма, күндей ме, беймәлім, әрдайым бағдарлап тұрғандай.

Итемгеннің шамына тиетіні осы. Кезінің қырына ілмеуге әлкентенгенімен, жантәсілім сөтте жақсылығын, жамандығын тізбектеп, қара қылды қак жарап әміршісіндей. Тұптін-тубінде бейне бір соның қолында тәрізді бұның жұмаққа енер-енбеуі.

Зиратқа сирек соғатын. Ажал мен жарық сөулениң арасын жалғаған Тендік марқұмның сүйегі жатқан мына жерден мазасы қашқан көңіліне сая іздел шыққан. Бәйбішесі жерленген тұска әзірге аяқ оздырмаган. Жалпақ әлемде екі әйелінен басқа топырак жұтқан жақыны жок, аруаққа сиынып үйрәнгендердей емес, бертінге шейін ондайдан хабарсыз да. Ақсакалдар күткен о дүниенің рақатынан ешқашан дәмеленген емес. Өлсен, шаруанның біткені, шаң тозаңға, әлде құртқұмырсқаның азығына айналасың. Сондықтан басқалардай аллаға, әлде аруаққа, әлде аспанға жалбарыныш, күнөсін жуып шаярлықтай әрекетке ешқашан бармайтын. Кезін ашар-ашпаста төсегін сүйрей жөнелген Тендік жүрегін шаншытқасын үйден қалай үзаганын аңғармадты. Оқығаны шамалы, сауатын ашып үлгергеніне шүкіршілік, аятты да жөнді білмейді. Мезіретін жасап, күбірлегені сол еді. “Құлқу алла-а...”

Мәнін өзі де үқпайтын тіркесті әлсін-әлсін қайталап, қазақша мұндаусуға ниет қылған. Тасқа жабыстырған Тендіктің суреті со күйінде жалпырап тұрушы еді. Ауылдың кәрі-құртана “шарығатқа симайды, сайтан үялайды, суретінің қажеті жоқ” - деп, қанша ескерткенімен, үл-қызы көнбеді. Аппақ кірпіштен ескерткіш орнатып, ат шалтыврып қорымның ішінен альстан көз тартатынынан адаланған тәрізді, оның бер жағында әлдеқайда биік құлпытастар көбейіпті. Еліктеушілікті қойсашы, біразында суреттер, қайсыбірі бертінде салынғанымен, жауын жуған ба, сұлбасы ғана, бет пішіндері айғыз-айғыз, мұн үялатып, адам қарауға ынғайсызданады екен. Дегенмен аты-жондері жазылғаны дұрыс-ау, көдімгі қол

ұстасып қауышқандай әсерге бөленеді оқып тұрып. Осында жер қүшқандардың қай-қайсы да таныс, тірліктері бұның көз алдында отті. Көбінің пошымдары ап-анық елестеп, ренжіген, қуанған, айғайласқан, алшаң басқан бейнелері еркінен тыс тапжылмай тынышын үрлады. Үнсіздіктің аясында құлағын шулатқан нендей пәле екенін айыра алар емес. Әрбірден соң жүргіг тулап, он жақ қолы дірілдей берді.

Кү сүйегін салдыратқан атасына әлелт мына тәні құрғырдың сәт сайын сатқындық танытып, жігерін құм қылатыны-ай. Сырттай нық, тастүйін қонжиганымен, селкілдей жөнелген он білегі, тым-тырақай билеген саусақтары сабырын одан әрмен қашырып, қойны-қойнышына сұық ызғар жүгірді. Сыр білдірмеке тұрысқанымен, ту сыртынан қанжардай қадалған Тоқсейіттің көздері өнменін тесіп әкетіп барады. Қолтығынан әлдеқандай күш көтеріп-көтеріп қап, сүйегін сырқырата дірілі әрен басылған қолының үшінша шалтынды назары. Бұктетіле буыншактаңып, шошығандай анда-санда қимылдаған саусағы құрғырлар неткен сүйкімсіз. Өзіне ғана мәлім іске асырып, саусақтары жан түкпірінде жасырын ұры тілектерін жүзеге асыруға, жариялауға әрекеттенгендердегі көрінді. Осы ұзақ ғұмырында үлгерметен жәйттерінің әлі де шаш-етектен екенін есіне салғандай шошаң-шошаң етеді. Шынтағы ашыңқырап, буын-буыны сыздап ауырғасын қайтадан сабасына түсті көнілі. Түкке де қауқарының жоқтығы улады санасын. Әлгінде ұзақ ғұмырында деді, шын мәнінде солай ма. Жалт етіп жоғалған бозбала, жігіттік шақ, қырықтың қырқасынан асқанда бір таң қалдырған, кейінгі қырық жылының қалай тез өткені тағы таңқалдырып отыр. Басы жастыққа тиғенде откен-кеткенді елестетіп, мың жасағандай күй кешетін, ал түрекелгенде түні бойғы телегей-теніз сурет дереу жоғалып, сөн-салтанатты дәурен сап тыйылатыны түсініксіз. Жатсан - мың жылдық, тұрсаң - бір күндік өмір боп құбылатын түрлаусыз уақыт. Қобелектей қаперсіз ұшқан шыбын жан әншейін жаратқан тәнірінің ермегі шығар. Ми, ақыл, сана, намыс, қайрат, бәлкім адамның өзі тапқан ермегі ме, кім білген.

Сондай түкке тұрғысыз ермектерден құралған ғаламның құлақкесті құлы - пенде атаулының тырбын-тырбын, жер

жастаңғанша еш бітпейтін күйбің шаруасы неліктен ыстық екен өзіне. Шаруаны былай қойғанда, құл сүлдерін сүйреткенге неліктен құштар десенші. Қызықтайтын дымы қалмаса да, ку сүйегін Тендіктің қасына қимай, құлшылық қылыш отырған жоқ па. Көзін жыптылықтатып жарқ-жұрқ үшқын бәрібір қымбат. Тендіктің кәріс орамал тартып түскен суретін құшағына ораған тас белгінің астында өзінің де дәурені, қайта айналып соқпас бақыты жатқаны жүргең сыздатқанымен, жарық дүниеге деген ынтықтығының есесін кемітпеді. Ит тірлігінің титімдей үлесін о дүниеге айырбастауға құлықсыз. Бір аяғының көрде, бір аяғының жерде тұрғанынан бейхабар тәрізді. Көр деген қаласты ойлағанда, аза бойы қаза, тіркеніп кетті. Төңірегін салмақпен барлап, жанары мөлдірекен жас келіншектің қалай ғана толырақ қойнауында жасырынғанына сенбейтіндей. "Несіне қарайсыз, шаршаған жоқсыз ба әлі" деп жымияды Тендік. "Сізбен" өтті ғой өмірден. Арғы-бергіде таныстарының арасында күйеулеріне мұншалық ілтипат көрсеткен қатын-қалашты білмейді. Шіркін, Тендік, шаңырағымның құты, алысты да жақынды да тандай қақтырып, тамсантқан ардағым. "Неткен төзімдісің, Тендік" деп құрбылары жинала қалса, бастарын шайқасатын. "Еркектен ғана емес, келіншектерден де қызғанады" деп сыртынан талай мысқылдағандарды естілі. Шынында Тендіктің әлдекіммен сөйлесіп, оңаша сыйырласқанын байқаса, тынышсызданатын. Қызғанбағанымен, өйелдермен шүйіркелесе кетер сөтіне жолықтырмаудың амалын қарастыратын.

Екеуінің өуелде табысуына жағдай туғызған кісілерді есіне түсіргенде, үрейленіп, үрыдай қыыстанатынды кейіннен ұдайғы әдетіне айналдырды. Өзгелер де бұған өзінің істегенін өзіне қайталайтындай көрініп жүрді. Осының әсерінен Тендіктің басқан ізін андитынды шығарды. Қаракшыдай түн торып, ебін тауып Тендікті алғанда, айласын қалай асырғанына сүйсінген. Емшектегі ұлын тастай ма, тастамай ма, о жағын келіншектің қалауына қалдырды. Бұған қажеті дүйім елдін құлап-сүрінген аяулысын аяғына жығу. Беу, заман, толықсыған айлаң сұлуулар, бұран бел, қаламқастарлың небірі

қойның жылтыгпады. Құдай үрғыр, сол үры қылыштардың айтып-жеткізгісіз тәттілігі болатын. Әбден дағдыланып, артынан жөнді, жөнсіз елегізіп, іші ұлтын "ауруға" шалдықты. Ерекең пен әйел арасындағы жымысың көзқарастың тілсіз әліппесін ұғысатындар бір-бірін әдетте тез табады. Ешқайсы да акталмайды, датталмайды, жауапкершілік, парыз, борыш сияқты сансызың шартқа бағынбайды. От басының жылтуынан да қашқақтатқан арсыздық, дегенді қойсаны.

Тендіктің бәз баяғы салмақты жүзіне көзі түскенде, ойынан шатасқандай, қайда, неге отырғаны капелімде есіне түсе қоймады. Көрілкіп мұндан да қоқайын өткеріп жүр аракіл. Көнбейтін амалы кәне? Неменеге отыр манадан, неге келді, кімді күтіп отыр осы. Міз бақтырмай қойған қандай құдірет. Шошаңдаған саусақтары құтырып барады, кімді, неге шымшуға, қытқытауға ма? Қарсы қараған Тендік пен екі орта кенеттен алыстап журе берді. - Құлқу ала-а, аһад, ала-а-а...

- Кемпіріңің айы өтейін деген екен. - Тоқсейіт бері жақыннады.

- Екі дүниеде қимайтын болдындар ғой маған Тендікті, қашан доғарасындар қызғыштай қоруларынды. Мейір қандырып, арызdasуға мұрша бермедін, әйтпесе, кел, құран оқымаймысын?

- Зираттың маңына жоламайтының қайда. Әлде шынымен картаяйын дедің бе, сені ешқашан олмейді деп жүрсек.

- Е, олмейтін, құзғын боп кетті деймісін? - Итемген жегілген ат, арбаға қарады.

- Құзғын боп деймісін. - Қасындағының қозімен мүлдем басқа жақты кезіп кеткенін байқағандаған Тоқсейіт іштей күбірлеп, өзімен-өзі сойлесіп тұрғанын сезді. Әншіейін айтыла салған сөздің кенеттен жан дүниесіне өзгеріс енгізгенін байыпташ жатпады. "Құзғын дейді, ә, қалай дәл тапты, ә, шынында құзғын ғой, иә, иә, құзғын. Баяғыдан бері қалаїша миыма кірмеген, қорлығы бір басымнан асып жығылғанда, сатқындығының, жауыздығының құрбандығына шалынғанында, неліктен осыны ар-ожданына салық қылмадым". Өз аузынан естігенде барып құзғын екеніне сенгені қызық, баяғыдан білмейтіндей-ақ таңырқағаны несі.

Токсейіттің басы айналып, төніреті қарауытуға шак қалды. Бір Итемген мың Итемгенге көбейіп, төбесінен сансыз құзғын түнгендей. Шіркін-ай, осы иттің ішін ашып көре ғой, әуелден құзғын үя салса керек, әйтпесе екеуінің де өсіп-жетілген жағдайлары бірдей емес пе еді. Соған қарамастан екеуінің арасында жер мен қоқтей айырмашылық, бірі тәбет, бірі оның жемтігі. Бірақ Итемгеннің түрінен әлдене аңғару мүмкін емес, кешегі алты қарыс азудың ізі де жок, қаусаған шал. Өзі ше? Токсейіт кеудесін кере күрсінді. Екеуінің екі түрлі тағдыр кешкені, біреуінің от жалап, мұс тістегені, екіншісінің мамық төсекте, құс жастықта аунап, жылы-жұмсаққа кенелгені мынау үшқан уақыт үшін түк емес тәрізді. Ол бәрін - зұлымдығың, әлсіздігің, бейшаралығың, адалдығың, жәдігөйлігің, екіжүзділігің, қанішерлігің - бәрін меніреулікпен жүтуда. Токсейіт басын шайқады. Сонда қудайшылықты қайдан ізdemек. Әділдіктің түпкі қазығын уақыттан табамын деп жургенінде, міне, быт-шытын шығарған көрілік алды-арттарынан шырмат үлгерген. Жатындауга, жануға тиісті талай ғұмырды жүтқан мынау Итемген екеніне қазір сену кын. Атана нәлет, арамза, әлі келеміз катарласып, арамызда ештеге өтпегендей, мен нақақтан күймегендеймін, сен нақақтан күйдірмегендейсін. Түрің құрсын қалбақтаған, қимайсың, ә жаныңды, несі қалды қимайтындар, жасарыңды жасап, енді кеп құдайға жалбарынасың, ә, атана нәлет арамза. Тіліне небір қаткыл тіркестердің үйірілгеніне өзі де танырқаған Токсейіт жерге шырт түкіріп, теріс айналды.

Алайда әлдекандай күш аяғынан тартқылап жіберер емес. "Тәубесіне келтір малғұнды, шынғыртып бір шындығын айтқызар тұсын келді. Айғайлат, енірет, жалындыр, - деп, сыбырлағандай әлдекім құлағына. - Жасқанба, мұндаі сәт кейін кездеспейді, тәубесіне келтір, иманын үйірт, құты қашсын бейбактың. Егер сен іstemесен, мұны, перштегерінден күш тайғаны, әділет атаульдан жол тайғаны. Шынғыртып бір мұның да шындығын айтқызышы..."

Аспаннан ба, желден бе, саңылауын тескен сыбыр ұзаққа созылды. Әлде бұл хабар талай жыл тұншықтырған ішкі

тілегінің аяқ астынан бұрқ-сарқ төгілген көрінісі ме, Тоқсейіт түсінбеді.

Итемген мұның жан әлеміндегі өзгерістерден мұлдем хабарсыз, сүйк топырақтың үстінде шарт жүгінген. Манағыздай қысылып қымттырылар емес, даусы ап-анық естіледі:

- Құлку алла-а-а, аллада, алла-а-а-а уссамад-а-а-а...

Ойпырмай, үлтмай-қызармай “алла” дейді, ә? - Тоқсейіт Итемгеннің үнін естімеудің амалымен әрірек кетті. Егер арсыздар да алла тағалаға табынып жатса, жауыздар да алла тағаладан шапағат тілесе, қанішерліктің небір сорақысын жасап, артыңша тәніріне жалбарынса, сонда қалай? Итемген де, әне, моп-момақан, алтадан раҳым күтуде. Баяғыдағы екпін, баяғыдағы қарқын қайда, Итеке-ау? Қуа-қуа құдайдан бездірдік жүртты, ендігіміз не жосық, өзімізді алдау ма, жаратқан тәнірімізді алдау ма, енді тірлігімізде нендей мағына, нендей мән бар, Итеке-ау? Қартайғанда құдайды да алдан-арбағың келеді, ә, әлде өзінді алдан отырсың ба, мына ызгарлы желдін етіне әкеп тыққан қандай күш екен сені, ал мені ше? Кездейсоқтық қой сол баяғы, екеуміздің арамызда алі қалмай келе жатқан кездейсоқтық, енді, мінс тағы да түйістірді басымызды, және қай жерде, аруактардың аясына екеумізді тектен-тек әкеп тықлаған шығар. Ендеше осы жолы бір актарыларсың, ә, Итеке, әлде ежелгі әдетіңмен тайқып шығасың ба? Жаттап алған бір аятты манадан неше мәрте қайталадың, тым құрыса құдайдың құлағын аясаншы. Жаңынның тыныштығын сақтағың келеді, ә, Итеке. Құдіретің жетсе, құдайдың өзін алдан сокқың келеді, ә”. Кеудесін әлде толтырған, әлде қысып әкеткен толқын-толқын ойлардан ба, қалай айғайлап жібергенін де андамады:

- Беу, дүние-ай...

Итемген жалт бұрылды:

-Не дейсін?

- Аятындан жаңылдырды-ау, неше қайталадың алғі аятты, кімді алдан отырсың бағанадан бері.

- Қакиып адамның зәресін үшырмай тізе бұкші өзің, мені сыйламасан да, аруактарды сыйласаншы.

- Саған қор болған қайран құран сөзі-ай, - деп Тоқсейіт бері

таман жақындағы. - Құдайсыздар тобынан қашан бездің, құранға қашаннан жүгінесін, осыны түсіндірші ең алдымен. Содан кейін қояр сауалым және көп, екеумізді бүтін аруактар бекерге шақырмаса керек. Ерте ме, кеш пе, екеуміздің құдай алдында бір жүздесеріміз рас қой, тек сен бұжолы бүлтектама, ішінде көмген маған қатысты ақиқатқа бұрын-сонды бойлатпадың, корықкан шығарсың, ал ендігі тұста екеуміз де бірдейміз, екеуміз де асарымызды асадық, жасарымызды жасадық. Ертең ия сен, ия мен өліп кетсек, о дүниеге қайтеміз ауыр жүк тасып, онсыз да жетер жуып-шаяр күнәміз. Бұдуниеде сен сияқты құдайды алдауға болар, бірақ о дүниеде, есіне тұт, құдайды алдай алмайсың. Элде оның да амалын тауып қойдың ба? Амалдан үйренгенсін ғой өмірбақи, бірақ өзекті жанға бір өлім, осы жағын ұмытпасаң, мүмкін шешілерсің. Озің біл бірақ, о дүниеге сонша қасірет арқалап калай барасың?

Итемгеннің көзі жыптылықтап, Токсейіттің бір сөзін естіп, бір сөзін естімеген, “қасірет” дегенді құлағы шалғанда бұған шошына қарады.

- Қасірет арқалағаны несі, не былдықтырып тұрсың, сен, денің сау ма өзіннің? Қалай-қалай шырқап барасың, әй? Мына аруактар кешіре ме екен екеумізді, басқа жер таптағандай, о несі әй, қой әрі, былшылдама, құлайдың қаһарына үшшырмыйз.

- Пәлі, - деді Тоқсейіт танғалып, - пәлі, қудайдың қаһары дедің бе, әй, мен оның қаһарын да, қайырымын да еткергенмін, қорықсан, сен қорық, менің басым ыстыққа, сүйқа обден піскен бас. Шүкіршілік, құдайым қаншалықты қасірет арқалатқанымен, әйтеуір әділет бар екен, сенін мына түрінді күн сайын көріп отырғаным да соның арқасы. Айналдым атамекен, бабамның аруағынан.

- Сен менен не сұрап отырсың? Тұк түсінsem, буйырмасын,

- Итемген орнынан котеріле беріп, етегіне ме, алденеге сүрініп, жантая құлады.

Токсейіттің бұдан әрі сойлеуге құлқы сокпады, тіпті құрдастының дөрменсіз мына қалпына ызыланып, манадан текке сойлегендей жігері құм болды. Озіндей қаусаған мына шалдың қарсыласуға, күресуге татымайтынын бажаілағы. Мынау кім, баяғы айбыннан, баяғы беделден, атак-абыройдан облен

жүрдай, әбден біткен, мұжілген. Қалайша енді сондай сорлымен есеп айырыспақ, ту-у, менің де миым тозған еken, әттен ертерек ойлау керек еді бәрін. Дегенмен тағдыр, тұрмыс билейді адамның сана-сезімін, ұндемеуге, тұншығуға дағдыландырған кезеңнің ешқашан өзгермейтін таңбасы бәрібір қара майдай кетпейді еken бойынан. Міне, отыз жылдан асты тар қапастан құтылғанына, неге бірақ шектен асқан бір төзімділік құрсаулап келеді, әлі де солай, келешекте де солай болмақ. Өйткені мінезі, қылышы, іс-әрекеті әлденеден, әлдекімнен тәуелді тәрізді көрінеді де тұрады. Іштеген туып, іште өліп жатқан мақсат қанша, іштен тынған түсініксіз де қорқынышты бір хал-ахуал. Бұғінгі батылсызыдау қадамының негізінде де өздерінің айтылмай, жырланбай кеткен мұн-зары жатыр еді ғой, енді соны сұраудың да жөнін таптай отыр. Ту-у, менің де Итемгенге ұқсан бара жатқаным ба, қалай өзі. Беу, дүниe-ай, күні бұғінге шейін тілін тістетіп, демін тұншықтырған бұл не қүш еken. Өзі де бýмейді оның себебін, бірақ әлдененің, әлдекімнің құлы еkenін ғана еміс-еміс болжайды. Әділ сөйлеуге, нық адымдауға мұлдем дәрменсіз, қалайда ебін тауып, қандай жағдайда да сыртылып сырт қалуға, бейтарап журуге бейім. Қашаннан осындағы халға душарланғаны есінде жок, тұрмеге дейінгі тірлігінде мұншалықты сорлылық болмағандай-ды. Кейін ауылға тірі оралғанын дәтке қуат қылды, Итемгеннің осыған куәгерлігін медет тұтты қөніліне, неткен сорақылық, Нұрхан туралы жұмған ауыздарын ашуға корқады, қазірге дейін. Бұл үрейін қалай ақтамақ, тым құрыса өлер шағында бір ашылып сырласайын десе, бәрі өншейін далбаса, ту-у, неткен бейшаралық, неткен қорлық. Ағана нәлет арамза, әлде етірік алжып отырсың ба?

Итемген күйгелектеніп, тезірек кетуге асыққандай. Іштей шошыған сыңайы бар, күтпеген тұста Тоқсейіттің “құдай алдында бір жүздесеріміз рас қой” дегені ешқашан тістен шығармластай үміттенген бітеу пиғылын аяқ асты етіп, берекесін қашырды. Әдетте тоңмойын, қабағынан қар жауып жүретін Тоқсейіттен мұны күтпеген. Жамандыққа қиғанмен, өлімге қимаған тәрізді еді баяғыда. Тоқсейітті де, басқаларын да. Аяғы сүмдүс, болды ғой сол бір аласапыран науқаннның.

Шетінен жігіттерді көгенделген қозы-лақтай тізіп бергенде, мұның ар жағында кесапат жатқанын болжамалты. Қолына билік тигізген кенестің алғашқы жылдары қальптастырған белсенділік отызыншы жылдары ерекше сипат иемденгені рас еді. Үдере көшкендер, жер аударылғандар қисапсыз, малдың да, жанның да бетаңды лағып, ғасырлар бойы мекендеғен туған топырағынан күлғандардың артынан өзіндей батырақтар қалғанда, содан көгерे қойғаны шамалы еді. Ел-жұртты есенгіреткенде айрандай үйіған бейқұттыңын бұздық деп ойладық па? Қоңылғаның қоныңқырамайтын бірденені еміс-еміс сезгендерімен, шауып келе жатқан атты тоқтату қайдан онай болсын, екпінімен-ак қырқыншы жылдардан бір-ак орағытқан. Осындай алапат екпіндердің арасында не өтпеді дейсін, Токсейіттің емексітіп тұрғаны да сол ғой. Қарай ғор өзін, мені кінәлағысы келеді, жоқ, мен емес кінәлі, заманыңдан, тағдырыңдан тапқан шығарсың, мен де өзіндей соның құлы болғанмын. Денесін жазып Токсейітке қарады, манадан соның мысы басқандай қайта-қайта сүріне бергесін іштей бекемдентен түрі. Бірак Токсейіт бері бұрылмады, терен ойға шомып, биік қарағайлары селдірей бастаған ағаш жаққа қадалып тұр.

- Жоғалтқаның бар ма еді, неғып аңсарың ауды о жаққа? -
Итемген Токсейітке жақынлады.

- Неге аумайды аңсарым, сендей бітеу емес шығармын.

- Қандай болсақ та, екеуміздің жетіп жығылған жеріміз осы енді, әлгінде өзің айтқандай көр алдында тұрғанымыз рас, қайтеміз бір-бірімізді текке қажаі.

- Текке дейсің бе? - Токсейіт таңырқана тіл қатты. - Жоқ, екеуміздің құдай әйтеуір бір беттестіруі қажет деп есептеймін, бұл менен ғорі саған қажеттірек шығар, саған деймін, естімісін. Саган.

- Неге маған, не бұлдіріппін соншалықты?

- Қылды Қарауылдың кіл өңкей сырбазын, қымбаттысын, ардақтысын айдал, камап жатқанда, қалай аман қалдың, яғни бәрінің түбіне жеткен сенсің.

- Ал өзің қалай тірі қайттың ауылға, сен де сау емессін. Талайдың түбіне сен де жеткен шығарсың, ойтпесе нен артық

өзгелерден. Қалайша жалғыз өзін оралдың. Басқалары қайда, сатқындыққа бармағаныңа дәлелің көне?

- Он жылым, сен үрлаған он жыл ше?

- Тапқан екенсін дәлелді. Он жылға деп кесілгендердің елге оралғанын кездестірмедім. Эй, сен неге менен көресің, он жылымды үрлады деп, не, мен бе екен аяқ-қолынды кісендеген, мен бе екен жауапка тарқан, мен бе екен жазалаған. - Шашаң сойлегендіктен Итемген сілекейіне шашалып біраз әуреленді. Ызаланғаны сонша, өзі-өзіне келгеннен кейін де тамағы құрғап, тұншыққандай иегін әлсін-әлсін көтере берді. Ишінен Тоқсейіттің әбден сыбап алды. “О, несі-әй мынаның, аяқ астынан бұған жабысқаны кай сасқаны, сонша жыл үндемей келгенде. Мұнысы не, баяғыдан кайда қалдың, намыской болсан. Қылды Қарауылдың қіл өңдек қаймағы дейді беті бұлк етпей, сол қаймағы бірін-бірі ұстап берген күні кеше, біріне-бірі күнеге жүргенін білмеуші ме едің, сенің қайсына күә болғаның өзіңе мәлім шығар”.

Мұның ішкі ойын ашық кітаптай-ақ оқыған Тоқсейіттің сөзіне қатты танғалды.

- Сен ғой, Итеке, айланғы бәрінен асырдың, бірін екіншісіне, үшіншісіне айдал салып, сөйтіп-сөйтіп бәрінің түбіне жеттің. Әрине, ешкім дәлелдей алмас еді сол бір сүркиялғыныңды. Кейінгі кезде түсініп жүрмін, дәл со жылдары миыма кірмепті. Бірлі бірге арандатып, өзара қырлыстырудың да, аман-есен елде қала бердін, неткен зымияндық десенші. Осы саған қайдан бітті екен осынша “ақыл”. Сен адамдарға ешқашан адамша қарамадың, елдін дүние-жиһаз, тайлы-тұяғын ортаға салып жойып жібергендей, кейін адамдарды да дәл сол мал-мұліктей қырып салдындар. Адамның жанынан қасиетті не бар бұ дүниеде, әттең кім түсінді мұны? Ешқайсымыз. Әрқайсымыз бірақ өз жанымызды қызығыштай қорылдық, әрқайсымызға өз жанымызға тәтті. Эйтпесе, немене, сен басқалардың тілеуін берсін деп сүйретіліп жеттің бе осында? Айнала өз жанындың, өз қамындың әрекеті емес пе ”құлқу алла” деп сұнқылдан отырганың. Ертеректе Дәм-ағаның жиі қайталайтын осиеті әлі есімде: құдайға құлшылық еткенде, жаратқан иене табынғанда, өз муддендіға ойлама, төңірегінде жетім-жесір, мүгедек

пен запа шеккен, қайғы-қасіретке душар болғандар үшін тілек ет, солар үшін жалбарын тәніріңе дейтін. Жасырақ кезімде елемейтінмін, есейтесін санаға кірді ғой, қазір тіпті сүйегіме сіңіл кетіпті, айдалада келе жатып, көкейіме өзім танитын ғаріппер түсіп, алдымен сондай бейбактардың жағдайын түзе деп құлыштық етемін аллаға. Рас, қазір құдайдың сабыны түсіп те жатқаны шамалы пендеге, аштық, жалаңаштық жок.

- Ендеше кім үшін қайыр сұрайсың құдайдан?

- Көпжасардың балаларына сана бере ғөр, ауруларынан жаза ғөр деп...

Итемген селк-селк құлді.

- Неге қүлесін? - деді Тоқсейіт. - Ұрпағының тозғанына, арактан азғанына қүлесін бе?

- Мүмкін сен Көпжасардың қатыны аракты қоя көрсін деп құдайға аһ ұра жалынатын шығарсың әлі. Эй, осы сенің сарайың таза емес. Сосын екен ғой құдайдың жарылқап қарық қылғаны.

Тоқсейіттің іші мұздагы, соңғы сөз шымбайына батқанымен сыр білдірmedі. Нені емексіте мегзегені түсінікті, сонда да өзінің ең осал жерін мына иттің дөп басқанын аңғармағандай түр таныгты. Кім білсін, әлде мына ит не айтып отырғанын өзі де түсінбей ме, тіпті өншіейін айта салған цығар, жок-жок, бұның зымияндышына найза бойламас, жүрекке салмақ салуға, мұқатуға шебер бұл.

- Құдайдың қарық қылтуы да, зар қылтуы да онай ғой, о жағына барыспайық, - деп күрсініп қалды Тоқсейіт.

- Әрине, - Итемген тамағын кенеді, - мәселен мен ештеңе ешқашан тілемеген, ештеңеге сенбеген адаммын, ал енді құдекенің маган деген қас-қабагына ризамын.

- Ештеңе тілемесен, “құлқу алиа” деп неше рет құладын әлгіден бері, құдайдан баяғыда қорықтағаның рас та, қазір бірақ қорқасың, ешкімге керексіз жаның өзіңе тәтті өйткені. Құдайдың ракымы түсіп, жанынды қалдырысын десен, өзгелер түссін араға тілегінді орындау үшін.

- Түсінбедім.

- Әлгінде естімедің бе, Дәм-ағаның осистін айтамын. басқалар үшін құлыштық жаса құдайға, мұлдане жетесін.

өзіннен әлсіздерге көмектес, үлкен-кішіге қайырымды бол және мұныңа міндестіме, сонда ғана пейіштің төрінен шығарсын, егер көксегенің сол болса, әйтпесе сексенде селкілдегеніңде басқа не тілемексін?

- Пейіштің төрін саған-ақ қидым. Өзің сексенге толмағандай сойлейсің ғой.

- Иә, - деді Тоқсейіт даусын соза, - иө-ө... қызық, осы екеуміз де жалмауыз бол шықтайық, айналамызды тып-типыл қылған жалмауыз сияқтымыз, біздің катарымыздан кім қалды, отызыңшы жылдары қырылды, ал екеуміз тіріміз, неліктен? - Өзімен сөйлескендай, сауалды да өзіне қойғандай.

Итемгеннен жауап тоспай Тоқсейіт алға озды. Асқан сактықпен адымдап, әр бейітке іштей сәлемдесіп отті. Ұзындау тас белгі, оның сыртын темірмен шарбақтап, құльпталған зиратты көргенде, еріксіз жымиды.

Қасында бір кіслік орын қалдырылған марқұм Әбдештің бейіті. Сарандықпен аты шыққан бәйбішесінің қолтаңбасы ғой мынау, пақыр неме, Әбдештің қалтасындағы акшасын біреу үрлап алар деп құлып сап қойды ма екен, жүре берсен, неше түрліні көресін, бұған дейін кілттелген бейіт үшыратқан емес. Өлтөн соң жүрттың бәрі тен деп ойлайтын. Қателескен сияқты. Ала-құла, биік, енкіш тартқан әр түрлі ескерткіш белгілер олардың иесінен хабар бергендей. Байтықтың, кедейліктің, даракылықтың, ұстамдылықтың, парықсыздықтың нағыз көріністерін айғақтап жатыр мына қылы-қылы төмпешіктер. Тек қана қылып бейнеленген айдың таңбасы бәрінің ортактығын білдіріп түр. Ай астындағылардың тірлік қуруының сан алуандығында мәнгілік үйқыға шомған олі шаһардың әрбір тамы әр тағдырды суреттегендей. Ай сұлбасында қалыптасқан тұстастай үфым жәй әншнейін алдамышы төрізді. Арғы тегінің айға, көкке табынған дәуірінен шымшымдалп бүгінгіге әрең жеткен белгісіндей көзге ыстық көрінгенімен, қиқы-шойқы сыртқы пошымдары кокейге секем үялатады. Бағзы заманың әулиелеріне биік ескерткіш қоймайды, неғұрлым жұпның жермен-жексен жатса, солғұрлым қадірлі саналады деген рас па, өтірік ие. Қалай дегенмен мынау жөн-жосықсыз асқақтаған кей зираттың

төбеннен төнгені ұнамсызыдау. Салдыр-салак қаланған кірпіштер, тек әйтеуір зәулім болсын деген үшкәры тілекті бірден байқатады. Соңғы жылдары кірпіштен құйған белгілер көбейітті. Эдette соғыстан бұрын белгі атаулы ағаштан, не тастан ғана орнатылатын. Бұл өнірде еспейтін, өнбейтін нәрсени әкелем деп ешкім әлектенбейтін. Тау бектерінен табылса, лайықты тас, орманнан қажеті ағаш - одан басқаны бертінге шейін зиратқа пайдаланбады.

Кейбір зират жасыл желеқ жамылыпты, міне, ескерткіштің жалғыз үлгісі. Бірақ ешқандай реттілікке бағынбай, кедірбұдыр қоныстанған өлі шаһар Тоқсейіттің конілін бұзды. Салдыр салақтық пен данғойлықтың, бәсекенің анық айғағын Құлабиеден көрем деген миына кірсеші. Әлден уақытта Тоқсейіт кілт токтады. Аяқ астынан жаңалық ашты. О, тоба, елінің, жерінің, азаматының әр кезеңдегі жағдайын тайға танба басқандай дәлелдейтін осындай қорым екен фой. Кішкентай кезінде Дәм-ағаға еріп, талай оқиғаға күә болды. Бірде Нұрхан екеуін ол ескі жұртқа алып барды. Ата қоныстарының қасиеті жәйіл өнгімелегені еміс-еміс құлағында қалыпты, есінде мықтап сақтағаны басқа. Жаздың жайлауы, шуак күнінде атка қонған. Қанша жүргендерін білмейді, “Түсіндер,- деді Дәм-аға. - Мына жерді қазындар. Бір кезде домаланған үш бас сүйегі ілікті. - Дағ үстінен түстік, міне, үш аттың басы, - деп Дәм-аға еңкейе берді, - соқыр құдыққа жүріндер, бастарды жуамыз”. Соқыр құдық дегені кәдімгі құдық, колынды сәл созсан, аржағы су. Басты шайып жатқанда, тырс етіп бір тіс түсіп кетті. Дәм-аға жалма-жан женін ысырып, әлгі тісті құдықтан алып шықты. Арулаған аттың бастарын акырында ата-бабасының зиратына (кейіннен жыртылған) әкеліп қомғандері ап-анық елестеді. “Сенің енбегің сіңіп еді осы жүйріктерді балтауға, бас жағына қояйын, Болат”, деп көмді де аят оқып, бетін сыйпады. Содан кейін Нұрхан екеуіне тұлғарлар туралы ұзак сөйлеген. “Ұмытпандар” деп қойып, шабыттана әңдімелегенде, бұнын түйгені шамалы екен қазір ойласа. “Сүйіннің Қоныраты” - деп шалқып-толқығаның ғана ұмытпантты. Нұрхан сұрак қойып, әкесі одан әрмен ашыла сыр актарған. Қозалдындағы тобешік, тау тас, алдынан қарайған қалың орман

ба, анадайдан сопиған жалғыз қайың ба, қай-қайсының түрін түстей ертегі шерлекен. Балалық шағының ең рақатты сәтіндей кейін талай рет қайталап елестетуге құмартатын соны. Жадырап жымың қаққан табиғат құбылысын бойларына сініріп, кайда бұрылсан да жасыл жайсан, қып-қызыл піскен жидек, мөлт-мөлт бұлдірген, сылдыраған бұлак, топырағы құт, береке, беу заман, жердің тозарын, орманның селдірерін кім болжаған. Мына қорым жок-ты о кездे, елу жылда ауыл тегіс осында қоныс аударғандай.

Жанағы әзірде ғаламат жаңалық ашқандай елеңдеген халінен тез тылды. Негізгі бір ой желісінен жаңылып, әлденендей қажетті бүйімьын іздегендей айналасына елегізи қарады. Бәсе, бәсе, тапты, бейіттердің әлеуметтік мәні бар, бір-біріне үқсамайтынан да жұртының ынтымақсыздығы, алауыздығы атойладап ақ түр. Бір-бірінен өктем болуга икемделе ентелейді жоғарыға. Кей зираттардың ағашы шіріп, қисайып жатыр. Әулиелердің бейіті жұптыны деген ойдан айни бастады. Ең алдымен, кез келгенге жазылмаса керек әулиелік. Екіншіден, бұл өнірде өлген кісіге ежелден зәулім бейіт тұрғызбаған, сонда бәрінің әулие болғаны ма? Мүмкін емес.

- Әбдештің қасына басқа қатын жатып қоя ма деп қорықканнан кілттеп қойды ма еken? - Итемген кеңқ-кеңқ күлді.

Тоқсейіт кері бұрылды.

- Одан да өзің алмайсың ба? Құрығанда анау күс-күс жағанды жуып бермес пе еді? Тендікке кеп телміргенше, Әбдештің қатынының қолына кір.

- Е, сен дейсің бе, қыз-келіншектің қолына әуелден кіріп дәніккен. Ондай жақса, саған ғана жағатын шығар.

- Мен не істесем де, ел-жұртымның көз алдында істедім. Үрланып ешкімнің қатынының қойнын аңдыған жоқпын.

- Ағарып отырғаның сондықтан еken ғой.

- Осымен екі рет айттың, ағарсам да, көгерсем де өкінбеспін. Сенін аяқ-қолынды жылы суға малып отырған алты ұлың мен жеті қызың ба? Құдай балалардан аулақ қылсын қырсығынды, көр аузында тұрып та жимайсың айылынды. Дірдектеген мына пошымың не, жылы киініп шықтай... - Сөзінің соңын жұмсак

аяқтаған Тоқсейіттің үнінде зілдің нышаны аңғарылмады. Иткығыс, мардымсыз егеске дағыланған сыңайы бар Итемген де бұған әбден көндіккендей. Бүгежектеп Тоқсейіттің артынан ерді.

- Атқа отырудан да қалғансың ба, жаяу жүргенің не? Пәлі, катын ал десем, сандалбай шаруа десейші.

- Сенің де қауқарыңың түрі белгілі-ау осы, сайраған тілің шығар.

- Жә, тоңып-жаурамай, отыр. Байқа, ұшып кетіп жүрме үстінен, шірік ағаштарды қимай сала салғанмын.

- Е-е, белгілі сенің жәйің. - Болар-болмас құбірлеген Итемген арбаға мінүте дәрмені жетпей біраз әлектенді. - Менің де жәйім белгілі.

Екі шал қосыла езу тартты.

-Әй, Итекен, - деді Тоқсейіт, - екеумізді бүгін құдай кездестірген шығар. Күн өлі ерте, ескі жұртқа барып қайтуға қалайсың? Мыналарды лақтырып тастайық егер барсан, тұс, кап-қатты, отыруыңа жайсыз ба, қас қараймай оралсак, ала кетермін жолшыбай.

Итемген ойланып қалды, бұл бір күтпеген жәйт еді. Ескі жұрт дегенде, қобалжып үнлемеді. Бұрын-соңды басына келмеген ой. Мойындағаны жөн, ескі жұртқа бармақ түгілі, ол жәйлі біреу-міреудің айтқанын қаламайтын. Алда-жалда есіне түссе, зығырданы қайнап, қалайда тез ұмытудың шарасын іздейтін. Әсіресе жасырақ кезінде. Бұтынан күні-түні тері шалбар тастамайтын, айлап монша көрмейтін, киіз үйдің ортасында жағылған отқа киімдерін қақтаған кезеңді еткергенін бұ дүниеде ешкім сезбесе екен дейтін.

Ескі жұрт ескі дертін қоздырып, Айғанымға қатысты сөнген арманын жаңғыртатын баяғыда. Алайда сол жұрттың тас-талқан болуын қалағандардың бел ортасында өзі жүрген. Үядай әп-әдемі ауылдың артель үлгісінде тірлік жасағандары бұларға Раҳманның айласын асырған сойқандығы ретінде көрінді. Ақырында қоярда-қоймай арызданып, жарты айда шаңырактарын аспанға атты. Жеке басын аман әрен алып қалған Раҳманның арқыраған дәуренінің күлі көкке үшты. Артель мүшелерін онкей жалшылары деп дәлелдеп берген.

Сонда деймін-ау, әкесінің құнын даулағандай өшіккендері қызық. Жаңадан орнаған үкіметтің ақ, қараны айыруға мұршасы жете қоймаған аңғалдау кезеңінде не жасамады өзіндей белсенділер. Жер-жерде комсот дегендер құрылышп, әй, шіркін, ай оңынан туып, құдайлары жарылқаған таңғажайып уақыт еді. Әлі есінде, ауданнан арнайы үәкіл келіп кедей-кепшіктерді жинады.

“Қисық ауыз Қалаби” атанған салпы ерін, енгезердей қап-қара жігіттің үкімет атынан сөйлегенін алғашында кедей де, бай да менсініңкремеген. Рахманның шекленін, тұмағын киіп кетіп, жұрт жағасын ұстады. Беделі де өсті содан кейін. Лау тартқан Тоқсейіт, пәуескеде қисық ауыз Қалаби мен Ментай, өзі. Рахманның бір үйінде кой сойылып, екінші үйінде дастарқан жайылып, монша жағулы. Зымыраған уақыт-ай, Нұрхан кішкентай бала, керемет тентек. Конак, үәкіл демейді, сыптыртып боктайды, тиісіп маза бермейді. Үәкіл, комсоттың ауылдағы мүшелері бар, Рахманның үйіне түскен. Төрдің тұсына жоғарыдағы адалбақанға Нұрханды байлад қойыпты. Ортада ет толы астаяу, қонақтар енді қолдарын соза бергенде, қисық ауыз Қалабидің тебесінен зәр сындырып сыздықтатқан Нұрхан ішек сілесі қата күлсін келіп. Не істерін бітмеген Қалаби “безобразие, осытай да бала тәрбиелей ме” деп қабағын түйген.

Сол қисық ауыз Қалабидің арқасында өзінің де қолына билік тиді. Атыраптың кедейлері жиналып, ауыл-ауылда комсот құрылды. Кімнің үйінде қанша бидай, ет, май - бәрі есепке алынды. Комсот дегенде, кім-кім де тұн үйқысынан шошып оянатын болды, әзірейілден әрмен үрей туғызды көпшіліктің арасында. Әй, шіркін, халықтың сондағыдай қорқып үріккенін тамашалау неткен бақыт еді. Қазекен дінге де өйтіп бағынып, тізерлемеген шығар. Қолына жана үкіметтің шоқпарын ұстатқан қисық ауыз Қалабиді сотталғаннан кейін жынданып өлді деп естілі. Куанып айтып жүргендердің ішінде Тоқсейіт те болатын. Әй, шіркін, опасыз уақыт.

- Неғып тіл қатпайсын, әлде қорқасын ба? - Тоқсейіт арбадағы ағаштарды сүйреп түсіре бастады. - Корықпа, неше жылғы қиналтқан күнөнисен арылып кайтасын. Кокірғанғың

тазартып өлсөнші, әйтеуір ажал хак. Тым құрыса Нұрханнан кешірім сұра, аруактарға жалын, тағзым етсен, бакұлдық алғаның-дағы. Менен де... Ментайдан да. Оның да басын сен жүтқан шығарсың.

Ойға құлаған арбаның донғалактары салдыр-гүлдір етіл, төніректі шулатты. Тегіс жермен жалғасқанда сәл саябырлап, тогайдың тұсымен беттескенде аттын тұяғы да, донғалактар да өзгеше дыбысқа көшіл, жан-жүйкені тыныштанғырандай. Божы ұстаған Тоқсейітке арқасын берген Итемген арттағы шанға көмілген бойы отыра берді. Дәурені жүрген заманда ерслі-қарсылы ойнақтаған жол қазір ұзарып кеткендей. Екі ауылдың ортасындағы көл алыстан бәз-баяғыша ағарандайды. Тоқсейіт ауыр курсінді. Киіз үйлер тігілетін сонау жылдары.

Коллективтендіру кезеңінде азайған киіз үйлер де біртіндеп көзден бұл-бұл үшқан. Соңғы киіз үйді соғыстан кейін бір бұзаулы сиырға айырбастап жіберіпті Жанғаным. Одан кейінгі тұста көрмеді киіз үйді.

- Ұмытқан жоқсың ба, әй, Тоқсейіт, ана-оу тұста киіз үйлер тігілетін еді ғой.

- Неге ұмытайын, мен сенің ұмытпағаныңа таңданып келемін.

- Талай рет шанырак көтергеніміз қайда, бақанды сен ғана үстайтынсың. Шіркін, Дәм-ағаның үйінде күмісбақан болушы еді, есінде ме? О баста қалындығының жасауымен келген деп айтатын, әдемілігі таңдай қақтыратын.

- Әдеміні әуелден есте сақтайтыныңды білемін ғой, оны несіне айттың, ебін тауып өзің емес пе алған артынан, шыныңды айтты.

- Жок, имандай шыным, дүние мұлқіне зияным тиген жок. Өздері ғой бәрін ортаға жайып салған.

- Қайдам, мені шақырып, Рахманның мальын, мұлқін бөліске салғанда, саған не қажет деп даурыққандарын.

- Құдай акы, сені басқаша күбылар деген ой миыма кірген емес. Жұрттың бәрін өзімдей көріптін ғой. Бәрібір сенің есебің түгенделді артынан. Саған қызықлаған жігіт жок еді ғой сонда, маубастарды қатырдың. Мені де.

- Жо-жок, өйтіп отірік сокпа, картайғанда алладан

сескенсенші, бөліспейтін, келіспейтін неміз қалды, ақтарылғасын шындыққа жүтінейік те. Құдай сәтін салған ұлыстың осындаи ұлы күні ағымыздан жарылайық та.

- Ендеше сенен бастайық, тілінен жазған өзің, күштеген ешкім емес. Кәне, тәніріңе есеп бергендей мойындаши, Рахманның ұлы боп жүріп қызына қалай үйлендін, Жанғанымды қалай алдың? Күні бүгінге шейін осыны үклаймын. Біз сені Нұрханның ағасы деп ойлағанбыз.

- Ағасы деп... - Тоқсейіт басын шайқады. - Сен ағасы деп ешқашан ойлаған жоқсың. Есігіндегі жалшысы Рахманның төріне бір-ак секірді деп айғайлағаныңды қайда жасырасын? Азғырғаныңды ше? Қисық ауыз Қалабиге таныстырғаныңды ше? Екеуіннің келе жатқаныңды естіп, Айғаным мен Жанғаным ішіп отырған тамағын тыға салғанын көргенмін мен.

- Қойшы, әй, дәл Айғаным мұны жасамас, сен де қайдағыны шатып, Айғаным деймісің, ей? - Итемген әрлі-берлі қозғалыңқырай, ишін көтеріп масаттана сөйлемеді.

- Өй, неменене жетісіп, мәзсің, сайтаның әлі де өлмеген-ау, сенің, ә?

- Кеудеден жан үшпай сайтаның өлер ме, Айғанымның орны бөлек еді ғой, шіркін. Оны білесін.

- Орнын толтырдың ғой өкінбейтіндей. Ал, енді сен жауап берші, әйел затында Тендіктей салмақты, түйік жанды кездестірмедім, ешкіммен шүйіркелеспейтін, дәл сол жылдары ешкіммен араласпайтын, үйден де шықпайтын деседі, не сиқыр жасадын, айтшы. Айғаным мен Жанғанымның енірегендеге етектері толады соны ойласа. Не сиқыр жасадың?

- Тағдыр ғой, тағдыр.

Екі шал бір-бірін қажағанымен, жауаптары ұзын арқау, кең түсаяуға сайды. Эріден ойқастағанымен, теренге бармай ексуі де білуте құштарланған сауалдар аяқсыз қалып жатты. Іштерінен анықтауға тырыскан көмескі суреттер бір жакындал, бір алысталған заманда арапарын алуштатқан көп кикілжінді несіне тірілтеміз дегендей, көкейлері тескенді қайталай сұрамады. Салмакпен койылған сұрактар мүлдем болған оқнитарлды жаңғыртып, естерінде тұттаған, ойысқаннан

ұмытылған ұсақ-түйек жәйтке ойысты әнғіме өзегі. Бір-біріне сыртын берген қалпы сырттай сылап-сипап, жеңіл орағытқандарымен, мәселенің негізгі түйінін екеуі де үнсіз нақтылай пысықтап отыр.

Қамшыны көтеріп-көтеріп атты аракідік сескендірумен тынған Тоқсейіт ”Рахманның ұлы бол жүріп қызына қалай үйлендін” деген сөзге әлсін-әлсін қайрылды іштей. Қарай гөр бұны, мысқылдауга құмар. Құлаққа түрпідей тиеді екен құрып кеткірдің сөздері. Әкесі аңшы, сері екен. Рахманмен көнілдері жақын, ертеден екі ортада омыртқа үзілмепті. ”Жігіттің төресі, нағыз жайсаң болған әкен, - деп жиі құятын құлағына кішкентайында, - анқұмарлығында шек жок, бірақ дүние жиып қызықтамады, елдің еркесі, қасқырды талай әкелді үйімзеге тірідей. Аң, құстың обалына көп қалды ма, анқұмарлық та жаман дейді ғой, бір айда өзі де, келіншегі де қайтып кетті. Атадан жалғыз өскен, жанашыр шамалы, боліске салар байлық жок, сені алғанда етекке оратылмады ешкім. Ниетім құлады саған, босағада байлаулы бүркіт пен сенің иесіз қалғанынды көргенде, шыдамадым.”

Тұған баласындағы асырағанымен, бұның әкесінің кім екенін әмәнда жасырған емес. Қан жақындығы жоқтығын жастай түсінді. Қысылтаяң күнде Дәм-аға Нұрхан екеуін онаша шақырып, өзгеше сырдың үшығын шығарған. Мынау астан-кестен уақытта бір-бірінен көз жазып қалмауларын қатты тапсырды. Нендей қысымдық туса да, ата мекенінен үзамай ынтымақ сақтау қажеттігін ескерткен. Заман әлі талай өзгереді, талай төңкеріліп, талай аударылады, оны сендер коресіндер. Мына жаңа үкіметті қолдандар, анау қисық ауыз Қалабителдегі өтірік үрандағандардың күні өткінші. Асылы, не нәрсені де оқып, білім қуып түсінген жөн, қаранғы, сауатсыз жанға құдайым билік тигізбесін. Әншейін батырақпын деп, кеудесін қакқан ақымақтық. Жаңа үкіметке де сүйегінің дәні, ақылының норі бар кісі керек шығар. Оқудан, ізденуден жалықландар, - дей келіп, кілт басқа әнгімеге ауысқан. - Саған, Тоқсейіт, екі дүниеде ризамын, әкенің адалдығын сінірген екенсің бойына, асыл-тегіңнен айнымаған екенсін. Итемгендей опасыздық танытпашын. Эғөреки сен де оғеілік білдірсен, қылар қайрахтым

қайсы. Сағымды сындырмағаныңа рақмет. Құдай сөзі деп қабылда, расымен балам бол. Анау Жанғанымның қалыңын қорама айдал салған құдаларымның жағдайын естігендің, бір ауылдан түяқ қалмады, шетінен айдалды, жер аударылды. Менен кінө жок, бұдан былай құдай алдында басы бос. Айғаным, Жанғаным, Нұрхан, естіп тұрсындар ма?

Токсейіт егіз қыздың тұнжыраған тұрлеріне қарап, олардың бойжетіп қалғандарын тұнғыш рет байқаған. Бұрын тілті де бас қатырмаған шаруасы, тынысы тарылып, ауа жетпегендей қысылған. Мән-жәйді әлі де ұғынқырамай ежелей сұрауға батылсыздандып, Жанғаным жаққа қаймыға-қаймыға жанарын тіккені есінде. Әрулі бұрымын қайта-қайта таратып, қайта-қайта өрген қыздың алаулаған жүзі бір өзгерісті мензегендей. Өліп-өшкізер құштарлықтан ғөрі жанашыр бауырмалдығы басым екіудай сезімге бөленіп, алладан жіберілген бүйректы қай-қайсы да орындауға тиістідей ешқайсы тіл қатпады. Отырғандар не қарсыласпады, не құптамады. Қайсының көніл түкпірінде қандай қиял жатқаны белгісіз, бәрі іштерінен тыныпты. Нұрхан ғана ұйыған тыныштықты бұзып, әлде ренжігені, әлде танғалғаны белгісіз, оқыс түрегелді. Бір түрлі қыстыға құрсінгендей болғасын Тоқсейіттің де жүрегі шым еткен. Өрекпіген көнілінің аптығын басуға дәрменсіз, алтып ұшып және қуанбады. Әрі ауыр, әрі женіл мұн кернеген бойы тапжылмаған. Аяқ асты иығына салмақ түсіп, бұдан былайғы шакта осынау жандар үшін от пен судан тайынбайтынын ұққан. Бұның өзі мерейін өсіргендей дереу бойын жазып көтеріле бергенде, Дәм-ағаның даусынан қайтадан тізе бүкті.

- Қарсы болсандар, жасырмандар. Мен Тоқсейіттен ғана сұрап тұрған жоқтын. - Рахман бойбішесіне, балаларына алма-кезек қарады. Шын ниеттерінді айтындар, кейін опынбайтындаидай. Бет жыртысып, сүйек сындырыскан мынау алай-түлей заманның ереккек де, әйелге де берген тендерін естіп жатырсындар, ешқайсыңа ренжімеймін, егер тілегімді құптамасандар, бағымызды басқаша іздейміз, жолымызды кеспе десендер, амалым жок, қарғамаймын. Алдым тұман, биік жар, алла қолдап, аруақ жебесе оралармын орталарына, мандаіларыннан көрсіндер, оралмасам. Туған жерден

бүйірсын топырақ деп тілермін ақтық демім біткенше. Ал Тоқсейіт, тапсырдым саған, Нұрханға көз қырынды сала жүр. Әмин.

Бәрі алақан жайысып, беттерін сипады. Дауыс шығарып жыламағандарымен, үйдің ішін көңілсіздік жайлады. Сондай күтпеген жерден Тоқсейіттің тағдыры күрт өзгерген.

Жанғанымға қосылғанда, гу-гу өсек мысықтай балалаған. "Рахманнан арамдық артылған ба, үрпағының қорлық көрмеудің қарастырып, тар жерге тығылса да, үл, қызының болашағын ұмытпаған, такыр кедейте қызын беріп, артын аршып үлгерді, енді оның үйіне пәле-жала жоламайды" - деген сияқты әңгімені бұның көзін бақырайтып қойып өрбітепін таныс, бейтаныстар. Дәм-аганың көп ұзамай бостандыққа шыққанын өзінің атымен байланыстырды алыс та, жақын да. Әйтеур Дәм-ага аталса, Тоқсейіт қосарлана жүретін. Итемгеннің кекесінмен мырс еткен бір ауыз сөзінен баяғыда ұмытылған жағдай күні бүгінгідей елестеп, мазасын үрлады. Жастық шағының есте сақтарлықтай мәні болды ма, жоқ па, мейлі, ойға батса, мұн аралас шаттықтан көнілі алабұртып елегізиді. Қазір де сондай күйге бөлене Итемгенге аркасын жылытып, серігінің құлағының астынан айғайлаған сөздеріне назар тоқтатпады. Тұрлі-түсті суреттердің тізбегі үзак сонар жалғасты.

- Айғаным деймісің, әй, ішіп отырған тәмағын тыға салды деймісің, әй, қашан сөйтті, әй?... - Итемгеннің үні шалғайдан әрен-әрен өстілгендей. Енді ғана кайда отырғанын бағдарлады. Тоқсейіт қасындағының да дәл өзіндей елес-сурет кешіп келе жатқанын түсінді. Айғанымның кішірейгенін ғұмырында көрмелегендіктен де әлті сөзге есінен тана таңырқағандай, өзінен оның қаймығарын еш болжамаған. Оқыстан айтылған сөздің Итемгенді де жасын отындей есенгіретіп тастағанын үққан сайын оған деген бір жылы пиғыл ояна бастады.

- Қашан, қашан?. Бәрібір емес пе, Айғанымды әлі қимайсын-ау, пакыр. Әлде тәубене келтениң бе?

- Тәубеден жаңылғанымды немен дәлелдейсің?

Божыны қалай тартып қалғанын анғармады, арба салдыр - гүлдір етіп, кілт тоқтады.

- Саппас екенсің, - деді Итемгенге бұрылып, - саған дауа

жок, саппас, қалай аузың қисаймайды. Басқасын тізбегенде, Нұрханды, өзімді түрмеге жабуга атсалысқаныңды айтпайын. Құрманға күні кеше жасаған қасастығыңды қайда қоясың? Сенің кесірінен Бұғылыштың бетке үстар бүкіл азаматтары қуылды, айдалды. Біреуінің жақсы аты шықса, қыр сонынан қалмай қашан сүріндіргенше тыным таппадың. Қанша жігіттің обалына қалдың, айтшы кәне. Мүйізің, кәне, содан шыққан. Сасып-бықсып отырысың күресінде. Оймақтай ауылды күресінге айналдырған сенсің. Бәріміздің түбімізге жеткің келді. Әлі жауап бересің, әлі алдында айтатының, Нұрхан туралы... Енді кеп Айған, Айған дейді ғой. Осы түрінен айнымай жүзге жет, саған сөз шығындаудың реті жок, мен де алжиын дегенім ғой. - Тоқсейіт қамшымен өуе сыйғылап, құлағын қайшылаған жаңуар еріне қозғалды.

Арбаның доңғалақтары сықырлап, шекесін зірк-зірк солқылдата кенеттен басы ауырды. Өн бойын жайлап үлтермеген әлті өзірдегі әдемі әсердің тыйылғанына құлазып, жан-жағына елегізи қарады. Сол жақ беткейдегі орман да жүденкі, ағаштар жапырағынан жүрдай, сыңси жылаған әуен талып жеткендей. Қырағы көзге орманның ара-арасынан жылт-жылт, арғы беткейде ағарандаған алқаптың әлсіз ғана толқи қалып бара жатқаны шалынады. Ешқашан қайыспайтындағы ерте-ертедегі қалың жыныстың селдіреп, жадау тартқаны Тоқсейітті мұлдем қажыттып жіберді. Қайың, терек, тал аралас тоғайдың үстінен жүгірген күннің сырға сәулелері үшқындағанымен, қазіргі ахуалына медеу болмады. Денесі тоңазығандай иығын қозғап-қозғап қойды. Бұрынырақ қандай ренжіп, іштей мұжілгенде, қыр асып, осылай жүрсе, жадырап қайтатын. Даусын котеріп сөйлегеніне, ашу шақырғанына өкініп отыр. Жүйкесінің тозғаны-ая, ә. Қой, қайтеді жаңғыртып кешегіні,

дауасыз дерт - өткен күн,

емі жоқ қой оның, мұндай көңілмен ештеңе жарыгплас ескі жүртқа барғанда, кері бұрылғаны жөн шығар.

- Эй, не жосық сенікі, бұра тартқаның не, түсіп барамын, токта деймін, токта. - Итемгеннің бір аяғы салбырап, қолымен сүйенетін түк таптай жан ұшырғаның көріп, Токсейіт биенің басын тартынқырады. Әлденеше бүктетіліп барып әрен дегендे Итемген қасына таянды-ау.

VIII

Кеңседен шыға берісте Метельников Бектүрдү кездестіргеніне Құрман балаша қуанды. Көптен бергі киналыстан енді құтылғандай оның қолын ұзагырақ сілікті.

- Қүреке, мұнда неғып жүрсіз?

Амандық-саулықтан кейінгі сауалға жауап қатпай мұдіре берді. Кенестің жағдайын селолық советке етжей-тегжей түсіндіріп кетпек пигылмен соққан мұнда. Шекердің арызы бойынша. Ант атқыр, үйге кеп, татуласқандай-ак еді. Қаңыраған ағаш шкафтардың іші ыдысқа қайтадан толғасын, кемпір екеуінің көнілдері орныққандай болған. Сөйтсе, даудамайдың бітер түрі жоқ. “Айырыламын, сыйбағанұлы бергіземін, кекеңе таныстырамын” деп бет бақтырмайды. Нендей мұдде көздейтіні белгісіз. Дастарқан басында шүйіркелесіп катар отырмағасын, үйдің соні жойылады еken. Қанша наимыстанғанымен бұдан әріге шыдамаған. “Не әрі, не бері, бір жағына шықсын, күнде өлтіргенше, бір-ак өлейік” деуге оқталғанымен, совет председателінің алдындағы кісілерден ынғайсызданып, сыртқа шыққан. Қажығанда жанашыр біреуді көрген де әжептөүір сүйеніш еken.

- Өзін іздеуді қойдың той, Бектүр. Сені неғып келмейді деп Айғаным да сұрайды.

- Белгілі жағдай емес пе, балалар жан-жақта оқиды, жұмыс істейді, әрқайсына бір реттен барып қайтқанда, уақыт та қалмайды. Қалаға жүгіреді шетінен, ақсаусақ, женілге үйрентен. Анау үйді несіне салды лесениі, ешқайсының бірге тұруға құлкы жоқ. Ет керек, сүт, май керек, бірақ мал

асыраудан, кара жұмыстан қашады. Анастасия екеуміз қашанғы шыдамақтыз. Ол ауданға, кіші үлға кеткен, кезек-мезек тамақ тасу біздікі. Күйеу балам “үйді сатып, машина әперсөнші” дейді. Қаралттан-қарап өзің үялады екенсін. Солармен тұрады дей ме еken. Азық-тұліктің қайдан шығатының білмейді булар. Төрт қабыргасына телміріп қалай күн батырмақтыз, қаласам ұlyмның да үйі бар, жо-жок, ешқайсына да бармаймын. Өзіміз өлген соң, мейлі...

- Өсірдік, өндірдік, енді бізге олар өкпелемейді, - деді Құрман. - Ұрыспай, таласпай тұрып жатса, соған да ризашылық, бұлардың жамандығын көрсетпесін қартайғанда.

- Жастарды түсінбеймін. - Бектүр қынжыла сөйледі. - Андрейдің тірі кезінде Шульцтің семьясының жаман аты шықты ма, совхозды басқарған қандай азамат, көзі жұмыльып еді, быт-шығарты. Күйеудегі қызы шешесін келініне қарсы қойып, үйге таласып жүр. От жағылмайтын, сусы ішіндегі жәйлі үйге қызығады. Андрейдің қатынын мұншалық бейшара деп кім ойлаған, қызына еріп, ұлы мен келініне “кетіндер” деп жатқан көрінеді.

- Біздің де “концертті” естіп, қарық шығар жүрт. Мұнда кімнің көркін қызықтауға келді дейсін, сол балалардың әлегімен... - Сөзін аяқтамады.

Манадан әңгімені екпіндете соққан Метельников ынғайсыздынып, үнделемеді. Құрманның таусыла ренжігеніне өзі кінәлдей сезінді. Қайдан ғана лепіре қалды, Шульцтің бала-шағасында не шатағы бар? “Сен де солайсың, мойында” дегендей, қайдағы жоқты тізбектегені неси. Балаларын жамандағаны қай сасқаны. Анастасия естісе, қалай сөгер еді. Осы ғадеті-ай, алды-артын бағдарламастан бөсетіні-ай. Құрманның әлгіндей жуасығанын бұрын-сонды анғармағы. Оны қат-қабат күйікі шаруаға араласады деп күтпегендей, тіпті өзіне жараспайды да еken шағыну. Сақалды басымен жаңа ғана керекті-керексіз мылжындағанын енді үқты. Ойпырмай, өзіңнің кемшілігінді байқамайтының қыын. Еңгезердей шал ошақ қасы күйбеніне қатысты күмілжи тіл қатып еді, бір уыс бол аянылыш тұтызды. “Жақсы коретін жітітті үйде емес. түзде көр” деген, міне, осы. Келіндеріне Анастасияның різға болмай

жүргенінен басқа дәнене білмейтін. Жақын араласқандарымен, екі үйдің еркектері мұншалық ежіктеуден аулак-ты. Кексіз сөйлей беретін өзінің жөні бөлек, балалардың көзінше де соғады: “біз өлгесін кундерінді қалай көрер екенсіндер...” Құрманның бірак аузы ауыр сиякты еді, шектен асқан бірдене-ау шамасы. Қазақ шалдарының ондай-мұндағы шағынуы онай еместі.

- Қүреке, - деді қуантуга асыққандай, - жүрші біздің үйге, бір әңгімелесейік. Мұса мен Балтаны түсімде көрдім жуырда, пәлен жылдан кейін де жап-жас қалпы, қызық, мен қаусаған шалмын, екеуі баяғыдай, мені танымай кетіп барады, сондарынан жүгіре жөнелгенімде, аяғым сүрініп, етпемнен түстім. Шошып ояндым. Мына шалға не керек деп қарамай кетті-ау, ә.

Екеуі ортадағы тас жолға бұрылды. Метельниковтың үйі алыстау. Ерсілі-қарсылы ағылған машиналар көшениң шаңын бүркіратып, көз аштырмайды. Қайтадан төменге түсіп, амалсыз үйлерді жағалай жүрді. Жол дағып кең салынған да жаяу аяңдауға тым тар жер қалдырған. Оның өзін жартылай екпе ағаш алып жатыр.

Терезелерді қоршаған көк теректер биік те ак шатырларға жетегабыл өсілті. Кірпіштен қаланып, сырты ак балшықпен сыланған және ағаш үйлер кезектесе жалғасып, орталық көшениң шеті көрінбейді. Жапырақтар сарғайған, желдің лебі еткірлеу. Аспанда акша бүлттар әлсіз қалықтайды.

- Виктор Петрович, Қүреке. - Есігінің алдынан бұларға Маруся қарсы жүрді.

- Қалай, Мәке, бау-бакшаңнан өнім көп пе? Қызығын жалғыз жайлап жатырсындар ма? - Құрман Марусяның қолын ұстап жіберер емес. - Бізге де қарасатын әдетін бар еді, ұмыттың-ау, ә? Жеміс-жидекті сенен алатын едік, муллем дөғарлындар, өлі-тірімізден хабарсызындар, бұларың қалай?

- Соғымнан сыбаға татырмагалы неше жыл, айтшы өзің. Қартайған сайын сараң бол барасың, неше жылғы омыртқамызға қарыздар екенінді білесін бе? Сендер де онаша жеуғе дағыланғасындар ма әлде? Тәтті, дәмдісін қонаққа сақтағанда, өздеріне не қалады екен деп таңданатынбыз

баяғыда. Уақыт-ай десенші, бір кездे танғалғанымызға енді өкпелейміз. Ал енді өздеріңе жол болсын.

- Қүрекенді конаққа шақырып тұрмын. Сен де жүр, бәлкім ас дайындал берерсің. Анастасия абысының кіші ұлға кеткен.

- Рақмет. Одан да өздерің жүріндер, ашықтан сырға ішесіндер, әрі тойдың алды. Үлкен немере қызым тұрмысқа шыққан, Қүреке. Құдалар бүтін келе ме деп, қамдану үстіндеміз.

- Қалың сұрайтын адам сияқты сөйлейсің ғой.

- Е, несі бар, сұраймын, құдай сендермен әуелден қанымызды араластырған, күйеу баламыз қазақ көрінеді.

- Біздер тек қазаққа қыз беретін болдық. - Метельников мұтын ширатты.

- Қайтеміз енді, бұлардың қызын алу қын, менсінбейді жігіттерімізді. - Марусяның кекеткенін сезген Метельников желкесін қасыды. Анастасиясы үйіне кеткен әлті кіші ұлының Еленайда көңілі бар дегенді естітін, сірә соны мегзегені.

- Қыздарымызды алғанын қайтейін, қалың малын баяғыдай айдаған салмағасын, менің алашағым коп әлі. - Маруся енді Құрманға жармасты. - Әуелден есепті дұрыс айырысқанда, кім білген.

- Шын шақырып тұрсың ба, әлде құрғақ қасық ауыз жыртадының кері ме? - Метельников әнгіме арнасын бұзып жіберді.

- Ақсақалы бардың айбыны бар ғой, шіркін, үйде онкей балашаға, құдалар келгенде, шақырып аламын деп отырғанмын. Жақсы жолықтыңдар, кіріндер. Артық кетсем, кешіріндер, - Маруся байсалды қалыпка енді. - Тұрмысымыз гүлденген сайын араласуды азайттық, бұдан жаман күнімізде бір-біріміздің үйімізден шықпайтынбыз. Солай еді ғой, о, Құрман?

Мұнгаздай жинақылыштан, тазалықтан көз сүрінеді. Кен дәлізден екі жакқа үш есік тараған. Бұлар органды тұстағы залға енді. Дастанқан жайған Маруся балалардың бірін шақырды:

- Сен тез барып, Айғаным апаңды әкел. Манадан есіме келмегенін қарашы. Үш аяқты мотоциклмен бар.

- Айған келе алмас, науқастанып қалды, баланы текке өурелеме, - деді Құрман.

- Қашаннан? - Метельников пен Маруся елең ете қалысты. - Дәрігер шақырттың ба?

- Еленаидан басқаға сенбейді, ертең Кенес ауданға кісілерді жиналышқа апарады, сонда келетін шығар.

- Әттеген-ай, ақылласатын шаруаларды Айғанымға қалдырып отыр едім. Әлгі құдаларды күтудін рәсімін менен гөрі анығырақ біледі ғой, танымаймын да. Осы төнректе біреудің атын айтсан, Айғаным ғана ата тегін бес саусақтай таратып береді.

- Құда келеді дейсің, сонда мұның жосығы қандай? - деді Метельников.

- Қайдан білейін, - деді қабағын шыткан Маруся, - өздерін білесің, қыздың кеткеніне пәлен ай өтті, өздері тиеді де, атын "алып қашты" қылып, не той жасарынды білмейсің, не... сосын да ғой Айғаныммен ақылласайын дегенім. Хабар жіберіпті әлгі қызымыз, дайындалсын, алдарыннан өтеді, ренжітпей күтсін деп. Алдын-ала ойламай ма, тойды бір жерден өткізбейміз бе? Енді кеп, қүйеуінің туыстарына жаңы аштынын көрмеймісің, дұрыс қарсы алсын дейді. Үйге кіргізбей жіберейін бе осы, ерегіскенде. Құдаларына көнілі толмаса, сөйттетін бе еді, ә, Құреке?

- Бүгінгілер бір-бірінің көніліне қарай коймас, Мәке. Одан да бақытты бол, ынтымакты өмір сүрулерін тіле екі жастың. Біржола жақсы ат иемдене сал ендігі тұста. - Құрманның даусы тым бәсен. Таңертен үйінен қажып шыққаны есіне түсіп, тағы да жүрегі шаншығандай. Метельниковке ере жөнелгенде, бойын билеген шарасыздықтан дереу арылғандай еді. Тосын әңгімелеген құлағын түріп, кәдімгідей жауап қата араласып отырғанымен, ішкі сарайында ит ұлығандай. Бектүрмен онаша кеткен де жон еді, Мұса мен Балтаны есіне сақтайтын содан өзге ешкім жок, інілерін айтқанда, бір серпілетін ежелгі әдеті. Бауырлары хабарласқандай, тәбесі қокке бір елі жетпегендей. Майданға бірге аттанды, соғысқа дейін де бірге оқыған. Сондықтан ба, Метельниковті көрсе, қуанатын. Мана кенсөнін жанында кездескенде, миын қатырған шаршаңқы ойлары түкке тұрғысыздай сертігені рас. Ол соғыстан кайтпаған інілерін сірә де үмытга коймас. Қайратының қайтынқырап,

балалары үшін жасып жүргенінде, неге екені белгісіз, со бауырларының орны мұлдем үнірейіп, жаңын жүдетіп тұр. Мұса мен Балта тірі болса, мұншалық қиналмайтындей, мұншалық таусылмайтындей. Иығынан жаншыған ауыр салмақты, әрине, бауырлары бөлісер еді, бұның бала-шағасына ақылдарын айтса, бұлар міндегі турде тыңдар еді. Анау Шекер де қаймығар ма еді, қайтер еді. Кеңестің жуастығын пайдаланады, Октябрьдің қаңғырып жургенін бетке салық қылады, Айғаным екеумізде қандай бедел қалсын осыдан кейін. Мұса мен Балтаның алдында, сөз жок, Шекер өрескелдікке бармайды, құнсыз мұліктерді ерсілі-қарсылы тасып, көрші-көлемге күлкі болмайды, қойындағы күйеүіне жала жауып, аттан салмайды. Құрманға дәл қазір төнғеріндегі жамандық атаулыға інілерінің соғыста опат болғаны ғана себепкер тәрізденіп, іштен қопарыла құсаланды. Метельниковпен онаша отырмағанына тағы да өкінді. Інілері жәйлі талай жыр шырқалатын еді бағанадан бері.

Маруся да қайтсін, сырын актарып, мәре-сәре. Шалының өлтініне үш-төрт жыл, әйткенмен от басының берексі со күйінде, бес ұлы бес отау, қатар орналасқан осы көшеде. Шетінен енбек озаттары, бесаспап механизатор. Ержеткен немерелері қолында, үйелмелі-сүйелмелі кішкентайлары да жүр есіктен сыйалап. Эне, ынтымактары жарасқан, келіндері асүйде құрақ ұшып, енелері әңгіме соғып отыр. Бұны сыйламаса, құдаларын осында күтпей, өз үйлерінде тосар еді. Жарайсын, Федордың балалары. Федордың да он саусағынан өнері тамған шебер, ауылдағы ағаш үйлердің көбі соның қолынан шыққан, момын кісі еді. “Шеберлің қайтейін, тауық та бауыздай алмайды” деп Маруся мал союға үнемі бұған жүгіретін. Бір ғажабы - шошқа асырамайтын. Ертеректе орыстың шошқалары көше аралап жүретін, соны қойғызыған осылар. “Қораларынан шығармандар, әйтпесе мұлдем тыйым салынады шошқа ұстaugа, бау-бакшамызды жылқы таптағады дегенде кереметсіндер, эне, шетінен быттырлатып сатты, енді казы-қартаны кімнен жер екенсіндер” - дейтін көршілеріне.

Жылқы демекші, елу жетінші жылдан жеке менишікте мал ұстaug шектелді де, міне, зардабын тартып жатырмыз. Ет, сұт,

май аз. Не деген масқара, ауылдың қатыны нанды, майды дүкеннен алуға бейімделгені. Анау Шекер жалғыз сиырды саууға ерінеді. Баяғыда қазақтың әйелі қысы-жазы тыным таппайтын. Малдың күйрық, жалынан қыл арқан ескен әйел бүгін су жіп десе қиналады.

Киіз үйдің бүткіл жасауы соның қолынан шығатын, тәйірі-ай, қазіргілер де шаруа істедім дейді-ау. Бұғінгі қатын-қалаштың күткені жерден табылып, артық малды өткіздірді, қой, ешкіні саумақ түгілі сиырдың сүтінен қандай тамак дайындаітынын да ұмытып үлтерді қызы- келіншектер. Тапкан баласын емізуге ерінеді Шекер. Сылп-сылп жұмыстан шаршаса да ізгілігін, кішіпейілдігін жоймаған кешегінің келіндері-ай, шет жағасын көрді ғой өзі. Бұл не жұмбак, тұрмыс жуз есе, мың есе түзелді, еңбек ету әдісі де сонша жеңілденді, алайда сана-сезім өсу орнына төмен құлдырауда. Еркектер ішеді, үрлыш жасайды, жауапкершілікті сезінбейді, әйелдер үйден гөрі түздің шаруасына үмтүлады, бала тәрбиесіне атұсті қарайды, әр-берден соң қонақ күтудің жөнін де ескермейді. Асыққан, ағыққан бір тірлік. Келіннің шатағы осынша өзегін ертер деп кім ойлады. Бір шанырактың астына жинаған кәрі-құртаны, жасы, жасамысы бар, әрқайсысының үнсіз атқарар парызы, міндеп болатын, шыны аяқ сылдырағанымен, өзара қарым-қатынастың қатталмаған ғажайып ережесі болатын. Сөз жарыстырып, жұз шайыстырмайтын үлкен мен кіші, әке мен бала, ене мен келін. Жібектей жарасымдылықтан айырылып, қайда барамыз? Әлде қарттыққа жеткенмен, даналық касиет танытпаған өзіміз кінәлі ме? Қаусаған шақта бала-шағанаң қалдірін жүрмеген де азап екен. Айғанымның ауырып қалғаны-ай, қайдағы жокты айттып, қатты қорқытқаны батты жанына. Сырқатқа шалдыққалы үй ішін жаппай көңілсіздік басты. Бұрын журдім-бардым қараган жәйттер енді бұған әжептәуір жүк арқалатқандай. Келіннің де қоқайын енді анғарғандай. Айғанымның көз алдына бақырып-шакырып жүргені көп нәрсені білдіртпейді екен. Сәл тәсек тартып еді, үйдің ішін жел гулегендей, бүрісті де қалды.

- Оның рас, бүтінгі жастар коніліңе қарамайды. - Маруся

столдың үстін жайнатып ұлгеріпті. - Келінге келін болсан, балаңа бала болсаң ғана жағасың.

- Ну, Маруся, саған үйлеспейді бұлай айту. Өзің би, өзің кожа, әне, жүтіріп дамыл табар емес келіндерің, ну, Маруся, сен де айтасын. - Метельников екі терезенің арасындағы жұмсақ диванға жайғасты. - Эй, бұл қатындарға жақпайсың, шетінен ерке. Бірақ, сен Маруся, бәрімізден оздың, балаларыңың еншісін бөліп те қасындан ұзатпай отырсың. Соның сиқырын айтшы. Мен саған қызығамын.

- Оның сырьы өз туысын Федяда, ұлдары есейер- есейместе үй салып, құлактарына құюдан жалықпады: “небір жерді аралаған мендей-ақ шығар, мұхитта, шөлде - бәрінде болдым, әй, бірақ, мұндай топыракты көрмедім, қолың тисе-қазына“. Қайдам, саналарына әкелері емес, құдай құйған шығар, әйтеуір жастай еңбекке араласты да, қалып қойды ғой ауылда. Ризашылық. Сен өзіннен көр. Экімдікке құштар болғаның етірік пе, балаларың да шетінен қызметкер. Ал біздің балалар сабакты орташа оқыды, қазір соған қуанамын, мұғалімдер маза бермейтін баяғыда, алда-жалда оқыса, жоғары білім деп кетіп қалар еді, осынысы дұрыс болды. Басың ауырлып, балтырың сыйздайды. Жасың ұлғайғасын әр нәрседен секемденесін, түн үйқын төрт бөлінеді, сондайда ақшар тауым, сүйенішім, қара орманым қасымда, өкінбеймін. Тек Феденькадан ертерек айрылғанымды есептемесем. Бұл жағынан мен Айғанымға қызығамын, елу жыл қосылғандарына, шалынан “әй“ деген сөз естіді ме екен, әй-шәй демей, қосағымен қоса ағарды, бұл екеуінің сыйластығын жыр ғып айтатын ертеректе. Виктор, сениң де өкпелейтін хақың жок. Баяғыда Анастасияға қалай үйленгенің есінде ме? Селомызға сұлу қыз мұғалім бол келді соғыс аяқталған жылы, сен қандай едің, жауды жеңіп оралған жас жауынгер. Енді айтуга болар, Анастасияның сөз байласқан жігіті бар екен, ізделп келді ғой кейіннен. Мектепке келіп, мектептен қайтты, өң жок, сондағы бол-боз түрі әлі есімде. Қарағандыдан келіпті іздел.

- Бұлдірдін, Маруся, қайдағыны есіне салып, Анастасияға енді күн жок. Озі бүгін ашуланып отырған, кемпірім кетіп қалды деп.

-Ашуланса, атасына берген тайын алсын, коркыттың катты.
- Маруся қуырылған ет аралас картоптың буын бүркыратып стол үстіне койды. - Тамаққа тойып альндар, сыраны кейін ішесіндер. Салаттың дәмін татындаршы, сабізін де, қиярын да. түр-түрін дайындаңық, тойды бастап жіберейік өзіміз.

Сары шашы үйпа-түйпа сегіз-тоғыздар шамасындағы бала белмеге жүгіре кірді. Ересектерден қаймына әжесіне жалт-жалт қарап, терезе жақты нұсқады.

Маруся орнынан асыға көтерілді. Сасқалактап белдемшесінің етегіне қолын сұрткілей берді. Есікке қарай асыға адымдап, қайтадан оралды.

- Эй, несіне құрақ үшіп, күйгелектене қалдым. Қазақтың құдағыныңдай шалқып бір отырайыншы, өздерін сойтіп коркытайыншы. - Сабыр шақырып, қеудесін кере күрсінді, сал тыныстап дем алды. - Ту-у, сендерді құдай жіберген ғой, қандай сәтті болды алыстан танымайтын сыйлы кіслер келгенде, айбын ғой, айбын сендердің отыргандарын. Осы бастан ескертемін, кетіп қалмандар, бірге атқарысындар, қызметті, қаша дегенмен Құреке, жөнін бізден ғөрі білінкірейсін.

Столдың үстін жинаған Марусяның келіндері де үшіп-конбай жайғасып отыра бастады.

- Далада қайсы бар, қарсы алатын шығар еркектер. - Маруся күдіктене көз жүгіртті, - есікті таппай журер, байқандаршы. Қонақпен қонақ бол отырып алмандар алі.

Жымың-жымың бір-біріне көздерін қысқан келіншектер есікке беттеді. Арғы жақтан кіслер көрінді. Екі әйел, орта жастағы екі жігіт алдынан назарға шалынды. Қымылдары ширак, табалдырықтан тез аттады. Есік жакта титтей кідірместен төрге озды. Ең сонынан кібіртіктең, жанарын қолымен көлегейлек шал енді.

Метельников пен Құрман кезектесе сәлем берді қонақтарға. Кемиектеніп, көзі сығырайған шалға Құрман таныркай қарады. Міне, саған бас құда, өз көзіне өзі сенбеді.

Келген кіслер жапа-тармағай Марусяға ден қойып, қолдарын созысты ілтипатпен. Асқан маңғаздықпен амандастып, әлгіндеғі асықканының ізі де жоқ. Марусяның әжім сыйған жүзі қызара бортіпті. Кезектесе келіндері де

сәлемдесіп үлгерді. Органшы ұлы шешесінің қасында қалды, әйелдер жағы кідірмestен дәлізге беттеді. Әп-сәтте столды үзарта кеңейтіп, ортаға әкелді. Дастарқан қайтадан жайылды.

- Құрман, неғып қалбалақтап қалдың, мал-жан аман ба, от басы, бала-шаға сау ма? Сені көрмегелі көп жыл өтті, қалай бұжер майдай жаққан шығар? Майдай жаққандықтан ба, ел бетін көрмей кеткенін? Енді, міне, Марусе мәтүшкенің арқасында сүйек жанғыртып отырмыз десейші. - Үйге сүйретіліп әрен қірген шалдың күшене күлгені отырғандарды таңғалтты. Әсіресе Маруся оған әдейі үңіліп, барлай қарады.

- Мұның қалай, құда, кірмей жатып баса-көктегің келе ме? Майдай жақса, несі сөкет, бұжердің қасиеті кімдерге құт болмаған, бізге де майдай жағып, құдайға шукір, қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ. Міне, алдыңда илтіп-бүгіліп отырсың, мендей мәтүшкеге кішірейем деп әлде ойтамадың ба?

Сырттан қойдың маңырағаны естілді. Есік сарт етіп, бір топ бала қысылып-қымттырыла ішке кірді. Өңдерінде әлденеге еліте қызыққандық, сондарына әлсін-әлсін мойындарын бұрып, бірін-бірі итермелейді. Сары, қара шашты балақандар үшінші кете жаздағалы түр. Әлден уақытта шегініп жол берді. Бұлқына кимылдаған ақ қойды мойындан ұстаған Марусяның кеңже ұлы табалдырықтан әрен аттатты. Соны тамашалаған көп бала жан-жақтан қаумалай бастарын қылтитты.

- Батаңызды берініз, бата тілейміз, аумин!

Отырғандар сасынқырап, бір-біріне абдырай қаасты. Құрман үшін де бұл күтпеген жәйт еді. Басқалар да мұны тоспағандай жалқы сөтке үй ішін тыныштық биледі.

- Екі жасқа бақыт берсін. Тірі мал өсімтал болсын, пісіп жатқан малдың еті сінімді болсын. - Әлгінде күшене күлген шалдың соңғы сөздері ұнамады ма, Маруся:

- Пісіп жатқан малы несі, - деп қалды, - әлде өздеріңзге қимай отырсыздар ма қойдың басын.

Маңыраған қойды әрі қарай әкетті. Есікке сыйылысқан кішкентай балалар зым-зия, у-шудан құлақ тұнды. Қораның үстіне самолет қонғаннан кем емес, алақандарын соғып секіріп қояды.

- Ал, столға жақындандар, - деп Метельников қонақтарға

төрді сілтеді. Кемиек шалға шегіншектей жол берді қалғандары.

Көңілдері көтерінкі, дәл мұндай рәсімді күтпесе керек, әйелдер жағы шәлілерін манғаздана арқаларына асыра, жігітер галстуктерін түзей аяқтарын созды. Қай-қайсы да Марусяға құрметпен көз жүгіртіл, соның қабағын андығандай. Іштен тынған күдіктерінің сейілгенін жасырмады.

- Құданы қудай қосады, үйірі басқаны нокта қосады.
- Екі жастың арқасында табысып жатырмыз, ұзағынан сүйіндірсін.
- Құдандалы болғасын, құл да болса сыйлас.
- Ниетін қабағынан таны деген, тіпті иығымыздан жүк түсіп, жеңілденіп қалдық қой. - Әйелдердің бірі өзімсіне сөйлемеді. - Қандай адамдар, қалай тіл табысамыз деп... Кейде қазағың да өлтіндей жөн-жосығын жасай бермейді, жарап жатыр.

-Е, не болты, жастайымыздан көз ашқалы таныс, үйренген жәйт ёмес пе. Жарықтық әкеміз өле-өлгенше қазақтың әдет-ғұрпын мадақтап етті ғой. Керісінше, кейінгілер мән берінкіремейді. Асылы, кешегінің салт-санасын жокқа шығару нағандық. Жарықтық әкеміз “қазақтар коммунизмді баяғыда бастарынан өткерген” дейтін. Бұдан жүз жыл бұрын қоныстаныпты бабаларымыз осы ауылға. “Полтавадан тайлы-тұғымызбен көшілгіз” дегені жадымда. - Қайыскан қарағайлы орман, шетінен бұрап үй салдық, жер бөліп алдық, сөйтіп кенелдік те қалдық. Біз келгенде, екі жерден қазылған құдықтан басқа дәнене жок, қазақтар көшіп журеді, қыстауы мен жайлауының арасы жатқан ұланғайыр дала. Қосылып егін ектік, задында бауырмал халық, ә дегеннен аржағын танисын, арамдығы жоқ, кеңпейіл. Жарықтық әкеміз солай дейтін. Мұны, Виктор, сен де білуге тиіссің, аталарынмен бір мезгілде көшсе керек бөрі.

Метельников басын изеді. Арғы тектерінің Полтава өнірінен екенін естіген. “Сыңсыған ағаштың арасынан бір-ак шығыпты, майы тамған қара топыракты құшақтап жатып альпты, сенер-сенбестерін білмей“ дегенді талай естіген.

- Алғашында шетіне бір орыс келсе, бүткіл ауыл көше беріпті ғой, -деді ол Марусяның сөзін тірілтіп.

- Біздің әкей ондайды айтпайтын, әрине, әр түрлі емес пе адамдар. Жарықтықтың пиғылына көрінген шығар, үрімбұтағы қазақпен мың жылдық құландалы. “Бермейді неге орыс оған қызын, қазақтың татқаннан соң дәм мен тұзын“ дегенді ол жарты ғасыр бұрын айтқан, ендеше қазір таңғаларлықтай түк жок. Құда, құдағилар, жатырқамандар, дәмнен ауыз тиे отырындар. Мыналардың бәрі ұлдарым, келіндерім. Біздің семьяда алуан үлттың өкілі жиналған, орыс, украин, неміс, белорус. Әзірге қазақ келінім жок, құдай қаласа, осы жаманым әлі альп қеледі қазақтың қызын.

Төрт-бес жастағы немересін бауырына қысып, емірене сүйді. - Күйеу балалардан қарымтасын қайтарасын, иә, балапаным.

Бірсыңырғы женіл тамақ, қуырдақ жеген конактар шәйді асықпай бабымен ішті. Мандалары терлеген сайын әңгімелерінің сәні кіргендей. Ежелден аралас-құралас жандай әркайсы елпелек қағады. Марусяның аңқылдаған ақжарқындығынан құдалардай шіренбей, бір-біріне салмақ артпай отыр. Ежіктеп ешкім сұрамаса да марқұм күйеуінің арғы тегін қазақтың кәрияларында таратып, өзінің де жәйжапсарын жасырмайды. Қанша белгісіз сырдың бұлағы ашылды. Туыстарынан, анасынан хабарсыз екені, жиырма екінші жылғы алапат аштықта Атбасар қаласының базарында інісімен қанғырып жүргенде, қазактардың үйлеріне апарып паналатқаны, сол жалғыз інісінің соғыста қаза тапқаны, келіншегінің қызын тастанап, басқа күйеуге тигені - бәрін армансыз актарды.

- Құдай қашанғы жылатсын, картайғанда корлық көрсетпесе болды, - деді көзінің жасын сүртіп, - соғыстың қақаған алғашқы қысы, үйелмелі-сүйелмелі кішкентай жауказындар, сары ауыз балапандай бір тұрып, бір құлайды, құдай-ау, ауылымызға әкелгенде, түрлеріне қарап, ет бауырларымыздың езілгенін өлсем де үмытпаспын. Алпыс бала, көздері мөлдіреп жаутандайды. Бір жыл жұмыс істедім, одан әрі жүргегім жарамады, өздерімен қосылып жылтаймын, ауыстыратын киім жок. шуберек те кат. Қанладай бозлактардың баласы екен. әкенишелері қай халде, тірі ме, ой ме дең кокіретін жаре

айырылатын. Ақыры шыдамады денсаулық. Анау Надя келінім сол кезде құйтакандай, етегіме жармасып, тас қып ұстаганда, кете алмайтынмын қасынан. Шіркін-ай, осылар кім, қайдан, мүлдем білмейді. Соғыстың зардабын ұмыту қайда, айтындаршы, жылы пеш, ақ төсекте мезгілімен үйіктар күн туар ма дейтініміз жалған ба.

- Соғыс өрті шарпыған елді мекен, фашистер ойрандаған деревнялармен салыстырғанда, мұндағылар азап шекпесе керек, - деді Құрман. - Жауды талқандау басқа, жау қорлаған бейбіт адамдарды көру бір басқа. Әсіресе, карт, әйел, сәбілердің жазықсыз жапа шеккенінен асқан қын қөрініс жок солдатқа. Қарғыс атқыр соғыстың зардабын біздің халқымыздай қайыспай көтерген жер бетінде өзге ел жок.

- Сол кездегі ынтымак, со кездегі темір тәртіп күшті еді.

- Метельников тебірене сойладі. - Жеке дейтің ұтым жок, бүтін бидайды жарып жеді, бәрінде бір ғана мұdde.

- Майданда сендер, тылда біздер, парызымызды бәріміз бірдей атқардық. - Кемиек шал Құрман жаққа жалтақ-жалтақ қарады. - Темір тәртіп деп дәл айттың, соның арқасында жеткен шығармыз жеңіске. Солай емес пе, Құрман?

Бас құда деп таныстырған шалға сұраулы кейіппен қараған Метельников бұлардың бір-бірін танитынын енді андады.

- Нені солай дейсіз, Итеке?

- Итекесі неси ойбай. - Марусяның үні қатты шықты.

- Танысып қойыңыз, Мәке, бас құданыз Итемген. Бұтылтының карт енбек ардагері, немере, шебересінің қызығын көрген мықты шал. Менің жас кездегі досым, ұзақ жыл колхоз председателі болған. Итеке, құда болғанда, қалай өзі, қай балаңыз?

- Сен қай баламды танып жатырсың қазір, немеремнің бүлдіргені ғой...

- Бұл кісінің он екі баласы бар,-деді бірінші әйел,- қазір әuletінде елуден аса...

- Қой әрі, санағаны неси. -Екінші әйел қабағын шытты. - Маруся құбым, сен де бір әuletтің үлкені қөрінесің, түсінетін шығарсың.

- Иә, есken тұқым жақсы, ете жақсы. Қызымыздың барған

жерін өздеріне қарал бағдарлап отырмыз. Балалардың өзі баяғыда шешіп қойған мәселе той, біздікі тек қолдау, солардың ешкімге сабытын салмай, тату-тәтті жүргенін көрсек, бұдан артық не керек?

- Құдағиым Мәрусә,- Итемген тамағын ұзақ кенеді. - Әмірдің қызығын, қындығын бір кісідей атқарыпсын, ұл-қызынды уысынан шығармай, айтқанынды екі еткізбей отырғаныңа қарағанда, құдай берген саған. Әлтінде “құданы құдай қосады“ деп жатыр, тағдырдың жазуы шығар, дәмдес болдық. Дәмнен қасиетті не бар, тілегімізді, ниетімізді қосқан. Құдағиым Мәрусә, ақ жүзіне құлдық, ішпей-жегізбей тойғызады екенсін, шіркін, өтті-ау, дәурен, салдым сайран, отырмын дидарында болып қайран.

- Пәлі, бас құда қалай-қалай шырқайлы, ішпей-жемей тойса, шаруаның біткені-дағы, қайтарайық кері. - Метельников Құрманға көзін қысты. Оның қабағы қатынқы екен. Әншейін қолдағандай “иә, иә“ дегенімен, ойы әлдекайда шашырағаны сезіледі. Аяғын әрен алып кірген шалдың шегір көздері сығырайшп, манағыдай емес, жаны кіріпті. Сөйлемен сайын қозғалып, иығын кетеріп қояды. Көк кенірдек шапаның шешепті, терлеп-тепшігендіне мән бермегені қызық, оның пысынағанынан қарадан-қарал бұның тынышы кетті. Құрман екеуін салтыстырды іштей. Жастары шамалас сияқты. Шегір көзді шалдың қалын киімінің астында нендей сүйкімсіздік жасырынғанын білмейді, алайда сарайы қабылдамады. Марусяның да оған құрақ ұша мәз болғаны оғаштау көрінді. Баяғыдан сол шегір көзді күткендей, арғы-бергі Әмір тарихын жайды да тастады. Бұ не қалған бітпейтін сөз. Құрманның да түрінен соны оқыды. Арасында ғана әңгімеге құлак түргендей. Метельников жалығайын деді. Есіней бергесін аузын қолымен көлелейлеп, теріс бұрылды. Екі ортадағы сез тойды өткізуге ойысыпты.

- Күздің карбалас кыруар науқаның аяktамай тойлың мәні қалай өзі,- деді Марусяның ұлы Иван. - Бұл үйде бәрі жумыста, енді комбайнерларға мұрын сіңбіруге уақыт табылтмайды.

- Оңда қыска қалшырамыз ба? Біз дайындаудып қойғанбыз,-

деді қудағилардың бірі. - Тұыстар, балалар жан-жақта, олардың басын қосу қыын.

- Өздері білсін, қыз қолымызда ғой. - Екінші құдағи сыйдана сөйледі.

- Е, өйтіп, қыз қолымызда деп шіренсендер, неге келдіндер, кім шақырыпты сендерді? -Марусяның органды келіні шанқ ете қалды. “О, несі, әй“ деп жалғастыра бергенде, қайын енесінің жанарынан тайсақтап, кейін шегінді.

Әңгіме өнкей әйелдерге аудықасын Метельников орнынан тұрған. Құрман да кетуге ынғайланды.

- Оу, сендер қайда жиналдыңдар? Әлде құдалар тереземізге тең емес пе, Құреке? Бұғыльыдан екенінді үмыта беремін, екі жакты құдасын ба, қалай өзі? Түсіндірші. -Маруся бұларды жіберуге ынғай танытпады.

- Оны анау Итемгеннен сұра. Жағдайымды менен ғөрі жақсы білетін, солай ғой Итемген.

“Итемген... Итемген“. Метельников енді ғана есіне түсірді, сыртынан оны жақсы таниды, Құрман арқылы. Қалай, қалай, соғыс жылдары “оң қалтамда облыс, сол қалтамда аудан“ дейтін мықтың осы ғой. Сипаты тіпті де анғартпайды “мықтылықты“. киімінің түрін, Құрман оның қасында сыйтай, шалбарының тігісі қисаймаған, бурыл шашы әлі қалың. Төңірегін жұтып жіберуге бейім шегір көзіндей таз басы да жып-жылмағай. Неткен қызық,- деді Метельников ішінен көз бен бастың осынша үндестігі, шекесінің бадырайған тамырлары. желкесінен мойнына қырыс-қырыс құлаған қүйқа терісі, қарашығы тоқтамай жылмандаған шегір көзі шын мәнінде жылудан жүрдайлықты, нусыз, сусыз шөлді елестетеді. Несерің де сәулен де мұндаға татымас, не бәлені түгімен жұтса. былқ еттептінің ап-анық айғақтайды анау тақырлық. Анау тақырлық па, анау тақырлықтың тайып жығыларлық тайғақтығы талайды омақастырып, талайдың түбіне жетсе керек. Устінде титтей із қалмайды, құлатп-сүрінгендер тоңқалаң асқанымен, артында сұрауы жок, күәсі жок. Дүние атаулыны меніреулікке сидырғандай жып-жинақы жылтыраған домалақ бастың шошпандауын-ай.

Тесіле қарағаны өзіне жексүрін корініп, тыжырынған

Метельников көзін аударып әкетті. Лас-қоқыс үйіндісіне байқаусызыда аяғы сүрінгендей, бойын жиіркеніш биледі. Қомейін қысқан кекірікті әрен басты. Елеусіз ғана орталарына енген қаусаған шалдың есімі Құрманның аузынан шыққанда барып өзгеше мән иемденгенін анғарды.

- Кезінде білетінбіз, әрине. Кейіннен адастырып кеттің, ісіз, тұzsіз менен қашқанда есебің түтелденді ме? - Итемгеннің көздері мұлдем көрінбей, беті жалпайған табақ болды да қалды.

- Сен не, қаранды інге тықпадым деп әлі де өкінесің бе? Қой, бұл арада есеп айырыспалық, қайтеміз дастарқанның берекесін үрлап. Есебімнің түгел, түгел еместігін білуге асықсан, оңаша сөйлесейік.

- Эй, сендердің осы бұра тартып мылжындаитындарың жаман, бастарың қосылса, жатқан бір жұмбақ сөз. Арапарында біз білмейтін не бар еді, әйтегеір адамның құны емес шығар. Қүреке, құдай үшін қабағынды туýмеші. - Маруся ауыр денесін көтере алмай әрен тұрды. - Сендер кетіп қалмандар енді... ойбай, белім, құрғыр осы белі құрғыр-ай.

Дастарқан шетіндегілер сыртқа беттеді. Мандаларын сүртіп, біраз желтіністі.

- Мен оны алғашында танымадым,-деді Метельников шарбакқа қарай екеуі бет алғанда.

Құрман еріксіз жымиды.

- Иә, таз болатын, басынан қысы-жазы тұмак тастамайтын. Басы таз, аузы салымды, қолы карымды. Мойындау ынғайсыз, бірақ алғаш көзімді ашқан сол. Комсоттың мүшесі болдық, ауданда қисық ауыз Қалаби деген өкілді бәрі танитын, тінтпейтін қойма, кора, үйіміз қалмайды, бізден әзірейілдей қорқатын ауыл-аймак. Сөйтіп жүргенде бір байдын қызына ғашық болдым. Өзіңе таныс көрініс - қазақтар “пәленшениң ауылы, түгеншениң ауылы“ деп орманды, өзен, көлді сағалап жан бағады. Со жылдары артельдерді біріктіріп, бір ауылға жинадышқ, сонда таныстым Айғаныммен. Имандай шыным, Айғанға дейін кедеймін деп кеудемді үрганнан басқа тұк білмеймін. Қызы бар екенін, сұлулығынан дертке шалдығатынымыз қайдан білеjін, өкесінің соңына шырақ алып түстік Итемгеннен. Кобіне мен косеумін, тайынбаймын,

“қырық центнер ет, пәлен пүт астық тұқымын өткізесіндер” деп салық саламыз мойнына. Үкіметтің бүтіндей ауылға жүктеген жоспарын біз бір үйге, яғни Айғанымның әкесіне аударамыз. Итемген бағыт сүтейді, мен бұйырамын. Және орындағай тынбаймын. Егіз кызы бар дегенді естігеммен, мән бермеймін. Итемген де тіс жармайды қыздар жөнінде. Тұрактап бір жерде жүрдік пе, тыптырышыған аттай ойнақшыған асау шағымыз, ойға-қырға шабамыз. Рахманды құртамыз деп жүргенде, Айғанымның әкесі емес, өзім сотталып кете жаздадым. Даражылық па, қарандылық па, асыра сілтеп жіберілпіз. “Қылмысыма” күә болған Итемген. Сойтсем, мен құрбандыққа шалып, қүлікке жүгіргенде, Рахман ауылымен өз есебі болыпты. Құрысыншы, тіле тиекке тұрмайтын норсе еді. Өйткені парықсыз болатынмын, білім таяз, ақыл саяз. - Құрман ах үра күрсінді. Жасаураған жанары, қартайғанның белгісі, алысқа қадалғанымен, ештеңе шалмады. Орамалымен әлсін-әлсін сүрткіледі көзін. Метельников оның жан толқынысын жүрөгімен қабылдап, әлдене дей қоймады. Мұса мен Балтаны қанатымен су сепкен қарлығаштай асыраганы. көмектескені бұған да аян. Көкшетауда оқығанда, інілері осы ағасын қашан көргенше асығатын. Кішкентайларынаң жұстаныс болғанымен, Мұсаға, Балтаға үйірсек еді де. Құрманды жете білінкіремейтін. Жақын араласқандары соғыстан кейін.

- Есінде ме,-деді Құрман біраз үнсіздікten соң,- екеуміздің қырық сегізінші жылы кездескеніміз. Бюрова менің тәртібің қаралып, партиядан шығу мәселесі қойылды. Соққыны жең сілікпем шығып келе жатқанда сені жолықтырған тағдырдың сыйын айтсаншы.

- Сонда ләм-лим сыр шашпағаныңа таңғаламын, неткең төзім дессенші. Истің сотқа тапсырылғанын да білдірмедің. жайран қағып, сонынан ердін.

- Егер со жолы кездеспесек, қайдам, шынырауға құлдырағма едім, қайтер едім. Аруақтарынан айналайын. бауырларымның рухы құтқарды сондағы жаладан. Соз жок, кінәм болды. Шаруашылықтың жай-жапсарын түсінбейдім. колхоз басқаруға дайындық, та оре де жок. Әекердең оралынан

ауылда осы Итемгенге ашық сот үстінен шықтым. Сірә, жұртқа керемет көрінсем керек, аяқ-қолы балғадай, бой сырғықтай. Жаудың оғы дарымай денем бүтін қайтқан сирек солдаттың бірімін, аксақ, тоқсақ, мүгедек толып кетті соғыс аяқталған жылы ауылда. Жарты жылда Итемген ақталып, Алматыға, Мәскеуге барды ма, әйтеуір елге оралды. Нан аз, ет бар, кезектесіп қонаққа шақырады, жалғыз қойып, әйтпесе екі қойының бірін бауыздайды “бағымызға тірі қайттың“ деп. Колхозымызға Бұғылы, Олжай ауылдары қарайды. Олжайдағы арам өлтөн жиырма қойды мен білмеймін, акт жасалынбаған. Жандайшаптар қай кезде қалған, корама бір сиыр кіргізді. Ақырында үстімнен жоғарыға арыз бүршақтай жауып, бір жарым жылда түрмеден бір-ак шыға жаздадым. Айналайып, үкімет, ак-қарасын тексергі, заң бойынша әлгі сиырдың ақшасын төлеуім керек екен, басқа бір де бір факт анықталмады. Қашан бәрі айғақталғанша колхоздың қара жұмысын бел шеше істедім. Не керек, кек кернегені рас. Ақырында Бұғылыны Ивановкаға, Олжайды Петровкаға қосып “тоқалдыққа“ бердік те жібердік.

Әдетті жат селдеткен,

не қазақтың, не орыстың жаңға жағымды салт-ғүрпина ие бола алмаған бір кезең еді фой. Немен тынды соны, үзак хикая. Ток етері - туған ауыльмнан бездірген анау ит. Тұнде далага шықса, “көрші үйдің шамы неге жаңып тұр?“ деп күндейтін ит. Соғ оқиғадан кейін осында сен алып келдің, қанша жыл, ә, ширек ғасыр. Өмір өтті көрген түстей. Итекенді көрмегелі қай заман. Ол да картайышты. Сыр бермеуім керек еді әлпінде, іші қара май оның, сүйегінен сөз, етінен оқ өтпейді.

- Қайтесін. Қадіріңе татымайтынға жүйкенді жұқартпа.
- Эрине,-деді Құрман өзін де, досын да жұбатқандай.
- Мен әлтінде бір нәрсеге қайран қалдым.
- Неге?
- Қазақтар әдетте қайда барса да аксақалдарын алдына

салып кіретін еді, ал мұна “досынның” жастардың соңынан әрекенің көріп, түкке түсінбедім. Бала-шагасына сүйкімсіз де емес сияқты, былай қарасаң.

- Кім білсін?!

IX

Аудан орталығындағы әйелдер қеңесінен шыққан Сана Еленайға жеткенше асықты.

- Қандай ғажап, келгенін мұнша жақсы болар ма? - Еленай Сананың бетінен сүйді. - Тек бүгін кетем деп қорқыпта. Саған сақтаған құпиям бар. Екі сағаттан соң босаймын. Міне кілт. Үйге жөнел, тамақ пісіре бер.

Бүгін мұнда қону тіпті жоспарында жок-ты. Сана аңтарылған қалпы.

- Мынаның бәрі маган ғой, - деді Еленай Сананың көтерген үлкен дорбасына қарап, - осыдан өзің біліп дайындарсың. Үйді жинай сал, қонақ келеді.

- Кешкі автобусқа үлгермеймін ғой, апам алаңдайды. Қалқанға да ескерпеп едім.

- Түнде апарып саламыз, машина болады, сен саспа, мүмкін бірге барамын, кейін түсіндіремін, қазір жұмыс көп, медсестралар жетпейді, жалғызыбын. - Сананың қарсыласқанын елеген жок, түйіншегін ұстатьп, кілтін мұның қалтасына тығып, қолтығынан демей аулаға беттеді.

Еленайдың елгезек түрінен қуаныш сезген Сана да жағырап, “әй, мейлі, қонып кетермін” деп шешті. Бастьары қосылса, өнгімeden мас болады екеуі. Таң атқанша сырласатын. Еленаймен сойлескенде, бойын сергітеп дәрі ішкендей әсерде қалатын. Әсіресе, өзіне сөз салғаны, көз қысқаны бар, жігіттер туралы айтқанда, шек-сілесін қатырады. Әуелде уәде байласқан жігіт альс облыстан кездесті, әскери борышын өтеп, еліне бірге қайтуға бұны қөндіре алмады. Екі арада пәлен жыл хабар үзілмегенімен, жігіт табандылық танытып, іздең келмеді, қыз қобалжып киналмады. Оның бер жағында қаншасымен танысқанын тәптіштей тізгенімен, “сенесің бе, Сана, жасым

жетті, күйеуге шығайын-ақ деймін, оттен, жүргі құрғыр елегізіп, дәл мәселе шешілерде мелшиген тасқа айналады. Үнатқан жігітпен сүйісудің сәті түспеді, сүйіскең жігітпен жүргемін селт етпеді. "Түбінде озім сүйгенге ғана барамын, көресін өлі" деуден жаһықпайды. Былтыр ма, одан бұрын ба, көзі шарасынан төгіле бір таңғалған: - Сана, егер сен көрсөн, жігітер, яғни баяғыдағы ғашық жігітерім мені мұсіркейді екен. Атамның досының баласы Кирил Метельников "неткен бақытсызын, ешқайсымыз сені осылай қатып қалады деп ойламайтынбыз. Шіркін қандай сұлу, қандай ақылдысын, бірақ күйеусіз жүргенін өкінішті, енді сені ешкім алмайтын шығар" деді. Жағынан тартып жібере жаздадым. Жанарамыз түйіскенде, кілт тиылдым. Ол жылауға шак тур екен, ерні дірдір етеді: - "Көнбедің маған, бір рет орманға, бір рет көлдің жағасына алдағап апардым, соңда ештеңеге қарамасам ғой, кайда барасын, тағдырымыз қосылған қос өзендей, сайрандаң жүрмейміз бе". Сана, оның суп-сүйкімді келіншегі, кішкентайлары бар, сөйтеп тұра өкінеді. Мені аяғандықтан ба, әлде бұрын ондайды ешкім айтпайтын, алда-жалда сойлегендердің аузын дерек жабатынмын. Со жолы, Кирил кеткен соң, көз жасымды тыя алсамшы, және аурухана дәлізінде жолыққанбыз, откен-кеткеннен қысылғаным-ай. Метельниковті көрім келмейді қазір. "Бақытсызын" дегенді есту мен бақытсыз екенінді сезудің айырмашылығы болады екен".

Екі қабатты үйге жетті-ау, кілттің "мінезі" қындау тиіп, есікті әрен ашты. Тұскі шәйді мезгілімен ішпегесін бе, басы зенігендей. Болме тап-түйнактай, "жинай сал" дегені несі. Газды тұтатып, шөйнек қойды. Үйден әкелген тамакты ретімен бөліп, мұздатқышка тыкты. Еленайдың қонағы кім екен, төс сүйекті жуып, қазанға салды. Шайға қаймак қатқанымен, судан хлордың иісі бәрібір шығып тұр, шөлдегендіктен ғана бір кесесін әрен үрттады.

Үйге Еленай кіргенде, самала жарық төгілгенлей болды. Сана қамыр жайып жатқан.

- Шіркін, жұмыстан шарынан орайғанды, теревенниң жарыкты көрген қандай, үйнде осылай қарсы алар жан

болғаны ше? - Еленай келе диванға жығылды. - Адамның бақытына көп нәрсенің қажеті жоқтығын енді түсініл жатырмын, әлгінде сыртта тереземе қарал ұзак түрдым. Тұнғыш рет тусіндім өзіме не жетпейтінін. Маған жетпейтін - тунде тереземнен сыртқа түсер сөule, яғни күні бүтінге шейін жағылмаған шырағым.

- Қайдағы жоқты айтпаши, әлі жассың, өйтіп келешегінді кесіп сөйлеме. Эйел қырық шыракты деген, сендей қыздың сүйіспеншілк құдіретін кешпеуі сүмдүк катігездік болар еді. ондайға табиғаттың өзі қимас сени.

- Өзіндің жағдайың қалтай, Сана? Табиғаттың әділеттігіне сенермін, егер құдай сенің тілеуінді берсе. Жуырда ауылға барып қайттым. Апамның сырқаты бар. Үйдегі жағдайды сұрама, Шекер, сірә, он бала тапса да өзгермес. Тұнғышы туғаннан кейін Кеңес ажырасам дегендे, апам үзілді-кесілді тыйым салған. Бекер сойткен. Атам да қартайыпты. Үйге барған сайын құлазып қайтамын. Апамның уайымдамайтыны жок. Сендерді аузынан тастамайды. Жан-апама сәлем айтарсың, халдарын біліп кетсін де. Ал, өзің бұлай үйден жалғыз шықпа, жүрттың көзіне түсे берме. Сендерден басқа кімім бар менің? Шешемнің жағдайы өзіңе мәлім, қартайғанша бай іздейді. Маған жасаған жақсылығы - козіме корінбейлі күйік боп. Байғұс Маруся, жалғыз інісінен қалған көз болғасын, Аринаны айды, елпелектеп, арамызда дәнекер. Әкенін түрі анау. Бірақ апам мен атамнан өзгесіне бір клеткам былқ етпейді. Кеңеске жаңым ашиды.

- Жан-апан да көп қайғырады. Шеттегі ағайын-туыстарды жинап, той жасасам дейді, егер бәрі ойдағыдай болса. Өткенде катындарға құрсақ шашу жасап мәз қылды. Атамның онашата “алжығаннан саумысың, бейбак, алдын-ала дабырлап, қалай қорықпайсың, ырымы таусылмайтын бейшара“ деп үрысқанын естіл қалдым. Шіркін-ай, Еленай, шынымен сәби құшамын ба? Дұлдул екен атам мен енем, құдай солардың көз жастарын исе жарап еді. Қорқамын. Аттаған әр қадамыма шукіршілік етемін ішімнен. Тәрк етуге дайынмын бір шарананың жолына омірімді.

Еленай үшіп тұрып, Сананы құшактады.

-Өйтіп кесіп сөйлемеші, өзің айтқаңдай. Уайымдамашы. Егер сен ана болмасаң, нағыз қатігездік сол ғой, жана не дедін, табиғат қимас ондайға деп дәл теңедің. Тәйірі-ай, талай мойындағаның қайда, махаббатың түк емес, нәресте сүймей өтсөн деп. Сенің арманыңның қасында менікі әншіейін еркелік. Эйткенмен, менде де жаңалық бар.

- Соны, соны айтсаңсы. Манағы қонағың қайда? Кім?
- Сендер оны тануға тиіссіндер. Бұғыльдан.

Сана ауылдан Еленайға лайық жігітті қапелімде елестете алмады. Дәмеленген қуанышынан айрылып қалатындағ үрейленді.

- Бұғыльдан?!
- Экесі тұрады онда, өзі ”он үш жасынан басқа жакта оқыдым“ дейді, орман шаруашылығының маманы, бірақ ...
- Не бірақ? - Одан арғысын естүге құлқы соқпаған Сана шошына тіл қатты. - Итемген шалдың Кенжеболаты емес пе?

Еленай қайтадан диванға қисайды. Бет әлpetіндегі толқынысты жасырды. Естірте алмай отырған жаңалығын Сананың білетініне көзі жетіп, бір жағынан борышынан құтылғандай үнсіз қалды. Сана қайткен күнде де қарсы ештеңе айтпаса екен деп тіледі. Соны сезгендей Сана да тіл қатпады. Жан-апасы жаратпайтын Итемгеннің ұлы екенін есептемегендеге, бала-шағасын қайда қоймақ? Анық-қанығын ежіктемесе де, келіншегінің долы мінезінен ұзын құлақ арқылы хабардар. Баласының нешеу екенін білмейді. Целиноград облысына бағынатын орман бірлестігінің бірінде кішігірім бастық десетін. Ауылға із салмайтынын атасы талай сөккен. Жеке басының қасиетін қайдала, экесі жәйлі жылы пікір естімегі. “Итемгенді көрсөн, колынды қалтана тыңып, әйтпесе жасырып, саусағынды шығара ғой“ дейтін енесі ертеректе. Кейіннен соны әдет қылды. Жас, көрі ме, әйел, ерекк пе, алда жалда үшырасса, тоқтап тұрып, тінткілей көзін сүзеді. Не көретіні өзіне аян, нокат сызықтай жұмұлы жанары жыптылық атып, бетіне тақалғанда, еріксіз тітіркенетін. Енесі ескерткендей, елеусіз қолын шығара қойғанда, кәдімгідей сейіліп, бойына титтей жамандық дарытпайтынын сезстін. Ауылдың кез келген қартына ілтипатиен ізет білдіру, жолын

кес кестемеу, алдынан өтпей - бұлжытпай орындалатын зандастыққа жастайынан дағдыланғандықтан Итемгенді де анадайдан тосатын. Жақындалап кеп тағы тоқтағанда, әсіреле асықканда жыны құрысатын күйіп бара жатқан уақытына ішіндей ашып. Бірақ үйренішкі әдетінен жаңылмайды. Сөйткен Итемгеннің Кенжеболаты мен Еленайды қанша олектенсе де қатар қоюға жүргегі дауаламады. Алтыға күткен құпиясының түк қызығы қалмай мен-зен болған Сана бүрк-сарқ қайнағаннан казанның астындағы отты азайтты. Еленайды үрлана көз қызығын бүрған. Жазғы пальтосын шештей диванда жатқаны ішкі қалауынан қайтпайтын қайсарлықты анғартқандай. Дүниe судай акса, бәрібір сияқты оған дәл осы сөтте. Әлдене деудің жөнсіздігін үкты Сана. Қанша сырласа жүріп, мұншалық тастуғын бойын аулақтатқанын бірінші рет көріп отыр. Жігіттерді тілге тиек еткенде, бұрын мұндайын байқаған емес.

-Ет пісті,- деді Сана, - нанын салайын ба, өзің сүйсініп кеміретін төстің сүйегі, құрсақ шашудан сарқыт. Жан-апаның қойдың төсін үнемі саған сақтайтынын білесің ғой.

-Білемін,- Еленай еріне көтерілді,- білемін, төсті күйеу балаларына тартады. Біздің үйдің маңдайына оларды жазбағандықтан, апамның қызы болмапты, өзіміз жейтінбіз асып. Кішкентайымнан әдettengendikten бе, қонаққа шақырғанда, табақтан төс іздеймін.

-Ендеше бүгін қалауынды дәл тапқан екенмін. Түсіре берейін етті.

-Ол келмеді. -Үстіндегі пальтосын самарқау шешті,- міндетті түрде келем деген. Айтшы, сені көрсө, қайтер еді, сасып қалатын шығар.

-Бастауыш класта оқып жүргенде білетінмін, Қалқаның шәкірті ғой. Қазір танымауы да мумкін.

-Сендерді жақсы таниды, мен сұрағанмын. Бүгін кездескендерінде...

-Қалай өзі, әйелі... -Сана күмілжіп, сөзін аяқтамады.

-Отыздағы жігіттің әйелі болуы занда емес пе? Менің жасымда басы бос еркекті қайдан табасын. Қатыны өлгенге тимедім, қатын тастағанды қаламадым. Сен үрыспа, осындаі Кенжеболаттай адам тиімдірек маған. Әйелімен ажыраскан

жігіттерді жек көремін. Жо-жок, кешірші, тиімдірек деген құлакқа түрпідей тиеді екен, айтқым келгені басқа.

-Ендігі шақта сен не істесен де сөкпейміз, Еленай. Бірақ құдайымның Кенжеболатты таңдатқаны түсініксіздеу. Осынша жүргенде...

-Өкінбеймін, өйткені ықыласым ауды, артық ештеңе тілемеймін одан. Он әйелі, он баласы болса да мейлі. Түсінуге тиістісің сен. Ешқашан біреуді шын ниетіммен ұнатпаптын, бұған дейінгі әншейін көрсекзыарлық, өзімді алдау. Мен Кенжеболатты бала-шағасымен, бар болмысымен сүйемін. Бәлкім оны басқаша қабылдай алмаспын, өзім де таңтамашамын қазіргі жағдайыма. Сезіп отырған шығарсың, әлдекімді құлап-сүріне күткенімді көрдің бе бұрын. Қөрген жоқсың. Міне, енді қара, жүрек дұрс-дұрс, елегізді, тыптыршиды, сағынады. О, мұндайды кешпеу қылымыспен тең. Кенжеболат бұдан былай қарамай кетсе де ризамын. Мен кім екенімді білмеппін бұған дейін, өз табиғатымды енді ғана үққандаймын. Басқа бір де бір еркектің қасында соншалықты мұңсыз сезінген емеспін өзімді. Қөрсем - реніш, мұн атаулы дереу жоғалады, көрмесем-қасіретке батамын. Адамның бойында түйсініп-сезінудің көремет қазынасы болатынын кім болжапты. Отзың жыл өмір сүріп, терезеден төгілген самала жарықтың жүрекке жылы тиер осерін бүтін түсінген жанда қандай нәзіктік болушы еді. “Ертерек түйіспеген екен жолымыз“ дейді ол. Мен ойлаймын, о кездे қазіргідей бәрібір бағаламас едік бір-бірімізді, яғни осылай жазылған екеумізге тағдыр. Қуану керек бұған. Жас кезінде ештеңені парықтамайсың.

-Осынша жүргенде деймін... - Сана ішкі қарсылығын білдіруге әлі де аяншақтап батпады. Кенжеболат туралы альш-қашпа сөздерді ойша жинақтап, естігендерін есіне түсіруғе тырысты. - Иә, иә, екі рет айырылысып, екі рет қосылыпты, аяғына жығыльшып, алтын жүзік әпергесін, келіншегі қайтадан кірізіпті, бір ұлы, бір қызы бар, соларды кимайылды екен дейтін. Иә, иә Кенжеболаттың қыз-келіншектерге қырындағыш, келіншегі сондықтан қызғаншак, бір үйге бірге барса, болек қайтатыны - ту-у, бағанадан Еленайға айта алмай отыр екен

той. Осынша жүргенде, мейлі қандай, аламдар танымайтын, ауыл-аймак қаңқу сөз таратпайтындаі алыстан болғаны жон еді. Ішкі ойын ірке жалғастырды:

- Ең алдымен ертең жақындарың табалайды... Со жігітінді жақсы атамайды елдегілер, көрінген үргашының етегін ашуға құмар, көзі тым өткір, ананың да, мынаның да сонынан жүгрелі деп... Қайдам, жүрттың табасына қалмасан.

- Қанша келіншектің қойнына барғанын тізіп берген,- деді Еленай мейлінше селкостық танытуға тырысып. Іштей тіксініп қалды.

Неге екен, сыр бөліскен алғашқы кезде Кенжеболат әйелдерге қатысты көп әңгімелеген. Ереккө ғана айтылуға тиісті небір құпияларды бүкпесіз жайып салған: -“Күні ертең миынды ашыттың журме, бәрібір біреулерден естисін, қаласам кез келген қатын кет әрі демейтін. Есінде тұт, әйел пендесінс есеп берген еркек емеспін. Неге осыны мойындаимын, өзімे де жұмбақ, сірә, шындығымды айтқызырлықтай қасиетіннен шығар. Қозімі шұқып, жүйкемді жұқартпассың деп сенемін. Егер сенен кейін де былжырасам, сөз басқа.

“Миынды ашыттындаі, әйелін емеспін, корықла, - деген бұл, - не істесен де еріктісін“. “Жок, олай жалтарма. - Кенжеболат ыршып түскең, - өткенің жәйілі сұрамаймын, бірак мен жәйлі бәрін білгенің жон. Саспа, саған жеткізетіндер табылады әлі, сонда есіннен танба, пікіріннен өзгерме. Жел сөз жаман әсер тигізуі мүмкін саған Кенжеболаттың дол болжағанына қайран қалып отыр. Жігіттің өзі айтқанда, мұншалық жараланбаған жүрегі енді кеп ине сұғылғандай ыршытты.

- Басынғаны ма, о заман да бұ заман, сүйіктісіне әлгіндей дегенді естімедім. - Саны шынымен реңжіді. Еленайды үксата алмай отыр өзіне. Толки сойлегеніне қарағанда, пейілі қулаган. Яғни бетінен қайтару да қын. Текке көнілін бұзып қайтеді, бекер айтты-ау.

Әңгімені жалғастыруға зауқы соқпаған Еленай өкіне бастады. Кенжеболаттың құлағын бекер шулатты, есімін естігеннен Сананың тыжырына қалғанын ауырлау қабылдады. Бұған қоса бүгінгі кешіккені де жаның жудетіп жіберді.

Лапылдаған өрт сезім сап тыйылғандай. Жігітті ұнататының мойындағаны да ынғайсыз көрінді. "Келеді" деп айғайлағаны қандай ерсілтік. Кенжеболатқа міндет артпағанымен, кейінгі уақытта үдайы оны күтетін әдет тауыпты. Уәделескен мерзімінен таймайтын, сенгендіктен де ұзакты күн қуаныш, асыға тосқан. Жасырынып келіп, жасырынып кеткендіктен, жұрт көзіне түспейтін Кенжеболат. Осынысы Еленайды жалықтырып та, намыстандырып та жіберетін.

Сол себепті де Сананы қоярда қоймай қондыруға көндірген. Бұның жақындарымен өзін қалай ұстайтыны да қызықтырған. Алайда мұншалық алабұртып, әлемтапырық қүй кешем демеген. Анау-мынауға селт етпейтін мінезінен тұнғыш рет жаңылды. Табақтағы етке қолын да созбады. Сана жалт-жалт қарап, не істерін білмеді. Ренжітім, қатты ренжітім деп өкінді. Үш-төрт кесек ғана турал, оған ешқайсы тиіспегесін, пышақты столдың шетіне қоя салды. Бөлmede ынғайсызыдау тыныштық орнады. "Несіне қалдым" дегендей, Сана да ішпей тынды. Мана қалай миы жетпеген, онаша жолыбып үйренген қыз бен жілітін арасында нендей піфылмен отырмак. Эй, Еленай да қызық, ғашығын тосса, бұған неліктен "қал" деп жабысты. Бұл отырғанда, ғашығын ойлап нессіне қамығады. Құдайым ау, Еленайдың басы сау емес шығар, сонша тыптыршыған түрі жаман. Өнді бол-боз.

Есік қонырау шалғанда, үшып кете жаздады. Қан жүгірді бетіне. Сана да қапелімде асып-сасып, еттің тұздығын жаңартуға кірісті. "Асқа дәл келді-ау, етті турамай дұрыс жасаптыз" дей берді.

- Қорықпайың, ә, есігің ашылқ. - Жадырай сөйлеп, бері аттаған жігіт Санана қоз қызығы түскенде, абдыраған жок. Салмақпен жақындал, қос қолын қошеметпен ұсынды.

- Сәлеметсіз бе, женеше. Есен саусыздар ма? Танылдыңыз ба мені, Кенжеболаттың ғой.

Бойын матап тастаған ынғайсызықтан арылғанына қуанды Сана. Кенжеболаттың қысылып-қымтырылмай сәлемдескені құрысқан арқасын жазғандай, дереу лып-лып қазан-аяқ шаруасына ауысты.

- Қандай тамаша. Өзім де сезгендей екенмін. - Кенжеболат

жартылық шыныны қоя салды. - Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан. Бірақ, сіз, женеше, ұрыспасаңыз ғана, ал ұрыссаныз, сыңдыра саламын. -Бөтелкені жүлшп ала бергенде, Сана оны қолынан сыйтай қағып токтатты. Арактың иісі мұнқ етті, жігіттің қызу екенін анғарды. Сана секемденіп бойын жиды. Мұнымен санасқан Кенжеболат жок, алғашқы екпінінен айнымай, даурыға сәйлеп, плащын шешті.

- Женеше,- деді орындыққа сылқ етіп,- мені танисыз,ә? Сізді көргеніме куанып отырмын, бірақ бүтін ойлаған жоқтын сізді кездестіремін деп. Мына Еленай ескертпейді де, қалай, ә?! О, мына төсті тұтастай асқанда, маған арнадындар, ә? Айттым ғой Әлгінде: жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан. Сотін салайын десе, міне, осылай. Солай ма, Еленай? Не, сіз ренжіп отырсыз ғой. О, егер қандай қындықпен жеткенімді естісен, онда бар ғой, онда...

- Танысыңыздар,- деді Еленай жігітке қинала қарап,- бұ кісі...

- Бұ кісіні танымай, не қара басыпты мені, кешегі жалаң аяқ алдарында өскен бала емеспіз бе? - Кенжеболаттың үні сәл басынқы шықты. Еленайдың жалынышты көзкарасынан ба, теңселе сөйлегенінен тыйылынқырап, кольна бәкі үстады. Етті бабымен турайды екен. Бөтелкені ашуға ниеттенбеді. Оның лезде жуасығаны Санага ықпалын тигізгендей.

- Мені жеңешем де жақсы тануға тиіс. “Мұғалім“ деп өттік, ә, ағаны. Әлі мұғалім ғой, иә, женеше?

- Мұғалім болғаны шын сендерге... бірінші кластары бір қылышынды ұмытпайтын, “қол бітті, аяқ бітті, енді не санаймыз“ дегенінді.

Кенжеболаттың жүзі одан әрмен жылып шыға келді.

- Қалай ұмытпаған, есімде, есімде, жиырмаға дейінгі алып-косуға баштайларым, саусактарым көмектесетін. Сан одан эрі қөбейгендे жиырмадан кейін де сан болады деп ойламасам керек. Шексіз дүниені аяқ пен қолға сиғызыптыз ғой.

- Аған қазір үстаздықты қойған.

- Дұрыс істеген. Мұғалімде бедел қалды ма бүтінде. Женеше, білсіз ғой, үлкен ағамызды. Салықты ше, отыз жыл бала оқыпты, шыдамалы. “Қой баққаным дұрыс“ деген, оған түркін

жерінде қой жоқ, бұзау бағып жүр. “Ақшаны күреп табам, ең пайдалысы - басымды ауыртпаймын,-дейді,- класында қалдыруға, екі қоюға, айғайлауға, үруга хакың жоқ, өйтіп ми шіріткенше, денсаулығымды сактамаймын ба“. Жөн сез, өзі мектептен шыққалы семірейін депті, рас, пенсиясы аз, қырық сом, стажы үшін ғана.

- Естіп отырғаным осы, ауылға ол да келмейді ғой. - Сана таңдайын қақты. - Шынымен бе, отыз жылдық еңбегін өзі бағаламағаны-ау, ә? Қалай қіған.

- Әрен қашып құтылды, қайдағы қимастық. Мал баксан, жабыла мақтап, жағдайынды жасайды, үйіне іздел кеп, жұмысқа шақыратын бастықтар бар. О, женеше, байлықтың тетігі малда. Отірік пе, дөлелденізші, мал адамнан қымбат жергілікті жерлерде. Нанбасаңыз, сырқаттанып байқаңызыңы.

- Мұның тым солекеттеу. Ондайды естімедім де, көрмедім.

- Женеше, Бұғылы деп ойлайсыз ба жердің бәрін. Жоқ, Бұғылының шұңқырда қалғаны қашан. Сіз салыстырманың ейтіп, онда бағатын мал, сауатын сиыр бар ма, қырман бар ма, не бар? Баяны заманда дүрілдеген дескен дақпыртынан басқа не бар онда. Қырық жылдан кейін өзін көшірейін деп жатыр. Сойтіп тіршілік жалғасады, кешегіні бүгін, бүгінгін ертең жұтып. Мәселен, сіз киясьз ба туған топырағыныңды, оп-онай көшесіз бе Ивановкаға?

- Өзің ше? - Сана ашууланайын деді. - Бұғылының жоғын жоқтайтын мен емес, сенсін. Ата мекен жәйлі кесір сөйлеу жас жігітке абырай әпермес, ешкім естімесін мұныңды. Қарындарың тойғасын, тұрмыстарын тәуірленгесін, сендерге Бұғылы қажет болмай қалды ма?

- Кешірініз, женеше. - Кенжеболат қипактап, жағын сипады. - Жаңым неге ауырмасын, жанға батқандықтан да ғой артық кетіп жатқаным. Сізді жігіт деп қалыптын. Менің анамды, Тендікті білетін шығарсыз, со кісі айтушы еді...

- Анаңың аты Тендік екен ғой? - Еленай манадан бергі әнгімеге ден қоймағандай. - Таныс есім, оте таныс есім...

Сана Еленайға “кейін түсіндірем, үндеңе“ дегендей, слеусіздеу ғана ымдады. Кенжеболатқа қарап еді, назар аудармалы ма, сабырлы қалыпқа еніпті. Өзі де Кенжеболаттың

Теңдіктен туғанын енді ескерді. Қалқанға тұрмысқа шыққан жылы өтті дүниеден. Қайын енесі Теңдікті есіне алғанда, көзінің жасын бір сыйып, қалың ойға шоматын. Анда-санда актарылғанда ғана “қара шаңырағымның құты, қайтейін мандағы сыймағасын, бәрі өзімен кетті ғой“ дейтін. Сөйткен Теңдіктен туған үл, міне. Қаперіне ешгене кірмейтін сиякты. Дастанмен қатынаса ма екен?

- Женеше,- деді Кенжеболат мандағына түскен шашлын сілкіп тастап,- қатты айтсаңыз да дәл айтады екенсіз. Мен озі кекшілтін, басымнан артық сөз асырмаймын, сонымнан кейде таяқ та жеймін. Экеме де бағынған емеспін. Он үш жасымнан үкіметтің тәрбиесіндеңін, құдайдың тәрбиесіндеңін дегенім ғой.

- Қалай сонда? - Еленай таңырқай сөйлемді. - Қанша аға, апаларың, әкен тірі...

- Интернатқа әкеп тапсырды, онда тұрган не бар? Экем ауылдың мұғалімдері топас, білімдері аз, орысша оқисын деді. Бір класс тәмен шегеріліп үшіншіге бардым. Қатты қиналым алғашқы екі тоқсанда. Қалай тырыссам да миға түк қонбайтындей. Адамды адам қылатын және бір күш - намыс. Күні-түні жаттауға көштім окулықтарды. Қатарынан сегіз екі алдым, бірде сабак үстінде қолымды көтергенде, мұғалімнің көзі төбесінен бір-ақ шықты. Кластағы жынырма тоғыз окушы маған бұрылды. Тактаға шақырды ма, білмеймін, бір кезде кластастарымның алдында тұрмын. Марина Александровна деген мұғалім болатын, ғажап өткізетін сабакты, асқан мейірімділікпен жақындағаны ғана есімде. Жаттағанымды бұлжыттай тақтарап, орта тұсына жете бергенімде, аржағын ұмытып, мелшидім де қалдым. Класс ду күді. Бөлмені басыма көтере айғайлағаным өз алдына, сөздерінің екпінін дұрыс коймай, бірін құлатып, екіншісін жұлқып, үшіншісін қиратып, орыс тілінің аузы-мұрнын қан жалатыптын. Сөздермен тәбелескендей даурығып екіленгенімнен бұрын-соңды кездеспеген тыныштық орнап, балалар қынқ етіп қозгалмаған. Мазак қылар деген титтей ой болсайшы, көзімді тобеге қалап, сазарып қанша уақыт тұрғаным есімде жок. кластың іші бір аударылып, бір тоңкерілгендей. Алдым тұманданып, тактаға

сүйендім. Марина Александровна басымнан сипағанда, есім кірді. Өн бойынан ескен шуақтан жаңым тіріліп шыға келді. Сіздерге өтірік, маған шын, егер мұғалімнің жанарынан сол таңғажайып ұшқынды қөрмегендеге, мектептен безіп жоғалатын едім. Мұны қазір ойлаймын, онда мән бермейсің ғой ешпенеге. “Отыра ғой Кенжеболат”, -деді. Үнінің жұмсақтығы қазіргідей құлағымда. Партаға жетер-жетпесте “төрт” деді. Әлгінде құлкіге көмілген бөлме сөл саябырланып, окушылар мен жаққа қарағандарымен, мысқыл көзқарас азайғандай. Сірә, Марина Александровнаның төрт қойғаны керемет өсер етсе керек. Содан кейін бағым жанды, айналасы төрт айда игердім орыс тілінің мазмұндық аудармасын. Көрші кластардан, төмөнгі, жоғарысы бар, окушылар арнайы іздеп, сұқ саусақтарымен нұсқайтынды шығарды. Мен туралы мектепте аныз тарап үлгеріпті. Сол аныздың арқасында аяқтадық орта мектепті және намыстың арқасында. Сондықтан, сіз, женеше, ұрыстаңызышы маған болашақта.

- Жо-жоқ, -деді Сана, - әңгімені жақсы айтасың, көрдің бе, әне, Еленайды, құлқіден ес жияр емес. Ал, тамақ ішпедіңдер, кәне, тұздықты ысытып әкелейін.

- Сөйтінізші, женеше, міне, осылай қабағы ашылып отырмас па әйелдің, дүние сонда жасыл баққа айналып, қайғы атаулы жойылады. Әттең, соны әйелдер сезбейді, қын өмірді одан әрмен киыннатып, дінкенді құртады.

Үшеуінің әңгімесі ажарланған сайын құліп-ойнап отырып табаққа қол созысты. Тұн әміріне әлдеқашан енгенімен, дауыстары еркін шығады.

- Женеше, рұқсат етсеніз, ішнейік, біраз еңбек сінірген сияқтымын.

- Жол жүрсек, қын тиер, -деді Еленай. Кенжеболат қызға сұраулы кейілпен бұрылды.

- Машинаңмен келген жоқсың ба? Сананы әдейі жібермедім, сен екеуміз апарып саламыз деп.

- Реті келмесе, оқасы жоқ. Таңғы автобусқа шығармын. - Сана дудемалдана сөйледі. Еленайдың біреудің күйеуіне еріп баруын іштей ынғайсыз санады. Және ауылға барғасын әкесінің қалай соқлайды Кенжеболат. Қисынсыз жағдай.

- Жок, міндетті түрде апарамыз. Дәл қазір. Эйтпесе таңертең қызыметіме үлгермеймін.

-Күлдыш, құлдыш,- Кенжеболат екі қолын көтерді,- бұ кісіге қарсыласуға шама жок. Қазір дейсіз бе, кеттік қазір.

Сана үрейлене Еленайдың иығынан тұртті. Ойындағысын дауыстап айта алмай басын шайқады. Қастары қосылыңқырай түйішп кеттіп. Еленай, саган не болған,-деді ішінен. - Жан-апана қалай түсіндреміз? Итемген шалдың ұлымен ашыктанашық жүреді, ашынасы дейміз бе? Кімнің кім екенін білмейсін, мен де үқтыруға тырыспагын. Өзіме осы керек, машинамен апарамыз дегенге... Енемнің бетіне қалай қараймын, екеуінді қолтықтастырып альп барғанда. Қой, сылтауын табу керек.

- Еленай, бір түрлі ауырыңқырап тұрмын. Үйдегілерді шошытармыз. Жан-апаң мезгілсіз қағылған есіктен де жүргі ұша жаздайды.

- Рас, - деді Кенжеболат қостап,- Мен ауырсынбаймын, міне дайынмын, анау шынының ашылмағаны өкініштірек, әрине, жо-жок, қалжындеймын. Эйтпесе, Еленай, тыңдашы, таңертең лесхозға соғатын шаруам бар, жолшыбай апаратын. Сен де текке шаршамайсын.

-Жарайды. Конайық осында бәріміз. Ешқайсымызыға ыңғайсыз болмау үшін қатар салайық төсекті. - Еленайдың жасандылау көрінген назын Сана іштей сөкті. Ың-шыңсыз атқарылар майда-шүйдені дүнк еткізгені тым сөлемеккеттеу. Өзінің қалып қойғанына тағы өкінді.

Стол, орындықтар бұрышқа ысырылып, бөлмені тарылған екі жұмсақ кресло ас бөлмесіне шығарылды. Есіктерден сығылысып әрең еткізілді.

- Сана, сен ренжіме,-деді Еленай төсектерді жайып, асүйге беттей: -Келісіп алатын мәсселеріміз бар... Ту-у, қандай рақат, креслолар жарасып кетті ғой мұнда. Қарама-қарсы қойылған креслолардың біріне күмп етіп, екіншісіне Кенжеболатқа “отыр“ деп иегін көтерді емеурінмен.

Сонғы кездे бір әдет тапты, Кенжеболатпен онаша қалса, оның қеудесіне басын сүйеп тапжылмастан отырады. Қазір де соны қалап түр. Жылдар жылжыған сайын қасандыққа бел алғанымен, осы жігітті коргенде, жұмбақ та елжіреуік сезім

оянады. Шаршаганынан, үзакқа созылған беймазалықтан айыққандай бір хал кешеді. Бұрындары сағынышқа үқсатқаны тоқырау, күйзелу екен, еңсесін көтертпейтін, сауықты кеш, думанды орталардан бездіретін ақуалына үқсамайды. Әлдеқалай табысқан көңілдесін көлденең көзден жасырып, қатар жүруден тайсақтағанда, іштей намыс буатын. Біреулерден сескенгендіктен емес, ішкі ниетімен үйлеспейтін жағдайға неліктен жұғысып, неліктен бейім тұратыны ызаландыратын. Кереметті қиялдағанымен, дағдылы тірлігі мен жүрек әмірінің арасындағы үйлесімсіздік үдайы жаңын жүдегетін. Тәнінің сұраныстары оп-оңай өткерілгенімен, өзін сол үшін кінәлап, қанша зардал шеккенімен, бәз баяғы алданыш күндер баяу жалғасқанда, Кенжеболат кездесті. Өміріне өзгеріс енді.

- Кел, отырсанцы.

- Бір ауыз сөзінді айт, тек түнде емес, күндіз, құдайдың жарығының астында. Мен саған не деп журмін, сен не дейсің осы. Сөзді тыңдамайсың ба, мән бермейсің бе? “Шешінген судан тайынбас“, әр-берден соң әйеліммен ажырасатыншама да қатысың, жоқ.

- Қатысым болғанды қаласам ше?-Еленай аскан еттілікпен жігіттің тізесіне жайғасты. Бетін омырауына жасырып, бір уыс бүрісті де қалды. -Қозғалмайықшы, жүргіннің соққанын тыңдаймын.

- Нанасың ба, жүргімнің соққанын ешкім тыңдаған емес. Мына түрінмен мені мүлдем жеңеійін дедің. Задымда тіпті әйеліммен де қолтықтасқанды ұнатпайтынмын, әлгі неке сақинасын да тақпадым. Сол үшін айғайласатынбыз. Сенен ештеге жасырмаймын, қызы-келишектеп көп жүрдім, әншейін далбаса екен бәрі. Бірде үйықтап қалыппын келіншектің қасында жатып. Оянсам арқам удай ашып әкетіп барады, таңда атқан екен. Олай қипақтаймын, былай қипақтаймын, не болғанын түсінбеймін. Сөйтсем әлгі келіншек арқамды әдейі тістеп көгала қойдай ғып қойыпты.

- Өй, мынауың не?

- Енді қайтейін, үйықтауға келгендей, басың жастыққа тиісімен қор ете түстін. Оятсам, қолынды сілтейсің, жаман ызаландым,- деп жымындаиды. Он шақты күндей көгеріп

жүрді денем, қанша дегенмен өйелің бар, әр нәрседен секемденеді, біразға шейін көзіне көрінбедім. Нанасың ба, бұ мәселеде әйелдер өтс жаман. Көршіміздің келіншегі болды, маза бермейтін. Астымда "ИЖ-49" мотоциклі, ойға, қырға апар деп жүріп, ақырында не керек, "күйеуімнің қасында сені ойлап жатамын" дейтін. Соған әлі қайранмын. Амалын тауып кездеспей тынбайтын, о, сен нанасың ба, көнді бұзылmasын байы бар қатынның, бір бұзылса, оны ешқандай күш тоқтатпайды. Талайын көрдік қой. Әлгі көршінің әйелі кейіннен ізімді андып, әрен құтылғанмын. Үйдегі "мықты" сезіп, астан-кестенін шығарды, ақырында көшіріп жіберді. Жұмыс орнына шағынды ма, құдай сақтасын, шаштарын жұлдысып, қырғын болғанбыз. Әйткенмен сүйкімді келіншек еді. Ой, Еленай, неге ғана саған бәрін айтамын. Егер сен бұрынғы жігітерінің бірін айтсан, қызғаныштан өліп қалуым мүмкін. Ал, сен сelt етпейсің, тыңдайсың, түк түсінsem буйырмасын. Сөйтеп тұра мені шексіз сүйеттініңе көміл сенемін. Және алдамайтыныңа.

- Қимылдама, жүргегінің соққанын тыңдал жатырмын, танды осылай атырайыл,

- Еленай, сәл мызғып алмасам, қалай рульді ұстаймын?

- Ә, әлгі аты жоқтың қасындағыдай қорылдал үйықтамақсың ғой, ондайды көтермеймін, үйықтатпаймын, жаман үйретпеймін.

- Тоңып қалыпсың ғой. - Қыздың сап-салқын аяғын сипады.

Еленай жанарын тарс жұмып, жілітің жүзіне жүзін тосты. Тұла бойын билеген мейірімді тежемеді, маңдайынан, мойнынан жұтына иіскеп, күрсініп қойып ұзак отырды. Сүйегінінен ah ұра тыныстағаны жиілеп, қуанышынан мұны басымырак екеуара ортақ сәттің созытуын қалайтындей. Екеуде соны қалайтындей. Қат-қабат мынау өткінші жалғанда бір құдірет болса, осы, үнсіз аймалау, үнсіз ұғыныс сияқты.

От басындағы жылдардың ұрыс-керіспен жалғасқанын, жүрек дірілінсіз етін өлтіргенін Кенжеболат енді зерделегендей. Ып-ыстық бетіне жойлі тиғен қыздың салқын ерні үйкесін ашып, есін жиғызды. Бұрын-сонды ұрғаны

атаулымен кешкен жағдайына мүлдем үқсамайды, әрі шаттандырып, әрі сергіткен ғажайып қас қағымның қасиетін сірә де ұмытпас. Осы жасында негізін өзі қалаған қарабайыр қағидасының быт-шыты шықты. Сүйіспеншілдіктің әліппесін жабайы тілектен асыра алмайтын. Әрбір жаңа әйел жігерін тасытқандай алшаң бастыратын аяғын, мәртебесі де өсетіндей еді. Әйткені қыз-қырқынның құрак ұша қабылдайтыны ішкі сенімін нығайтып, бостандықтың тізгінін ұстаратқан. Қолына мықтап тиген сол тізгіні құрғырдың еркектің беделін арттырап ықпалы бар ма дейді. Жасырып қайтеді, Еленайды да қөптің бірі ретінде қабылдаған. Аққу мойынды сұлу қыздың ең алдымен мүсініне қызықты. Қөгілдір көздері, аптақ жүзі мен қара қастары сирек ұшырап алабөтен қасиеттен хабар берген. Әбден таныс, жуасыған көзқарас емес, тайсалмай жанарын тіктеп қараганда, кірпіктері қайқайып, діріл қақпайтындаиды. Бойын құштарлық билемеген, назарын аударған көркемдікті тамашалайтындаған. Бұның ар жағында пәлендей ештеңе күттеп еді. Аспандай қарап қасынан откенде, нәп-нәзік денесінде жасырынған өрлікті аңғарды. Ызғар шаша тесіліп, титтей қысылмағаны жігітті жәбірлекендей әлгі әзірдегі ынтаны күшетіп жіберген. Кенеттеп бір қызығушылық пайда болды. Намысын қайраған қыздың жанарын іздейтінді шығарды. Танысып шүйіркелескеннен кейін Еленайға деген сыйластық жалпы әйел қауымына ілтипатын оятты. Әйткенмен жүрек түкпіріндегі алғашкы ұры ниетін білдірмеуге шамасы жоқ-ты. Қанша жасыруға күштегенімен, бірте-бірте Еленайды жи ойлап, аландауға көшті. Тұнғыш рет сағынды анасынан басқа біреуді. Қатігез де қатқыл көрінген қыздың бойындағы мейірімділікке, міне, тыптырламастай тұсауланды. Үнемі былай емес. Кейде асқақтық танытып, таудың төбесіне шығып кеткендей, қанша қайрылмаймын дегенмен, акыры қайта айналып соғады. Бір қылышы мұздай қатырып, бір қылышы оттай жаңдырағы.

Уы тәтті сезімнің

қайда, неге апарып соғары белгісіз. Мінезінің қалтарысын аңдау киын. Қалықтаған құстай алтыстан көз арбаса, енді бірде қанатынан қайрылып, жер бауырлағандай тыптырылды бұның қеудесінде. Еленаймен танысқалы өзін де өзгені де алдауға дәті шыдамайды.

- Әңгімелерің таусылатын емес қой,- деді Сана қатарласа төсекке қисайған Еленайға. - Ұйықтап кетіппін әлгінде, түс көріптін, марқұм әкем бір көзін ақ матамен байлап, төрде отыр. Менің қолымда тыр жалаңаш сәби, оны құшақтап, “әке, көрші” деп ұсынамын, әлгі нәресте шыр-шыр, әкем екеуміздің арамызда ұшып жүргендей, қалай қолымнан сусып кеткенін білмеймін, әлде жерде, әлде көкте ме, әлті баланың қайда екенін көрмедім, оянсан, әлі сыйыр-күбір.

- Осы жақта үйықта десем, көнбейді, үялады. Әжептәуір сойлестік. Таңертен апарады сені. Мен жұмыстамын ғой.

- Ыңғайсыз шығар, автобуспен-ақ кетейінші.

- Өз шаруасы бар көрінеді лесхозда, іргесінде емес пе ауыл.

Сана ерте оянды. Аяғын ұшынан басып, тықырлатпай шығып кетуге ыңғайланғанымен, Кенжеболат тоқтатты.

- Женеше, қазір, қазір. - Краннан сұық суды ағызып, бетаузын жуды.

- Сәлем айт,-деді Еленай, көзін уқалай тұрып жатып,- шәй ішіп алындар, тез қайнайды.

Есіктен шыға бере Кенжеболат Сананың алға озуын тосып, кері бүрүлді. Ұйқысы қанбаган Еленай әлсін-әлсін есінеді. Жанары жәудіреп, аппақ кудай, түрі соңшалықты қорғансыз, соңшалықты мұнды.

- Бүткіл Көкшетау өніріне жар салып айғайлағым келді тунде, жар салып, сені құшақтағым келді,- деді Кенжеболат, - неткен қорлық, жасырынып, жүрттан қорқып, қашанғы жүреміз?

X

Комбайннан түсіп келе жатып оң жақ саны шаншып әкеткенде, жанын қоярға жер таппады. Тоқтай қалып басқыштың үстінде қимылсыз сөл тыныстады. Оқттай қадалған шаншу баяу тарап, аттай бергенде, оң жақ белінен табанына дейін сыздай жөнелді. Тағы да демалып, жуыр маңда басылмайтынын болжаған соң, сырқырағанын елеместен төменге беттеді. Өкшесі жерге тисе де тоқтамады ауырғаны. Ақсандай аяңдап алға озды.

Бөлмедегі үйліген көрпе-жастыққа күйзеле көз жүгіртіп, жапқышы жартылай еденге салбыраған жұмсақ диванға сол жағынан жантайды. Жаңылдың үні шықлады. Дабыр-дұбыр дауыстан балалардың үйде екенін білді. Ауа жетпей кеудесін көтергенде, күнірене күрсінді. Былайғы шақта көзін жүдегенімен, көңілін теспейтін үй ішінің ағылған, астаң-кестең түрі қазір қатты қамылтырған сияқты. Не әйелі, не балалары тараптынан жылылық сезінуді қияллады тұнғыш рет. Алда-жадда әйелі, алде баласы кеп жағдайын сұраса, “ауырып қалдың ба“ десе, жетеді, кенеттен жабысқан пәледен дереу айығар еді. Денесін билеп үлгермес еді мына пәле- аяғының сырқырағаны. Тықыр естилі. Армандағаны жүзеге асатында жалғ бүрүлған. Көздері бакырайтып бір қарады да ете берді ұлы. Құыстағы бөлмеден шан-шүн, кішкентайлардың төбелесіп айғайласқаны құлақ жарды. Бірі екіншісін құп, атып-атып шыққанда, диванның алдына шағын транзистор топ етті. Озат еңбегін елеп, совхоздың әр жылдары сыйлаған көп транзисторының бірі ғой. Іші үдай ашыды. Дүниені аяғаннан емес, дүниеден қадір тайғанына. Бесеуінен қалғаны-ау шамасы, сүйреп ойнағаннан басқа сырына үңілмейді, ішін бұзып актарғанға мәз. Әне, таласып, бастарын жара ма, “әй, не болды сендерге“ деп қалды. Сескенгені жок, опыр-топыр, бөлменің шанын көтерді. Көпжасар теріс аунады. Оң жақ денесінің сырқырағанына енді желкесінің тартып, басының сынғаны қосылды. Танауын ескі-құсқы, көгеріп-шіріген заттардың көне де жағымсыз иісі қытықтады. Омірбаки осыған әдеттегенімен, көндіккенімен, дәл қазір іштей мүжіліп жатыр.

-Шіркін-ау, бір ауыз жылы сөз. Біртүрлі көңілі босады. Жарықтық әкесін ойлап, мынау өлемде жападан-жалғыз, бала-шағасының ортасында жападан-жалғыз екенін мойындады. Жарықтық әкесі “құлышымның адад сүт емгенді алғанын көрсем“ деп өтті. Ештеңе көрсетіп үлгермеді әттен. Адал сүт емгенді алды не, алмады не енді. Азып-тозған үрпағына қылар қайраны жоқ. Тегіне тартып тумағасын, қанша ойбайла, шарасыз. Тәнірі жазуға тиіс емес екен Жаңылмен қосылуына. Қанында бір сүмдік бар дейді Рәзия бақсы, анау балалардың шетінен шалажансар болуы сондықтан, ем қонбайды. Шіркін-ай, бір ауыз жылы сөзге зарықтырған мандайсыздықты қойсашы.

Ес жиганнан алысқа да, жақынға да мысқалдай салмақ артпады. Қырықтан асты, дамылсыз еңбектенгеннен басқаны білмеді. Оныншы класты бітіріп, мал бақты, егін екті, жер жыртты, қар токтатты. Қысы-жазы тыным таппайды. Қөлжасар күзгі орақтың соңғы тәуліктеріне әрен шыдаған. Жауын-шашын жиілеп, диқандардың берекесін қашырды. Оған қара сұық қосылып, үрейлерін ұшырды. Бригада мүшелерінің көбі совхоз орталығында. Мұндағы жұмыстың мәні сүйилғаны қашан.

Елу тоғызыншы жылы орта мектепті аяқтап, колхоздың қат-қабат шаруасына араласты. -Кызық көргім келеді, үйлен,-деді әкесі. Қарағандыға оқуға барсам дейтін бүл, батып ештеңе айтпаған. Кластастары жаппай механизаторлық курсқа аттанысты, арасында Сана да бар. “Сатып кеттің, кешегі үәде қайда, аудандық, облыстық газеттерге суретіміз шыққанда, техниканы менгереміз деп үндеу қабылдағанда, неге айтпайсың шынынды“ - деп достары теріс айналғанда, Қалқан ғана бұны түсінген. “Сен ғалым болуға лайықсын, оқы“. Неге сонда марқұм әкесі қолдамады екен? Заманың арғы-бергі ағымын терең болжайтындаї әнгіме шерткенде, жалғыз ұлын іргедегі Қарағандыға жібермегені неліктен? Ойланып-толғана келе әке сөзін жерге тастауға қимаған. Талай өлең арнап, суретін күнделігінің бірінші параграфына жапсырып қойған Санага әнеміне, сөз салуға бел буғанда, механизаторлық курстан Қалқан екеуі қол үстасып, үйленіп оралған. Олардың тойынан кейін

аудандық әскери комисариатқа шақырылды да қуана-қуана әскерге аттанды. Владивосток қаласына тоғыз тәулік жүріп жеткен. Сегіз ай оқып, флоттың рулевой мамандығын игерді. Камчаткада болды. Бір кемеде екі рулевой, көмекшісі, кейін аға рулевой болыш, төрт жыл мұхит кезді. Небір жігітермен достасты. Азаматтық парыздың не екенін жан-тәнімен түйсінген. Ауылға оралғанда, біраз өзгерістің үстінен шықты, колхоздан совхоздың болімшесіне айналған Бұғылы абырсабыр екен. Қоңылғын сүтқан ғашық жарындай білімге деген талпынысы да соңғы үлгеріпті. Окуға түсуге талпынбады. Әке тілегін орындауға асыққанымен, сәтін салмады уақыт. “Көзімнің ағы мен қарасы, қалқып артымда қалғанына да шүкіршілік, әттең арманда кетіп барамын, қызығынды көрсетпелдің“ деген көз жүмарында. Қазір ойласа, көкіргі қарсайрылады. Іштен шыққан шүбар жылан, анау жүгіріп жүргендердің тым құрыса біреуін құшқанда, мейірі қанып өтер еді өмірден. Кім білген, жантәслім алдындағы арманынан құсаланып, қан жұтып өтті ме? Адам жылап туып, кейіп өлеңдегенмен, мәңгілік сапарына ризашылықпен аттанғаны жөн шығар. Кейінгілерге кесірінді тигізбеу үшін де. Әкесінің азапқа толы жүзінен ұзак та мазмұнды ғұмырының соңғы тілегінің ширегінен татымайтынын үғып, ішіндей ашыған. Ең жақынның бақытты қылуға титімдей нәрсенің жетпейтініне күйінді. Не еді сол титімдей нәрсе? Бір шүйкебасты жетелеп үйге кіргізу ме? Омақаса құлағанынша, тағдыр-уақыттың қалдірін білмейді адам, құлаққағыс жасаса да, өгей ой үяламады, әкесінің өлетіні қаперіне кірмеді. Санасына сыйғызы қын, анау Жаңылдың босаға аттағанын көрс, әкесі қуанып өтер еді ау, ә...

Неліктен ұдайы ой түбіне сұнгитіні түсініксіздеу. Содан жеңілдікті сезінген емес. Қат-қабат шаруа үстінде де мынынан тыным жоқ. Ашық аспан астында нөсер, бүршақ па, трактормен, әйтпесе комбайнмен жайқалған егін даласында жүзе ме, таусылмайтын ой. Бұлай қозғалыссыз жату әдетінде жоқ-ты. Алда-жалда қалың ойдан жұмыс ғана құтқаратын. Тұруға әрекеттегенімен, құрысқан денесі тағы жібермеді. Басы жастықсыз диванға қайтадан құлады. Қозінің алды

мұнарланып, құлағы біткендей. Ертеректе кешетін осыған үқсас жағдайды. Пәлі, есінен адасқаннан сау ма, Тынық мұхиттыңда кемеге мінген алғашқы айларда ғой, мен-зен, шек-карны аузынан ақтарылатында қиналатыны. Көзін жұмуга болмайды, нақтылы белгілентен бағыттан жаңылмауға керек, қасында командир, қолында руль. Қайда қарасаң шексіздік. Мұхиттың жиегі көк жүзімен астасып, қойнауына қаншалықты енгенімен, не тындырып, не қойғанынды зерделетпейді. Қазір де сондайды кешіп жатыр. Рульді нық ұстағанымен, басы айналып, бағдарынан адасатында. Әттен, командирі жок, кеменің тағдыры өз қолында, қайда бұрыларын білмейді, оның үстіне локси жаздал, әрен жиды есін. Тенселетенселе құлап, рульден айрылып қалмаса жарап-ды. Көзін ашқан Қөпжасар төбеге тесіліп, тактайларын санауды, жиырма бір екен. Өзі салған үйіне өзі таңырқап, терезе, қабырга бойлаган жанарын бір нүктеге тоқтата алмады. Екі шекесінен мандаійына ауысқан зіл екі көзінің арасына кеп тығылды. Енді қас-қабағына шейін сезінді өлгі ауырлықты. Есінеуге итермелеген өлденендей күш тыйылып, ашылған жағы жабылмады, ауа қармады. Тұла бойын жаншыған бәледен құтылмады.

Бір бөлмеден бір бөлмеге жүгірген балалардың ойыны да батып жатыр жанына. У-шу, көтерілген шаң, ескі иіс әлтінде мұхиттағы матростық кезін елестетті-ау, ә? Жо-жок, төрт айғана қинаған, кейін әбден қыр-сырын менгеріп алған. Матростық қызмет бүкіл өміріне әсер еткендей, ейткені теңіз заңы қatal, шымырлықты, жинақылықты, темірдей тәртіпті талап етеді. Минут сайын. Соның ықпалын ауылға келгесін де сезінген. Бірақ мұндағы жұмыстың жағдайы кей-кейде марғаульыққа итермелейді. Егер жердегі тірлігінде теңіздеңдік командирің, айқын нысанаң болса, қайда-а, ертегідей өмір сүрер едің. Қаншалықты тап-түйнақ атқаруға әрекеттегеніңмен, матростық шындық пен дәлдікке жетпейді жер бетінің күйбені. Ауылындағы жұмыс бабына тиянақтылықты, жауапкершілікті, яғни матростық қағиданы пайдаланса ғой, шіркін. Сылтың-сылтың. қанша уақытты зая откізді. Қыстың қақаған аязында тракторға от алдыру неңкен

қиямет. Пәлен шелек су тасып ысытқанда, моторын қыздырып кабинаға кіргенше, зықың шығады. Жып-жылы гараж салса, әлті азаттың бірін көрмес еді. Совхоздың орталығындағы гараж қандай, ал Бұғылыға келгенде, жұмған ауыздарын аштайды бастықтар. Тубінде түрғындарын орталыққа жаптай көшіреміз, өздерің-ақ көшесіндер дейді. Көңіліне қонбайтын шарт. Ауылдастары бірақ қынқ етпейді, өздері үшін мәселені әлдекімдердің оп-оңай шеше салатынына дағыланған. Жастар тұрақтамайды. Әтупірімдеп бір трактор алса, қиындығына тәзбейді. Сайманы сынса, жөндеуі қиямет, отыз екі шақырым жерден шеберхана мен екі ортада митындал, пәлен айын өлтіреді. Табыс азаяды. Бұғылыдағы жалғыз-жарым механизатор езі. Жылдың он екі айында қарал отырмай, кейінгі інілеріндегі самарқау емес, еншісіндегі трактор мен комбайнның тетіктері бұзылса, бас инженердің қыр соңынан қалмай жөндеуден өткізеді. Қаша шаршап-шалдыққаңымен, жүйекесін тоздырғаңымен, бәрібір кетпейді ауылынан. Мейлі, жылы гараж, шеберхана жоқ, шыдайды. Жан-жаққа женіл тұрмыс іздел үдере көшкен жерлестерінің парықсыздығына налиды. Әкесінің, атасының көзін көрген шанырақты құлатып-қаңыратып, орталықтағы бөлмелері тар, қушиған үйшіктерге тығылуға күмар бүгінгілер. Ішіне кірсөн, шыққанша асығасын, бұрылуға келмейді. Ағаш үйге не жетсін, шіркін.

Ойдан ой туып, Көлжасар әлі төбеге тесілген қалпы. “Ойлай-ойлай ой болдым, ат көтермес шой болдым, ат көтерер шойынды, кім көтерер көнілді”, деп әйелдер жыр айтатын бағында. Шынымен шойынға айналғандай, төбеге тесілген күй қозғалмады. Таңдайы құрғап, әлсін-әлсін жұтынады. Бұл үйдің катыны қайда шой беретін. Әкесі армандаған “адал сүт емгені” неғып жоқ. Осы ауылға Гүлсән келін боп түскенде, еріп келген. Қара торы қыздың қисық аяғынан басқасы қонақтағандай-ды көніліне. Шортанды жактағы ауылына жібермей альп қалған. Сөйтіп бір тойдан соң бір той откени. Аға-женгенің қолына қараған, әке, шеше жоқ, Жаңыл қарсылық билдірмеген. Көлжасардың шешесі өтейлік танытқан жоқ, немерелеріне адал болды. Қос ағаш үйдің сыртынан ұзын болмс қосып, қоныс

кеңейді. Кемпірдің тірі кезінде білінбеді Жаңылдың салақтығы. “Пальтосының желке бауы үзіліп келгенінен шошығанмын, қайтейін, ұлым“ дегеріректе бұл бір кейігенде айтқан да қойған. Сарықарын бәйбішеге айналып, тілі салақұлаштанды Жаңылдың. Енесіне тіл тигізіп, “сылтырғышынмен жағып отырсын“ дейтінді шығарды. Сол сөзді естіген күні бірінші рет Жаңылға қол жұмсаған. Жетімдікті өткөрген жанының “жетім кемпірді қайтесін, жібер әрі“ дегенінен шошынды. Нысапсыз, ақылсыз жаратылғасын, болмайды екен, қанша обектегенінмен, тәрбиелегенінмен. Ұрып-соққанымен, айлын бір жимады ғой. Ақырында мінезі бұзылды, мүмкін деңсаулығының бұзылуы да сондықтан шығар. Дүние қызықтап, шаруасын дөнгелеткенге не жетсін дейтін. Ескі қоныстың іргесінен зәулім үй бұрады, пәлен жыл арқа еті арша, борбай еті борша боп, тыным көрмеді. Балаларды жеткізэм дегे тыраштанды. Армиядан оралып, әр түрлі жұмысты тиіп-қашып істеп жүргендеге, Тоқсейіт еді алты айлық механизаторлық курстың қағазын алуға көмектескен.

- Оу, мықтымыз үйде ғой, шалқайып бұл не жатыс?- Гүлсән тырп-тырп басып бері жақыннады. - Эй, Жаңыл, мына қара, дәл үстінен түстің, ғашығын құшақтаған.

Көпжасар езу тартқан сыңай білдірді. Мұңсыз хал кешкен осы қатындарға қызығады. Құдайдың рахатынан азып бара ма осылар, қалай өзі? Тіпті үй шаруасына қайрылмайды Жаңыл. Серік іздең, көше кезеді тан атқаннан кеш батқанша. Бұлақтай аққан екі сиырының қос емшегі семді салдыр-салақтығынан. Сауылған сүт сеператорға тартылмайды да, шайдан қалғаны қашан ірігенише тұрады. Ара-тұра Гүлсән әкетеді құрт қайнаған іріткіге қосып.

- Эй, Жаңыл, келші, ғашығын құшақтап жатыр деймін байын. -Гүлсәннің бұжолғы дарақы айғайына жылты емеурін танытпады Көпжасар. Ұнатпаған сыңаймен теріс аунады. Мұнысын елеп-ескерген Гүлсән жок, әр нәрсенің басын бір шалып, қарқ-қарқ. Біттейтін не қылған арсыз құлқі екенін. Көпжасар қабағын түйсе керек, Гүлсән дурсе қоя берді.

- Эй, сені не қара басып жатыр? Құдай пиғылынды үрлағаннан аманбысың?

- Шәй қойшы,-деді Көпжасар,- шаршадым, қай бір қатын бар менде. Ақылдыңды айтпайсың ба анау сорлыға, әлде мазак қыласындар ма?

Әлгіндегі арынынан басылған келіншек үнде меде. Бұған барлай қарап, ас үйге бұрылды. Осы Гұлсөн Сапарға тимесе, Жаңылға кездеспес еді, ә? Кездейсоқтықтан құралатын, қайран тіршілік. Ауылдасының кездейсоқ алып қашқан қалындығының қасындағы құрбысына кездейсоқ өзі үйленді. Кездейсоқ он бала туды. Мынау күн мен айдың астында кездейсоқ емес не бар? Мектепте оқитын жылдары ең ғажайып, ең мазмұнды екен. Қияльның шарламайтын білігі жоқ-ты. Өлең жазатын. Әкесінің аузынан талай қиссаларды дереу қағып алатын. Туған өлкесінің тарихы мазалайтын. Қонекөз қариялардың ертегілерін, сүйем жер үшін жандарын пида қылыш, қаза тапқан боздақтардың батырлығын дәріптейтін небір жырларын асқан сүйіспеншілікпен шабыттана макамдайтынын естіп үлгерді, бақытына орай. Олар қандай кейіпкерді де туған өлкесімен сабактай әнгімелейтін. Қалмақ қыздарынан өрбіген қазақ ауылдары, жонғар шапқыншылығы, осы төніректегі әрбір ауылдың арғы тегін қалайда бір батырға апарып жалғайтын. Әке үйінен қонақ арылмады. Коне жыр, хисса естісе, “он жылға жасардым“ дейтін. Тарихты үнатқанына шалдардың ықпалы тисе керек. Тау, тас, орман, бұлақ-бәріне киелі деген үғымды пайдаланған қарттардың көзі тайғалы Бұғыльдан да бақ тайды. Жасырақ кезінде атқа мінсе, шаңғы тепсе де, көкірегін толқыныс кернеп, өлең шумақтары төгілетін. Бертін келе қойды. Анда-санда қаладан әкелген кітаптары алба-жұлба жыртылып, кір-коқыс арасында жатады. Талай рет жуындының ішінен әкеп, үйдегілердің көзіне шұқыса да, ешқайсы мән бермейді. Әлдекалай үшырасса, кез келген кітаппен елпелектей қауышады. Абай, Махамбет, Сұлтанмахмұт өлеңдерін сүйсініп оқитын. Одан былайғыларының арасынан Қасымды пір тұтады. Нұрханның өлеңдерін әкесі жатқа айтатын. Өзгелерін білінкіремейді. Ұдайы қадағалауға мүмкіндігі жоқ, сәтін салып, кейінгі ақындардың өлеңін оқыса, миына кірмейді сөздері. Жылтыр тамсану, “куйдім, сүйдім, талдым“ сияқты арзан тіркестер.

Жүргөнене жетпегесін кітап оқуды да сиреткен. “Әлде топастыққа бой жендірдім бе, сірә, өрем жетпес“ деп те күдіктенген. Жасында өлең шығарғанына енді іштей қыыстанады. Есінде сақталмағанына қуанады. Күнделігін Жаңыл өртеп жіберген. Шатырдағы ескі газет-журналдардың ішінен тауып алып, тас-талқан табын болған.

- Жұр,- Гұлсән бөлме ішіндегі шашылған заттарды қағыстыра жинастырып, балаларды тәртіпке шақырды. Жалт-жалт қарасқандарымен, лезде үмыттып, ойындарына кірісті.

Жаңыл үшеуі отырып шәй ішті. Көпжасар ләм деместен Гұлсән қүйған шәйді сүйсіне үрттады. Эйелі алансыз, есінеп қойып қолын еріне созады дастарқанға.

- Әлті Кенжеболат келіпті ғой,- Жаңыл Гұлсәнға иек қакты, мынау естісін дегендей күйеуін мегзеп.

- Иә,- деді Гұлсән самарқаулау.

- Сенің ғашығыңды әкепті машинасымен, не қызметі өткенін Итемгеннің ұлына, неғып ауыз жаласа қалғандарын.

Көпжасар іштей таңырқады. Егін даласынан таңертең бара жатқанда, Кенжеболаттың ескі “Победасы“ анадайдан назарына шалынған, мұндай маркалы машинаны сирек мінеді жүрт. Ақ түсті женіл автомобильдің иесін бірден таныды. Мына әйелдер сымсыз телефон. Кенжеболаттың жаңындағы Сана болды ғой.

- Әй, сен неғып мынқыып қалдың, әлгінде сайрап отырған жоқ па едің?- Жаңыл Гұлсәнға зілдене сөйлемеді. Қатты сөз айтқан сайын жүзі жадырапт, көздері шоқтай жанаады.

- Ойбай, бәрін естідің, несіне ашуланасың? Әлті Кенжеболат қатынынан ажырасып жүр дей ме, сенің күйеуің онлайды естісе де естімейді. Ел жаққа келеді деп шулап жүр ғой, қайдам?

- Ә,-деп қалды Көпжасар,-ел жаққа.

- Мынау қуанады, әй, қарашы, Гұлсән.

- Е, ренжитіндей не бопты, азаматтары оралып жатса ауылына. - Гұлсән кеселерді жуып, дастарқанды жиыстырды. Есінде ме, баяғыда Бұғылының даңқына қызықпайтын ба едік сыртынан.

- Қызықсан, сен қызықкан шығарсын. Мен саған еріп, торға түскенмін, саған еріп сорлағанмын.

- Не корлық көрдің содан? Үкіметтің жұмысына қол үшін тигіздің бе Көпжасардың етегінен ұстағалы. Әр-берден соң раҳметінді маған айт, о несі, торға түстім деп. Тәубаңнан жаңылма өйтіп, қандай едің кеше, бір үзім нанға жарымай, женгенмен сиыспай әр үйдің есік-тесігінен сығалағаның...

- Әдірем қал, сенің де шалқығаның шамалы, қазір де ағарып отырганың шамалы, мектептің еденін жуып, қолыңа сасық шүберек ұстап жетісіп отырсың. Сапарынның малдың қын күреп талқаны қапқанынан қалмайды, жылаған жоқтысың талай көзіңнің сорасы ағып. Әдірем қал, жұн жеп, жабағы тышкаң бейшара.

- Алқынба, мен шындықты жасырмаймын. Әзер болса, айтып жүргенідей майлық-сулығым дерсің. Көпжасардың басын сыйлаймын, анау сорлыларды аямын, кірін жуып, тамағын пісірсем. Бөтелкесін қылтитып, күнде жалынатын кім? Бір күн есігінді ашпасам, балаларын жіберіп шақыртатын кім? Өйтіп сен де басынба, артынды жауып отырган Көпжасар шығар. Құдайынды ұмытқан екенсін.

- Оны сенен сұрамаймын, құдекен біледі кімге не берерін.
- Ұқсатып стырсың жаман қатты құдайдың бергенін.

- Эй, кекіме өйтіп. Ұқсатқандай сөйлейсің ғой, құдайдың бергенін місे тұттай, “шіркін, Қалқан“ деп ал үратының қайда, “түнде түсімнен, күндіз есімнен кетпейді“ дейтінің қайда. Менің тілімді қылышта, өйтпесе абыроныңды ашамын.

- Е, не істептін соншалық, үримын ба, қарымын ба, қүйеуіншің қойынан ұстап алдың ба әлде? Тиіспе Қалқанға, азаматтың атын былғамайық, басқа да былғының жетер.

- Ол қандай былых? - Жаңылдың беті дольрып, көзі аларды. - Айт, кәне, қандай былых, корсетермін саған, былыхқан сенсің, алмаса да, бала тауып бермек болған кешегі қиялынды енді істерсін. Мынаны сөйтіп ғашығымен табыстырышы, шығындаршы сейтіп құмарларынан. Бәріншін жабылып құтыла алмай жүргендерің мен ғой... о ку құдай, о, ку мәндай, соры ашылмаған мен сорлы, не көрдім өмірден. -Жаңыл өкси бастады.

- Көргенің кызық пен қуаныш, астамшылық жасама, кесірін тиеді бала-шағаңа. - Гұлсән құрбысының жылағанына

қуыстанбады. - Долылықтан жылап, долылықтан оттап отырсын, шашыңды жұльып қолына берер едім, ағайын атымыз бар.

- Қойындар, әбден шарықтап кеттіндер ғой. - Қөпжасар шаңшүң үрысқа құлақ түрмеуге тырысқанымен, миын шағып барады екі жағынан. - Булінген ештеңе жок, үят емес пе керіскендерін. Біраз жерге барыстындар, енді доғарындар. Мені шыбын құрлы көрмединдер-ау, ә, баяғының әйелі болса ғой, қаймығар еді, қатынның азғаны заманның тозғаны-ау, ә?

- Азып дейді, не бұлдіріппін? -Жаңыл күйеуіне жабысты. - Әлде жүрегің ауырып отыр ма, қайғырма, мынау Гүлсән Қалқанға тисе, Сана саған құдай иіп буйрекі бүрар. Азған мен емес, мына сен екеуін, канымды тасытпандар.

- Әй, айттым ғой әлгінде... Бүйірінді қыздырган арақ болса, іш те жәйіңе отыр. -Гүлсәнді ашу қысты. - Мені қойшы, байыннан үлсанцы.

- Әдірем қал, баймен қорқыпта, ешкімді де тыңдамаймын, бергенін көпсінсе, қайтарып алсын құдай.

- Алла-ай,-деді Гүлсән көздері үясынан төгіле, алла-ай ниетің неткен қара, дәтің шыдап қалай айттың? Анау өрімдей балалардың обалы сенде екен ғой, сенде-е...

Кемсендеген келіншектен жузін тайдырып әкетті Қөпжасар. Бітеу жарасын тырнады-ау аяусыздықпен мына екеуі. Әрі қанша жаңалық ашты. Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды, Гүлсәннің Қалқанды ұнататыны рас шығар. Пәлен жыл араласқанда ойын бөлмеген жәйт, өзін көрсө, арсаландалап, құшағына кіріп кете жаздайтын Гүлсәннің тараптынан Қалқанға деген жылдықты аңғармалты. Күйеуі бар әйелдің басқаға көнілі ауатынын естігенімен, ондайды көрмеген. Жаңылдың өзін қызғанатыны жауыр қылған. Гүлсәнге не жорық, Сапар тәп-тәүір жігіт, жуастығын пайдалана ма әлде? Екі ұлы мектепте, Сайраны қандай бала? Сөгуте болмас та. Ұнатса несі өрескел. Әркім де хакылы сүюге. Сүйікті болу міндет емес, ал сүйе білудің жөні белек. Ешкімге зияны тимейтін жылды сезімді өзі де көніл түкпірінде сақтап келе жатқан жок па. Жаңылдың ашы тілі де оны жоя алмайды. Таспалап өрілген қамшының астында қалғандай сөтті жі

өткергенімен, Санаға деген ақ ниеті басқаларға шуағын шашса несі айып. Сую деген, міне, сол, үнсіз сыйлау, телегей-теңіз мейірім төгү тәнірегіне. Сол қағидамен өмір сүргенде, үтқаны шамалы. Сірә, табиғаттым кінәмшіл шығар, бұның тұтастай тағдырына қарсылықтанығып өре түрегелді. Сую үнсіз мейірім ғана емес дегендей. Анау кемтар балаларыңа қара. Табиғат ешқашан кешірмейді самарқаулықты. Махаббатта ол опасызыңғылғын тен. Бірін-бірі сүйген жандардан мүгедек тұмаса керек. Адамдар, әттең оны білмейді. Еркек пен әйел арсыз құмарлықтың жетегіне ергенде, қанша қылмыс жасап, келешектің құшағына қатігездік, зұлымдықтың қанша дәнін сепкендерімен есептеспейді.

Пенденің тәнінде ынсан жоқ. Күйіп-жанғанда, ашылған араның тежемегенде, жан атты құдірет тән атты мешкейдің сансыз сұранысын орындаимын деп аласүрғанда, сонынан қоқыс үйіндісі мен есуастарды қалтататынын кім зерделепті. Араны бір тыылмайтын ашқарақтықтан-ак дымы құриды. Балаларын көрген сайын іштей мұжіліп, кешірілмес күнәға батқанын мойындаитын. Әрқайсысының түр-тұлғасынан өздерінің керенаулығын, топастығын, санасыздығын көріп, мың өліп, мың тірілгенде, Жаңыл екеуінің арасындағы тіммен жеткізуі қын тірліктің титтей маңызы қалмағанын үфатын. Жұбайлық өмірден сән тайғасын, арғы жағын сұрама. Әуелден қағынып басталған ерлі-зайыптылықтың онатында да мүмкіндігі болмаған. Асылы, жауапкершіліксіз сезім де шамшыл. Құмарынан шығарғанмен, өшін алып тынады. Талғамы, жауапкершілігі, тазалығы, шынайылығы бірегей қосылған сезім ғана табиғи. Жазмыштан озбады, бұның еншісіне ондайды қимапты тәнірі. Көрді де үйленді Жаңылға. Ынғайына тез көнген. Бұрын танымғасын, қайдан білсін, ақпа салақтығы алғашқы кезден шошытты. Шешесі бірден зыр қаққан. Нан пісіруден қой-ешкі, сиыр саууға дейін ынтасын сала үйретті, обалы нешік. Сөйтсе сүйегіне сінбегенді қанша әлектенгенмен дарыта алмайды екенсін, кейіннен шешесі қүйгелектеніп, ұрысқақ боп кетті. “Татымсызға қылған болыстық адамның өзін бұзады“ деп жиі қайталайтын.

- Балаларымда шаруаң болмасын, әй, мен аяマイмын дедім

той ешкімді, аяマイмын, қоясын ба, жоқ па?- Жаңыл қолына түскен кесені лақтырып жіберді.

Көпжасар селк етті. Ендігі тұста оған әлдене деудін реті жоқ. Гұлсөнға кінәлай көз аудартты. Көрші бөлмеден жүгіріп келген балалар состығп тұр. Аналарының күндегі дағдысына күн сайын осылай таңғалады.

- Жүріндер. - Көпжасар ақсандаі-ақсандаі қораға шықты. Әдеттеңден ғөрі үзакқа созылып тынышсыздандырған аурудан қобалжиын деді. Үйдегі жылаған өйелінің даусы басылар емес. Балалар әкесінің соңынан ерді. Мұнай жаутандайды, үрейленгендей. Әлден уақытта бірін-бірі қуып, далада шапқылап жүрді. Көпжасар тәнірекке бағдарлап көңілін аулайтындаі ештеңе таптай көк жүзіне мойнын созды. Ол да райынан бұзылатын тәрізді. Аспан қоюланып, кеңістіктің жиек-жиегіне түнере созылып жатыр. Батыс пен шығысты айрып болмайсын. Удере сокқан желдің ығына қулаған бұлт біресе топтасып, біресе түтілген тубіттей ыдырап айран-асыр. Биқтегі әлемнің де адамның сәт сайын өзгерер көнілі хошындаі құбылмалы міnezін қарашы, әне. Сан алуан сурет, сан алуан өрнек. Соның бәріне әмірін жүргізген жел ме еken, әлде не еken? Қалайда бірақ сикырлы қүшті сезінесін аспаннан. Әрі жұмбак, әрі қымбат жаратылыстың құлы екенінді айғақтап, тәнірінді айқын елестететін де анау шетсіз, шексіз аспан.

Көпжасар жауынның іісін тамсана тұтты. Сарайы ашылып, тынысы кенейді. Қора есігіне жапсарласқан орындыққа тізе бүкті. Оң жақ саны тағы сырқырай жөнелді. Комбайнның қарап қойып көңілсіз ойға батты. Талайдан бергі серігіне мұнын шаққандаі үзак отырды. Есін жиғызған жауын тамшылары. Бетін тосып еді, бойын серігітті. Көктің мынау нұрынан да бой тасалайтындар көп. Қолшатыр жамылып, жауыннан, қардан қорғанған кіслерді көргенде әрі таңырқап, әрі күлген. Ақымақ қатыны қалаға барған бір сапарында сатып әкеліпті. Ашып-жайып ол тәбесіне көтергенде, шек сілесі қатқан бұның. Қалай үстайды өзін деп, әрлі-берлі жүргенде, тіпті ынғайсыз еken. Көтерсе аяғы аттамай, аяғын басса, әлті құрғырды көтерудің жөнін таптай қызық болған. Мұлдем қолапайсыз нәрсе. Жүрттың соған әуестігі түсініксіз. Әсірсе еркектердің. Қар,

дауыл, боран ба, бет-жұзімен, кеудесімен қауышпаса, өз басы, сірә де, жүре алмас жер үстінде. Тутеген ақ сырмадан да қүш жинайды бойына, қар жауған құнгі май боран қандай, шіркін.

- Ассалаумагалайкүм, Көпен, сен де жәй отырасың, ә? - Сапар екен, бұған құрак ұша амандасты. - Комбайнныңды көріп әдейі бұрылдым. Қалай жағдай, бидайдың жағдайы. Құн ашықта жинап үлгерсек жарап еді, ә?

- Мал-жан есен бे? Өздерін қалайсындар? Біздің хал белгілі ғой, аспанның ашса алақанында, жұмса жұдырығындамыз. Әне, жауын үдейін деді.

Үдере көшкен бұлттардың орны көп-көгілдір, жел ойнақшыды. Іле-шала күн күркіреді. Әр тұста жарқ-жарқ наизағай көз ітеспес жылдамдықпен көк жузін сыйндығандай. Балалар қораға кеп тығыльыпты. Ауыл ішінде бейсауат ешкім көрінбейді.

- Анау балтаға қол жалғап жіберші,- деді Көпжасар.

- Келіншектерге құдай беріпті ғой, Гүлсөннің мұнда екенін білгем жоқ. - Сапар балтаны тастай салды,-әйтеүір сенің үйінен шықлады, дуаланған бір пәлессі бар ғой деймін сенің қатыныңа. Өсекті де соғады, аракты сылқытқанда менен әрмен. Правомыздың бәрін осыларға бердік-ау деймін...

Көпжасар оның сөзіне көніл тоқтатпады. Ауырсына көтеріліп балтаны ұстаған. Жаңағыңдай емес, денесі женілдеп, кәдімгідей қуанды. Қорадан шыға беріс оң жақ қапталға жақындалап, қара топырақтың бетіне балтаны отын жарғаңдай сілтеп қалды. Жүзі кірш-кірш топыраққа көмілді.

Әр-әр бұрыштан күркіретен күннің шашырай шыққан үнінен құлақ тұнды.

- Мұның не?-деді Сапар аспанға және жерге шашылған балтаға алма-кезек жалтақтап.

- Жай туспейді, әкем сөйтептін баяғыда.

- Ойпрай, сенің де істемейтінің жоқ, соған сенемісің?

- Мен саған сене іор деп тұрган жоқтың ғой. - Көпжасар қолын сілтеді. Осындайда әлдекімнің ойын бұзғанын жақтырмайтын. Ешпенеге сенбейтін адамдардан сескенуші еді. Мына Сапардың беті бүлк етіп тұрган жоқ, согетінін қайтерсін. Кішкентайында әкесінің әрбір іс-әрекетін сақтықлен бақылап

көкейіне сақтағанын есейген шағында да ұмытпады. “Неге олай, неге бұлай“ деп сұрамай-ақ санасына сініретін әке өнегесін. Ежелетіп ешкім еш нәрсеге күштемегесін, өзі де ешкімді жөн-жосықсыз көзін ашам деп тыраштанбайтын. Журеклен ғана қабылданар жәйт сөз жарыстырғанды көтермейді. Айғайлап түсіндіре бастасан, кез келген үлгін, кез келген кереметінден қадір қашады.

- Сенің мына балтаң қунді ерегіске шақырмасын, үдең кетті ғой күркірегені. Үйге кірмейміз бе?

- Кіре бер өзің. -Көпжасар жалғыз қалды. Үрпісken қара домалақ үлдәр қорадан шығуға беттемей, бастарын қылпітады есіктің ар жағынан. Күркіреген дыбысттан дереу кейін шегініп, бағулатып басылғанда қайтадан бері ентелейді. Шарт-шұрт наизағай сынды. Балалар тым-тырақай үйге қарай қашты. Төнірек бір сәтке жап-жарық бол кетті. Жауын басылайын деді. Жұпар ауа жайлады айналаны. Салқындау жел соқты. Көпжасардың ішке енуге зауқы соқпады. Күдіктендіріп үлгерген ауруынан айыққанына әлі де нанынқырамай оң жақ аяғын сипап қойды. - Е, бәсе,-деді күбірлеп, - мына ауа райына көрінген ғой. Жер дүние сілкіне құлпырып, ауа тазарды. Қылтанақ шөптөрге шейін жылт-жылт. Женіл ақ машинаның көшени әрлі-берлі шарлағанын көрген Көпжасар әне-міне дегенше, оның тал қасына тоқтағанына танырқай абдырады. Кенжеболаттын ілтипатпен берген сәлемін ықыласпен кабылдады. Арғы есіктен бригадир Шөлбайдын басы қылғиды, май басқан толық денесін әрен шығарды машинадан.

- Алыстан шырамытып қалдым,-деді тершіген мандайын сүртіп,- мұндай жақсы болар ма. Сені болімше басқарушысы іздеген. Конторға келсін дең жатыр.

- Шөке, амандастып алайық та, мұрсат берсенізші сөйлесуге. Мен болмасам, келе қоймас едініз. -Кенжеболат Көпжасардың жанына жайғасты. - Қалай, Көпжасар аға, үйді кеніткенсіз бе? Жұрт көшуге дайындалса , сіз монша салып жатырсыз ғой. Мына Шөкендер бүйрыйқ күтіп отыр, үйді қалай берсе, солай көшеміз дейді совхозға.

- Бұ кіслер мықты ғой. Иә, ат-көлік аман, қызмет бабымен жүрсің бе?

- Аманшылық, аға. Әкей де сіз сияқты үй кеңейтем, кетпеймін дейді. Ақылдастын шаруалар дегендей.
- Жөн, жөн. Аман жүріндер әйтеуір. -Көпжасар “үйге кіріндер“ деуге батпады.
- Ал, Көпжасар, тезірек жет оргалыққа. - Шөлбай машинаға беттеді.
- Аға, мыналар мені қонақ қылудың орнына “анды апар, мында апар“ деп қынқылдап соңымнан қалмайды. Шәй іш деп те айтпайды.
- Е, шүкіршілік, қазір жоқшылық емес, үйге кір, қонақ бол, қымыз іш дейтін, биелерді әйелдеріміз саумайды. Күндізгі қонақтан ертеректе оңай құтылатын, бір тостаған қымызды сіміріп жүре беретін. Енді оразамызды арақпен ашамыз, келген кісіге оны қоймасан, дәміне пыскырмайды да. Үйге жүр,- деп Көпжасар орнынан тұрды.
- Арақ іshedі деп әбден сөгесін, енді қалай кіреміз үйіне. - Шөлбай көзін қысты серігіне.
- Сол арактан басқасы табылмай қала ма деп қуыстанып жатқаным да. Түрткілеп шындықты айтқыздың ғой: жүр, аракты қанша ішсөн де бұл үйде жетеді, біле тұра сұрайтының-ай осы сенін.
- Ракмет, аға. Шөлбай өз үйіне апарудан қашқақтап айтқаны шығар, бәрібір қойынды соясын, құрдас, керісінше, сіз жүрініз,- деп Кенжеболат кейін бұрылды.
- Қой ағаның үйінен де табылады, шын айтамын, қонақасынды жеп аттан, немесе екі сағаттан кейін келе қойындар.-Көпжасар үй жаққа аландай қарады. Әлгіндегі ұрыс-керіс созылмағай-ды, іштей секемденіп тұр. Журек тұсы шашшып, қабағы түйілді. Жақынға да, жатқа да таба қылышп, құртып бітеді еken ғой ақымақ қатын. Есік ашқан кісіге бір самауыр су қайнатып берменен сон, көйлегінің жағасы кір-кір, екі кісі бас қосқан жерге жарқылдап бара алмасан, атасына налет ондай қатынның. Әттен, анау сорлылар, қанғырып кетуге дайын, әйтпесе. Жаңылға қосылғалы бармағын тістеп келеді. Өзінде де ес жоқ, несіне жинайды опасыз дүниені, несіне сәулеттендіріп салады үйді, несіне құн, тұн демей жұмыс

істейді? Ең ақыры, міне, үйге енгізуге қорқасын ілуде бір келген мейманды. Іштегі шаң-шүң қорага жайылды.

- Қазір жет қонторға,- деді Шөпбай машинаның есігін сарт еткізіп.

- Немен, қалай? -деп сұрап үлгерді Көлжасар.

- Комбайнныңмен.

Абырой қылғанда, қайқаң етіп үзай берді машина, жамыраған дауыс енді көшеге лап қойысқан. Жаңыл мен Гұлсәнді қолтықтаған Сапардың ойында дәнене жок, езуі екі құлағында.

- Әлгілер кім?-Гұлсән сыйтылып бұған жақындалды. -Сен ренжіме, біз татуастык.

Көлжасар аспанның шайдай ашылғанына қуанып, комбайнныңна беттеді. Бөлімше басқарушысы теткен-тек іздемеуі керек. Үйге оралуға титтей ықылас болмаған. Негұрлым тезірек кетуге тырысты.

“СК-4“ комбайнның ауыл сыртына шыққанда, кәдімгідей сергіді. Төменде әлсіз ғана мандайынан сыйпаған самал лебі жоғарыда әлдекайда еселеңіп, шашын қобыратты. Осы келе жатқанында жеңілденіп, үйдегі кикілжің, еңесін езген көңілсіздіктен құтылатында. Әр бөренесінде таңбасы қалған өз отының басы мұншалық қүйзелтер деп сірә де ойлап па. Әйтеуір былтыр әскерге аттанған тұңғышының болашағынан аздал үміттенеді. Ол да хат жазып хабарласуды білмейді. Жарты жыл тырс үндемей қатты қорқытқасын артынан барып та қайтқан. Ұлы ыржын-ыржын қүле берген сонда. Пісіріп апарған жылқының сүрін апыл-ғұптың жеп, елдің, туған-туыстарының амандығын да сұрамаған. Көлжасар сол жолы торығып оралды ауылға. Баласының жағдайын сұрағандарға не дерін білмей қинаған. “Бұрын шетке шығып көрмеген, ерке емес пе“, деп Жаңыл ұлдарының қылышын жуып-шая сөйлеген. Дәл әскерге аттанарда су жаңа мотоциклді быт-шыт бұзып әкелген. Кетерінде келін түсіргеннен әрмен той жасаған Жаңылдың қолын қақлағанымен, іштей ұлының да, өйелінің де бір де бір ісін құптаамап еді.

Бірақ бәрі де солай: жастарды оз алдына, үлкендерді оз алдына шақырып, аракты судай ағызады, ауылдастарының

айналасы отыз жылда ата дәстүрінің қай-қайсының да астарын шыр айналдырындарына танғалады. Әкесі жарықтық “жыншайтанның сұы“ деп, арақты таттай-ақ өтті өмірден, ал бүгінгі шалдар олай емес. Кемпірге шейін ішкесін, не жосық? Бұл дәстүр дегенді түсіну қын, құлап-сүрінгенінді байқаса, “әдет-ғұрпымызды бұзды, дәстүрімізге жат“ деп шулаитын жұрт жалқаулық пен азғындықты тағы да әлті “дәстурдің“ атын жамылып мысықтай балалатады. Қатындар әсіресе бейім дәстүр жаңғыртуға, дүкеннен не сатып алса да аракпен “жумай“ тыным таппайды. Әр баланың туған күнін қосқанда, ауылдағы қатын-қалаштың той-томалақтан құр отыратын күндері кем де кем. Соның бәрін айналдырып әкеп халық дәстүріне бағындыратындарын қайтерсін. Кішкентай кезінде жаңа түскен келінге қойылар міндеттердің қалай атқарылатынына талай куә болған. Енді бағаласа, соның төркінінде адамгершіліктің, еңбексүйгіштіктің дәндері жатады екен ғой. Табалдырықтан теуіп аттайтын бүгінгі келіндерге, шіркін, өнеге тұтарлық, қаншама жөн-жосық із-түссіз жоғалды. Іштен іріп жатқанымызға себепкөр жәйттердің бірі осы екенін кімге қалай түсіндірерсін. Балаларының ішіндеңі жөн біледі дегенінің әке-шешесіне хат жазбай сандалтқанын немен актауға болады. Құлағына құйып-ақ кеткен, міне, екі ай тағы да хабарсыз.

Бөлімше басқарушысы біразға шейін стол тартпасындағы қағаздарын іріктеп, Қөпжасардың сәлеміне әрен тіл қатты:

- Неге кешіктің? Науқан аяқталған жок, совхозымыздың директоры ренжіп жатыр, қомбайндарға простой болмайды деп. Сендер малогаборитно мыслите, бригада планды орыннады, бітті деп, бөлімше, совхоз, аудан, облыс масштабында мыслиттауға ғой милярың жетпейді, республика масштабын билай қойғанда. Сен ғой планымды жасадым деп, техниканы мертвый капитал ғып ұстап отырсың. Ал, совхоздың басқа бөлімшелерін ойламайсындар, ә? Мемлекеттің дүниесін мертвый капиталға айналдыруға жол бермейміз сендерге. Қазір жет, үшінші бөлімшеге.

- Дәл қазір ме? -деді Қөпжасар жымиып. Бөлімше басқарушысы совхоз директорынан естігенін сол күйінде

кайталауға құмар, бірақ оның аузынан қандай ауыр деген сөз жеп-женіл естіледі. Қөпжасардың күлгени де сондықтан. Қабағын түйіп күйінгенімен, айтқанын дереу жүзеге асыратындағай айбыны жоқ. Алда-жалда бұл қолын сіттеп кетсе де, бәя-шая қала берер еді тапжылмай.

- Иә, дәл қазір. Сенен басқалары кетті, олар біледі сенің баратыныңды, қараңы, ә, мертвый капитал ғып дап-дайын дүниені, дап-дайын техниканы, бұдан былай есінде болсын.

- Не есімде болсын?

- Манадан бері не айттып отырмын, сен не тыңдал отырсын?

- Қайталашы манадан айтқаныңды.

- Бәйтік шорту, әйдә, жет тезірек, күннің райы бұзылмай түрғанда, жинаң үлгерейік те егінді, әйтпесе қара жауын бір басталмасын, бір басталса, құдайдын төбеден үрганы.

- Е, осылай демеймісін бірден, масштаб, мысль деп басымды катырмай, өзімнің де миым шіруге жақын масштабный мысльдан, малогаборитный тірлікten әбден жалықтым.

Бөлімше басқарушысы бұған антарыла қарап, әлденеше қопарып жинаған қағаздарына жүзінші, мыңынцы рет пе, созылған қолдары әуеге асылып қалыпты:

- Ты смотри, ә, - дей берді басын шайқап.

Көтжасар жиырма шақырымға комбайнын текке айдал әкелгеніне өкінді. Әлгі бригадир Шөпбай біле тұра айтпаған той, енді жиырма шақырым ауылға, одан әрі үшінші бөлімшеге жету керек. Бір бастық бір бастыққа жіберуге, жұмсауға неліктен құштар екен деп ойлады кенседен алystай беріп. Эрберден соң неге келіп айтпайды, астарында көлік. Өзі білетін шаруашылық басшылары әдетте егін алқабы, қырман ба, жұмысшының қасынан ұзамайтын. Құрғақ сөзге екпін сала өктемсітін бір түрі шығайын деген бе бастықтардың. Бұларға тек бүйіру: бар, кел, оның ар жағында не істеп, не тыңдырсан да еркінде, тек әйтекеір тыңдаған сынай танытсан, кішірейе салсан, жарайды.

Анадайда жүйткіген пошта таситын машина бері таман бұрылды. Кабинасынан қол бұлғаған әлдебіреу “тоқтай түр” дегендей белгі танытқасын, әлгі машинаның жолын тосты. Пошта таситын орыс шал төмен түспеді, кабина әйнегін ашып,

Көпжасарға қарай бір бума газет-журналды лақтыра салды: - Арасында телеграмма бар.

Қолдары дір-дір еткен Көпжасар қапелімде таба алсыншы әлгі құрып кеткір телеграмманы. Төңірегін шанға көміп зулай жөнелтеп машинаның соңынан жүргегі дүрсіл қаға телміре қарап, не отыруға, не сүйенуге тірек таптай тұла бойы қалш-қалш. Әлден уақытта ілікті-ау құрып кеткір әлгі телеграмма: “Срочно приезжайте, ваш сын обвиняется в преступлении” - Көпжасардың көз алды қарауытып, аяғына шейін оқуға мұршасы жетпелді. Жан-жағына мойның қанша бұрганымен, қарманарға түк таппады. Телеграмманы қайтадан ежелеп оқып шықты. Сүмдыш-ай, енді не істеймін, бітті бәрі,

лајж жоқ, шыдар төзімнің...

қылмыс істеген дейді... Қасынан өтіп бара жатқан әйелдерден “Сельсоветтің үйі қайда” деп сұрады. Олар бұның жүзіне ожырая қарап үндемеді. Көпжасар мелшиіп ұзақ тұрды. Селолық советті сұрағанды, Қалқанға төзірек жетуді көздеген. Тек сол ғана түсіндіріп беретіндей телеграмманың жай-жапсарын, сол ғана құтқаратындаи мына пәледен. Сұрағына жауап бермей өте шықкан әлгі әйелдерге қарай жүтіре түсіп токтады. Қалқанның қызмет орны совхоздың орталығында екенін енді ғана есіне түсірген.

XI

Бүгін Қалқан жұмысында дағдысынан гөрі ұзағырақ кідіріп еді. Итемген шалдың ұлы Кенжеболат келтесін қысыр әңгімемен уақыттың қалай тез жылжығанын байқамаған. Әдей сәлем бере кіргенін әлсін-әлсін қайталағасын жөн сұрасып қана тынуға дәлі шыдамаған. Аға, інілері, қарындастары жойлі сұрап, Итемгеннің облыстың тукпір-тукпіріндегі балаларының жағдайын тәптіштей қазбалағанына өзі де қайран қалды. Кенжеболат та бұның анқылдай ақтарылғанын пайдаланып,

әкесінің сельсовет есігін тоздырып бітіре алмай қойған шаруасын тағы да кесекөлденен тартқан:

- Мұғалім, ауылда етінші жасайтын азамат та жоқ өзінізден басқа. Біреуге қайта-қайта барғанды үнатпаймын. Шал қыңқылдаң құлақтың етін жеп бітті, сол шіріген ағашта не құн қалды дейсіз. Үйі де әбден тозып бітіпті, анау қаңыраған ескі мектеп ендігі шакта кімге қажет дейсіз. Біздің шалға берсөнізші соны, “ағашын тауып берейін, жаңадан үй көтерейік” десем, қисайып көнер емес. Мектептің сол ескі үйіне өзін сиқырлап тастағандай.

- Маған да жұмбак бұ жағы, егер қолыңнан келсе, үй салып берсөнші, қайтесің бізді қинаң.

- Ой, Қалеке-ай, қиналғаныңыз қалай, пәлен жыл бос тұрған үйді, кай бір атадан қалған мұра, соншалық қимайтындей.

Қалқан ішінен тынды. Құні кеше көз алдында өскен деп кім айтады мына Кенжеболатты? Аталарынан ертеңде қалар мұра екені өтірік пе анау мектептің. Бір түрлі құлазып кетті.

- Жоғарғы жақпен ақылласайын, - деді біраздан соң.

- О жақпен әкем ақылласыпты, олар қарсы емес. - Кенжеболат портфелинен судыратып қағаздарын шығарды. - Бар кіттипан сіздерде бол түр ғой.

Столына тастав салынған қағаздарға көз жүгірткенімен, Қалқан бәрібір тырс үндемеді. Қайда ғана Итемген арызданбаған? Облыстық, аудандық ағарту бөлімдері, облыстық, аудандық партия комитеттері, атқару комитеттеріне жазған арыздарының бұрыштама соғылғаны, соғылмағаны бар, ішіндегісін оқымаса да, Қалқанға мазмұны жақсы таныс. Совет үкіметін орнатқан, колхоз үйімдастырған, революцияны жасаған, міне, енді қартайғанда баспаңа зар.

- Шалдың кейде соғыс ардагерімін деп те жазатыны бар ғой.

- Қалқан Кенжеболатқа сынай қараған.

Анау сыр білдірмеді.

- Е, өтірік пе, соғыстан несі кем еді тылдың. Сонымен, мұғалім, тоқетерін айтыңызы, қалай жасаймыз? Әйтпесе басқа бір амалын табамыз. Жоғарғы жақ буйырса, қайда барам дейсіздер. Қыс түскенше шал соңда кірсек дейді.

- Көрерміз, ақылласармыз, - деп Кенжеболатты шығарып

салғанымен, беймаза ойдан арылмады. Қөнілін күпті еткен және бір себебі бар. Әлгі бос үйді жөндеп, балалар бақшасына айналдыруды көздеген. Сонда қанша әйел совхоздың жұмысына араласар еді, оргалықтағы сүт заводының филиалын осы кішкентай ауылдан ашуға болар еді. Қаймағынан айырган тонна-тонна сүтті көлге төккізбей, одан ондаған, жүздеген өнім түрлерін дайындауға әйелдерді қосса, шіркін. Қоныс аударғандарды Бұғылыда сақтап қалудың бір жолы - тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету. Соның жолын іздегенде, Қалқанның жүргіне қонған көп қиялдың бірі балалар бақшасын ашу. Аудандық оқу бөлімі бұл пікірін қолдамады. “Келесі жетіжылдықта болмаса, бұл жетіжылдықтың сметасынан көмектесу қын“ деп жолатар емес әзірше. Ескі мектеп үйі туралы да олар соншалықты самарқау, соншалықты жайбаракат. Тіпті өртеп жіберсе де, былқ етпейтін сиякты ешқайсы. Ал, Қалқанның өресі жетпейтін жәйт шашетекten. Солардың мән-жайын түсінуге қанша тырысқанымен, сәті түспей-ақ қойды. Совхоз басшысы ма, партия үйімінің хатшысы ма, бұның сөзіне құлақ аспақ түгілі, аяғына шейін тыңдауға мүршалары жок. Соңғы кезде тіпті алыстан-ақ шошитын тәрізді бұны көргенде. Әлгі Кенжеболатка тұра жауап таптағаны да осындай құдіктердің кесірі. Мына қалпымен жалтақтыққа бой жендірер сыңайы бар. Қолындағы мөрдің күші әуелде ғаламаттай елестеген. Қиялтындағысын іске асыратыншай, ауылдастарының томағатұйық қөнілсіз тірлігін өзгертептіндей бір серпілген алғашында. Сөйтсе, анау тұған-туысқандарының болмашыға мәз, тек қарындарын тойғызығанға риза кейпін әлденемен селт еткізу мүмкін емес екен. Бұның ауылдастарына соятын соғым, ішетін арақтан басқаның қажеті шамалы. Тәйірі-ай, мұншалық қасіреттің қасында әлті мектептің ескі үйін Итемген шалға қимағаны әншнейн бірдене екен-ау, ә? Мейлі, алып тынсын, мейлі сол жерге жаңа үй салсын. Сана да “қарғысынан корқамын, қайтесің қарсыласып“ деген. Бойы ауырлағалы сәл нәрседен секемшіл. Ойына келіншегі оралғанда ұзак аялдағанын үкты.

Орнынан көтерілгені сол еді, есік тарс ашылып, омырауы

алқам-салқам әйел кірді, жетектеген алты-жеті жастар шамасындағы ұлдың аузы-мұрны қан, бақырып келеді. Әлгі баланы шешесі мұның нақ алдына итере салды:

- Сендерге адамның құнынан малдың құны қымбат қой, мә, өлтіріп тынындар.

- Женеше, сабыр етіңіз, айғайламаңыз, түсіндірсөнізші, не болды?

- Не болды деп сұрайсың еще, не болғанын мына сен түсіндір маған. Көне, акт жаз, тұра сottатамын сендерді, дармоедтерді.

Ештеңеге түсінбеген Қалқан әйелдің ашуы басылғанын тосты. Мына кісінің келген шаруасы өзінің көзі үйренген жэйттердің біреуіне үқсамайды. Сірә, есінен алжасқан шығар деп, үнсіз отыра берген.

- Сендер осы не істейсіндер, сені, үкіметті айтам, анау орындықтан бекселерінді көтермей қашанғы отырасындар, сендер неге көздерінді ашпайсындар, неге айналға қарамайсындар? Шыбын құрлы көрмейсіндер адамды, осыдан мына бала кемтар боп қалсын, шетінен сottатамын, қыр сондарынан қалмаймын. - Арындал-арындал, әрен дегенде басылды бейтаңыс әйел. Өзіне міз бақпай қарап отырған Қалқанды енді ғана көргендей, еніреп жылап жіберді. Қалқан баланың бетін сұртіп, жетектей бергенде, анау шыр етті. Сол аяғын ауырсынып, аттауға дәрмені жетпейтіндей.

- Сіз не болғанын түсіндірініші,- деп айғай салды әйелге,
- баланы шұғыл арада дәрігерге қарату керек, ал сіз дәрігерге апармай, маған келгенсіз. Жүрініз, фельдшерге кеттік.

Әйел орнынан қозғалмады, ал бала аяғын сәл қымылдатса, шыр етіп аяңшактаңып түр. Түріне караганда, аяғының сінірі созылған, тек сынбасын де. Қалайда ауруханаға жеткізу керек. Қалқан асқан ептілікпен баланы көтеріп, сыртқа бетtedі, бейтаңыс әйел сонынан ерді.

- Жайғасып отырыңыз, баланы байқап ұстаныз,- деді Қалқан мотоциклін от алдырып жатып. Бейкүнә баланың қинаған түріне шыдар емес. Шешесінің нақақтан-нақақ өзін күйдіргенін де елемеді. Дәрігерлер баланың қайда, қалай құлағанын тәптіштей сұрағанда әлгі әйелді дәлізден шақыртқан.

- Водопровод жүргіземіз деп, қазып тастанған жоқ па біздің көшени, жаздай ашық, міне, күз ауып барады, не қазып, не жауып бітпейді, коршілеріміздің талай ұсақ малы өлді қулап. Үкіметтікі болмағасын, не істесін, совхоздың тышқақ лағы жоғалса, не өлсе, адамның жанынан әрмен көреді. Малымыз түгілі міне, жанымыз да корлыққа көніп тұрған жоқ па? Өйтіп жарылқағаны құрысын сумен, жабындар да, тастандар,- деп әйелдің ашуы қайтадан қозды. -Сенген үкіметтіміз мынау ма?

Қалқан теріс айналып кетті. Мән-жайды енді ғана үққан. Шынында екі жылдан асты, селода су құбырын жүргізудің науқаны басталғалы. Бұл жердің сұы ашы, қүрек қадасаң кілкіп су шыққанымен, ішуге жарамайды. Сондықтан құбыр жүргізу жұмыстары тез басталғанымен, қашан аяқталары әлі белгісіз. Халықтың қуанышы да тез басылған. Жерді қазып, шойын құбырларды ұзыннан-ұзақ орналастырғаннан өзге дәнене істелген жоқ. Шұңқырлар, үйілген топырақ, аңғал-санғал техника жабдықтары, оны да кейінгі кездे әркім үрлап әкеткен - мұның бәрінен Қалқан хабардар. Совхоздың қаржы төлегені болмаса, су құбырлары үшін жауап бермейді, әйтеүір көшелерді астаң-кестең ғып жұмысшылар тайып тұрған. Анда-санда бой көрсетіп, шулатып, тағы келеді, тағы кетеді. Ешкімнің олармен шаруасы жоқ, өздері би, өздері кожа.

Мына әйелдің долданар жөні бар, баласы су құбырына деп қазылған шұңқырға құлаған, мертіккен. Кінәліні іздең селолық советке келген. Дәл қазір оған дүниедегі ең жексүрын, ең сүмпайы өзі бол көрінгеніне титтей күмәні жоқ. Бұл әйелге қалай үқтырмақ мәселенің жэй-күйін. Ешқашан үқтыра алмайды, өйткені өзіне де жұмбак мұның бәрі. Айлап емес, жылдан созылған су құбырларының құрылысын бітіруге дәл қазір ешқандай бастықтың құдіреті жетпес. Талай жиын, кенестерде көтерілген, айтылған, құшақ-құшақ шешім қабылданған. Аяқтарының астынан көр қаздырғанмен парапар екен-ая, қазір бажайласа, құйтақандай бала үшып түскен шұңқырдың күні ертең тағы қандай апат әкелерін кім болжапты.

- Күйенденемен-ақ тасып ішеміз суды, егер ертенге шейін анау

пәлен шақырымға созылған апатты құртпасандар, өзім құлаг өлемін соған. Және ажальма, мына сен, үкімет, жауап бересің құдайдың алдында. - Эйелдің онды-солды сөйлегеніне Қалқан енді ызаланайын деді.

- Сіз баланың жағдайын ойласанызыңы, сізден сұрап түр ғой қалай құлады, қашан?

- Құлады ма, құлады, қалай дейді ғой, қайдан білеін қалай күлағаның, о, несі-ой. Мен қазір тұра ауданға, облысқа барамын, көрсетемін сендерге қалай күлағанды. Жаман үйренгенсіндер, сендерді тоқпактау керек, сендерді шетінен қыру керек, жою керек, темір тәртіп керек сендерге.

Қалқан эйелдің түрін енді таңырқай барлады. Азап шеккен баласының халін мұлдем есінен шығарған, не айтып, не қойғанын бағдарлар емес. Сәбінің кенеттен бақытсыздыққа үшірағаны оған беталды жүртты балағаттауға, сөгүте тольқ өркіндік бергендей. Қасындағылар да өздерін кінәлі сезініп, оның бетін қайтармады. Дәрігерлер эйелді де, Қалқанды да бұдан әрі мазаламай, баланы ішке әкетті. Дәлізде оңаша қалғандағылар да Қалқан есін жиды. “Әлгі дәрігерлерден үят болды-ау, өздерінде қалдырғаны, сірә, сүйегі сынбағаны ғой. Шағынған да оны аурухананың совхоз тұрғындарына тигізіп отырған пайдасы зор-ау. Бұған да шүкіршілік, қысылтаянда аудан деп шапқылатпайтын. Елуінші жылдардың аяғында салынған аурухананың атағы алғаштында керемет еді, кейін бірақ аудан тарап, шекаралық жағынан әртүрлі ауданға бағынғасын ба, жыл өткен сайын мұнда жұмыс істейтіндердің саны қысқарып кетті. Алақандай анықтама қағаз алу үшін бәлен шақырым сапар шектірткен азабына да қынқ демеген жүртқа қазіргі жағдайлары жұмақтай шығар, сонау жылдары аудан орталығына бару үшін бүкіл тың өлкесін айналуға мәжбур болатын. Небір қызық та түсініксіз хикаяларды өткеріп жатыр ғой бастарынан.

Аудандық атқару комитетіне баруға Қалқан бірнеше күн жиналды. Кезекті сессияға шақыртар сәтті тосқан жок, өйткені көптен көкейін тескен пікірлерін жеке бөлісіп, көмек сұрауды қөздеген. Қағазға жүйелеп жазуға өлденеше рет оқталғанымен, түк те мандытпады. Жаза бастаса-ак іштей

піскен ойлары ақ қағаздың бетінде пышырап, ал-арзан бол шығатындей. Не орысша, не қазақша жазуға құлқы соқпағасын, ауызша жеткізермін деген. Кіріс-шығыс қағаздарына қаншалықты үқыпты болғанымен, жүргегіне түйген жәйттердің есеп шотқа еш көнбейтінін, жазудың жөні мұлдем бөлек екенін білді. Жұрттың тауығынан бастап тайлы тұяғына дейін шотқа тізу емес екен мұнысы. Дегенмен үлкен сеніммен келген ауданға.

- Тоқетерін айтыңызы,- деді аудандық атқару комитетінің председателі Ванин жолдас, - мен ештеңеге түсінбейдім. Халықтың арасында абырайының жаман емес, не қажет сізге, үстінізден шағым түскен жоқ, осы жағдайыныңға да риза емеспісіз?

- Мәселе менің халімнің жаман-жақсысында емес, мен басқа нәрсені айтып отырмын сізге. Туған ауылымның келешегіне жаңым ауырады, анау мектептің ескі үйін балалар бақшасына берсек. Совхоздың іргесіндегі қолдің маңайы сасық, шошқалар ештеңе шыдататын емес, ол аз дегендей қаймағынан айырған сүтті қажеті жоқ деп сүт заводы соған төгуде. Қазактың әйелдерін жұмысқа тарту керек, баяғыда сүттен жүздеген тағамның түрін жасайтын, соны жанғыртуымыз керек. Бұғыльдағы мектептің халі мүшкіл, осы өңірдегі ең алғашкы мектептердің бірі, совет үкіметі орнағаннан кейінгі тарихи орын, көз алдымызда құрып бітпек пе? Тым құрыса қазіргі сегізжылдығын сақтап қалсақ деймін.

- Сіз қызық адамсыз, Қалқан Тоқсейтіович. - Ванин басын шайқады. - Бірден үйіп-тогіп қоясыз мәселені, сосын мұның бәрі де мен шешетін мәселе емес.

- Сонда кім шешеді?

- Оны ел-жұрттыңыздан сұраңыз. Солардың өз қолында бәрі, ал сіз маған орынсыз қолқа саласыз, қызық адамсыз.

- Көшелеріміздің топырағын жаздай шаңдатқан құрылышсылар ізім-қайым, енді тастай қатып қалды, бала-шаға, мал, жан бар, ішіне құлап, мертіккендері бар, оны не істейміз?

- Совхоз басшылары қайда қараған? - Ванин әңгімені одан әрі жалғастыруға ниет білдірmedі.

- Сонда не істеуім керек?-деді Қалқан есікке беттеп.
- Поменьше фантазирийте, больше работайте.
- Бұдан да мұғалімдігім әлдеқайда артық, бүйтіп совет болғаны құрысын.
- Это ваше личное дело, ваше право.
- Кешіріңіз,- деп Қалқан председательдің кабинетінен шапшаң шыға жөнелді.

Дала салқын, сүйк жел бетке үрады. Денесі тоңазып бұрсаңдеген Қалқан әйтеуір бір нәрсені бұлдірдім-ау, сыңдырдым-ау дегеннен басқаны пайымдаға оресі жетер емес. Төбесінен әлдекім қойып жібергендей есендіреп, беті ауған жаққа бұрылды. Әлде ойларын дұрыстап жеткізбеді ме, әлде шынымен ұсақ-түйек пе мұның айтқаны. “Осы халінді қанағат тұт та тыныш жүр“ дегені де жөн шығар. Бірақ Қалқан өзінің арына дақ түскендей сезінді. Жеке басының қамын күйттесе бір сәрі, қылмыс жасағандай-ақ бекерге сөз естіді. Жаңына батқаны Ваниннің кекесін күлкісі, бейне бір емтиханнан құлатқан оқушыңдай бұны әбден қорлағаны-ай. Қалқан оның алдынан жәбірленіп қана шыққан жоқ, сеніп тапсырылған қызметке қауқарсыздығын еріксіз мойындағандай, әсіресе соған қорланып еді. “Өзіме де сол керек, әліме қарамай әлкентеніп, әуелде келіспеуім керек еді мұндай советке. Жоғарыға бұқараңың жағдайын түсіндіре алмасан, бұқараға санасын оятарлықтай мүмкіндік туғызуға өрөн жетпесе, таста бәрін. Қаңғырып кетсөн дә дауа жоқ“.

Ежелгі әдетімен аудандық оку бөліміне жақындалты, мұнда соғу ойында жоқ-ты, қандай бүйіркепен келгені өзіне де беймәлім. Әйтеуір көзіне баяғыдан ыстық осынау шағын ғана ағаш үй. Бөлім менгерушісі Сәдуовты көптен танитын, соның кабинетіне қарай аяңдады.

- О, қуаныштымын, қуаныштымын,- деп қарсы алды Сәдуов,- қалай мұғалімдердің отын, шебін, көмірін түсіріп бердің бе ертерек, о жағын, әрине, келістіресің ғой, мектептің жай-жапсарын жақсы түсінесің, о жағынан қамшы салдырмассың, Қалқан.

- Мектебіме қайтып барсам, қалай қарайсыз?
- Ә,-деп көзін жыптылықтатқан Сәдуов “жоғары шық“

дегендей қолын нұскады. Көздері мүлдем сыйырайып, жымың-жымың. -Иә, не жаңалық, ауылың, үй-ішің қалай? Жаңа орның жылы шығар, мектебі несі тағы да, әлде үйрене алмай жүрсін бе?

- Үйренетінім де әлі көп, тусінбейтінім одан да көп. Сіздерге осы Итемген шал неше рет келді? Мектептің сыртындағы алты бөлмелі интернат үйін иемденіп алды, бұларыңыз не? Неге бірден бетін қайырып жібермедіңдер, енді мен жаманатты бол отырмын, әрі бір ауылданбыз, басымды қатырды.

- Басынды қайтесін қатырып, Бұғылы мектебінің перспективасы жоқ, буынсыз жерге пышак ұратының-ай, осы сенің. Өзің күә емессің бе, биыл бірінші класты орысша аштық қой, өйткені ауылдастарың жан-жаққа көшіл жатыр, тубінде Бұғылы мектебінің жабылатыны анық. Ал сен қайдағы бір интернаттың үйін даулайсың. Өздерін де көшейін деп отырған жоқсындар ма совхоз оргалығына.

Қалқан тұншыға құрсінді. Аузын ашса, аяқталмайтын, шешілмейтін бір дауға қалады. Неткен сұмдық, сүйенбек түглі сырласар бірі жоқ айналасындағылардан.

Есінде, биылғы оқу жылы басталарда, бұғылылықтар қатты дүрлігіскен. Аяқ астынан бір топ шал “балаларымызды, немерелерімізді орысша оқытамыз, әйтпесе ертең нанын тауып жеулері киын“ деп, мектеп табалдырығын аттаған отыз шақты бүлдіршінді орысша бірінші класс деп жарияладты. Маскунем Жаңылға шейін еденді тепкілей екіленген:

- Бала-шағамызды жарым ес қып бітті мұғалімдер, қазақша оқытып, әне жетістірді менің балаларымды, жабылсын, қазақшасы, балалардың көзі енді ашылатын шығар, әйда, орысша оқысын. Әнен, біздің үйдің балаларын көрмеймісіндер, текке қор қылды мыналар қазақша оқытамыз деп, тубіне жетті. Үкіметтен жалақы алғаннан басқа не бітірді булар? Осылардың кесірінен әнен, менің балаларым қор болды.

Былайғы шақта Жаңылдың өзі не, сөзі не, мән бермейтін ағайындары со жолы оны қолпаштай қостаған. Қалқан ешқайсына қарсы дау айтпаған, талай жылғы ұстаздық қызметінен жинақталған пікірлерін бөлісе бастағанда, Жаңыл “әйда, әрмен, сенің балаң болмағасын, саған бәрібір” деген.

Бұл көкейіне қонақтаған ойларын амалсыздан іркіп кете барған. Сондағы көңіл күйінің толғанысын енді жаңғырта сөйлемді:

- Сіз ұзақ жылдар мұғалім болдыңыз ғой, шыныңызды айтыңызы, біздің аудандағы бастауыш кластардың қазіргі жағдайын құттайсыз ба?

- Құттаймын,- деді Сәдуов ныңқ сеніммен.

Қалқанның көздері бақырайып кетті:

- Қалайша?! Бірақ сіз ғой, ешқашан бастауыш класқа сабак беріп көрген емессіз, сондықтан түсінбеуіңіз де мүмкін. Ал мен жастайымнан кішкентайлардың тілін ашып, әліппе үйретіп келемін. Жиырма жыл бірінші-төртінші кластарды оқытудың жөн-жобасын әбден миыма сініргенмін. Сіз бұны үғасыз ба? Эрине, үқпайсыз. Сіздер болашақ үрпакқа қиянат жасайын деп отырысыздар. Орны толmas өкінішке ұрындырады мұндай көрсөкүрлық.

- Сен не, орысша оқуға қарсысың ба? -Сәдуов темекісін тұтатқан шырпысын столдың шегіне лақтыруды. -Көзі ашық жігіт деп жүрсем, өзін өмірдің ағымынан алаңсыз екенсің ғой. Сен ғой соғыста болған жоқсын, тіл білмегендіктен талай боздақтың текке қырылғанын көргенмін, қорлыққа көнгенін көргенмін. Жо-жоқ, оны саған айтып жеткізе алмаймын.

- Мен балалардың орысша оқуына қарсы емеспін, сіз мынаған назар аударыңызы, бір ауыз орысша білмейтін бала қалай сол тілде оқымақ? Менің сізге үстаз ретінде бір ғана өтінішім бар, әлгіндей жасанды түрде көбейткен бастауыш мектептерге инспектор жіберіп байқаңызыбы, зерттеңізші. Мүмкін сонда ғана түсінерсіздер не істеп жатқанымызды. Әділін айтсақ, ақыл есі кемдерге арналған мектептердің көбеюіне арнайы база жасаудамыз. Мұны қылмыс демегенде, не дейміз?

- О, қалай, қалай дейсін, қарай гөр, ә? -Сәдуов әлгіндеғі шырпыға қолын қайта созды,-келісе алмаймын сенімен, спецшколдардың бүтән еш қатысы жоқ, ол мұлдем басқа жыр. О жағын кейін мамандар зерттей жатар, біздің онда шаруамыз жоқ, сен өйтіп шатастырма мәселені. Халықтан әулие емессін, неге олар балаларын орысша оқытамыз дейді. Неге? Кәне,

тусіндірші. Мұны тусіндіруте пәлендей мықтылықтың қажеті шамалы, элементарное желание обыкновенной элементарной массы, масса хочет, чтобы их дети выжили, выучились. Кәне, сенің қазағындың тілінде дәрігер оқыттып шығарып жатыр ма, аспанға космонавт үшшырып жатыр ма, әйтпесе инженер, агроном оқыттып шығарып жатыр ма? Ничего подобного. У твоего языка, айналайын, как у твоей школы, нет перспективы, нет стержня. Сенің тілің дау-дамай, жаңжал, атақ, билік, мансап, мақтаншақтықтың айналасында ғана бұлбұлдай сайраута икемді. Ал нақтылыққа келсек, ну, хотя бы, техника, ғылым, мейлі, самый примитивный пример-комбайн, трактор, машинаның ішек-қарның алайықшы, ну, ты, кәне, попробуй қазақша солардың ішек-қарның актаруға. Ақылгөйсуге, үркісип-таласуға талттырмайды сенің тілің, ал өнім шығаруға қауқарсыз. Давай, шырақ, демагогию не будем разводить, каждый пусть занимается своим маленьkim делом. Әр-берден соң тілде түрған дөнене жок. Мәселен, Американы білмейсің бе, еткен ғасырларда тілін, дінін сатып, құлқын үшін неше турлі ұлт жиналды сол материкке, ну и видимо живут прекрасно. Сондағы негрлер, ирландықтар ше, әркайсы өз тілдерінде мектеп ашып, өз тілдерінде ғана сөйлейді деймісін. Так что, айналайын, тіл дегенің әншнейін нөрсе. Үрпақтың қамын сен дәл осылай ойлаг, түк те бітірмейсің. Жылты орнынды сұыттып алып журме. - Сәдуовтың соңғы сөзі шымбайына батынқырап кетті. Әлгінде Ванин де бұған осы халін қанағат тұтып, тыныш журуін айтты.

Сонда қалай, қызметтен айрылсам, күнін көре алмай қанғырып кетер дей ме еken мені, дүниенің кілтін қызметтен іздегені-ау бұлардың. Мені ғой байлыққа, советтің “байлығына” белшесінен батып жүр дейді , өйткені өзіне дейінгі әріптестерінің қай-қайсы да солай, астарында жеке машина, қоралары малға, үйлері дүниеге толы. Өзі, міне, екінші жыл, жалақысынан басқаны білмейді, ешкімге қолын жайған емес. Мынадай қарқын неге апарар еken, ауыльның келешегі жок дейді, яғни елінің де, сонда жерін,

елін қорғар ер қалмай

тұр-ау, ә... Мен ше, жо-жок, еніретен ерлерін айтамындағы...

Қалқанның өн бойы мұздалап кетті. Екі иығы салбырап, басын төмен түкүртты. Кенеттен бір жаңалық ашты: Мынау қоршаған орта мен өзінің арасында шыңырау жатыр, сәл қозғалса, тоңқалаң аспак. Және сол шыңыраудың сәт сайын ауқымы кеңеңе бермек. Міне, міне, тынысын да, мекен-жайын да тарылтып қысып барады, мұны тыптыр еткізер емес. Көздері жыптылыштаған Сәдуов, сыппай киініп, жылостықлен күн кешкен Кенжеболат, бет-аузын кірпіштен құйғандай сазарған Ванин, ауыльндағы тізелерін жаппайтын тар көйлекке үйрек кексе қатындар, гитараны мағынасыз соққылаپ, тыртыңтыртып секірген бозбалалар, дүкеннің кара нанын кезекке тұрып алғатын кемиек кемпірлер - бәрі, әне, шыңыраудың ар жағында, бұл бергі жағында жалғыз. Олар бірақ шыңырауды көрмейді, құлаймыз деп сескенбейді.

Темекіні тынымсыз бұркыратқан Сәдуовқа әлдене деудің қисынсыз екенін анғарған Қалқан орнынан әрен тұрды.

- Сен өкпелеп қалдың ба? Тоқташы, менің бір өтпіншім бар саған. - Сәдуовтың манадан бері сынапттай жүтірген көздері бір түрлі мұләйімсі жуасыды. - Биыл соғымның реті қындау тиіп тұр бізге, совхоздарыңнан қалай, тым құрыса, үкіметтің бағасымен түсіруге болмай ма? Қалай өзі совхоздарыңның қысқа дайындығы, жем-шөп жетпесе, малды ұстau да жеңіл емес. Директорларыңның тамырын басып байқағам, “начальствоға бермегенде қайтеміз оны, шаруашылыққа пайдасыз, даже, қазақтар қазір бие сауыш, қымызын ішпейді, тек соғым үшін начальствоға“ деп қалған. Сол начальствосының ішіне мен де кірсем жарап еді.

- Е, онда несіне мазасызданаңыз. Жыл сайын алып журген жоқсыз ба? Дегенмен есіне салайын.

- Иә, иә, сөйтіші, айналайын Қалқан. Ал әлгі айтқандарыңның кейбірінің қисыны бар. Инспектор жіберуге болады бастауыш кластарға. Окушылар түгіл мұғалімдері де

орысша жөнді білмейді, сөйтіп және орысша сабак жүргізеді. Міне, осы жағын жөндесек деймін. Ал, хайыр-хош. Жұмысында жеміс тілеймін. Директорына ескертсерсін әлгі жағдайды.

Есікке беттеген Қалқан сәл кідірді:

- Айтпақшы, сіздегі инспектор мен біздің председательді айтамын, осы Ваниндер ағайынды ма?

- Ағайынды, көп қой бұлар, ауданымыздың қай совхозына барсаң да, Ваниндер алдыннан шығады. Жәй сұрадын ба?

- Жәй, біздің әкей Ванин дегенді баяғыда жиі айтып отыратын, аштық жылдары ма, білмеймін, қаңғырып жүрген жерінен ауылға әкелгенмін деп, сол әңгіме есіме түсіп кеткені. Олар бірақ кейін бай-құлактардың қатарында қуылыш кетті дейтін.

- Кім білсін, солардың үрпағы да болуы мүмкін, әкенмен сұрасансы.

- Жә, сізді мазалағаным қай сасқаным, онда тұрған не бар дейсіз. Жақсы, хош болыңыз.

XII

Ваниндердің ағы атасын Тоқсейіт жақсы танитын. Шебер еді марқұм. Қазіргі Шортан стансасының вокзалында танысып, бала-шаға, әйелімен жиырмасыншы жылдары көшіріп әкелген. Ел іші Гүргірей деп атап кетті кейіннен. Бірде жұмыс бабымен стансаға соғып, ат шалдыртқан.

Қызыл кірпіш үйдің іші-сырты құмырсқаның илеуіндей, ығы-жығы халық. Киімдерін жастанып қисайған, көбінің пәлен тәулік түнегені анғарылады. Бүйра шашты он үш-он екілердегі сары бала қасына қайта-қайта келгіштегесін, Тоқсейіт оған қатқан қара құрт ұстатқан. Анау қуана-куана жүгіре жөнелтен, артынша тағы екі кішкентай баланы жетектеп әкеліп тұр. Қалтасындағысы таусылған Тоқсейіт қапелімде ешпене таппай, олардың шаштарынан сиппай берген. Сөйткенше анадайдан егделеу әйел жетті қасына. Әлгі бүйра шашты бала

Токсейіттің артына жасырынды. Жыламсыраған әйел асығып келгенімен, тіл қаттай бұған жалына қараған.

- Балаларым осында келгелі бірінші рет құлді, не сиқыр жасадыныз.

- Әкелері қайда?-деді Токсейіт.

- Жұмыс іздел кетті, бір жұма пәтер жалдап түрдүк, енді төлейтін түтіміз жок, сосын вокзалды паналап жүрміз.

- Қожайыныңын қолынан не келеді?

- Өзінен сұраныз, әне, келді ғой. Тағы да ештеңе таптаған ғой. -Әйелдің аянышты түрінен, тетелес үш баланың жәудіреген жанарына, өздеріне таман қарсы жүрген еңгезердей кісінің бір уыс бүріскең шарасыз кейіпне Токсейіт шыдамады.

- Жүріңдер менімен.

Қатарласып та үлгермеген еңгезердей кісі селк етіп, бойын тіктеді.

- Тәнірім, тілеуінді бере ғөр,- деп әйелі шоқынды.

- Ты что, они этого не любят,- деп күйеуі қабағын түйді.

Дереу екі қолымен кеудесін басқан әйел дүркін-дүркін тәмен илді.

Токсейіттің жылғығанын байқағасын бәрінің де қабактары жадырап, еркектер жағы асықпай-саспай жөн сұрасты.

- Пенза губерниясынанбыз. Шыққанымызға жарты жылдан асты, азып-тозып біттік.

- Қалайша бірден бала-шағаңмен кеттің, әуелі өзің келіп, жағдайды бағдарламадын ба? Қазір не көп, босқын көп.

- Переселендермен Краснояр жағына барғанбыз, Енисей өзенінің жағалауындағы бір селоға тұрақтамақ болғанбыз.

- Әлті Пенза дедің бе, тұған жерлерін емес пе, неге кеттіңдер?

-Күн көріс қыын, кілең орман, бидай еgetін жер жоқ, ағаштарды өртеп, орнына еккен аз өнім қайсымызға жетеді? Үй құрап саттық, жөкеден корзинка, шәркей тоқып саттық. Қайынның қабығынан қарамай ағызып та көрдік, бәрібір тұрмыс ауыр. Тәуекел еттік те көштік. Қасымыздағылар сол барған жерде қалды, біз кейін қайттық. Қызылжардан Красноярга бара жатқанда, анау еді үнатқан. - Григорий Ванин әйелін нұскады. -Ресейдің жерінен аумайды, орманын қарашы деп. “Қойны қоныштымды алтынға толтырсаң да басқа жакқа

бармаймын“ дейді. Міне, енді сыңсыған орман, шалқыған айдын, расында туған өлкемізге үқсағасын, осы жерге оралғанбыз. Бірақ жұмыс таппадым. Пәтер жоқ, ешкімді танымаймыз.

- Қандай жұмыс істеп едін?
- Не тапсырса да істер едім, арба, шана, қамыт-сайман жасаймын, пима басамын, үй саламын.
- Ендеши кеттік. Бізге нақ өзіндей адам қажет, артельге кіресін, қолыңа күрек табылады, бала-шағанның да қарны тоқ болады. Мәтушкең де табылады жұмыс. Келісесін бе?
- Келіспегендегі пошымымызды көріп тұрсын ғой. Күз де бүгін-ертең өте шықпак, қысқа шейін әйтекеүір бір жерге тұрактап үлгерсек, құдайдын бергені-дағы. Тағдырын жазғанына көніп келе жатқан жоқпыз ба, ердік сонынан.

Григорийдің әйелі қайтадан шоқына бастаған, күйеуінің қарағанынан қолын жұлдып алды.

Әп-сәтте олар туйіншектерін, қашықтарын жинап, арбага әкеп тиеді. Әсіресе, ұлдардың қуанышында шек жоқ. Үлкені Тоқсейіттің қолындағы қамшыға жармасып, кішісі алдына жайғасқан.

Органшысы арқасына жабысыпты. Шешелері тәртіпке шақырып әлектенгенімен, Тоқсейіт қабағымен “тұқ те емес“ дегенді білдіріп, арбаның үстін алабөтен шаттық кернеген. Айлар бойы еңселері көтерілмеген балалардың төбесі көкке жеткендей еді.

Әке-шешелері қысылыңқырап, бұйыры отыр, шаршап-шалдыққан өндерінен неге де болса, мойынсұнғандық аңғарылған.

Тоқсейіттің шүғыл шешім қабылдауына балалар әсер еткен, әйтпесе сол тұста ерсілі-қарсылы босқындар көбейіп, переселендердің жүз жыл бұрынғыдай, әлі де толассыз ағылғаны тоқтамаған. Аштықтың зардабын шеккен халық әрі сак, әрі қорқақ. Қосылып бидай еккенімен, шетіне қоныстанғандардан бойларын аулақ ұстайды, үрке қарайды. Жатты былай койғанда, жақынын бауырына тартудан өгейсіп үлгерген. Дәм-аға ауылның іргесі согілтметен әлі. Кедей, кепшік сол Рахманның қасында, бір дөнді боле жарып, аштықта

да ешқайда қанғырмagan. Артель боп үйымдаşқан сауатсыз шаруаларға Рахман басшылық жасайды. Ешкімге тықыр таяна қоймаған. Тұрақ таппай сендей соғылтысқандар көп. Алайда Рахман артелін сағалағандар жұт жылдарынан аман шығып жүрді. Сондықтан да бұлардың тобы көбейіп, жаңадан қосылғандарды онша-мұнша жақтырмайтын. Дәм-ағаның басқарды деген аты, ит жүргіртіп, құс салғаңды, бүркітті балтап-үйреткенді қалайды. Өз сәнімен, өз салтанатымен жүреді. Артельдің тағдыры негізінен Тоқсейіттің қолында.

Көршілес қоныстанған орыс переселендері көп болғанымен, артельде өнкей жергілікті жатақтар ғана. Ваниндер бұларға қосылған алғашқы орыстар еді. Келген бетте олар Рахманның моншасын панарап, ортадан бір қашар бөлініп берілді. Григорий Ваниннің еңбек сүйгіштігі керемет. Темір ме, ағаш па, жасамайтын құралы жоқ, қазақ тілін менгеріп, ұлдары да қолқанат, артельдің сенімді мүшелеріне айналды. Жылы үй, жұмсақ тәсек, бейбіт еңбектің зарын тартқан жандар қандай ортаның қандай да тілегіне, әдетіне бейімделгіш. Айналасы жарты жылда олар артельдің қат-қабат шаруасын дөңгелетіп әкеткен.

Қазақтардың жөн-жосық, жоралғыларын да танырқай жүріп үйренген, жатсынбады. Өзінен әлдеқайда кіші болғанымен, Тоқсейітті Григорий аға тұтқан.

Үш-төрт жылдан соң артель тарады. Рахманның дүниемүлкі тәркіленіп, оның мүшелері Рахманның жалшылары ретінде қуәлікке тартылғанда, сottың алдында Григорий ағынан ақтарылған.

Кейіннен колхоздың дүкеніне байлардың кәмпескеленген заттары қал-қап түсіп жатты. Сонда Ваниндер өздерінің іс тігетін машиналарын өздері сатып алған. Өйткені бұлардың да азын-аулақ жинағаны байдың дүниесі бол оргаға түскен. Тек бұлардың емес, артель мүшелерінің бәрінің де коры бөліске түсіп, анық-қанығын ешкім де тексермеген. Өйткені дәл сол жылдары адамның санасы бойламайтын жәйттер тым көп еді. Артельдің байып, саудагерлік жолға түскендер де, қарны тоғасын, кешегі қайыр сұрап келгендердің асығыс есеп айырысқандары да үшырасқан. Бай, манап атаулы жер

аударылыш, соның дақтырытмын Рахман артелінің де быт-шыпты шықкан. Біреулері жалшы болғанымыз рас деді, екіншілері “Рахманды айдасандар, бізді де айдандар“ десті. Не керек, аласапыран басталды да кетті. Балапан басында, тұрымтай түсында. “Жалшысы болдық“ деген Итемген сияқтылар атқа қонды, “артельші болдық“ деген Тоқсейіт сияқтылар дубера боп қалды. “Күнкөріс үшін паналадық“ деген Ванинге біреу сеніп, біреу сенбеген. Оның өзі адалдықты пір тұтқанымен, көзі көріп, құлағы естіген жәйттерді түсінуі тым қынға соқты. Белі бүгіліп, терін төгіп істеген заттарын керек-жарапына айырбастауға, сатып пұл қылуға дағыланғанда, “мұның кулачество“ дегенді естіп, енді қайттім, қатын, баланы қалай асыраймын деп зәресі үшқан. Күні кеше Ихсановка хуторынан Енисейге азапты сапар шектірткен жоқшылықты елестеткенде, жарық дүниеге симай кетеді. Және жұмыр жердің жұмағындаи боп алғашқы сәттен жылы ұшыраған мынау Көкшетау өлкесінен енді олсе ұзай алмайтынын сезген. Кейде жаяу, кейде отарбамен ен даланы олай да, бұлай да кезіп, ұзак уақыт қиналғанда, құдайдың маңдайына біткен дәuletінен онайлықлен сірә де айырлымас.

Бұлардың қалың тоғайларына үқсас болғанымен, ішіндегі жеміс-жидекті құнығып жинамайтындарына, тойғанша жеп қана қайтатындарына таңғалған. Мұның себебін артынан үқты. Жаз, күз айларында түье, бие сауып, шұбат, қымыздан ауыздары босамайды, қыс, көктем бойы қыруар мал сойып, тыным жок. Өздері де соған дағыланыш алды. Бұлдірген, қарақатқа алғашында лап қойысқанымен, ешкімнің оған құнықпайтынын, қашан ағып біткеніце тұнып тұратынына көздері анық жетіп, қомағайланған термейтін болды. Арқалары кеніп, жайбаракаттыққа енді-енді көндіге бастағанда, елжүртты дүрліктірген түсініксіз оқиғалар қайтадан естерін үрлап, қайтадан не болса, соны тыққыштауға, не болса, сонымен қарын толттыруға әкеп соққан. Тіпті дастарқандағыны тығызып жеуге дейін барғанлары рас. Арасынан жүрген досжаран қазақтар да майдарын түнде сойып, бұларды жасырын шақырткан. “Коммунамыз“ деп көкіректерін қаққан заман тәтті түстей тым келте аяқталды. Саудагерлер мен байығандарға

ермеген топ бір жағынан бастары бірігіп, ыстық асқа жарығанымен, екінші жағынан араларында алауыздық туып, сөл нәрседен секемденетінді, сырттай аңдысуды әдетке айналдырды.

Оған қоса жекелеген белсенділер көбейіп кетті. Айыр, күрек ұстаудың орнына ортаға салынған мал-мұлікті шотқа қағып, жиналған азғантай қазынаны ешқашан таусылмайтындағы көрген есерлерден жер қайысты. Құдайдың бергені осы екен деп, ортаға жиналғанды талан-тараж қылды. Адал еңбектенуден гері атқа мініп айғайлау, акылтөйсу көпшілік тарапынан қолдау тапты. Ең сорақысы да осы еді.

Шолак белсенділер не деп даурықса, басқалары иықтарынан қағып, қолтықтарынан демеді, иіліп сәлем берді, тәттісін алдарына тосты. Шыңжыр балак, шубартес байлармен қоса орташа ғана дәүлеттілер де күтінға ұшырап жатты. Жылапсықтаудан құлақ тұнған. Григорий Ванинге бүткіл дала күніренгендегі елестеген, ауыл-ауылдың сыртынан әлдеқайды, алысқа көшкен елдің қыз-келіншектері дауыстары қарлыққанша зарлайды. Қаралы көштің сілемі кеңістікке сініп жоғалғанымен, сынсыған, өксіген, тұншыққан, сыйырлаған, жалбарынған, өтінген үндер жер-көкті тербейтін де тұратын. Жапырактардың сыйбыры, желдің гүліне шейін зарлы жоқтауға ұласқан Ваниндер үшін. Тіпті төнірек әлденеше жаңғырғанымен, көктемнің сай-саланы суға толтырғаны, жаздың жасыл жайлауы, күздің тоқшылық тамшылатқан бейқұт аспаны, қыстың ақтышқан бораны-бәрі айналып келгенде әлі де ұзак сонар жалғасқан, ешқашан аяқталмайтын жоқтаудай көрінетін.

- Олар неге сонша жылайды?-деген Тоқсейітке.

- Тұған топырағын қимағандықтан жылайды. Енді оралып көреміз бе, көрмейміз бе деп жылайды.

- Көргенде не, көрмегенде не, өздерін осынша қасіретке душар қылған жерінен кеткені жақсы емес пе? Мүмкін оларды басқа жақта жақсылықтар қуттіп тұрган шығар, мүмкін біз сияқты оларға да мейірімді жандар кездесер. Мен мәселен тигтей өкінбеймін.

- Сен әйеліңің қалай өз ормандарынды сағынғанын

ескермей тұрсын-ау, ө? Балаларыңның көлді қоргендергі қуанышы ше?

- Е, мыналар да осындай жерге баратын шығар, маған жердің бәрі бірдей сиякты, тек жұмыс болса, наң болса.

- Әншнейін өзінді жұбатып айтасың ғой, әйтпесе кіндік қаның тамған топыракқа дүниеде не теңесер дейсің. Ештеңе де, атақ, байлық, билігің де.

- Қайдам, қолына билік тигендерге дүние атаулыны тұған жеріне айналдыра салу онай тәрізді. Ал өзіме бәрібір, топырағы күнарлы, молшылық болса, жарайды. Қалай дегенмен, сен жоқтықтың не екенін білмейсің. Ағайының аштықтан бұратылып, бір пендे қол ұшын тигізбесе, өзің айтқан әлгі кіндік қаның тамған топырақ бедірейіп, өгейлік танытса, қалайша бесіп жоғалғаныңды да сезбессің. Егер адам баласы тұған мекенінен қозғалмай тірлік кешсе, бұл да бір түрлі ғой. Мәселен, сендердің небір қызық дәстүрлерін, тілдерін, қарым-қатынастарың, мінездерің менің де жанымды қәдімгідей байытып келеді. Қөрмесем ғой, білмеймін де. Ал енді неден ұтылдым, құдайшылығыңды айтшы. Қазактарды білмей кетsem, өкінер едім. Әлде сен ішінен сөгесің бе, құлқындары үшін бұлар бәріне дайын деп.

- Тіпті де ойланбаған екенмін бұл жайлы, сендердің тағдырыңды айтамын. Егер сөксем, сендерді ертіп әкелер ме едім, әкелмес пе едім. Сендерді аяғанмын. Ел-жұртынан аластатылып, айдалып бара жатқан анау жерлестерімді де аямын.

- Олар байлар, кулактар, мыңды айдаған, адамдарды қанаған.

- Бәрібір аямын. Бәлкім дұрыс та емес шығар мұным. Сен не, аямайсың ба оларды?

- Мен көзімді ашқаннан кісі есігінде журдім, маңдай тер, табан ақылмен асырадым қатын, баланы, біреудің ала жібін аттамадым. Жер бетіндегі барлық адам солай болу керек деп есептеймін.

- Артельдің шатағын қайда қоясың? Бірдейшілік деген сол ма, кедейлердің сөл-пәл халі жақсарып елі, бірден пайданың көзін іздел, жанушырды емес пе? Сіро, адам баласының он боїны тоқшылық кешіп, майкеқірік атып жүруі мүмкін емес.

- Мұныңмен де келіспеймін, тоя тамақ ішпесе, сіміре арак ішпесе, өмірдің мәні не?
 - Арағыңмен өзің жарылқан, атын атамашы о құрғырынның...
 - Сен өте қызық жігітсің, жалпы сендер, қазақтар, қызықсындар.
 - Кім білшті,-деп Тоқсейіт иығын қиқандатқан.
- Көп үзамай Рахманды да үстап әкетті. Оны баяғыдан сая тұтып жүргендерді былай қойғанда, келгендеріне үш жарым жыл ғана толған Ваниндерді де тұрмеге қамай жаздал, Тоқсейіт араға түскен:
- Бұлар нағыз сінірлері шықкан ку кедейлер, қайыр сұрап жүрген жерлерінен мен едім әкелген.
 - Яғни жалышылышқа алғансың, онда, әйда, сен де бауды көздегенсің, артельдің атын жамылып, қағылған соғылғандарды жинағансың, бәрін малай қылғансың, бар пәле сенде екен ғой,- деп, әлгінде ғана Ваниндерді қуырып жей жаздағандар дерек Тоқсейітке жабысқан.
 - Ия, мыналардың бәрін мен әкелгенмін, босатып жіберіндер, кінәлары жоқ ешқайсының.
- Үрейленген қатын-қалаш, бала-шаға, кәрі-құртандың түрлеріне шыдамаса керек:
- Таңдар,-деп айтай салды.
 - Эй, сен өйтіп әкірендеме, тоқтаңдар, сұрайтынымыз бар әлі бұлардан. Сен, Тоқсейіт, женіл құтылайын дедің бе? Жоқ, оның бола қоймас. Кәне, қайсына тізесі батты, жасқанбандар, қайсың сөйлейсіндер, кәне? - Қисық ауыз Қалабидің дауысы гүр-гүр. Қолдарын ерсілі-карсылы сермеп, бүкіл денесімен қозғалғандықтан бетінің сиықсыздығы байқалмайды. Тек қана жүзі қал-қара, жылт-жылт етеді алыстан.
 - Эй, Тоқсейіт, былай шық, сендер, кәне, қорықпандар, жасырмандар, Тоқсейіттің жасаған қиянатын, бұлардың күні еткен. Кәне, қайсың айтасың, тыққан астығы қайда, қоймасы бар ма, алтын, күмісі қайда, кәне, кім біледі?
- Суырылып ешкім шықпаған.
- Қисық ауыз Қалаби мүлдем есіріп кетті:
- Әйтпесе осы тұрған бәрінді қаматамын, әй, сендер, неден

тайынасындар, кімнен қорқасындар? Рахманның өзі мойындалы ғой, енді сендер шындарынды айтындар да, еріндер соңымнан.

Оңайлықпен өздерін жібермейтінін аңғарғасын, жиналғандардың арасында күнкіл көбейді:

- Бір айласын тапсандаршы.

- Қакып осылай қашанғы тұрамыз?

- Әне, өзі мойындалты ғой Дәм-аға, біз қайдан білейік, қайда не тыққанын. Жауабын өзі берсін.

- Несіне жасырасындар, білетіндерін болса, көрсетіндер камбаларын.

- Ешкімге байқатпай тыққан шығар, біз қайдан білейік.

Ақырында төрт-бес адам қуәлікке тартылды. Ұзакты күн өуеде онды-солды сермелген қамшыдан қаймықты ма, әлде өзге себептері болды ма, Тоқсейітке қырындағы қарап тұрып, бас-аяғы қабыспаса да, әлденені міңгірлеп тынған. Итемген мен Менттай мүлдем өтірік айтты. Осыны қанағат тұққан қысық ауыз Калаби жұртты дереу таратып жіберді. Жалтақ-жұлтак арттарына бұрылыш, адымдарын санап басқан пұшаймандаға кенқ-кенқ күлгөн. Есік-терезесінен буы бүркүраған моншаға ризашылғып көз қызын жүгірткенде, денесі қышып, дырдыр қасынған. Жанындағылардан қысылған жоқ.

- Монша дайын, түсесіз бе, иіс тиіп қалмай ма?-деген бейтаныс жап-жас “жігіттерге” одырая қараған.

Құрғак сөзден ауыз көпіріп, бағанаңдан әмірлерін жүргізген шағын топтың жүректері қарайып, ашыққандарын қас-қабактарынан біліп, қазан көтерген Айғаным мен Жанғаным ереккеше киініп, лып-лып жүгіріскең. Екеуінің олпы-солтты түрлеріне былайғылар назар салмағы. Егіз екендерін білдірмеу үшін екеуі екі түрлі киінген. Итемгеннің тіміскі көздерінің де тоқтамағанын көргесін, қуанғаннан одан өрмен қимылдары шираған. Тек қана монша жаққа жуымағы. Қалабидің ұзақ соғынатынын естіген, “сыптырғыштың тағы біреуін әкеліндер“ деп жұмсауы мүмкін. Істыққа шыдамай, әлсін-әлсін қымыз сұрагады, оны да дайындағы қойған. Терлерін басып, шәйді өлшеусіз соралғанша, үзіліс жасап, астаумен әкелген таійдың

былбырап піскен етін жеп тауысқанша таң да шапақ шашым үлгерді.

Жабықтан сұғалаған қатындар қалжырап, бұрыш-бұрышта қисайған қара домалақтар, әлден уақытта қонақтар да сыртқа шығады-ау. Оларға арнайы киіз үй тігілген.

Қалаби құндізгідей емес, жұмсақ. Тіпті Тоқсейітке де жылы-жылы сөздерін аяусыз төгіп, салпы аузыы бетімен тұтасып кеткен. Мандағынан, құлағынан, танауынан сорғалаған быршыған терді жеңінің ұшымен дамылсыз сүрткілейді. Тоқсейіт оған тап-таза сұлті ұсына қойған.

- Сен ғой, осы нағыз батырақсың, ә? Неге маған көмектеспейсің, неге маған серік болмайсың? Итемген мен Ментайдан гөрі сен ұнайсың маған. Білем, білем, мен ұнамаймын саған. Өкінішті. - Екпіндей ентелеп, сүқ саусағын шошайтқанда, теңселіп барып Тоқсейітке сүйенді. - Сен ғой, қандай сүйеніш болар едің маған, шіркін.

- Төсек дайын,-деді жақындаған жігіттердің бірі.

- Ах, төсек дайын дей ме, келіншектер ше? - Қысық ауыз Қалабидің сілекейі шұбырып, отырған жеріне құлай кетті. Не айтқанына өзі де мән бермегендей.

Тоқсейіт пен Григорий оны қолтықтаң, сыртқа сүйрелеген. Таза ауа масандығын басқандай.

Ертеніне қысық ауыз Қалаби тырп етпестен түске шейін үйіктағы. Ментай мен Итемген таң атар-аптаста келесі ауылға жүріп кеткен. Қалабиді сондарынан арнайылап, әспеттеп жеткізетінін біледі.

Үрейленген кешегі жабығынқылық жок, жұрттың да енселері көтерілгендей. Киіз үйден қарның сипалай шыққан қысық ауыз Қалабидің алдына кешегі бейтаныс екі “жігіт” келіп, қолдарында бөрік, шекпен, ишіп сәлем берді.

- Мыналар сізге тартқан сыйымыз.

- Аттарды дайында,- деді Тоқсейіт Григорийге. - Бапталғандарын, аянба.

- Мына кісілер асығар емес, асықтырмайық та, жата берсін.

- Атама, Гүргірей, - тезірек құтылайық, жатсын дегенді атай корме, Гүргірей,-деп Айғаным мен Жанғаным безек қакты. Енді оларға беретін де түк қалмады. Дәм-ағаның бүкіл киім-

кешегін үлестірдік. Келген сайын бұлай жалғасса, қалай? Еңбегіміз ақталып, Дәм-ағаны босатса жарайды ғой. Сендер текке арамтер бол, қапыда қалмайық. Бәрін ақ, адад дәмтүзымызға тапсырдық. Аман-есенінде анау адамдар жөнін тапсын, көмектесіндер, қалаға барып, жұмысқа орналассын. Тоқсейіт, мына Гүргірлер де күні ертең тентіреп қап жүрмесін. Келешектерін ойласын. Бостан-босқа күйіп кете жаздады ғой.

- Біздің жарамыз жеңіл ғой,- деген Григорий,-сендер қайтпексіндер, не көрсек те бірге қөрейік.

- Пәленің басы сол біріккеннен шығып жатқан жоқ па. Гүргір, саған ренжімейміз, кімнің қас, кімнің дос екенін күн сайын көріп жатырмыз ғой.

Көсемдеп жеңілген пәуескемен қисық ауыз Қалабиді келесі ауылға апарған Тоқсейіт пен Григорий қайтар жолда көпке шейін тіл қатыспады. Тоқсейіт, неге екені белгісіз, аттарды кенеттен аясыз қамшылап, ақ көбігін шығартып әкелді.

- Неге сонша қинадың? Жануарлардың жазығы не?-Айғаным анадайдан қарсы беттеп, ренжи сөйлемеді.

- Бір күн болса да қызығын қөрейін дегенім ғой, қисық ауыз Қалаби құрлы жоқпын ба, жау да көріп жатыр ғой қызығын.

Григорий егіз қызды көріп, күле берген:

- Нағыз жігіттердей қызмет жасадындар екеуің де. Қалабидің арқасын көкала қойдай ғып соқтым, сендерді кім, пысық екен деп қайта-қайта сұрағы. Мен “олар әлі бала ғой, қайдағы жігіттер“ деп, бет бақтырмадым. Өздерімен сөйлесейінші дейді, мүмкін ауданға менімен бірге жүрер дейді. Қатты қорықтым, енді сендерді тергейді екен деп.

- Біз мәз болп жүрсек, кетерде Итемген келіп, “дұрыс, осылай жүріндер“ деді. Өзіміз де ойлап едік, әй, байқап қалар деп, ақыры солай болды. - Жанғаным таңырқай сөйлемеді. -Ол, әрине, басқаларына мұны айтқан жоқ.

- Басқалары, тамағын тойдырсан, ештеңеге аландастын түрлөрі жоқ. Байғұс Қалаби монша көрмей өліпті, тіпті шыққысы келмейді. - Григорий езу тартты.

Сөйткен Гүргірден Тоқсейіт кейін мұлдем коз жазып

қалған. Әрқайсының басына әрқиылды күн туып, жан-жакқа тым-тырақай тараң кетті. Өзгерметен мына өнірде түк қалмапты содан бері, әр-берден соң түрі жат,

тұсі қашты жерімнің,

о тоба, туған топырағынды өтейлік жайлап бара жатқаның кімге қалай үғындырмаксың? Сол бөтендікті ықтиярларымен құрақ ұша қабылдаған екен-ау күні кеше. Өз қолдарымен сепкен жат үрықты мына алқаптары әбден тереңіне сініріп, енді бүгін қатқылдық, қасандық боп “жемісін” төгуде. “Ванин“ деген фамилияны естіген сайын Гүргірей есіне тұсіп, Қалқанға бірер рет ескерткен. Баяғы үш ұлдан тараған үрпак екеніне көзі анық жеткен, бір іздел барып, сойлессем дейтін. “Қайтесін,- деп Қалқан жаратпаған, - баяғы Гүргірейлер жоқ, қазір”.

XIII

Қарашаның алғашқы күндері Айғаным әжептәүір көтеріліп, ауруынан айыққандай еді. Келін мен бала қайтадан қосылып, елдің алдында абырайларының төғілгеніне қарамастан, түк болмағандай бірге тұрып жатыр. Қанша дегенмен, аналары емес пе, кішкентайлардың жүзінде күлкі ойнап, Кенестің де, үндемегенімен, көнілі бырсышыры орныққандай. Кемпір, шал соған шүкіршілік етеді. Әсіресе Айғаным. Іші құрғыры бәрін електен өткізіп үйренген, есіктің әлдекалай қатты жабылғанынан да секемденіп отырады. Сырқат пен үрейдің жеңбейтіні жоқ па дейді. Айғаным бұрын бала-шағасының қабағын бақпайтын, лықсып кеп қалған айғай арызын бүкпесіз актарып тынаттын. Және содан кәдімгідей бойы жеңіллейтін. Соңғы кезде бұл дағдысынан тыйылғандай.

Шекер оралғалы, үйдің тірлігіне қайырылмайды. Баяғыдан сөйтіуі қажет екен. Әништейін бекерге өбектеп, алды-артын тегістеймін деп, шаруасын кидаї сыпырғанда. келінін

конақтайтын тауықтай жаман үйретіп. Бір де бір қылышының ұнамағанына қарамастан, бұдан былайғы тұста соның ешқайсын бетіне баспауды үйғарғандай. Тек әйтеүір Кенеспен аралары жамалып-жасқалып, енді жүз жыртыспаса, тәубә, тәубә. Жарығы-Еленайдың шарапаты ғой, екі ортада елшілк құрып татуластырған. Зан орнына, совхозға мыналардың жағдайымен зыр жүгірді. Құдай сақтасын, Шекердің “өтірік айттым ызаланғаннан” дегенімен санаспай, Кеңесті қайтакайта жауапқа шақыртып, әлек салды ғой. Еленайдың қақпаған есігі қалмаған шығар. Қайтейін, оның да бағы ашылмай жүр, теңін тауып, куанғанын көрсем, шіркін, үбірлішүбірлі болғанын көрсем.

Бірде әңгіме үстінде Еленай айтқан:

- Папа демегеніммен, Октябрь үшін үтттан өле жаздал жүрдім. Сен түсінесің бе мұны, “әкең масқунем“ дегенді естігеннен, өліп кеткен жөн ғой, соның кесірінен күйеуге де тимедім. Әлдекімдер оны сыртынан сөккеніне әрен шыдайтынмын. “Құрманнның қаңғырған баласы“ дегенде, үтттан өле жаздадым. Болашақ жарыма оны қалай таныстырудың жолын таптай талай қиналғанмын. Мен ешкімді үнатып үлгермesten бұрын осы туралы миымды қатырыптын ғой. Эрине, ақымақшылық. Қазір өйтіп қиналмас едім, өйткені мен білетін адамдардың қақ жартысы масқунем. Жасымда түсінбептін, әкемді әрі араққұмар, әрі бейшара деп, өзгелерден кем тұтыптын. Ешкімнен, ештеңеден үялмайтындардың көптігіне енді ғана көзім жетті, енді ғана түзелмес қателікке үрінғанымды аңғардым. Шешем үшін де намыстандым.

- Қартайып тұрған жоксың, неге “жасымда“ деп сөйлейсін?

Мұның ренжігенін сезді ме, қыстانا жуып-шайған:

- Әкем дешешем де сен, басқаны қайтемін. Кәрі қыз екенім рас, жасында ғашық болуың керек екен, өзің ше, жап-жас кезінде қосылыптың ғой көкеме. Міне, отызға таядым, жағдай киын Ай-ала. Егер біреу-міреуді келіншегінен ажыратып тисем, ренжисің ғой, иә. Неше баласы бар деп сұрайсың. Үшеу десем, шошып кетесін, обалынан қоркасың, мені де қорқығасың. Әлде әйелі өлтөн біреуді іздейін бе?

- Жә, мандайға жазғанға көнерміз, өзің аман жүрші тек. Құдайдың маған сені бергеніне құлшылық. Сен болмасаң, не істер едім, құса боп өлемін әлдекашан. -Айғаным жасаураған көздерін де сүртпеген. Жаулығынан, қамзолынан тартқылаған немерелері қаншалықты алдарқатқанымен, кейінгі кезде жүргегін сыздатқан жәйттерден мұлдем торыққандай. Соны болісер Еленайдан басқа жан да жоқ. Аиталап, айлап ішке жинағанын Еленайға бірер сағатта жеткізеді. Оның келгені бәріне қажет тәрізді. Шекер де елеңдеп, жадырап қалады. Кешеден бері Бекеннің даусы қарлығып, мазасызданып жүрген. Тұнімен қынқылдап үйықтамады. Аузына салғанды түкіріп, жылай береді. Мойны қылқыып, көздері бақырайып, солтиды да қалды.

- Баланың ауырғанынан өзіңдің ауырғаның жақсы,- деп Айғаным оны қасына алған.

Түнге қарай қызыу кетерілген балаға дамыл-дамыл түргасын ба, танертең Айғаным кешірек оянған. Бөкен де маужырап пысылдап жатыр. Шалы қорада мал жайлап жүрсе керек, үйде жоқ. Терезе әйнектерін қырау шалған. Дұрс-дұрс дыбыстан селк етті. Келіні бір құшак отынды пештін алдына тастай салды:

- Кеше әкеп қоятын отынды маған тастап, көмір де салмай кепті шелектерге. Тамыздық та сакталмапты. Бұларға қақсан отырмасаң, орында майды, қашанға қақсайсың жаманатты боп. Осы мола маған керек пе екен. -Пештің күлі салынған легенді дәлізге шығарғанша біраз сөйледі.

Айғаным мән бермеуге тырысты. Өзіне қыстыға күбірлейді:

“Сен ештене естімедің, келінің, әне, құрап ұша лыш-лып, пешті жағып, шайын қайнатып, атасы екеумізді тосып отыр. Әне, дастарқан жайды дөңгелек столға,, қант, кэмпіт, құрт, ірімшік, бауырсақ әкеп қойды, саусақтары майысып, акқұман демдеді. Бұған аяқтарын ақырын баса жақындайды. -Сен ештене естіген жоқсың, ештене естіген жоқсын..“

Сарт-сұрт жабылып, сарт-сұрт ашылған есік, гұрс-гұрс еденте қойылған көмір шелектерінен басы ауырайын деді. Назар аудармаға барынша әдегтінгенімен, жүйкесі құрғыры шыдамаіды. Денінің сауында елемейтін нәрсслер қазір миңн шағып, даібаса ойларға жетелеїді. Шіркін, баяғының келіншері

қандай еді. Бетін ашқаннан бастап оған қойылар шарттар, мағынасына үңілсе, неткен терең, неткен ғажап. Соларды кезінде қатігездік деп қабылдағаны жаңсақтық екен. Атанаң айбары, ененің өрлігі, қайнылардың талап қойғыштығы, еркеназы, ойлап отыrsa, жас келіннің байсалды, төзімді, мейірімді болуына әсерін тигізеді. Оны салиқалы әйел ретінде қалыптастырады, кім-кімді де құрметтеп, сыйлауға, қыындыққа қайыспауға баулиды. Соның бәрін жастайынан біле тұра, неліктен өз келінін ұystan шығарып алды. Сүйегіне сінген дәстүрлердің адамгершілікке, мейірімге баулытынын қалайша ескерменеген осы уақытқа шейін. Мөлдіреген нәзік шағында қолына түсіп еді ғой осы Шекер, әуелде қалай бағыттаса, солай журмес пе еді. Жә, атадан, күйеуден айбар болмапты, өз тарапынан ше? Ене ретіндегі тәлімің кәне? Әлгі өзін өткерген толып жатқан жоралғылардан бекерте үріккенсін. Анау қасиетті босағаңнан аттаған сөтінен бабаң өсиеттеген салт-сананың сынынан өткізуің, шындауың, баулуың керек-ті. Сонда бәлкім ол өз шаруасын құліп жүріп істейтін, аяғының дыбысы білінбейтін, үлкен-кішіге қайырымды болар еді. Шіркін, көз қуантарлық көріністерін былай койғанда, әлгінде есіне оралған жәйттердің ғаламат тәрбиелік ықпалы бар екен-ау. Сол дәстүрлердің өміршеш қасиетінен гөрі өсіре қызыл дақпыртын, тамсануға лайық әлсіз де мәнсіз тұстарын сактал қалыптыз.

Астарын айналдырып-айналдырып, бүтінгілерге де жеткізе алмай қор қылдық атанаң асыл мұрасын. Шымылдық құрып түсірген келіндердің, әй, қайдам, дөрекі қылтырын еш көрмепті. “Ескілік кертартпалыққа“ жатқызған сол шымылдықта таңғажайып сиқыр жасырынғандай. Әсемдікке, әдептілікке шакыратын алыстан-ақ. Тентек те, жуас та, шалы да, жасы да иба сақтайтын анадай шымылдықты көргенде, кішіпейілдікке, ізеттікке еріксіз бас иетін. Келін шымылдықтың ішінде мұң аралас хал кешер, алдынан тоскан небір күрделі міндеттер жайлі толғануға мәжбүр болар. Женгелерінен естігені, көргені, түйгені бар, қандай жағдайда да ол әдең сақтайды, міне, сөйтіп, жаңа ортаға қосылған алғашқы сөттен әрбір қимылы көпшіліктің назарында, көпшіліктің сынында, талқысында.

Олай-булай қиқандауға, қынырлыққа титтей мүмкіндік жок, қалайды іштен тынады. Сейте-сойте ненің жаман, ненің жақсы екенін зерделейді. Бүгінгі келіндер ше? Нендей өнеге үйреттік соларға? Өрлік таныттып, өзімізді сыйлата алмадық, өбектеп және ештеңе үтпадық.

Шал-кемпірден де қадір тайды, келін түссе, біресе он, біресе сол жағынан елпелектеп, тізе түйістіріп отыратын өрескелдікке жеттік. Қатарласып арақ ішуге, қарама-карсы жайғастырып, сүйістіруге дейін барғасын, үлкенді кіші қайтіп сыйласып. Некелескен үл-қызының артынан жығылып, қуаныштың жөні осы екен деп, жастардың арасында сүрініп-қабынған көрікүрттанға жыны ұстайды. Игі жақсы жасы үлкендерден мұндаиды баяғыда еш анғармаған.

Ерек қаһарынан, қатын қасиетінен айрылды. Бұл күнде үл жігерсіз, қыз бақытсыз. Шал шал болғысы келмейді, кемпір кемпірлікten қашқақтайды. Жасы кішілер долан, емеурінмен ғана сездірілер, көз киығымен ғана үктырылар, ишарамен ғана түсінісер етініш, арыз, арман барынан таскерен, мылқау. Дүнк еткізіп қойып қалады сөзбен, тіпті өзара қарым-қатынастарының түрінен шошисын. “Қырық жыл аштық болса да ата кәденді ұмыппа“ дейтін ертеректе, бәлкім аштықтан ұмыппаулары да, бірақ токтықтан ата кәденді де, ата тегінді де ұмыту оп-онай ма, қалай өзі?!- Айғаным бауырындағы Бекенді мандайынан мейірлене иіскеп, кеудесін көтерді.

Үй іші сүйк, денесі тоңазып, жылы төсекті қынқырамай әрен қиінді. Бекен кереуettің астынан мәсіін әперді, Нұргул кәріс орамалын жүгріп кеп басына жапты. Немерелері бірінен бірі асып түсуге асырып, мәре-сәре.

Сырттан Құрман кірді. Бөлмені салқын ауа жайлады.

- Ойпырмай, қыстың райы қатты, малға қын тіп түр, осы күннен шөпке қараса, мына түрімен ештеңе шыдатпас.

-Сенің әдетің байбаламдайтын,- деп Айғаным қабағын шытты. - Қашанғы ескертемін, анау сауынды сиырдан өзгесіне шөпті кеп салып дәндепте, араны бір ашылып кетсе, артынан тойдыра алмайсын.

-Әй, Айғаным-ай, көзіңмен көргендей қалай айтасын, қайдан білесің, қайсына қанша салғанымды?

-Мен көрде жатсам да көремін, сенің не істеп, не қойғанынды.

-Төсектен тұрып үлгермей атама ондайды, не, әлде нашар тұс көрдің бе?

-Ырымшылын. Жә, қорықла, бүгін өле қоятын түрім жок. Мына бала таң атқанша ауырып шықты. Поштаға соғып, Еленайды шақыртсаң, қалай болар екен.

-Оның қызметі жоқ па, бастығы жоқ па, қашанғы мазалай береміз, қіт етсе, Еленай дейсін. Осында бар емес пе дәрігер, апараійк, емдестейік. Жатқызыса, аурұхана да бар, аудандікінен кем емес.

-Аурұхана, аурұхана... аузыңа бір жақсы сөз неге түспейді осы сенің, аурұханаға жатқызыса, жетісерсін, о, несі-әй, аурұханасы?

-Ойпырмай, сонша таусылмашы енді, жаздық, жаңылдық. Өзің тезірек түсші анау тағындан, мұлдем иемденіп, күні-түні үстінен шықпайтын болдың ғой. Бір мезет маған да ауыстырысанышы тағынды.

Балалар бірінен соң бірі әжесінің төсегіне қонжиып, “менің тағым, менің тағым“ деп секіргеннен шекесі зіркілдеген Айғаным ауызғы болмеге беттеді. Қардьың суы тиіп еріген отын қапелімде тұтанбағты. Пештің іргесіндегі қайың ағаштарын аударыстырып, асықлай қабығын аршыды. “Әктең сылап қойса ғой“, әбден күйе жағылған пештің асты-үстіне қарап, еріксіз басын шайқады. Күн аралатып, пеш жағарда оның айналасын өзі сылап алатын. Ақ балшығы езілтеген ыдысы да майлағышымен қатып қалған, күиста домалай қисайыпты.

Көмірдің күлінен-ақ қыста үйдің іші ластанып бітеді. Құлді көсөулең, легенді дымқыл шүберекпен қалқалай жауып салса, айналасын шандаттайтын. Талай рет соны келінінің көзінше істегенімен, амал нешік, мән бермеген-дағы. Төбенің бұрыш-бұрышында сұнғат тұнған. Мана әкеткенімен, күлдің артында әлі де тынысын тарылтқан тозаң буалдырлана үшып жүр. Сенектен біргіндең кіргізудің орнына төрт-бес шелек көмірдің бәрін қатарлай тізіпті, үйді жұтатып жібергені-ай. Әдетте Кенес, не шал сенекке қойып кететін көмір толы шелектерді, бүгін қалай үмітқандарын, енді мыналарды өзінің тасығанын

көрсін дегені ғой шамасы. Есікті оқыс ашқан біреу сүрініп жығылмаса не қылсын.

-Тұртінектемей тыныш отырсанышы,- деді Құрман, - кім сені от жағуға қыстаган, өне, әне, тағы жетелің басталды. Көмірдің күлі жақпайлды дейсің де, ал кеп бұлығасын. Кім саған шаруа істе деген. Жаныңды бағар мезгіл жетті, алпысқа жақындағасын әйелдерді пенсияға да шығарады ғой, от басының да заны сондай, картайғасын билікті бер жастарға.

-Берген биліктен береке шығармағасын, қайтейін. Әзірге жаным кеудемде, көзі құрғырдың көрмейтіні жоқ, қалай шығайын. Қубідей бол отырғасын, кім ауру десін. Әйелге тым артық жасаудың қажеті де жоқ екен. Әншейін құр кеуде. Сәл-пәл иістен тұншығамын. Бар пәле әлгі коктемде картоп еккеннен басталды, тақтайдың астынан тұқымды себуге алғанда, қолқамнан атқаны бір сұмдық істін, көгерген бе, шіріген бе, білмеймін. Содан онбадым.

-Не болса, содан жиіркенесін, адам ауруды да содан табады, ештенені көңілге алмасаң, пәле де жабыспайды. Әлті көгерген картоп дейсін, қапқа қолыммен салып тасыған мен неге ауырмаймын, қасына да жуымаған сен неге ауырасың?

-Қайтесін енді, сөйтіп, әрнемеден секемденіп жүріп картайдық, ауырғанда да, ауырғанда да енді бізден кімге не қайыр, ешкімге жаутаңдатпай, етіп кетсек, құлшылық,- деп Айғаным дұылдал жанған отқа қарағ ұзақ отырды. Үйдің ішіне сәулелер жүгіріп, арқасы кенігендей. Бөлмелерді әлі жылығта қоймағанымен, ағаштың сатыр-сұтыр үшқындары сан мың ирелендерген би кимылдарына ұласқан. Пештің қақлағын ашып, неге екені белгісіз, көзін айырмады оттан.

Жарықтық от басының жан тебірентерлік осындаі таңғажайып сәттерін қанша рет өткерді, сонда да әрдайым өзіне тартып, киялға батырар, киянға самғатар, әлдеқаашан сөнген үміттерінді қайтадан жаңғыртар. Сөйтіп қаусағанына қарамастан алыстан жылт-жылт шақырған сенімнің жетегіне еріп кете баراسын. Жұз рет, мың, миллион рет пе, осылайша әлі жетелеп келеді, киесінен айналайын, жарықтық от. Кесір атаулының тұқымын тұздай құртып, табалдырығынан аттаптайтын, пәле-жаладан сактап, қысылып-қымтырылғанда

табар, запа шегіп, наққатан күйгенде, сүйенері, табынары, қайран отының басы, ошағының қасы. Қанша жылды артқа тастаса, сонша қуаныш, ренішін қатар бөліскең, жарықтық от. Тілімен кейде не демейді, құдайдың берген жасын артық деп күнәға батқаны сияқты. Ал мынау отқа қарап отырса, өткені әншнейін қып-қызыл елес, әнебір жанып біткен жанқаның шопшолақ жалыныңдай. Әне, қып-қызыл шок баяу күлгінденіп, жиырылып-жиырылып кеп сылқ етті де, әлдекайда ірілеу жылан-от тілдеріне сіңіп жоғалды. Бірін-бірі құшып, бірін бірі жұтып жатыр.

-Саган не болды?- деді Құрманың түрі жылы шырайланып,- етіп кетті ғой қызуы, көмір салмаймыз ба, сөніп қалар, кәне, қу отынмен еселеп, сосын көмір салайык.

-Тас көмірге үйренбей-ак өттім,- дей бергенде, ызғарлы лепті бүркүратып, ішке Шекер енді. Өзімен қосарлана лап койған аяздан ғөрі тыртысқан мандайы, қатулы қабағы әлдекайда шымшып өткендей, Айғаным мен Құрман әңгімені кілт доғарып, кейін шегінген.

-Бұл моланың сиыр екеш сиырына дейін қырсық, арам қатқыр неме сол. Бүйірімнен бір тепкенде, көзімнен отым шықты. Бір емшегінің кеткені аздай, екіншісі де саусақ бастырмайды. Емшегі тастай қатқанша, мүрдем арам қатсайшы,- деп түбін болар-болмас сүтпен жасырған көк сирлы шелекті гурс еткізді. Күс-күс тоңған қолдарын уқалап, әлсін-әлсін үрледі.

-Әлі пешті де дұрыстап қыздырмағансындар ма, ойбай-ау, көмір салсандар, не, қолдарың сынып қала ма?-Ашумен темір плитаның үстінен көмірді бір-ак қотарғанда, қақпағы ашылып, шоғы араласа сыртқа төгілді. Пештің аузы-мұрнынан ытқыған түтіннің көнірсіген исі танау жарып, көзді ашылты.

-Ойбай, күйдім, күйдім,-деген Шекердің даусынан балалар жүгіріп келді. Үрпіскен қалпы агаларының аяғына жабысып, қара-ала түтінге үрейлене қарайды.

Пальтосының етері бықсыған Шекер пештің қисайған қақпағын табанымен бір тепті. Ернеуінен асып лықсыған шаласы, көмірі одан әрмен түтіндең, түк көрсетер емес.

Қалбалақтаған Құрман шоқсалғышқа жармасты. Пештің

айналасын қаздың қанатымен сыпырды. Кішкентайлар батылданып, шашылған тас түйіршіктермен ойнай бастады. Өздеріне арнайы жасалғандай, айран-асыры шыққан ауызғы бөлмеде ерсілі-қарсылы жүгіреді. Әлгіндегі қорқыныштың ізі де жоқ, баламысың деген, таласып-тартасып, әп-сәтте үстері қап-қара боп шыға келді. Лактырып жіберген пальтосының күйген жерін тепкілей-тепкілей басты да, Шекер шулаған балалардың қолы жеткенін жұлқи соғып қалды:

-Жетпей желкең үзілгірлер, койындар дедім ғой, көгала келгірлер, неменеге жетісіп құтырады осылар. Шығарындаршы, кәне, үндерінді, шетінен қырғын тигендей өлтіремін. Жаман үйреткен бұлардың бәрін құдай ғып, патша ғып. Адам құрлы көрмейді не әкені, не шешені, ыржын-ыржын күлкі, естері дұрыс емес осылардың, әй, мен не деп тұрмын саған...

Қақалып-шашалып төсегіне әрен жеткен Айғаным кереуеттің шетінен ұстай алды. Көкірегін қыскан жөтелге тас комірдің тұтіні қосылып, тынысын мүлдем тарылтып әкетті. Үнін шығармай ұзак булықты, басы ғана қалт-құлт бұлғақтайда. Көзінен парлаған жасты сүртіп, бір мезетте есін жиды. Сүйектеріне шейін сырқырайтында. Бүкіл денесін селкілдетіп әрен тоқтатқан жөтелден не қақырық түсіп женілдемейді, не кекірік атқызып, тыныш таппайды. Кеудесін түйнеген әлденендей ынғайсыздықтан қанша қиналып күркілдегенімен еш құтылтады. Енді бар салмақ шекесіне қарай лықсыды, титгей қозғалысынан зірк-зірк, басын айналтқанда. Құдай-ау, осынша жанын азаптағанда, бір женілдігі болмаушы ма еді соңынан.

Көзінің жасаурағаны да басылмады, төнірегі қарауыттып, амалсыздан төсекке қисайды. Ацы да сүмдыш иіс өн бойын жайлап барады. Көрпені қымтана жапқан, колдарынан күш тайып, әрен созды.

Қанша мезгіл өткенін білмейді, аяғындағы мәсісін тартқылағаннан корпесін әлсіз ғана ысырған. Жыламсыраған Бөкен екен. Әжесі жатарда ылғи мәслерін шешкізетін әдетпен әуреленгсөн түрі. Жөне бұған жаутаңдал, кемсөн қағып, жанашырлықпен қарағандай. Айғаным оны ыңғашап, бас жағына

шакырды. Немересінің монтиған кейпіне әлсіздеу езу тартты. Бауыр еті езіле елжіреді. Денесін байлан-матап үлгерген құрсаудан енді ғана құтылғандай. Бұнын буыны босап, бірден мандасты жіпсіді. Міне, қандай да қасіреттен арашалап алар осындаған монтиған, кінесіз де пәк сәби кездері... Айналайын, томпиған бетіннен, сендердін осындаған пиғылдарың ғой жаман кемпірді сүйреп келе жатқан. От басының қадірі де мына сендермен ғана қымбатты, сендермен ғана мағыналы. Эйтпесе жылуы азайған, ыстығы атам заманда қайтқан, бесіннен екіндіге ауып, беймаза қарекетінің әбден қажытқан шағында танның атқанын, күннің батканын бақылауға ықыласы да, халі де жоқ. Таңы мен күні осы жамандары, бірі болмаса біреуінде орындалмаған арманы, тілегі жалғасар, өздерінің аса алмаған асуынан асар. Құдайым қысастық жасап осынау жамандарын сүріндіре көрмесін. Жеті атасында әлдекімге қысастық жасап, обалына қалғанын естімепті, шатағаты тисінші аруақтардың.

Сүйекке таңба салса, Октябрьдің жасықтығынан, боркеміктігінен шығар. Не көрсе де өзі көріп, өзі арқалап жүр өз жүтін. Бір соның қайғысынан өлсем, баяғыда олер едім ғой, жоқ, әлі журмін, итжанды екенмін. Өлтірсе, келіннің жетесіздігі де бір басыма жетеді, жоқ, оған да, міне, көніп келемін. Өлтірмейтін мына жамандары екен.

-Апа, жүрші, тұршы, шәй ішейік, ана жаққа жүрші, атам шақырады. Мамамның ашуы басылды, папам да келді, автобусымен келді.

-Ә, Кенес пе?- деп Айғаным елең етті.

Таң атар-атпаста оянып, машинасына су қыздырады, жұмысшыларды тасиды, оқушыларды апаралы, экеледі. Басқа да тольш жатқан қат-қабат шаруашылық қамы, ауданмен екі арада күніне әлденеше қатынай ма, әйтеуір жанына тыным жоқ. Әлдекім оқыстан бірденеге үшіраса да, боран, жауын демей жолға шығады. Мұншалық конбіс болар ма, тірі пендениң белін қайтармайды. Осы автобуска барғысы келмеген, бригадирліктен түсіргесін, ат сұрап, мал бағамын деген. Бір айға шыдаттай бастықтары шакыртты. Сөйтсе автобуска басқа шопырларды алмайды, сенің арнайы правон бар дегі, кыр сонынан қалмағасын, көнген. Өзін қатынын үрді деген

жаладан күткарса, әрине, бастықтар не айтса соны орындауға мәжбүр. Сол автобусының үйдің шаруасына дым пайдасы жок, қалқиған сырты, не шөп тиеп әкеле алмайды, не отын әкелуге жарамайды, одан да аты тиімді еді, аз күн істесе де.

Алты ай қыста бес бөлмені жылдыту да күшке түседі. Үқатып жағар, отынды үнемдер қайсы бар, бәрі де дайынға қожа. Ең ақыры көмірге шейін толтырып, дәлізге Кенес әкеп қоймаса, ұрыс-керіс. Өзінің кешегі қайраты жок, шалдың түрі де белгілі. Тезірек немерелерінің тым құрыса біреуі әкесіне серіктікке жараса екен. Балалары есейсе, анасы айылын жиып, ақыл тоқтатар ма еді, қайтер еді, шіркін. Сыркатка шалдыққалы сиырларды Шекер сауады. Бір сиырды екі рет сауғанға неге киналатыны түсініксіз. Шайтық қана сүт шығады, соның өзін айғай-суренмен әкеледі.

Мал екеш мал да адам талғайды, қасына қандай піғылмен жақындағаныңды қалт жібермейді. Сауын сиырдың жөні мүлдем бөлек. Кір-қожалақ киімнен, ііс-қоңыстан ол да жиіркенеді. Мөп-мөлдір боп бару керек оған. Төсектен тұра сала беті-қолын жумастан желініне жабысқасын не онсын. Масқара қылғанда, дәрет сиңдырып кеп, жуынып-шайынбай сиырдың бауырына жабысады ғой кейде келіні. Алла-ай, сонда Айғаным шынғыруға шақ қалады, өзін әрен тежеп, теріс айналады. Ондай күні шәй де іше алмайды. Талай ескерткен: қарағым, сиырдың желіні үшынбасын десен, ең алдымен өз тәнінді таза ұста, басына орамал тарт, жуынып-шайынп жүр. Ақ жарықтықтың киесі қызын ғой, тәкпей-шаштай, сол актың өзіндей аптақ бол, адалдық таныт.

Неліктен екен, сол етіншіліне құлақ аспады. Талай рет қатты да айтқан, көніліне қонбады. Жалғыз сиырдың жыры, міне, бүтін де оразаларын ашып үлгермей ұрысқа себеп. Кенестің миын жемесе, жарап еді енді. Үнемі жол үстінде, үйде қулағына және тыным жок, төрт сағат тәулігіне үйықтай ма, үйықтамай ма, рульде отырғанда, қалғып-мүлгіп кетсе, құдай сактасын, оны сорлы келін ойламайды. Күйеуге жылуы, нәрестеге мейірімі жок әйел де бала табады екен-ау. Тәнірі анау жамандарды, рахымы оянып, құдайдың Құрман екеуіне бергеніне шүкіршілік.

Мынау ғұмырында жоғалтқаны көп болса, тапқан қуанышы осылар. Нағыз дер шағында бойжеткен бол сылаңдамады. Әкешешенің, басқалардың таңдайын қактырып, төнірегіндегілерді қызықтырған, әлде өтірік, әлде рас, өзі де білмейді, байлық деп шуласқан дақпыртынан жеке бастарына титтей шарапаты тимелті. Сөн қандай, сұлулық қандай, маңдайға біткен дәulet қой бұлардікі деп бертінгे шейін қөнекөз қариялардың күпіне сөйлегенін естігенде, құлағын қолдарымен басып, іштей ызалаңатын. Асылы, аздаған нәрсеге мастанар ағайындарының қанына біткен кемшілік пе дейді. Дәм-ағаның атырапқа жайылған қайырымдылығы бұлардың ешқайсын қындықтан құтқармады. Салтанатты түрмис кешкені ақырында өзіне сор бол жабысты. Бейне бір қазіргілер әдемі киінуді, тойып тамақ ішуді, қонақ шақырып, дәм татқызууды жоққа шығарғандай-ақ, енді-енді сылаңдап, шаштарына шолпы тағар-тақпаста, дүние астан-кестен, сымбатың да мін, шешендігін де мін, әнің де, жырың да мін болған түсініксіз уақыт басталды ғой. Түйесі, жылқысы, киіз үйіне шейін мін санаған.

Колхозға өткізген киіз үйлер елуінші жылдарға дейін сақталды, дала қостарында, жайлалауларда. Кейін солардың қалай құрып кеткені есінде жок. Балаған, вагон үйлер көбейіп, киіз үйлердің енді шаруашылыққа қажеті болмады. Қанша дегенмен, козін ашиқаннан коніліне ыстық, қонеден қалған киіз үйден айырылғысы келмегенімен, елден оқшаулануға батылы жетпеген. Сәл нәрседен күдіктенуге дағдыландырған қылыштылық кезең өздерін әбден зәрезап қып тастаған.

Қыз кезінен Жанғаным екеуі айналасындағылардан үркіп өсті. Аналары бұлар құлағына алтын сырға тақса да, алақтап отыратын. Марқұмның сол бір мінезі қыздарына көп жәйтті үнсіз ұғындырып еді. Аласапыран уақыттың тезіне дөп келген Айғаным мен Жанғанымның жастық шағы өздерінің әсемдігі, сыр сымбаты, ең аяғы үкі тағылған тация, бөріктеп үшін де қысылып, басқалардың алдында акталумен өтті. Себепсіз акталу да жарамсактықпен тең көрінген, бірақ төзіп бақты ғой. Айғанымның жылтыраганды жек көретіні де сондықтан. Әке шаңырағындағы ертегідей екі-үш жылдың қарымын қайтартқан ондаған жылдарда өзгелердің жүзін сатып іздейтін

алтын, күмісіне көз қызығын да салмауга әдептенні. Бақытсыздық шакыратындаі көрінеді сол құрғырлар.

Алтыннан алтын қоймай іздеген бүгінгілер Жанғаным екеуінен әлдеқайда жетесіз, әлдеқайда санасыз ба деп қалады. Негұрлым жұптыны киініп, жадау көрінуге тырысқан өздерінің өмір сүру әдістерінің қараң қалғаны қашан, қарапайымы да, тәккәппары да байлығына, мансабына қуанады қазір. Рас, баяғы кисық ауыз Қалабидей шала сауатты емес, бәрі оқыған, шетінен білтімді. Бір-бірін жоққа шығара сыбап, бір-бірін қайталаған опасыз жылдардың қайран, шіркін, бейшара пенделері.

“Кедейміз“ деп кеудесін соққандардың көзі тірілері сақал-шаштары ағарғанда өздерінің баяғы кедейліктерінен ат тоңдарын ала қашады. Шамасы, опасыз уақыт опасыздарды да көбейтеді екен. Бір қалыпты адал тірлікке не жетсін, бір қалыпты сабыр сақтап, акыл-парасатқа табынар жылдар ғана сақтаса керек ортасын, от басының қасиетін. Әттең, осы бір қалыптылық, асыра сілтемей, әділдікпен өмір сүруге санамыздың жетпейтінін мойында маймыз. Қекірегін соккан кешегі белсенділердің кейіннен молдалық құрғанын да көрген. Байдың, манаптың тұқымы деп өздерін нақақтан қудалағандардың заман тенестірген кезендеңі жағдаймен де жақсы таныс. Нендей де жәйттің өзегін түсінбей өзөурейтіндер көбейіп, сондайлардың өз әүлеттеріне әкелген қасіретінен айығу үшін әлі қанша жыл қажет, бұ жағын ойласа, тұпсіз мұхит. Дүниесін, малын үкіметке өткіздіргенде, әкесі соны айлалықпен, әйтпесе аярлықпен істемесе керек. Сөйткен әкесін ағайындары кезінде талап жей жаздаған жоқ па. Неткен өкінішті тағдыр еді әкесінің тағдыры. Жақындары “жау“ деп, жаулары “сатқын“ деп, ақырында түбіне де осы жетті.

Байдың да қыздары, кедейдің де қыздары атанған Жанғаныммен. Байдың қыздары боп шалқып-тасымағандарымен, кедейдің қыздары бол талай көрген тірліктің талқысын. Әкелерінің бас амандығын дәтке қуат қылып, жаңадан үйымдастқан колхоздың сиырын да сауды, мектептің ауласын да сыптырды, еденін де жуды. Шынын айту керек, осы Құрман, Ментай, Итемгендерден әлдеқайда сауатты болатын.

Әкесі бұларды молда жалдап оқытты, Тоқсейіт де өздеріндей арапша хат таныды.

Әліпті таяқ деп білмейтіндер қызыл отаудан шықпайтын. Бірде Айғаным да сонда барған. Сұнғақ бойлы, арық жігіт қызыл матаға ақ сырмен жазу жазып жатты. Анадай жерде газеттер шашылған. Біреуіне көзі түсіп еді, үлттық киімдегі бойжеткеннің қос бұрымынан, шолтсысынан қарулы қолдар тартқылап, “ескіліктің сарқыншағын жоямыз“ деп жазыпты.

Ұзынынан созылған ақ матаны столға симағасын, еденге жайып жіберіп, әлгі жігіт қайтадан еңкейді. Қымылы соншалықты ебедейсіз, сирактары сорайып, бүтілгенде белі үзілердей.

- Сіздің сауатыңыз мұндайды жазудан ғөрі ауызша айғайға әлдеқайда бейім бе деймін. -Ту сыртынан естілген сыңғыр үнге таңырқай жалт бұрылған арық жігіт етпеттей жатқанынан үшіп тұрды.

- Жо-жоқ, жаза берініз, әншейін қатенізді көргесін, айтқаным ғой. Біздің артельдің дуниесін қағазға тізгенізді көріп, қалай тез жазады деп таңғалғам, әншейін көзді алдағансыз ғой.

Арық жігіт қипактап, әрі қарай жазуға дауаламады. Қыздың алдында ыңғайсызданғандай. Айғаным езу тартты. Топтың арасында талай кездестірген. Кенірдегі жыртыла жаздап сөйлейтін. Қолдарын сермеп койып, небір сылдыр тіркестерді әуендеткенде, жуық арада тоқтамайды. Жиналғандар мұны үйіп тындаитын. Соған қарап, Айғаным оны оқығаны, тоқығаны бар шығар дейтін. Сөйтсе әрігерді ежікте, әрен-әрен танып тұр.

- Бүйіп қиналғаныңызша, мені көмекке шақырмайсыз ба?

- Қалайша, сіз не, жаза аласыз ба?

- Сіз жұрттың бәрін қаранғы, надан деп қабылдайсыз ба?

Мейлі, бізге бәрібір, дегенмен сауатыңызды әлі де аша түскеніңіз жөн. Мен сізді оқытар едім, әрине, намыстанатын шығарсыз. Егер намыстанбасаңыз, оқытайын, ал намыстансансыз, Тоқсейіттен үйреніңіз, ол бізден де мықты, бәрімізді бір мұғалім оқыпқан. Әкеміз орыс мұғалімін де экеп, сауатымызды ашқызған. Сенбесеніз, Тоқсейітten сұрансыз.

- Ә,- деді арық жігіт кеудесін жазып, - таныдым, Рахманның үйіне талай барып жүріп, қалай көрмегенмін.

- Байдың қыздарының жүртқа көріну қындалап кетті емес пе? Жо-жок, қорықланың, бай дегенде, түрініз бұзылып кетті ғой. Байдың қызы болсак, арман не шіркін, әншейін қиял ғой менікі.

Жігіттің бір қызырып, бір бозарып, Айғанымның іші содан жылыды. Көптен бері мұндайды көрмеген, құрбы бол әзіл көтерер замандастар қалмагандай еді. Бойын өзгеше толқыныс билеп, кекесінмен тіл қатты:

- Көрмейтіндей жөнініз бар, жігітие киіндіріп, шешеміз қара шаруаға жегетін. Қөнілінізге келмесін, шешеміз байға да, жарлыға да сенбейді, акқа да, қызылға да сенген емес. Әден корқып қалған. Жаман-жұман киініндер деп, күні-түні қақсағасын, күні бүгінге шейін қыз бол сылаңдаудың не екенінен макұрымбыз.

- Бірақ сіздер туралы естігенмін, Рахманның ай мен күндей етіз қызы бар дегенді...

- Заманымыз бір ғой, тағы да қөнілінізге ауыр тимесін, осымен екі рет Рахман дедініз, түйеден тускендей етіп, аға дегенді қоссаның, айыбы жок кой деймін. Ай мен күндей сұлулардың әкесі екенін ескермегенде, жасы үлкен емес пе?

Арық жігіт желкесін қасыған. (Көп жылдар өткеннен соң Рахман деген есімді жағымсыздықпен ғана жанастырғанын, феодалдық кертарапалық т.б.с.с. ескіліктің жаңа үкіметке қолбайлау жасап отырған элементі деп қарағаның және ондай жат элементтің ай мен күндей қыздары болғаны сол сәтте ақылына сыймағанын мойындаған).

- Артық айтсам кешірініз, бірақ сізді сөгіп түрған жоқпын. Егер танысуға қорықласаңың, танысайық, Айғаным менмін. Дәм-аганың жағдайымен келдім. Үкімет, дегенмен, әділдігін танытып, босатты ғой, алайда алып-қашпа сөз көп, өзі жасып қалыпты, анау-мынауға жүдемейтін кісі еді. Жағдайымыз қылын, не киім, не азық жок, соған қарамастан сіздер салықты біздің үйге еселеп, ерегіспе салатындарыңыз қалай? Қора, қойманы, қазына тыққандай тексеріп, зықымызды шығарды. Жөні қалай, осылай жалғаса берсе, білмеймін, анау комсот деп,

басымызға секіргендерге бірде болмаса бірде тіліміз тисе, тағы да Дәм-ағаның соры ғой. Күні кешегі Итемген еді, отымызben кіріп, құлімізben шыққан, ата жауымыз сол болар деп қайсымыздың қаперімізге кіріпті. Баяғыда қаңғыртып жібермей, енді төрімізді таптатып отырмыз тексіз итке.

Со жолы Айғаным сөзін жұмсақ бастағанда, қатты аяқтармын демеген. Арық жігіттің қабағын түйтегеніне, мұны қолдағандай титтей нышан танылпағанына назар аудармаған. Өзіне де жұмбак бір күштің әсерімен аяқ асты әрі ашыла, әрі ашына сөйлемді. Бойжеткен екенін түйсініп, мынау қатігездік жайлаган екіталай заманда жүрегін сыйздатқан мұнын әлдекімге айтуға батпайтын, зарын тыңдайтын пенденің кездескеніне танырқаған. Әбден үрейленіп, қатып-семген көніл кенеттен бұлақ көзіндей бұлқілдей ағылды.

Тіл қатысқандарымен, сыр суыртпақтап үлгермеген жігіттің осынау кейіпі әлденендей жақсылыққа мегзегендей. Біреуге бүкпесіз актарылу да онай емес-ті. Тыңдал альп, төбесінен әнгір-таяқ ойнатқандарды да көрген. Бұлардың сөзін де қыстырмай, теріс айналғандары қашама. Меселімді қайтарар-қайтармас демеген. Айғанымға бәрібір еді. Құлақ асар-аспас, алда-жалда түсінбесе үндемес деп ойлаған. Әйтеуір оның өшікпейтініне көзі жеткен. Шала сауаттылығынан қызара қысылғанынан ба, қыз оның өз шама-шарқын байқайтынына сүйсінген. Өз деңгейін білетіндер өзгелерге зорлық жасауға бара қоймайды. Жалғанда әлін білмей әлектеніп, төрге озғандардан, такқа ұмтылғандардан корқады. Кіл өңкей сондайларға күні қарағасын, жүзі жылты жігітке алды-артын болжамастан актарылса керек. Алғаш рет өзінің қорғансызыздығын ұғынған. Ұзын бойлы, арық жігітке қарап тұрып осыған дейін жан баласынан сүйеніш таппағанын, ондайдың болатынынан хабарсыз екенін болжаган. Бүкпесіз бәрін айтып тынғанда, әжептәуір женілдеді. Бірінің ізін екіншісі андып, сатып жіберуге көніккендерге үқсамайтын сияқтысың деген ішінен.

Бастың қайғысымен жүріп, ғашықтықтың ауылы әлдекайда адыра қалғандаиды. Қыз болып ешқашан жүрегінің өрекпімегені рас. Аумалы-тәкпеліліктің сезіну, тамсану,

таңғалу тәрізді қасиеттерден жүрдай қылып, өздеріне жан сауғалаудан басқаны ұмыттырғанына өкінді.

Жанғанымның да Токсейітпен отасқанын сол жан сауғалаудың бір дәлелі ретінде қабылдапты. Сөйтсе дуниеде ұнатуға, ұнауға болады екен. Жігіт жанарының жуасып, жүзінің оттай жанғанына күә болған да ғажап екен. Дәл сол сәтте толқытқан өзгерістердің себебіне бірден бойламаған. Қасандыққа әбден мойынсұнған, қалыптасып үлгермей, катал болған қыздың иығынан кенеттен ауыр жүк түсті. Көзін ашқаннан тістеніп өткен бойжеткен тіршіліктің мәнін әлгі зілбатпан жүкті сүйреу десе керек. Және оны женілдетер мүмкіндікті де ешқашан ізdemепті. Мынау сорайған бозбаламен түлдеспесе ғой, әлі де жүре бермек екен сүйретіліп. Арқасы кеніп, иығы женілдегендеге, ұшатын құстай қомданып шыға келді.

Жігітке тебірене қараған:

-Егер сіз тексерсеніз, үйге келіп, анық-қанығын білсөніз, мен сізге, иә, иә, сізге ашуланбас едім. Тек Итемгеннен құтқарынышы.

Жігіттің көздері бақырайып ұнатпағандай сыңай білдірді:

-Ол менің досым ғой.

Содан кейін анда-санда ғана сырттай көріп жүрді бір-бірін.

Күтпеген тұста ауыл-аймақта тағы да дүрлігу басталды, бұрын-соңды естілмеген оқыс хабардан ел іші қатты шошынды:

-Енді қазактың қыздарын кәмпескелейді екен.

-Мәссаған, қызды кәмпескелегені қалай?

-Ойбай, Торғай, Қостанай өнірінде әлдеқашан басталыпты, шешінен әкетіп жатқан көрінеді.

-Қайда, кімге?

-Ергежайшердің еліне. Тұқым жанартамыз, адамның жана бір түрін таратамыз дег жатқан көрінеді.

-Ергежайшердің елі қайда?

-Өй, оны кім біліпті.

-Енді қайттік? Бір амалын жасайық та.

-Амалы сол, қыздарынды шал ма, таз ба, аксақ па, мейлі кімге де болса тезірек ұзатындар, тезірек күйесуге беріндер.

-О заман да бұ заман, мұндаиды естімеп едік, не бол барады мына заман?

-Басқалар не қаразтырып жатыр екен?

-Шетінен қыздарын, әйтеуір көмпескеленбесін деп, лелепүттарға берілмесін деп, жан-жаққа аттандырып жатыр дейді, құтты орындарына қондырып жатыр дейді.

-Қапелімде күйеу табылмаса ше?

-Іздендер, айнала атырапқа хабарландар, әйтеуір қапыда қалмаңдар, бүкіл ағайындарынды құлактаңдырындар.

Жұрт шынымен састы. Бір тұннің ішінде қыздарын алыстағы ағайындарына, әйтпесе пәленшешін ұлына, түгеншешін бөлесіне, жиеніне, нағашысына, құдасының інісі, ағасы, тағы басқаларына беріп жіберісті. Қатынға жарымай жүргендердің құдайы көктен түсті. Тобырдың ынғайын байқап, қалт еткізбей, қалаған қыздарына оп-оңай үйленіп алды. Небір сыландаған сылқымдар, асқақтаған арулар әлдекімдердің жетегінде кете барды. Әке-шешелері шүкір десіп, қыздарын орнықтырып үлгермегендер жалба-жулба киіндіріп, ер бала орнына жүргізді. Қорықпаған жан жок. Ауыл-аймақты жаптай үрей биледі.

Рахманың үйінің де мазасы кеткен. Манайындағылардың әрекеттері бұларды сүмдік хабарға әбден сендерді. Жанғанымның күйеуі бар, бәрінің уайымы Айғаным. Ел іші ескі жұртта қалғандай. Бұл лақап дегеннің жеңбейтіні жоқ екен. Бір ауыз сөздің жетуі мұң екен, ел шетін өрт қаулай жөнелді. Оны тоқтатуға ешкімнің шамасы келмедин, тосын оқиғаның алдын алып, өздерінше әрекет жасауға жанталасты кім-кім де.

Тағдырының қандай да талқысына көндіге бастаған Айғаным да сенген әлті алып-қашпа әңгімелеге. Әкесі Жанғаным арқылы білдірген тілегін:

-Сүркүлтай заманың бұл да бір қырсығы шығар, не амал бар, қазақты шарасыздық жайласа. Тексіз деп тепсінбесін, опасыз деп опынбасын, анау Итемгеннің етегінен үстасын. Алдыма келіп, адамшылықпен астарлағанын анғармағансып, талай рет алдап шығарып салып едім, қакпаның құрды, құдай бірақ құтқарды. Тағы келді Итемген, сескенемін сұсынан,

ниетім ақ, сүйгенім хақ, басым құрбан Айғанымның жолына дейді. Ойлануға мұрша жок, Айғаным тезірек берсін жауабын.

-Әкем қиналмасын, Итемген бір тұн мұрсатын берсін,- деген қызы.

Сол тұні ұзынтура арық жігіт Құрманмен қашып кетті.

Әкесінің алдына келіп тізерлеген:

-Қалың да жок, кәде де жок, үялмай келіп тұрмыз, қарақшылар да бүйтіп бас сауғаламаған шығар, амал нешік, асықтырган уақыт, ақыл қосқан өзің. Итемген неше жерден ит болса да, енді құрмас қақпанын, ал әйтпесе көрдім құрған қақпанын да, шапқанын да. Досы ғой мына Құрман, ұстадым осының қолынан, қалдырма, әке, жолымнан.

Қайран, сондағы Дәм-ағасының күренітіп, үн-тұнсіз теңселгенін сірә да ұмытар ма. Қолдағаны, не қорынғаны белгісіз, көздерін жұмып ұзақ отырған. Тұннің салбыраған тыныштығы еңсelerін басып бара жатқанда, әкесінің күнірентен үнінен бәрі естерін жиғандай селк етті.

Анасы да әрең шыдап отыр екен, жылауға тайсалғанымен, ал ұра құрсініп, өксігін деміне тұншықтырды.

Дәм-ағаның даусы тыныштықты тілгілеңді:

-Айналайын, Айғаным, міне, қолым жайғаным. - Рахманнның әр кимылын қалт баққан үй ішіндегілер білектерін көтерісті. - Көркіңе сай ақылың, жат болды енді жақының. Кездестің мына заманың, шенгеліне қабанның, құтылам деп барасың, тұтылып әлде барасың, жүректегі жарасың, атаанаңың ағызып, көзіндегі сорасың, білмеймін де күйзелем, қандай күйде қаласың. Арқаладым жазасың, көтерермін наласың, қандай халде жүрсем де, бір күн өмір сурсем де , етсем деймін дүниенің, айырып ақ ген қарасың. Айналайын, Айғаным, міне, қолым жайғаным, он мен солын таныдың, қамалғанда қапасқа, қайракқа пылсақ жаныдың, бойындан сениң жарығым, ер жігітке бергісіз, намыс, жігер таныдым. Уақыттың мына тарын-ай, пенделері жарымай, сән-салтанат тәрк қылышп, жасауың жиған жайратып, көшінді дайын киаратып, отырмыз, міне, дәрмен жоқ, артында қалған ата-ана, естірме, біреу зарын-ай, кездеспедің, қайтейін, кешегі күннің барына-ай, мына заман қай заман, алды-артың биік жар, күып

тықты сор заман, әттен, дүние жалған-ай, ар-намыстың тапталып адыра бір қалғаны-ай, өрекпіген жүрегім, талмаусырай талғаны-ай... -Әкесі ұзақ толғады.

Ең соңында Құрманға тіке қарап, сөзінің мағынасын тағы да қызына бағыттаған:

- Жақсыға ердің бе, жаманға ердің бе, қайдам. Жақсыдан бақ тайып, жаманнан ар тайып, тайғанақтатқан тәнірімнің жазғаны шығар. Кім деп етегінен ұстасаң да, маңдайың ашылсын. Қос қараашығым Айғаным мен Жанғаным болса, аспандағы жұлдызым Нұрханым еді, шырак, - деп Құрманға бұрылған:

- Заман қалдай, заң қандай, не таппас дейсін әй бұл таңдай, келешегің алғында. шырак. Нұрханы жатсынбай бауырына тартарсын, торбислерсін, бағыттарсын. Әлі жас, жас па болса, әр нөрседен түйсігі бар, ақылсыз емес, тек қана бет, жүзінді тілгілер турашып мінезінен корқам, түбінде сонысынан тақ жей ме деп. Тым намыской, тәккапиарлыққа бейім бе деп қорқам. Сақтандырарсын, құдіретің жетсе, сақтарсың. Ұстадым қолынан, қалдымра жолымнан деді әлгінде Айғаным, ақыл қосқан өзің деді маған. Рас айтады. Батадан, тілекten горі өтінішім үдең барады. Ішімді күйдірген өрт ажалымнан бұрын мерт қыла ма деген күдігім де жок емес. Өтінішім көбайсе, өзекті өртеген өкініштен шығар. Айғанымның қадіріне жет, шырағым, қолдасын пырағың, сонбесін шырағың, көп болғанмен сұрағым, кімсің, кайда тұрағың, айдының, кол-құрағың, әттен, мына тар уақыт, құлыптап аузым, құлағым, қайтейін кинаң, бәрібір, жауапсыз қалар сұрағым. Қызыма бірақ өкпе жок, қысса да заман, жүріндер аман. Ал, шырак, Итемген де кенірдегін созған, жетпейді көзім, қайсың озған, мен үшін дүние әлдекашан тозған. Кешегі өзім асыраған күшігім өзімді қапты, өгейлік таңыттып қана тынса өклем жок еді, өшпендейлік таңытты. Соған қарамастан елді дүрліктірген сүмдүк хабарды естіп, маған бір бөтен ой келген, тым сұық болса керек, Айғанымның қалауынан анғарып тұрмын. Қарсы еместін. Итемгенді әлгінде досың деді, қайдам, серігінмін деп мені де сендейрғен. Кек сақтап жүрме, мен үшін Итемген кім, сен кім, бірдей қазір.

Айғаным езін әрен токтатқан. - Әке, - деп қабағын шыгты.

Содан кейін Рахман үндеген жоқ. Не айтасың дегендей, Құрманға қарағанмен, ол да қипактай берген. Өз-өзінен қысылып, денесін ып-ыстық тер жуған. Рахманның мысы дымын құртып, соған ынғайсызданды. Талай рет даурығып, әкірендегенін есіне алып, бұған дейін тіпті оның сөздерін естімегеніне өкінгендей. Қара мұртын шиratып, кербездене күлгениң үнатпайтын. Сейтсе, мына қазіргі сұзы екен ғой езін тынышсыздандырган. Сөзінің төркініне үнілгенде, өзі танитын Рахман емес, мұлдем бөтен кісі. Магынасын үқлағанымен, мақамы керемет. Ертеректе аят оқығанда, үйіп тыңдайтын молдалар болатын. Рахманды соларға үқсатты. Алайда бұның күлак құрышын қандырар дауысымен қатар санаңды оятар бір әсері бар екен. Қапелімде оның анық не екенін түсінбеді. Үйдің ішін қайтадан тыныштық жайлағанда ғана айырды, соншалықты әсер дегені Рахманның айтқаны, қазақтың кәдімгі сөздері. Араб тілінің мазмұнына үнілмей әншейін әуендей ырғағына елітіп маужырағанда, мынау қазақ мақамы буын-буынныңды босатып, тамырыңа бойлаумен қатар тәбе шашынды тік тұрғызып, арқанды шымырлатады екен. Өн бойы мұздаған Құрман содан кейін Дәм-ағаға пікірін түбебейлі өзгертуден. Және дереу айғайлап ұрандаудан тыйылды. Мінбеке қарай бұрынғыдай тұра жүпіріп, алқын-жұлқын зорланбайтын болды.

“Кыз кәмпескесі“ лақабының негіzsіздігі анықталғанша, айналасы жарты айда жүздеген аруды “құтты“ орындарына “қондырып“ та үлтерді тау баурайының ауылдары. Жобасы келсін, келмесін, құлактарына бір сыйбис тисе, қалың тобыр, ақылсыз топ қамыстай лаулатып әкеткенімен тынбай, шұғыл іс-әрекетке көшіп, малын да, жанын да құрбаньыққа шалуға дайын. Ірі қара, жылқы, түйе, тауық, үйрек демей, ортага салады деп, шетінен қырып тастағандардың аялаг-мәпелеген қыздары енді жалған дақпырттың жаласына жаптай үшырап жатты. Өсектің мүншалық күшін кім болжапты, өтірік сөз екені дәлелденгенімен, күдіктері қапелімде басылмаған жүргт әлі де сақ. Желдің гүлі, жапырақтың сыйбырына шейін жамандық шакырғандай. Әлдекалай естіген жақсылықка да бірден сене қоймайды. Не естісе де үдере көше жөнелетін

сыңайлары бар. Осыған әбден мойынұсынған. Мал атаулыны бауыздап тастағанда, ертеңгі күнін ойламағандары қорқынышты еді. Тілдерімен ақырзаман орнатқан жұрттың тілегі де сонымен үндесіп, бәрі де бір апаттың алдында тұрғандаиды. Сол апатты жұрттың өзі шақырғандай. Қатын-қалаш түгілі еркектер ұсақ-түйекке елеңдесіп, құлақтары түрік. Жас та кәрі де жүйесіз әңгімеге әуес. Кешегі үйінған айрандай ауылдың іші іркіттей бұзылып, сөзден қасиет тайған. Таңертеңді жаңалықтың інірге таман түк мәні қалмайды. Ауа жайылған жел сөз адамдардың белі бүгіліп жұмыс істеуіне кедергі жасап, жалқаулыққа, өтірік-өсекке, самарқаулыққа кеңінен жол ашқан. Неге сенерін білмей елеңдескендер азаматтық пен алякстықты айыра алмай дал.

Құрманға қосылғаннан кейін Айғаным ауылдың қыз-келіншектерін жинап, сауаттарын ашуға кірісті. Қызық, өздерінің күнделікті жүз, мың рет айттар сөздерін кітаптан оқығанда, шабан аттай табандап, ежіктең алмай қиналады бұлар. Айғаным ісмер, қол өнерімен айналысатын әйелдердің сабакқа да алғыр екенін анғарған. Әкесінің қос ағаш үйіндегі емес, Құрманның ескі шым үйі алғаштында көзіне тым қорашибірінген.

Оргасында пеш, қасында қазандық орнатқан, төрінде шолақ сөкі, ұзынынан созылған бір болменің жалғыз ғана терезесі бар. Шөптің үстіне жыртық киіз, ескі алаша төсөлген. Бір-біріне тетелес Балта мен Мұса жас болғандарымен, кәдімгідей қолқанат, күндізгі мектепте оқиды. Тұрмыстың ауырлығына, аумалы-тәкпелілікке қарамастан Құрманның жер үйі Айғаным келгелі кәдімгідей күмбірлеп, іші қызыққа бөленгендей. Күйеуінің елеусіздеу ғана емеурінін түсініп, өз ықыласымен қыз-келіншектерге хат таныға бастаған. Көрші ауылдағы қызыл отауды құруға келген өзі шамалас екі қыздан үйренгені бар, ара-арасында ән, жыр айтылады. Өйткені сабакқа әйелдер тез жиналмайды, өнер десе елеңдеп, домбыраның үнін шалса, жүгіріп жетеді. Әзілдері жарасып, бір мезетте аяқ асты айтыс туып, бірін бірі қағыға өлең шумақтары төгіледі. Қыран-топан күлкі, ауылды жайлаған көңілсіздікті, жоқтықты ұмыттырып жіберер мұндай сәттер келіншектер үшін аса қадірлі.

Жылқтаған іргелеріне қоныстанған Рахман үйінің жайжапсарынан аздал мағлұматы бар ауыл тұрғындары енді бұларды жақын тартып кетті. Бұрын ешкім есігін ашпайтын жертөледен естілген ән альсқа қалқытын болды. Эрқылы лақапта азайып, көпшілік тіршілік қамына ойысқан.

Әрекідік альп-қашпа сөздердің мағынасы бұрынғыдай емес, мазмұны өзгешелеу:

- Медресе ме, мектеп пе жаңадан салынатын?
- Мектеп дейді.
- Жұрт балаларын оқыттаймыз деп көшіп жатыр.
- Тұкті өніріндегі алғашқы кенес мектебінің іргесі осында каланбақ.
- Жан-жақтан шебер балташылар шақыртқан деседі.
- Қандай ғажап, әр ауылдың өз мектебі болмақ.
- Бұрынғы медреселерді не істейді екен?
- Жабатын шығар.
- Кейбіреулер кенес мектебіне балаларымызды оқыттаймыз деп бүлініп жатқан көрінеді.
- Иә, балалардың тізімі, жас шамасын көбі дұрыс айтпапты.
- Иә, солай дейді. Әлті Бөденнің Күнібайы баласын тізімге енгіздірмеу үшін бес қой беріпті.
- Балаларымызды оқытамыз деп, шоқындырып жібермесін әлі.
- Жок, мұсылманша оқытады дейді.

Осындағы әңгіме көбейгенде, жана мектеп ашылып, Айғаным мұғалімдікке үсынылды. Біреулер жағасын үстап, бетін жыртқанымен, көпшіліктің бұларға деген ықыласы әлі де сұйымаған екен, кеше ғана “саужойы құрысын“ деп ат-тонын ала қашқандар балаларын жетектеп, мектепке ағылды. Күтпеген тұста Бұғылы ауылдың мәртебесі биіктеп жүре берді.

Әттең, қуаныш ұзаққа созылмады. Қайтадан адам түсінбейтін жаңалықтар үсті-үстіне төпелеп, онсыз да титықтаған жұрттың дымын одан әрмен құртты. Алғашында Айғаным өздерінің басқалардай жер аударылмағанына қуаныш, аз-маз дәүлеттерінен жүрдай тоналғандары үшін жарлы-жақыбайға да, жергілікті үкімет белсененділеріне де кек

сақтамаған. Екі-үш жылдың айналасында мұлдем оғаш жәйттер көбейді. Ортаға жиналған байлықтан қайыр болмады. Кешегі байларға тұған күн енді жаппай осы аймақтағыларға туды, бұлардың тіпті ас татуға хақысы жоқ тәрізді еді. Міне, сол кезеңнен бастап Айғанымның көңілін қайтадан құдік жайлаған.

Елдің іргесі сөгіліп, қопарыла жасалған өзгерістер байға да, кедейге де құт қондырмады. Ата мекеннен бақ тайды. Есін білгелі ынтымақтаса үядай тірлік кешкен ауылшарының үстінен қалың бұлт бір сейілмәді-ау содан кейін. Ойлап отырса, сонау көне қоныстағы әкесінің қара шаңырағы құлағаннан-ақ онбайты ғой жағдайлары. Марқұм анасы бұзылғалы жатқан қыстаудағы үйдің босағасын құшақтап жоқтағанды, бұлардың кейінгі тағдырларын елестетті ме, алде құдай ап-анық құлағына құйды ма, сондағы сұңқылдан жылағанын күні бүгінге шейін ұмытта алмайды.

Дәм-аға күнірене теңсепіп, күйзелгенін көрсеткісі келмесе керек, орманға беттеген. Жүк әбден тиеліп, аттанар сэтте бірақ оралған. Зорлықпен көшірген сол бір оқиғада қанша қасиеттің өзегі жатыр еді енді байыппаса. Содан кейін ағайын-туғанның басы ешқашан қосылған емес. Уақыт оза бір-біріне жат бол кетті. Ендігі тұста қалай жалынып, нендей амал жасасаң да кейінгі үрпақтарының басын біріктіре алmas. Кейінпі үрпақ дейді ғой, өздері ше?

Жатбауыр, шетінен кілі, секемшіл. Ешқайсы тұған топырақ деп еміренбейді. Құрман тіпті “өлсем, бәрібір, осында көміндер” дейді.

Қайран, шіркін Дәм-аганың қара шаңырағы, қанша арман тұншықты, қанша қиял қирады, сениң шаңың аспанға атылғаннан кейін. Бауырмалдықтың, туысқандықтың, ынтымақтың күлі көкке ұшқан екен сол қасиетті қара шаңырақлен қоса қабат. Құрманнның таңғажайып қоғам орнатамыз деп кеудесін үрганы келе-келе таусылмайтын ертегілерге жалғасты. Алда-жалда аузымыз асқа толса, құрғак, көпірме сөзді мысықтай балалатамыз: неше рет орнаттық, неше рет қираттық. Құрман айтатын “таңғажайып“ қоғамды.

Өзі ойлайды: ондай қоғамның адамдары бітеп болуға тиісті,

нан жемеуге, тамақ ішлеуге тиісті, ас қылғытып, аяқ босатарлар болмауға тиісті. Рас, жылт-жылт бір үміт баяғыда сауатсыздарға сабак берген күндері кернеген көңілін, адамдардың сенгіштігі, анғалдығы керемет еді. Әріп жағына шорқақтау болғанымен, жан дүниелерінен даналық ескен талай шежіре, талай ділмәр өтті ғой, шіркін. Айғанымның өзі көптеген құрбыларындағы араб әліппесіне жүйрік еді. Заман сәл тынышталып, жергілікті тұрғындар жаппай колхозға кіріп жатқанда, Айғанымды үйден-үйге шақыртып, хисса, ертегі, жыр оқытатын. Нұрхан екеуінін міндегі сияқты көрінетін күн сайын інір қарангырылығы түсін, мал жайланағып, кешкі астың камынан кейін тосын отыраған копиіліктін атында кітап оқу.

Бауыры Нұрхан, алғыр елі, кез келген жыр, хиссаны мөнеріне келтіре, біресе Мұңызық, біресе Зарлық, біресе Кенесары, біресе Наурызбай, біресе Жібек, біресе Толеген, біресе Сәтбек батыр, біресе Жармак болып дауысын мың құбылғанда, жұрт елти тыңдайтын. Оқып отырып күніренетін, күлетін, мұнаятын, тебіренетін. Ауылдағы толып жатқан жөнжосық, кәде, ойын-сауықтан қалмайтын, алғаш сахнаға шығып, өнер көрсеткен де Нұрхандар болатын. Жігіттің сұлтаны еді, қайтейін, басқалардай соғыста қаза талтты деуге де жазбаңты, мұның өзі медет болар ма еді. Тым құрыса елі, жері үшін өлді дейсің ғой. Ал, не өлі, не тірінің санатында жок, тіпті есімі төнірегіне үрей үялатқасын, мандайға біткен жалғыз бауырдың есімі де әлдеқашан өшкендей.

Бір емес, Нұрхан түрмеге дүркін-дүркін қамалды. Алғашында Тоқсейіт екеуі қатар жабылған. Әттең, Тоқсейіт сияқты босатпай-ақ ұстағандарында, үмітсіз шайтан дегендей, тірі қайтар ма еді, шіркін. Үш жылдан кейін Нұрхан үйге келгенде, өшкендері жанып, өлгендері тірілген. Бұлай ойламауға хакылары да жок, Рахман тұқымынан калған ереккіндікті солғана. Дәм-ағаларынан отыз үшінші жылы қалыда айырылды. Ажалы көлдененнен келді. Есіл бойымен екі ортада кіре тартатын. Тау баурайындағы бұлардың мекені, шіркін, тұртсөн, топырағы құт ғой, төніректі аштық жайлаған небір қыын-қыстаудың өзінде жандарын аман алып шығуларына себеп болды. Бүтін ауылды қыспақтан құтқарған да Дәм-аға

мен Нұрхан болатын. Ақылына құлдық, сонда деймін-ау, тапқан-таянғандарын жасырып жегізбеді. Елді аштық жайлады дегенмен ауыл адамдарының басын қосып, кімнің қанша малы - жылқысы, сиыры, қойы бар, есептеп алды да, әрбір үйге “бір, бір сиырларыңа ие болыңдар“ деп тапсырды. Он шақты сиыр, он бес жылқы, жиырмадан астам қойды сойғызып, етін бұзылмайтындей ғып, жерге көмдірді. Ешкайсы жеке үлес алған жоқ. Күн сайын әр адамның басына шақталып, азықты бір жерден ғана шым-шымдап таратқызады.

Әлі есінде, Дәм-ағаң сойылған малдардың өкпе-бауырларын үш күн бойы туратып, қуырдақ жасатты. Елу шелектен сиятын екі емен бөшке дайындалып, әлті қуырдақты соларға салғызды. Бұғылының әр үйіне есептелген азық-түлік осылайша алдын-ала дайындалған.

Малдың біразы сатылып, қаржысына Есіл бойынан астық әкеліп те жүрді. Тек өз ауылдары емес, маңайдағы көршілері де қатты қиналғанда, аракідік бұларды панаған. Аппалап, айлап жатқандар қатарға қосылып, естерін жигасын, тезірек кетуге ынғайланатын, сірә, масыл болғандарына қысылғандары шығар. Алғыстарын жаудырып аттанатын.

Бір күні коктем шыға Күжбан кіріп келді үйге. Тұлып балып іскен, түрі адам танынысыз. Бұлар оны шырамыпқан да жоқ. Тек Дәм-ағаң: “Әй, сен Күжбан емеспісің“ дегенде, селк еткен қалпы бәрі жалт қарасқан.

- Ойбай, Дәм-аға, бізге де жетті опат, мал бағайын десем, ешкім жолатпайды еш жерге, тіпті ешкім есігінен де қаратпайды.

- Әзірге біз аштықтан аманбыз,-деді әкесі,-осы үйде көже, қатық бар ғой, қаларсын, тек мен бергенді ғана іш, ашқарақтанба, әліп қаласың, аздал қана тапласаң, ішіп-жегенің со күйінде түседі, қорытылмайды.

Жиналған көрдің түбі көрініп, жағдай күрт қынлады. Ен даланы кезген жігіттер ан, құс демейді, ауылдағыларға тістейтін бірдене іздейді.

Балта мен Мұса да ерте кетіп, кеш қайтады. Бірде “женеше, бір нәрсе айтсақ, нанасыз ба“ деді Балта.

Алдында талай байқаған, дастарқандағы аз-маз талшыққа

қолдарын созбайды, қалайда бір шаруаны сұлтаураштып, сыртқа беттейтін.

- Жеңеше, білесіз бе, біз...-дей берген Балтаның жеңінен Мұса тартып қалған.

Айғаным елеңдеп “иә, айта ғой, Серікжан“ деді.

- Жә, сен несіне қысыласың, Мұса, жеңешем ешкімге де білдірмейді. -Балта айналасына жалтақтай сыйырлаған. - Жеңеше, біз көрші орыс селендеріне ылғи да барамыз, әйелдері ылғи да сиырларын шала сауды екен, Мұса екеуміз емшектерін сорып еміп аламыз, сонда бар ғой, әлгі сиырлар кәдімгідей тосып тұрады, кәдімгідей бізді аяиды. Мөлт-мөлт көздері қандай десеніші, бәрін түсінетін сияқты.

- Сендер кімнен үйрендіндер мұны?

- Ешкімнен де, өзіміз көрдік бір шалдың сиырдың емшегін сорып жатқанын, сосын бізге де сөйтуге болады екен дедік.

Айғаным не ұрыспаған, не құптамаған. Со жылдың қысыай. Тұған топырақ қаншалықты шұрайлы, құтты дескендерімен, жан-жақтан босқындар ағылып, онсыз да жудеп-жадаған елдің берекесі одан әрмен пышырады. Оның бер жағында тағы да әлгі шолақ белсенділер құтырып кетті, дастарқанына шейін аңдиды. Қатын-қалаш, бала-шаға масак теріп келгенде, дереу үгітіп, жарым таба, бір таба бидайды қуырып, енді ауыздарына апара бергендерінде, “үкіметке құямыз“ деп тартып әкетеді.

Әлгі масақты теру қандай азап десенші. Әдетте бастырылмаған астықты маялап үйеді де, молотилкамен басқанда, жерде топаны қалады ғой. Қарангы түсе топ-топ адам со жаққа үрланып жетеді. Асығып-аптығып, әрқайсы екі-үш метрден орын алып, қаз-қатар тізіле қалады. Таң алдында сұық жедін өтінде пәлен сағат тұрып топанның сабанын үшырады. Өліп-талдық-ау дегенде, бір тостаған бидай кейде толып, кейде толмайды. Күн сәскеде қуырып жіберіп, келіге түйіп талқандап, қара көже дайындалады. Түнге қарай тағы кетеді. Сөйтіп жиған-тергендерінің бірі бүйірьып, бірі бүйірмайды.

Бақа-шаян, құрт-күмырсқа, шөптегердің тамыры ма, жәндік атаулыны қуып журіп жейтінді шығарды жүрт.

Бірде сиыр іздел келе жатып Айғаным анадайдан

қарайғанды шалып, атының үркे бергеніне қарамастан, со жаққа екпіндете жеткен. Адам екен. Бір еңкейіп, бір тұрады, үсті-басы жыртылған, бет-аузы, қолдары ісіп кеткен. Шошынған Айғаным әлгі кісіні танымады. Түрін шырамығады, бірақ мұны танығандай әлгі кісі тіл қатты:

- Сүмен ағып бара жатқан тышқанды жеп келемін.

Ойпырмай, сонда Айғаным бейтанаисқа тұра қарауға қорықты. Бет-аузы қан, қылышқ-қыбыр, киімдері жырым-жырым. Сыр бермеуге тырысқан Айғаным:

- Сиыр көрмедіңз бе, буаз сиыр бошалап кетіпті,-деді сасқанынан. Қозіне көзі түсіп кеткенде, о, сүмдышқ, жемтік іздеген жабайы андай, бұған тап беретіндей, сәл аялдаса, қылқытып жұтып жіберетіндей.

Айғаным жанарымен жер сүзді, тұла бойы дірілдеп әкетіп барады.

- Иә, иә,- деді әлгі кісі бұған әлі де мағынасыз тесілген қалты,- көрген жоктын, иә, иә, шырағым, осындаі күйге тұра келдік, осындаі күнге та-а-а-а...

Бұдан әріге шыдамады Айғаным, атын тебініп, кері бұрған. Іздеген сиыры ағаштың ішінде бұзаулап қалған екен, оп-онай тапты. Есінен әлпі көрініс кетер емес. Жүзін жас жуып, солқ-солқ жылады. Құдай-ау, неткен қорлық, неткен бақытсыздық, құтқаруға көнер ме, жетелегенге жүрер ме жанағы көзқарас, неғып қорықтым, неге, неге?! Мұндайда не істеуші еді, жақындаіын десем, жеуге тарпа бас салатындаі, әлде қорыққанға қос көрінгені ме? О, төнірім, егер шын бар болсан, мынау жалпақ әлемнің астында шын болсан, қалайша жол бердін мұншалық әділетсіздікке, адам баласын осынша қорлауға бола ма? Сұранысын өтей алмасан, әуелден несіне жараттың, неге бердін оған жан мен тәнді. Бір үзім нанға зар қылатындаі, не кінөміз бар біздің.

Тышқан аулаған кісі көз алдынан кетпей, бір түрлі қобалжып, артына қарайлай берді. “Үйге барып айтып, жілтерді жіберейін“. Бұзауды алдына салып, атқа қонған, сиыр сонында.

- Құрман-ау, Құрман, мен бір сүмдышқ көріп келдім,-деп есікті ашып үлтерер-үлтерместе еніреп қоя берген.

Өздері бұратылып әрен жүр, ауыл еркектерінен дереу бара қояйық деген ниет білінбегесін, ашуланған Айғаным қайтадан жолға дайындалды.

Әкесі мен Құрманды тыңдамастан Айғаным да бірге шықты. Бағана өзі көрген жерден ұзамай-ак жан тапсырыпты.

- Шіркін, Айекен дейтін Айғали ғой, қайран боздақ,- деп Дәм-аған қапалана жүріп, өлі денені арбаға әкеп серейтті.

- Тұлқілі колхозының басқармасы, сырнайды қалай тартатын, өнді қалай шырқайтын, өнерлі жігіт, қор болған өнер, қор болған өмір... - Дәм-аған таусыла сөйлейді.

Айғаным оның танымайтын адамы жоғына таңғалып, манағы тесілген көздер есіне түсіп, “ән салды, сырнай тартты“ деген сөздер тіпті де миына қонбады. Және басқарма дегені несі, басқарма да аштықтан өле ме?

- Аштық та бір алапат жау,- деді Дәм-аған,- небір асылынды жүтқан, шіркін, осы Айғалилардың ісіне қарап тұрып сүйсінетінмін, сенейін бе, сенбейін бе, кешегі дурілдеген азamat, не пәлеге ұшырадың бүгін. Әлсіздік таныттын, колхозың шетінен қырыльп жатқанда, корықканыңнан бір тұнде бала-шагамен көшіп кеттін. Әй, бірақ кінә да жок.

- Қазір аштықка ұшыраған колхоздардың активтерін жаппай абақтыға айдап жатқан көрінеді. - Құрман “білесіз бе“ дегендей, қайын атасына кипақтай қараған.

- Тұрмеде де аштық болғасын таратып жіберіпті, мына Айғалиды да қамады деген, босатқан түрлері ғой. Шені үлкендер шені кішілерді шетінен сottатып, міне, енді, сотта мейлі, соттама мейлі, шенеунің де кедейі де бірдей қырылуда, бөрімізді аштық соттап жатыр. Қырылғандардың орны мәнгі бақи үнірейіп тұрады енді, сорымыз неткен қалың ел едік, жиырма бірінші жылы қашшамыз кетті келмеске, бүйте берсе, ертенні хал не болмак, қазақтың атын өшірмесе не қылсын? Құдайым содан сактасын.

- Жалғыз қазақ емес екен, барлық жерде осылай көрінеді. - Құрманың бұл сөзіне Раҳман жауап қатпады, түк естімегендей ойын жалғастырған:

- Бұл жамандық бір иектемесін, бір иектесе, түбірінен құртып тынады. Жиырма бірінші жылы алдымен тырыскак

деген пәле жайлады ел ішін, іле-шала аштық қосылды, екі жақтан үрғанда, әрбір жиырма үйдің бесеуінен ғана тұтін шылқан. Айғаным, есінде ғой.

Қалай есінде болмасын, ауылдың айналасы жыртылған, екі баған қойып, қаңылтырға қара маймен баттитып жазылады, содан-ақ жүргіттың зәресі үшады.

Қой бағып жүріп, бие, сиыр сауып жатып тырысады да қалады адамдар. Піспе пісіп тұрған келіншектің шынғырып құлағанын көрген бірде. Ауыл-ауыл шетінен томпиған төбешіктеге айналды. Енді ес жия бергендерінде, аштыққа үшыраған. Сөйтіп бір жылда бүтіндей аймақ тып-типыл құрыған.

- Жиырма бірінші жылғы апат біздің ағайындарымызды түтедей әкетті. - Құрман “менің де есімде“ дегендей ныпсан байқатты. Шөп-шаламға шейін азық болатынын со кезде түсіндім. Ал, құрт, ірімшікке ештеңе жетпейді еken, тістемей сорсан, құдайдың құтқарғаны. Жалпы мен ойлаймын, алдымыздан қандай күн күтсе де, барыштық па, тоқшылық па, қал-қап құрт, ірімшік дайындал қойғанның титгей артығы жоқ, бұзылмайды, ылғи да соларды сактаса...

Отыз екінші жылдың кесапаты, аштықтың салқыны көпке шейін созылған. Әттірімдеп келесі жылдың майына да жеткен. Көктем, кар еріп жатқанда, аузы күйген жүрт қырқа-қырқаның масағын теруге тағы да лап қойысқан. Әдеттегідей үгітіп, талқандаپ, қуырып, әйтеуір тамақ қылады. Бірак су сорып, дәнінде түк дәм жоқ, кәуәк болады еken қардың астында қалғасын.

Сай-сай суға толып, ертеден кешке шейін жерге телміргендер, балық аулайды, қоға жейді. Енді ешқашан нанға тоймайтындаі, ешқашан токтық заман орнамайтындаі, қыстан әбден қысылып шылқан жүргіттың араны ашылған, шетінен үркек, қорқау, сақ. Жоқтықтың адам баласын ашынған қасқырға айналдырып, мінез-құлқын өзгертіп жіберетіні рас еken. Тірлік-тынысы мәнінен, сөнінен жүрдай тоналып, аңсайтыны құлқын тамақ кана. Тіпті ел шетіне азық-түлік көмек вагондары келе бастағандағы енді ештеңе көрмейтіндей аптыл-ғұптыл жанталасқандары шошытқан.

Қамбаға астық құйылыш, жүргіка таратқандағы сурет әлі көз алдында. Далада ұшы-қырыссыз кезектегі адамдар иіріліп күтіп отырған. Көбінің тұруға әлдері жок. Шұнірейген көздер, арбиган қолдар, саудыраған сүйектер. Жан-жақтан анталайды, телміреді, үздіге сыйырлайды: нан... нан... нан...

Ер азаматтарының пысықтығы, ақылының арқасында бұлар ешқайда қанғырмады, тірі қалды. Дәм-ага көбіне жол үстінде, қайдан барып, қалай келісетінін үйдегілер білмейді, әйтеүір үрім-бұтағын жүдеген жок, астық қорын шым-шымда болса да ауылға жеткізіп тұрды. Жетім-жесірді жарылқаймын, алдына келгендерді тарықтырмаймын деп ерсілі-қарсылы жолсоқты боп жүргенде, неліктен жаңы азапқа жақын тұрды екен, дәл сол кезде өздеріне шыр бітіп, тұрмыстары түзелінкіреген, ауыл да есін жиып үлгерген, соған қарамастан сапарға шығуын доғармады. Тіпті ісінде алабөтен ширақтық, асығыстық пайда болды. Сөйтсе күні өтіп барады екен ғой жарықтықтын.

Соңғы рет үйден аттанған күні Айғаным тұс көрді: ескі қыстауларындағы моншаға қарай жүтіріп келеді, өзі жалаңаш, сыртта қақаған боран, әбден тоңып, есікке жармасады. Моншаның ішіне кіріп, енді жылшынайын десе, одан әрмен жаурайды. Түккө түсінбей жан-жағына аласұра қарайды, қызық, кәдімгідей от жағылған, пеш жып-жылы, тіпті моншаның ішін бу жайларған. Неге мұның ыстығы шықпайды деп, ағаш бөшкеден бір ожау суды пештің ішіндегі оттай қызарған тастарға құяды, буы бет-аузына лап қойғанымен, бөрібір әсер етпейді. Соредегі қайың жапыракты енді ала бергенінде, төнірегін сүық жел гuletіп үлгеріпті. Аядай моншаның іші кенеттен кенейіп, алақандай терезесі біккеп барып, әйнегі сарт-сұрт сынып, бір терезе он терезеге көбейіп, жаңағы ыңғар одан әрмен күшешіпті, іштегі бу сыртқа лықсып, бұл әлгі қайың сыптырғышпен терезелерге ентелейді. Олай жүгіреді, былай жүгіреді, лытасыз қалыпты, денесі дір-дір, үсіп барады. -Шошып оянса, тан шапағын енді ғана шашыпты. Әлгі түстің әсерінен жуықта арылар емес.

- Қырсықтан сакта, тәнірім, жамандықтан сакта, тонірім,-

деп күбірледі, бүтін жұмаға ауган күн екенін ойлады. Дереке төсектен ұшып тұрды.

- Құрман, ә, Құрман,-деді неғұрлым ақырын.

Күйеуі қапелімде ояна қоймады. Алагеуімденген болме, көзіне қарайғаның бәрі аждаһадай елестеп, үрей туғызды. Дүние құлазып журе берді. Тыр жалаңаш жүргені несі, орны үнірейген, әлдекашан бұзылған монша нені емексіткені.

Терезе жаққа зарыға қарады, атқан таңын жарығына жалбарына, жалына , үміттене қарады. Жылт-жылт, жас таң моп-момақан ап-анық, алыстан әйтеуір жақсылыққа сендіргендей. Айғаным ешқашан мұншалықты ұзак телмірмеген шығар көкжиекке. Қызыл бояу бірте-бірте көгілдір кеңістікке жайыла таралып, әйнектің ар жағында созылған кең дала да соған орай баяу өзгеріп, келіншектің тілеуін қостағандай.

- Күнәдан пәк, жас таң,- деді үздігіп,-жас таң, жас таң, жер бетіне нұрынды шашқан ұлы сәтінде төсегімнен шошытып оятқан мына хабардың жонін тусіндірші.

Атқан таң барған сайын айналасына әмірі жүріп, үйдін ішіне жарық сәуле жүгіргенше, білетін аяттарын оқыған Айғаным төсектің үстінде отырды да қойды. Арқасының тоңазығанын елемеді. Құрманың өзіне тесіле қарап жатқанын анғарғандаған күбірледенін доғарып, көрпесін жамылды.

- Не болды?-деді Құрман.

- Жәй, әншіейін, -Айғаным байбалам салғысы келмеді, алғашқыдай емес, секемі сейіліліктереген. Және бекерге жамандық шақырып жүрермін деп қаймықты.

- Өндің бол-боз,-деді Құрман,- ауырып тұрған жоқтысын?

- Ыңғайсыздау тұс көріп... бүтін жұма ғой... дәл таң атарда...

- Ой, сен де, тұс деген не, сонша мән беріп, қашанғы айтамын саған, онсыз да қызын өмірді қындардапта деп...

- Қайдам,-деп Айғаным теріс бұрыльып жатты. Күйеуіне ызаланды, “тәйірі-ай, тұс дегенге сеніп“ дегеніне. Бәсе, тұс не екен, бұған түк емес, ал өзі үшін тұс күнделікті көніл-куйі, тұтастай тіршілік тынысы, жақындарының, өздерінің - бәрінің тағдыры, ертеңінен еміс-еміс хабар белгілері. Мойындауға ынғайсыз, алайда нашар тұс көрсе, күні бойы қолындағысы

сусып, сындып, көйлегінің етегіне сүріне береді, ақырында қалай жорыса, дәл солай болады да қояды. Кім білсін, мынау ғаламда өзекті жанды жаратқан тәнірімен байланыстырыар, жалғастырыар жалғыз күш те осы тұс деген ғаламатта жасырынса керек. Пенде шіркінгің тірлігі қашан да құпияға толы, ал табиғат тұнып тұрған жұмбақ құбылыс. Санасезімінмен бұлардың тұнғиығын бойладым деп құпінгенінмен, әр қадамың алдындан тағы бір кедергі, тағы бір құпиясын тосады да тұрады. Сөйтіп тіршіліктің адам сұлбасындағы әлем-әрекеті жалғаса береді, жалғаса береді. Сол мәнгілік әуе мен тірі жаның арасындағы қатынас тұс арқылы да көрінісін тапса керек. Өзі осылай ойлағандықтан ба, есінде анық сакталған тұстерінен кейін Айғаным құдайдың дауысын анық ажыратқандай хал кешетіні бар. “Бұ жолы құдай бізді қандай сынға ұшыратар екен“ деп үрейленгені де сондықтан. Әлдеқалай айтылған елеусіздеу сөзге шейін құлақ түріп, бірнеше күн елсендеді де жүрді.

Ел тыныш, қолдары ауыздарына жетіп, әлдене бастаған, әкесі алыс сапарда. Бұрын да алдын ала кескен мерзімінен кешігетін, бала-шаганың көнілінде бетен ой жоқ-тын. Нұрхан, анасы, Тоқсейіт, Жанғанымдар бірге, бұлар өздерінін жертөлесінде. Онсыз да сәл дыбыстап сөлк етіп, аяқтарын жер тартқандай әрең ілбіген Айғаным ауыл шетінен өлдекімнің жылағанын естігендे, ұшып кете жаздаған. Көршілер де үите кіріп келе жатты. Бір сүмдікты сезген Айғанымның белінен күш тайып, сәкіге отыра кетті.

- Қорықпа, қорықпа,-деді бұған жақындаған келіншек,-аман, тірі, тез жүр...

Әлі де ештеңе үқпаған Айғаным құлап-сүрініп, үйіне де жетті-ау.

Есік алдындағы таныс арба, атты көргенде, “Дәм-аға, Дәм-аға“ дей берді. Үйдің маңы ығы-жығы, біраз адам жинальп үлтеріпти. Айғанымның құлағына еміс-еміс сөздер шалынып, төнірепі тұманданып журе берді. Жанталаса ішке үмтүлғанында, өлдекім білегінен үстады.

- Сабыр сакта, шырағым, жылама, өзі қинальп жатқанда, жылағандарың одан бетер қинайды, сабыр...

Тоқсейт пен Нұрханның Дәм-ағаны сүйей көтеріп, органды бөлмеге қарай әкеткенін байқады.

Үй ішіндегілер үнсіз, бірақ манағы бір ашы дауыс Айғанымның нақ төбесінде олі талжылмай түр.

- Жарықтық жануарды айтсаншы, туған топырағына асыққан. -Күжбанның дауысын шырамыпты. - Қара жолмен ызығып барады, олай қараймын, былай қараймын, құдай-ау, мынау Дәм-ағаның құласы ғой деймін, арба салдыр-гүлдір, дүниені төңкере жаздайды, шошып кетіп, төтелей жүгірдім бүйірден. Жарықтық жануарым-ай, сезімталым, сергегім-ай, тоқтады-ау, әйтеүір, төңірегін осып жіберердей кісінегенде, жарықтығым, мұнын шаққандай, тілдескендей болды-ау. Дәм-ағаны тұра ауылға жеткізгенін айтсандаршы.

- Сені де құдай тегіннен кездестірмесе керек, ниетінің тазалығынан ғой, кім білсін, ет қызыумен әлдеқалай бұрылып кетсе, қайдан табар едік...

- Дәм-ағаның өзі де төпін жан емес қой, құдайым жар болған.

- Аман-есен жаны қалсын деп тілейік.

Қорадағылар бір-біріне сыйырлап қана тіл қатады, үйден кіріп-шыққандарға үнсіз жалтақтап, үміттене, үрейлене көз тастайды.

Көмейіне тастай катқан өксіктен іштей еңіреген Айғаным әкесіне батылсызды жақыннады. Еңкейе жер тізерлеп, аяқ-қолымен сырғыды. Сәл қатты қимылдаса, Дәм-ағаның тыныштығын бұзатындаидай.

- Бас жағыма... өз-өз-өзін ие... ие... бол... - Әкесінің дауысы мұлдем өзгерген, Нұрханға болар-болмас иек қакты. Нұрхан жоғары қарай ығысты, жастықты түзенкіреді. Еппен қимылдап, әкесінің бас жағына отырды.

Кеудесі сырыйлап, демін алқына алады. Дәл ортасында жатқан кен бөлмеге жан біткендей, айналасы түп-түгел Дәм-ағаның өзімен бірдей қиналғандай, өзімен бірдей тыныстағандай. Әлі сыланып үлгерметен қарагай қабырғаларының арасындағы жасыл мүкке дейін, бояльып үлгерметен тәбе тақтайтарына дейін, жетімсіреген ағаш төсеккө дейін бұлк-бұлк, Дәм-ағаның жүргегімен қатарласа соққандай.

Айғаным әкесіне әбден бауырлап жақындаған сайын үйдін

іші даладай аңырап, екі орта бір-бірінен одан әрмен алыстап бара жатқандай. Бұрын ешқашан андамаған бір хал-ахуал өнбойын қысып әкетті. Сыр-сыр еткен әкесінің демі бөтен қорқыншытан хабар жеткізіп, үйдің тынысы мұлдем тарылышп, әлдеқандай күштің шенгелі бәрін енді-еңді бүріп жұтатындаидай. Көзге шалынған зат екеш зат та жексүрын көрініп, көңілді құлазытады. Тірлігінен мән жоғалтуы оңай екен-ау, әлтінде ғана жығылып-сүрініп істеген шаруаң түкке тұрғысыз, әлтінде ғана жүйкенді жүқартқан ой мардымсыз бірдене және соны сездіреп бір күш қастарында.

Әкесі Нұрханға “кеудемді көтерші“ дегендей нышан байқатты. Сәл қозғалса, жаңының шыркырай қиналғанын бет әлпетінен аңғарасын. Ернін тістер, үнін шығармауға бар жігерін жұмсаған Айғаным әкесінің аяқ жағына кеп тоқтады. Әлсін-әлсін ыныранған дауысы сай-сүйегін сырқыратып, әке азабын жеңілдетудің еш амалын таптай, бәрі де дәрменсіз жағдайда. Демін алған әрбір сәт әкесін тілмен айттып-жеткізгісіз азапқа салуда. Оң иығы күп бол іскен, сәл қозғалса, кеудесін еріксіз көтеріп қалып, сылқ ете түседі.

- Сынықшы керек,-деді біреуі.

- Альп келуге жібергенбіз,-деді Тоқсейіт.

Рахман басын шайқаған, енді еш қайран жоқтығына өкінгендей. Қашан сорлы жүрек шыдағанша, азап қүшағында жатты. Шыдамдылығын-ай сондағы, тісін қайрап, сәт сайын құбылар қүшиған жүзінен аңық аңғарылатын іштегі қасірет.

Топырлап келгендердің көбі сыргтан қайтып жатты. Неге екені белгісіз, ол қасында тек Нұрханның отырғанын қалады. Ашып ештеңе айтпаған. Бақұлдасып, әрқайсымен жеке сөйлесуге ықылас танытпады. Анда-санда жалын ата күрсінгенде, үйілегенде, үй қозғалғандай болатын. Өзі, Жанғаным, Нұрхан үшеуі кезектесіп, қашан көзі жұмылғанша күзетті.

-Бұған да шукіршілік,-деген бір женілдегенінде,-айдалада іріп-шіріп, қарға-құзғынға жем бол өлсем қайтер едім, сендер қайдан іздер едіңдер, бұған да шукіршілік. Тек өкініш өртейлі ішті, кім де болса, әдейі қастандықпен атты, мені танитын біреу атты. Құлағымды жарған дауысын, эттен, ажыратпаым.

“күйіршықсың Раҳман“ деді. “Тұқымың тұздай қуриды“ деді және. Кімді соңша өшіктіргенімді. Бірақ сендердің қандарың көтеріліп жүрмесін, Нұрхан, саған айтамын. Біріңе бірің сүйеніндер, елден ұзамандар, ынтымақтан айырылмандар, мені өзіміздің ескі жүргітагы қорымға қойындар.

Әке өліміне себеп сол белгісіз күйіндес қалды. Әкеле жатқан бес қап билай үшін бе, басқа сырлы бар ма, ешқайсына белгісіз. Жоқтықтан әлі де иық көтеріп үлгермеген ел Раҳманның қазасын азық-түлік тонаушылардан көрді. Өздері әкесінің екіүштылау етіп айтқанын тістерінен шығармады. Дәм-ағаның қайғылы өлімі Нұрханды тез есейтті. Жарығым, күнім деймін-ау, әкесінің ақырғы демі үзілгенше, бүкіл қызметін өткерді ғой қолымен. Неге тым-тым бәйек қакты екен со жолы деп кейіннен Айғаным талай опынған. Әке тәніне тырнағын сұқкан сүм ажалдың салқыны бауырын дәл со жолы шарпығандай көрінеді де тұрады.

Дәм-аға қайтатын күні Нұрхан екеуі қасынан бір сәтке ұзамаған. Тіл жок, жанары солған, әбден жудеген әкелеріне тесіле қарап ұзақ отырған. Бір мезетте тынысында коркынышты қырыл пайды болды, беу, дүние-ай, жанның мұрынның үшына жақындағаны сол шығар, тәннен үшар алдындағы ай-һай қимастығы ма, сол бір қиямет сәтте Нұрхан жұтынып-жұтынып қалғандай, сондықтан да кейін бақытсыздыққа үшырағандай болады да тұрады. Әлде өзінің жөн-жосықсыз ырымшылдығынан ба, белгісіз. Соңғы демін жеңілдетуге құлшынғандай, Нұрханның әлденеше бүктетіліп әкесін құшақтай алғаны, өз демін аузына тосқандай болғаны, басын жастыққа салып, қайтадан пәлен сағат телміргені Айғанымға ұнамаған. Шаңырактарына амалдап кіріп үлтерген ажал атты аждаһаның азуы бауырына да тиіп кетер ме деп аh үрған. Бұл күдік дегенді қойсаншы, көнілінді бір жауласа, құдайдың төбенден үрғаны деп біл.

Міне, қырық жылдан асты, сол бір құдіктенгені үшін әлі опынады. Нұрханның тағдырын сол бір құрып кеткір бұның құдіктенгені шешкендей-ақ. Алғашында ойында тұқ жок, өзі Нұрханнан әрмен Дәм-аға жақындал, қырылған деміне жүзі шарпылған. Сол кезде есік жақтан қартандау әйел

“Айғаным, былай түр“ деп бұны шақырып алды, - “айналайын, тым үзіліп, тым үздігіп қарамашы, берірек келші, өйтуге болмайды“.

Жүргегі шым етіп, бауырына жалт бұрылған, ол да үздігіп кетердей-ақ отыр екен. Жарығым, күнім деймін-ау, менікі әншейін сандырақ шығар, алақанға сызылғаннан кім озған.

Балалары Дәм-ағаның өсietін орындап, ата-бабасының қорымына апарып жерледі. Дос-жаран, жаужүрек тумалар түтелдей жиналды. Жан-жақтан ағылған елден жер қайысты. “Артында тұяғы бар, жалғызы аман болсын“ деп тарқасқан.

Алыстан қарап-ақ мереiйінді тасытып, ішкізбей-жегізбей тойғызатын, қайран бауырым-ай, қайтейін, қыранға несіне үқсадың екен әуелде. Жасық, жуас болғанында, жалаға үшырамас па едің, кім білсін. Орысша, қазақша сауатты жазады, танымайтын, сырын үқлайтындарға тым өр көрінген шығар. Маңайдағы ауылдардың басым көпшілігі жүттән қырылып, айғайға басқан кешегі белсенділер сәл-сәл жуасыған, ел ішінде тыныштық. Нұрхан ауданда қызметте, газетке өлеңдері жарияланыш түрдү. “Байдың баласы“ деп бұдан төрт-бес жыл бұрын окуынан қуылғандай емес, жүрт бірін-бірі қаңғыртқанды, андығанды тыйынқыраған. Нұрханың атақ-абыройына бұлар сырттан мәз.

Құрбы-құрдастарына сыйлы, қыздарға қадірлі, он жетіден асқан ұлын анасы тезірек үйлендіруді тілеген. “Сол аудан дегенді қайтесін, ауылға орал, келіншек ал,- дейді. Қасын керіп жымиятын: - Үлгерем ғой, апа. Кейінрек. Оқимын, Қарағандыға жібермек. Сойтіп жүргенде, заман тағы бүлінді. Осы төңіректен бірінші Нұрхан кетті үндемеске. Демалыс сайын ауылға келгенде, қабағы ашылмайтын әдет тапты. Кітаптан, қағаздан көзін алмайды, етпетінен жатады, ешкіммен сөйлеспейді.

Бірде Айғаным себебін сұраған.

- Өлең жазарда осындаймын, өзім де байқамаймын,- деген.

Екі жеті хабар болмағасын, бұлар Токсейітті ауданға жіберген.

Оң жоқ, түс жоқ, өздеріне сокластан ол тіке бұлардың жертөлесіне келіп түр. Құрман екеуі сыртта сыбыр-сыбыр.

Айғаным қазбалап ештеңе сұрамаған. Тоқсейіт “шөлдедім” дегесін, дастарқан жайып, шәй демдеді.

- Тыныштық па, жүзің алабұртып түр ғой,- деді Айғаным.

- Сен қорықпа,-деді Тоқсейіт, - апам естімесін, Нұрханды түрмеге жауыпты, уақытша шығар, тексергесін қайтаратын шығар, кінәсі жоқ шығар.

- Сен неге шығар, шығар дейсің? - Айғаным айғай салған,- әлде сенбейсің бе, кінәсі жоқ шығар дейді ғой, күмілжіген түрің жаман, о, несі-әй, шығар, шығар деп... әлде қылмысына көзің жетеп күмілжіп отырысың ба?

Еркектердің төменшіктерен түрін байқап, іштей үрейленген.

Құғын-сұргінге ұшырағандарында, міне, дәл осылай, еркектері бүтежектеп, қатын-қалаштың алдында мұсәпірлік көрсетуден титтей қысылмайды. Сірә, бұжолы тағы бір апат төнгелі түр, әйтпесе мыналар неге жұнін жұлған тауықтай сүмірдейді.

- Құдай-ай, құдай сол,- деді ызалаңып,- тағы қандай пәлеге ұшыратқалы тұрсындар. Осы сендердің боркемік бейшарағалықтарың түбімізге жететін болды ғой, осы сендердің...

- Саған не көрінді? - Құрманның көзі бақырайып кетті, - Бізге не қылмадың дейсің? Біз неден жаздық?

Айғаным қолын сермеді.

- Өшір үніңді, сендер, бәріне сендер кінәлісіндер. Қараның күні туды деп, қараны қайда, қандай көрге апарып тығатындарыңды білемісіндер? Бүкіл елді, жұртты құртатын сендер сияқты тобан аяқтар, жаланбұттар. Осыдан Нұрхан, Нұрханым... - деп көз жасына бұлықты.

- Өзі қажып келгенде, сенікі не, апама қалай естіртеміз деп қапаланып келгенде... - деп Құрман сөзінің соңын жұтып қалды.

- Естіртемін деп, неге жамандыққа жорисындар. Апама қалай жеткізуіді емес, Нұрханды қалай құтқарудың қамын карастырмайсындар ма? Апама, апама дейді ғой...

- Соңда Тоқсейіт, қалай өзі, не үшін айыптаған, бардың ба, жолықтың ба, кімдерді көрдің, не дейді? - Құрман оны байыпты әңгімелеге шакырды.

- Кіргізбелі,-деді Тоқсейіт кібертікте, - ауданың турмесіне

кісілер сыймай, облысқа әкетіп жатыр. Не милицияның, не соттың есігіне жету мүмкін емес, сендей соғылышқан халық, ештеңе біліп болмайсың, мұндайды ешқашан ешкім көрмегі, түрлери жаман, не сүмдүк келгенін... жау емес жан жоқ деседі.

- Жау дейді, - Айғаным алақандарымен бетін басты, - байдың баласы, шонжардың тұқымы деп тағы бастайды еken ғой қудалауды. Құдай-ау, енді не істе дейсін, енді қай тесікке тығыламыз. Дүниенің кілті кедейде, ендігі төре кедей, ендігі патша кедей дегесін, іздел жүріп, сондарынан қалмай жүріп, тигендегі көрген күніміз мынау болса, құрысын кедейі, жарлысы да, жалишысы да. Әлде біздін таппай жүргеніміз жерде, көкте жоқ кедей ме, айтсандаршы, тілдерін байланып, неге таппайсындар бір амалын, неғын отырсындар омалып. Дәм-ага тапсырған жоқ па еді екеуіне Нұрханды, қайда берген уәделерін, ант-су ішкендерін? Әлде ұмыттындар ма көзі тайғасын. Бұл не, таусылмайтын жау, құдай-ау, ұяды бұзып, үрпағымды қанғыртқан, аналарды аңыратқан бұл не жау? Сендерді кінәламағанда, кімді кінәлаймын, сендерден сұрамағанда, кімнен сұраймын, кім қалды, құдай-ау, сенетін. сүйенетін.

Кенеттен өзегін өртеген қайғылы хабардан Айғаным не айтып, не қойғанына есеп бермеген. Әлдекалай көзі түскенде аңғарды, Тоқсейітің жүзі күкүлданып кетіп. Сонда ғана оны қатты ренжіткенін білді.

Құрман әншіейін қалбалактап, тыптыр-тыптыр, екеуіне алма-кезек жаугандағаннан басқаға дәрменсіз.

- Тым терен кеттің-ау, Айғаным, - деді Тоқсейіт үзак кідірістен соң, - бірақ не айтсан да біз көтереміз, көнеміз. Санага, миға қонбайтын жағдай бұл, соғыс емес, жұт емес, түрі мен түсі мұлдем өзгеше бір жамандық, өзгеше бір апат болмаса, не қылсын. Аудандағылардың түрінен қорқасың, қабағы ашық, жүзі жарқын біреуді кездестірмейсін.

- Жер аударылып-ақ кетпеген екенбіз, - деді Айғаным, - мүмкін сонда ештеңеге душар болмас па едік, Дәм-агам да тірі қалар ма еді? Бұ жерде бәрібір бізге тыныштық бере қоймас, байдың тұқымы деген атымыз бар.

- Аудандағылардан естуімше, тұтқындалғандар өңкей кешегі

өкіметті өздері орнатқандар, көбі советтердің төрағалары, уәкілдер деседі, бұжолы бау-күлак деп жатқан ешкімді де кездестірмедім.

- Адамның жаңынан қадір қашты ғой бүгінде, итшілеп өтерміз ендігі шакта. Тек Нұрханды құтқара көріндер, біздің маңдайға итшілеуді жазғаны-ай, құдайдың, енді не шара? Кілең тексіздерді құдай құтыртып қойғасын, қайтеміз, құдай басқа салғасын, көнбекенде, қайтеміз. Сүйегінде дәні жоқ өңдекей сорлыға, кебек жеген кебепке күнімізді түсіргесін, не амал, көрешегіміз өлі алда ма деп қорқамын. - Әбден ашынған Айғанымның бетін, жүзің демей қөкейіндегісін ақтарып, өздерінің де намысына тигенін елемеген сынай танытқандарымен, Құрман мен Тоқсейіттің сол әңгімeden кейін күрт еңселері түсіп кетті.

Әсіресе Тоқсейіт іштей таусыла жүдеген. Кейін Айғаным сол бір әңгіме үшін, азаматтың жер-жебіріне жете соккені үшін талай өкінді. Кез алдында жүргесін, әншейін айтқан назы екен, соның артынша Тоқсейітті де өкеткенде, әкесінің қара шанырағы қаңырап қалғандай тарыққан. Нұрханнан соң іле-шала, қалайда оның актығын дәлелдеймін деп облыс, ауданға қайта-қайта шапқылап, зыр қаққанда, өзі де торға түсті.

От басындағы бұлар жылап-еніреп қала берген. Құрман олай-пұлай әрекеттенгенімен, оны да жауып тастар деп, қайын енесі ешқайды жібермеді. Айғаным да батып түк демеді. Шынында не сезімің, не мыйн бойламайтын түсініксіз бір кезен еді. Тіпті хат танымайтын, момын шаруаларға шейін, енді-еніді көздері ашылып, кенестің мушелері шетінен ұсталып жатты. Сол кеткеннен өлі де жоқ көбі. Кейінгілер іздеу де салмайды.

Үш жылдан кейін Нұрхан елге оралғанда, таңырқамаған жан жоқ. Аналары ауылдың кәрі-жасын түтел жинап, күрмалдыққа жылқы шалған. Аман келгеніне құлшылық деп, қадалып ештеңе сұрамағандарына қазір өкінеді. Өзі де ашылып сөйлемейтін, сол баяғыдай, алыстан мен мұндалап, төнірегін мысы басып тұратын. Қапаста өткізген үш жыл мінезін өзгертуендей, тым жастай сынға түсті ғой, жарығым, күнім. Келе сала “үйлен, үйлен“ деп мазаладық.

Ай-хай, шіркін, құдайдың құдіретін айтсаншы, бір жыл ғана

жүрді-ау бостандыкта, үйленді, келіншегі аузы-мұрны шығып отырғанда, соғыс басталды. Майданға аттанар күні қайтадан қамалды. Дастанның көрер жарығына ғана акталғандағы екен. Әттең, дүние-ай, ұлды болғанын естіп үлгермеди. Дегенмен жүрегі сезген шығар, соңында үрпағы қалғанына, Рахман әuletінің аты өшпегеніне. Құдайдың құдіреті деген, міне, осы, ата-бабасының жалғасқан жапырағы, бұтағы. Қайран бауыр содан хабарсыз.

Сөйтіп, бір жұмбақтан екінші жұмбақ туындал, жалғыз іннің тағдыры мәнгілік қасіретке ұласты. Енисей өзенінде суға кетіппі деген альп-қашпа сөз бар, сірә, рас болар. Кеудесінде жаны тұрса, амалдан бір хабарын жеткізер еді ғой, тірі жүрсе, оралар еді ғой. Он жыл зардал шегіп, Токсейіт әйтекеүір келді ғой, қауышты ғой өздерімен, бұл да құдайдың құдіреті шығар. Апақ-сапақта бірінен соң бірін әкеткенде, тағдыр шіркіннің тағы нендей сабыт саларын қайсы болжанты. Ел шетінен әлгіндей сыйбыс естілгенде, бұдан сегіз-тоғыз жыл бұрынғы сүргін тағы қайталанды-ау деп ойлаған өзі. Бірақ жүргіттың ішіп-жегені бір-бірінің көз алдында, кигені, жиганы, тергені және солай, енді шетінен жалаңаш қалсын демесе, несін құтындаиды деп таңырқаған. Сөйтсе адам баласын қинаудың жөні мен жолының шегі жоқ екен ғой. Күні кеше ішпе, жеме, сәнденбе, салтанат құрма деп сондарынан қалмаса, енді аузыңды ашпа, мейлі, намысын, арын тапталсын, қынқ етпі дейтінді ойлап тапты.

Сөз десе, ежелден елеңдеп, арқасы қозатын бейбактың сол сөзден көрген қорлығы, әлдекалай айта салғаны, әзілдегені. кекеткені, емексіткені, алдарқатқаны, еркелеткені, аялағаны, азғырғаны, етінгені, қорқытқаны, ренжіткені, қуантқаны - бәрі айналып келіп әркімнің өзіне тоқлақ боп тиіп жатты. О, сүмдыш десенші, сайрауға, шырқауға дағдыланған тіл жаппай тұншығуға мәжбүр, жаппай қырқылуға тиіс болды. Кім зерттепті, қазіргі жаппай мақаулықтың, меніреуліктің түпкі тамыры сол қасіретті кезенің қойнауында жасырынуы әбден ықтимал.

Жалғасын таптаған дәстүр сабағын таптаған осімдіктеі солып куармай ма? Кейін шырақ альп жүгіргенінен не пайда,

такырдың үстіне бір отырғызғасын. Замандастарының тулкі-бұланға салынуға, аярлыққа, өтірікке дағдышануға, ор қазуға, атуға, құртуға бейімделгені рас емес пе? Сөйтіп бір-бірін жоюға еттері үйренді, занды да өздеріне лайықты жасады, өздеріне лайық деп орындалды. Сайдың тасындај жігіттерді үн-түнсіз әкетіп жатқанда, өтеуі, сұрауы бар мал құрлы болмады. Баяғыда, жесір дауы деп сәл нәрсеге аттан салатын жұрт қайран боздақтарының соңынан іздеуге, дерегін білуге неліктен талпынбады, неден сонша үрікті? Әкелерін ұстаған кездегі жағдай мұлдем басқаша, айғай-шу, жылау-сықтау, әкірендеу, бұйыру, не істесе де басын ашып алатын, көпшілік көңілінде қасірет қалғанымен, белгісіздіктің сываты қалмайтын. Асылы, атылып, айдалып-куылып жатсын, ішіндегілерін актаруға, қарғап-сілеуге, зарлауға, жоқтауға мүмкіндіктері болмаған. Бір-біріне сүйеніп, тым құрығанда қатындар басқа түскен қайғыны дауыс шығарып жоқтап, мауық басатын. Жер аударылғандарды да үйлеріне шақырып, дәм татырған, әкірендесken әкімдердің сыбағасын беріп жіберетін, койлек-шапан, сый тартатын. Ал енді жігіттерді үндемеске әкетіп жатқанда, жұрт ләм деспеді. Баяғыдай дабыра жоқ, кімді қалай, қашан әкеткенін де ешкім көрмейді. Ұзын құлақтан жетер сыбыр-күбір, ауылды жаппай қорқыныш жайланаған. Інірде ғана аттан түсіп жатқан азамат ертеңіне ізім-қайым.

Алда-жалда келін түсіру, құда шақыру, шілдеханаларға қатыса қалғандардың бірді-екілісі артынша орталыққа шақырылады. Бұлар аң-таң, сыпсың сөздің, ұзын құлақтың қайдан шығатынын түсінбейді. Сонда сауық-сайран тыйылмайды, қызы-жігіт, кемпір-шал бол айтысады, әндетеңді, сөз жарыстырады. Ер азаматтардың қатары сиреп, келе-келе той-томалақ та сиреді, ауылдың қасіреті қалындалды. Заман тыныш сияқты, бірақ айналасы екі жылда дауыл соққаннан кейінгі бау-бақшадай бір сүйкімсіздік көрініс көнілді жүдепті де тұрды.

Софыс басталардан бір жыл бұрын оралған Нұрханды ауыл құшақ жая қарсы алды, оның келгені өздеріне де, өзгелерге де жарқ еткен жүлдyzдай өсер еткен. Ағайын еңсесін қайтадан көтеріп, тіршіліктің табиғи ағысы қойсын ба, дүниеге

шырылдап сәби келеді, тұсауы кесіледі, тайға мінеді, үйленеді дегендей, жібі жіңішкеген әдет-салт жасқана-жасқана өз арнасын тапқан. Бұрынғыдай емес, күдік атаулы бірте-бірте тыйылып, ауыл үстінде анда-санда ән қалықтайды, күй күмбірлейді, жарқын-жарқын дауыстар естіледі, сынғырлаған қызы-келіншектердің құлқісі алыстан арбайды. Не пиғылымыздан екенін қайдам, Нұрханның қамалтуына себеп - байғұс Күжбанның қатыны босанып, баласы тұрмай шетіней бергесін кіндігін ереккек кестіріп, Нұрханды қолқалапты тойымды басқарын деп.

Майданға кетептің бір топ жастың арасындағы ересегі де, тіс қаққаны да өзі, мұрты тебіндең де үлгерменең басқалары оны “агалап“ бәйек болған. “Кімді қорғаймын деп бара жатқанымды білмеймін соғысқа“ деп айтқаны үшін әкетілті. “Жок, “Қайран қазақ“ деген өлеңі үшін...“ сияқты сөздерді арқалап, бұлар кала берген.

Кім, қайсы көрсетті, Итемгеннің тыңшыларынан ба, анық нендей айып тағылды, күә болғаны бар ма, өзінің титтей хабары жоқ. “Кешегі өткен заманды аңсап, зарлапты...“ деген сөздер ауылды аралап кетті лезде.

Жанғаным, анасы үшеуі үйде тұнімен тамақ пісіріп, жігітердің жолына ас-су дайындау қамымен үйде қалған. Енді ежіктегеннен не пайда, өтті өмірден қыршиын жас. Шешелері шыдамады, қайғыдан, құсадан өлді. Жасық, жуас еді, күйгелек еді марқұм, заманың тұзуінде үнілеп, айналасындағыларды үркітіп отыратын. Әкелерінің тірісінде байқалмаған жәйттер кейіннен кәдімгідей бадырайып, ұсак-түйекке шейін жүйкесін жүқартып, ренжіп отыратын үнемі.

Қызық, әдетте дастарқан берекесі әйелге қатысты ғой, ал бұлардың үйінің мырзальғы, қонақжайлышы, дарқандышына ең алдымен әкелері себепкер еді, үйіп-төгіп соншалықты қияметпен әкелгенін жүртқа аямастан таратып, себепті- себепсіз қонақ арылмайтын, дастарқан жиылмайтын. Күйгелек болғанымен тарындық танытпайтын шешесі, таңертеннен түн ортасына шейін сылт-сылт, қара шаруадан титтей тыным көрмейтін.

Нұрханды қамаған күннен құлады, содан оңалмады, не

жылай, не сөйлей алмай кемсөндеп, басын дамылсыз шайқаумен өтті дүниеден. Бір қайғы бол есенгіретсе, бір қуаныш бол алдаған, ай-хай, шіркін, өмір-ай, шешесін жерлеп жатқанда, Тендік үл тапты. Қатын-қалаш, қаусаған қарт, арпа ішіндегі бидайдай, бірен-саран ереккөңілдегі ауылдағылар. Белі үзіліп, жұмыс істеуді, міне, сол сәттен бастаған Жанғаным екеуі. Ай-хай, дуние-ай, қабырған қайыса жүріп-ак қондігеді екенсің киындыққа. Аппақ саусақтарыңды сүйел қаптап, бет-жүзінді аяусыз жел, аяз, жауын-шашиң осқылағанда, балтырың сыздап, табаңын удай ашығанда, жылы төсекке жетемін бе, жетпеймін бе деп қиялдайсың. Басыңа түссе, мұн емес нәрсе жок, басынан өткермегендер мұны түсіне де қоймас. Қара шаңырактарынан отау-отау белініп, үй тігіп шыққаңдары кеше сияқты еді, бұл тұрлаусыз уақыттың әмірі мықты екен, бәрін бүрсендептің әкеп, қайтадан қосты. Түбірінен оталған орманың орнында қалт-құлт сарғайған, шіріген шөп-шалам, қисайған, сынған бұтақтар тәрізді, өңкей қорғансыз жесірлер, бала-шага, шал-кемпір.

Азаматыңмен қоса айбының да кетеді екен, қашшалықты тырмысып, білдірмеймін дегеніңмен, орны үнірейіп тұрады екен қосағыңың. Даладан шаршап-шалдығып жеткенде, апалап төсіне жабысқан балалары қоюлған лезде қалай көтерсе, Тендіктің ашық-жарқын мінезі сондай әсер ететін. Қабағына қарап-ак тоятын. Кебежедегі азғантай азықты бабына келтіре үстап, Жанғаным екеуінің алдынан дастарқан жайып қарсы алады, бірде аш, бірде ток бөбектерін де жылы шырайымен қасынан үзатпайды. "Ертегі айтшы" деп, Октябрь етегінен жармасып, бір елі сонынан қалмайтын, Қалқан мен Кеңес ауыздарын ашып томпиып қана отырады. Ертегінің аса қызықты түсіна келгенде, Октябрьдің қол аяқтарын ербендейтіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін қимылмен көрсетем деп әлектенгені қыран-топан күлкіге батыратын үйдегілерді. Одан Кеңес пен Қалқан да қалғысы келмей ербендейді. Қыскы кештер сөйтіп балалардың кішігірім ойын-сауығымен өтіп жататын.

Ауылға алғашқылардың қатарында Құрман оралды. Дені сау, жараланбаған, әйткеүір жаны олжа, бәрі құдайдың жіберген

сыйындаи. Соғысқа кеткен тоқсан жігіттің алтауы ғана қайтты. Әбден титықтаған, арыт-аңыған бұғыльлықтарға бүл соғыс орны толмас опат, орны толмас өкініш бол жалғасты, әлі қаша жалғасарын кім есептесін. Әуелде құлыштап кеткен үйлеріне жер ауған ингуштың үйелмені кірген, шығындар демеді, Құрман да қарсыласпады, бәрі осында тұра берген. Ауылдағы бос үйлерге жаптай қоштіріп әкеleңтен шешен, ингуштар енген.

Шағын үйлер адамдарға тарлық қылмайтын, бір оттың басында бірнеше шаңырактың тату-тәтті тірлік кешуі әбден заңды көрінетін. Асылы, пенде байғұс не нәрсеге де тез бейімделгіш, тез көнгіш, әйтпесе сайын дағаны еркін жайлап, киіз үй тігіп керіліп-созыла күн оздырғандарын да біледі, сөйткен өмір өзгеріп, ел аспанына қара бүлт үйірлгенде, жұмылған жудырықтай бір жерге бастары түйісті, бұған да көнді, мал-дәulet ортаға түсті, оған да көнді. Елу жылда заманның өздеріне үйіп-төккен қандай да жөнді-жөнсіз жосықтарын, заңдарын үп дегізбей қағып алатындары қызық. Шетінен елгезектік таңытып, өзгере қалады, оқыс нұсқау, оқыс бүйрық, оқыс науқан, оқыс ұран ба, негізіне, өзегіне үңілер ешқайсын кездестірген емес. Қай кезеңде де "міне, малымыз, міне, жанымыз, ләппей, тақсыр, құлдық, тақсыр". Уақыт зымыраған сайын "ләппей, тақсыр, құлдық, тақсырдың" сипаты терендеп барады. Екі малдың тұяғы бітсе, біреуін сүйреп әкетіп, құлынды биені сасқандарынан жүз, жүз елу сомнан өткізгендерінде, тағы да әлті "құлдық, тақсыр". Қазір мың сомға табар ма екенсін құлынсыз биені. Жетпісінші жылдардың басында айырықша байқалған, сонда ғой Құрманның корадағы малды тігерге тұяқ қалдырмай мемлекетке өткізіп жібергені. Жергілікті советтің өкілдері үйді-үйді аралап, "артық мал ұстамаңдар, майды, сұтті, наңды кайдан аламыз дейсіндер ме, е, қайдан алушы едіндер, бәрін, де дүкеннен сатып аласындар" деп бөскен.

- Алғашқы бол елге үлпі көрсеттің, молодес Құрман, - деген комиссия мүшелерінің бірі.

"Молодес Құрманнан" кейін басқалар да амалсыздан малдарын арзан бағаға сатуға мәжбүр болған.

Қымызына үйренген құлынды биені әкеткенде, Айғанымның іші удай ашыған.

- Сен-ақ жүрттың алдына түсіп елетін болың ғой, апарма, сатпа, егер зорлықпен әкетсе, о жағын көрерміз, - деген.

- Үкімет айтқасын, зан, кеше коммунистердің жинальсында түсіндірді ғой облыстан келген мықтының өзі, мендей коммунистер, ардагерлер бастау керек деді ғой, сен осыны неге түсінбейсін?

- Эй, сен неге сұрамайсын, коммунистер ет жемесін, тамақ ішпесін дей ме сонда? Жұт шақырмайын десен, айрылма жылқыдан. Құтым, берекем еді, тағы не пәлені бастап отырсындар, кім мұндай бүйрық шығарған. Кім болса да миғұла біреу. Халық сонда күнін қалай көрмек, кім асырамақ, бүкіл малын қайтадан тартып әкетсе, баяғыдай отыз екінші жылдың кебін киіп жүрмейік.

- Ту-у, сен де қайдағыны жаңғыртып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осындай заманда, тамаша заманда, тіпті салыстыруға келмейді ғой, құдайдан қорықсайшы.

- Эй, сендер қорқындар құдайдан, өңкей бейшаралар, жандайшап белсендер, әй, сен енді кімнен корқасын, сақал-шашын ағарды, картайдын, қанша тыраштансан да енді саған ешкім жылты орнын, жәйлі қызметін бермейді. Сен осы кімге жарамсақтанып, кімге жағынғын келеді. Жә, жасында түсінікті енді, алыстың, жұлыстың, жеткен әділетін, бірдейшілігін, теңдігін кәне, жауға аттандын, жендін, жә, мұның да көтпен көрген ұлы той, тірі келгеніне шүкір, ал енді мына алжасқаныңа жол болсын. Жұрт күлмей ме мына қақbastы-ай деп, тым құрыса әліппін артын бак, байқа, сөл кідірсейші, сақалынды шошандаттай.

- Айттым ғой жағдайды, облыстан келіп түсіндірді дедім ғой, бәрібір енді қоймайды, одан да тезірек тапсырып, тыныш отырайық, бәрібір қалдырмайды, мен білем бе, сен білесін бе, үкімет бір айтса, бітті. Өл, тіріл, бірақ орындаісын.

- Ендеше, өл, тіріл, баяғыдан, міне, осындайсындар, сен түсіндірші, үкімет дегенің мендей адамдар емес пе, сен байғұс үкімет, үкімет дейсін өзеуреп, сонда оның кім өзі, темір, ағаш па ол қатып қалған. Қатын құрлы ақылдарың жок-ау, қайтейін,

сөндердің етектерінен үстап, жеттік қой жетер жерімізге, жеткіздіңдер, жарылқадыңдар ғой.

- Мұмкін әлі маскара ғып, мені тастап кетіп жүрерсін, менсінбей, әлі. Жә, сен ренжімеші, бас амандығын берсін құдай, мал бірдене болар, сонша таусылғаның не, балалардың дені сау болса, ертең-ақ орны толады бәрінің. Мұндаійың жоқ еді ғой, бағыда әкенінің үйір-үйір жылқысын айдал әкеткенде де үндемегенсің, енді бір биеге бола сонша күйзелгениң не, сен де үсақтайтын, картаяйтын деген екенсің, Айеке, - деп өз қылғығын жуып-шайған Құрман.

Айғаным бұдан әріге сөз таластыруға құлқы соқпаған. Былай қараса, баланың ойыны ма дерсің, он-он бес жыл, өйдөйт, кенірдектерін созып айғайлаған жәйттерді аяқасты быттыштық қылғып, тағы бір он-он бес жылдан кейін өздері ойлап тапқан ұрандарын қайтадан атып ұрып, еш занғылышқа сыймайтын бір науқанды төпелетіп, өздерін өздері аяусыз таптаған бұл не жұмбак?

Заман жел, адам қаңбак болып, сана-сезім, ми, ақыл атаулы сұрапыл екпіннің астында тапталып, күр сұлдері қалған дәуірлестерінің басқашадай болуы мүмкін емес-ау. Өз ықтиярларымен тоқпактағанда, құғын-сүргіннің небір үлгісін ойлап тауып, алды-арттарын бағдарламастан асыққанда, зорыққан, көтерем аттың кебін кигендей екен. Жұз, мың жылдан қалыптасқан жоралғы, дәстүрді елеп -ескермей, жер көктегі ешқандай занғылышқа сыймайтын қатқыл қағидаларды шүғыл ұстемелетіп, және мұны дереу бойына, қанына сінірем деп күштегенімен, құдай-ау, бұдан бір мысқал өзгерер ме табиғатын. Сүйегіне сіңген салт-сана кенеттен жоққа шығарыла тапталып, осының кесірінен түпсіз шынырауга өз еркімен құлдырап бара жатқанын пақырлар сезбейтін де сияқты.

Жерлестері үшін ата-баба, аруақ деген қасиетті үғымға шейін ескінің сарқыншағы. Өздері қабылдамағанның бәрін соған сиғызызады. Неткен әділетсіздік. Әуелдегі салт-сананың жүрнағы да жоқ әлденелерді өткеннің керексіз қалдығы деп отырып көбейтетінің қайтерсің бүгінгілердің. Бағыда бабалары ешқашан қызын малға саптаған, қалың мал деп берсе,

оны екінші жақ жасау деп қайтарған. Отау құрған екі жастың келешегіне алдын ала жасалар әрекет, түрмистан қындық көрмесін деген пигылдан туған екіжакты қамқорлық. Жас кезінде мұндай пікірді әкесінен естіген. Жанғаным екеуінің айттырып койған жерлері бар. Есін білгеннен әкелерімен еркін сөйлесіп дағдыланған, “Айғаның, Жанғаның қалыны...” дегенді еміс-еміс құлактары шалатын. Содан бір түрлі тіксіне үйдегілерге сауал тастаған:

- Сонда қалай, қыздарыңды сатып, байығыларың келе ме? Неткен қорлық, неткен надандық бұл. Өздерің ғой, қыздарымыз оқысын деп молда жалдайсындар, орысша сауатын ашсын деп және мектепке апарасындар, сөйте тұра қалың мал аласындар, бұдан өткен түрпайылық болар ма ?

- Қазактардың ежелгі салтынан қалай аттаймыз. Малға сатылғаның алды да сендер емес, арты да сендер емес, қой, әрі, қайдағыны қазбаламай, - деп шешесі қабағын түйген.

- Әй, - деп Рахман тамағын кенегендे, үйдегілер бір-біріне жалт қарасты. Ол әйеліне дурсе қойды, бұрын мұндайы жоқты.

- Былшылдамай, тыныш отыр. Ештененің мәнісін үқлаган жетесіз неме, не, мен сені малға сатып алып па едім, қашан сатып алып едім. Әкең берген үйір-үйір жылқы, түие, коймен, күтушілерінмен, тұтастай бір ауылтынмен көшіріп әкелгенімді қалай үмитттың? Сонда деймін, есептеші, менің әкемнің сендердің қораларыңа айдалап салған қырық, жетісі жасауыңа жетіп пе? Саған берген қалынға үстемелеп мал қосып әкелген.

- Мениң жағдайыммен салыстырма қазактың қызыға қалың бергенін. Мен біреудің жалғызы болдым. Әкем ештенесін аямады, өзің білесің, келін бол түскенімде, сенін ауылының үстінен ауыл көшіп келгендей болған жок па, сондағы көш әлі есімде. Басқалардың жағдайы ше? Кейбіреулердің қартайғанша қатын алуға қаржылары жетпей жүретінін қайда жасырасың. Қыздарың сатпаса, әлгілер неғып кезінде үйлене алмады? Сен де қайдағыны айттып, сатқан қазактар қызын... несі-әй, - деп шешесі біраз күнкілдеген.

- Пәлі, - деп Дәм-ага әлпіндеі ашуынан қайтқандай, кенқ-кенқ күлген, - сен елден ерекше болдым дегін келеді, ә? Рас, оның рас енді ерекше болғаның, әкенінің арқасында. Бірақ

аталарымыз ешқашан қызын малға сатпаған. Өзің ойлашы, - деп әкесі Жанғанымға бұрылған. - Сенің көзің ашық, кітапты көп оқисың, қанша хисса, ертегі, жырды жатқа білесің. Солардың арасынан кездестірдің бе: қызын малға сатып байыған кейілкерді?

Жанғаным біраз ойланып, басын шайқаған.

- Кездестірмедің, ә. Қанша жұмбақ, тақпак, олең білесін, соларда айтылған ба осы жәйт?

- Есімде қалмагты, - деген екіүштілау етіп бул.
- Яғни айтылмаған, еш жерде айтылмаған, - дей берген әке сөзін Нұрхан бұзған.
- Айтыстар ше, қыздардың ағайын-туғанымен қоштасып, сыңсығанда арызданатыны ше, бір жаманға қор болып, малға сатылып барамын деп жылайтыны ше?

- Тындаласаншы, - деген Дәм-ағаның қайтадан қабағы түнжыраған, - рас, бертінде кейбіреулер қалың малды тек өз пайдаларына шешкен, қазір де солай. Бірақ біздің әуелгі дәстүрімізде мұндай болмаған. Тілімізді түсінбеген, жөн жосығымызды үклаған шенеуніктердің ойлап шығарғаны ғой, оларды құстаналау киын, алғашында жергілікті тұрғындардың арасынан әлгі шенеуніктерге көмектесіп, жөн-жосықты түсіндірген кім болды дейсің. Тіл білмеудің қырсығы, небір сүмдық, пәлекет көршінін тілін білмеуден өрбиді. Қоян-колтық араласып, бір-бірінің дінін, ділін, әдет-ғұрпын зерттегендө, кез келген басқа жүрттың міnez құлқын, қасиетін де жақсы түсінеді ғой. Ал біздің сорымызды қөп нәрсе керегар, дамыған, тым түйікпаз ба, қайдам, әйтеуір өзімізді сорлы, бейшара етіп көрсетуде алдымызды жан салмаппаз, әлі де солай жалғасатын шығар. Мына масқараны қарандар, қызды малға сатады деген жаланы тойтарудың орнына өздерінің әдет-ғұрьштарына керегар анықтама жасағандарға өтірікті шегелей нықтауға, қалыптастыруға жан-жақты ықпал еткен ағайын. "Иә, наданбыз, қызымызды сатамыз" дескен, бұған қоса кейбіреулер бастап та жіберген науқанды. Сөйтіп болашақ үрпактың алдында қарғыска ұшырап отырмыз мына біздер. Қарактарым, естерінде сақтаңдар, бабаларынды бекерге сөкпендер, олар ешқашан әлгіндей төмендік танытпаған.

Сол жолы шешесі мен Нұрхан Дәм-ағамен келіспей көптеген мысалдар келтіріп, "Айғаным мен Жанғанымның қалыңын алғып, жасау деп асықтай отырысың" деп қалған.

Ай-һай, опасыз дүние-ай, сойткен қалың да үкіметтің еншісіне бұйырды. Күйеу жақ үрім бұтақтарымен елден қуылып, кейінгі жағдайларынан хабарсыз. Тек Жанғанымның атастырылған жігіт аштан өлігін дегенді естіген. Айғанымның өзі әке сөзінің жаны бар деп есептейді. Кейінрек бұған көзі жеткен. "Мына масқараға назар аударыңыздар" деп Дәм-аға тектен-текке ескертпепті, алу, сату, пайда табу әрекеттері кейіннен, әсіресе тұрмыс жақсарған сайын үйлену тойы, құда шақырысуда керемет үясын тапты. Өзі куә: ғасырдың бас кезіндегі кейбір келенціздіктен әлдекайда асып түседі қазіргі салт-дәстүрдегі жебірлік, бәсекелік. Баяғының қызы ұзатып, келін түсіруіндегі, өлік жөнелтуіндегі біркелкі ұстанар, біркелкі сақталынар ережесі болатын. Төгілген арак, екі арадағы оңайлықпен аяқталмайтын сауда қызықтың құтын үрласа, "байдың барын шашам, жарлының артын ашам" үғымының қазіргі қазадағы көрінісі мүлдем сұрапыл. Тірілердің араны ашылады да кетеді осынау аса бір киелі сәтте. Кешегінің қарапайым ырымы бүгінде дерекілеу ырыңжырынға, кешегінің ұстамды әдет-ғұрпы бүгінде әделсіздікке, тойымсыздыққа ұласысты.

Қанша ашынғанымен, баяғы жартас, сол жартас, айғайласын, жар салсын, жыласын, жалынсын, енді ештенені өзгерге алмайды. Талай тұнді кірпік қақпай өткізгенде, аруақтардың алдындағы кешірілмес үрпақ күнәсін жеңілдетерлік бір амалын ойлап табатындай-ақ шарқ ұра мазасызданатын. Таңды таңға ұрғанда, бәрібір түк те өндірмейтін, өзін-өзі қажытқаннан басқаға қауқарсыз.

Сондайда бар ашу-ызасын Құрманға аударатын:

- Құтхана мекенімнен бездірдің, ағайыннан бездірдің, бәріне сен кінәлі, өуелден намыссыз жаратылған бозокпесін, саған ерем деп, саған сүйенем деп, далбаса тірлік кешілгін.

Шалы үндеңей құтылады. Не мұны қостамайды, не ренжімейді. Оған бәрібір сияқты, Айғанымның шымбайына бататына да осы, былқ етпейтіні.

Айғанымның жақыннан да жаттан да көретіні самарқаулық, сылбырлық, аруағын қорласын, ақ сақалын жұлсын, ата қонысынан қусын, мейлі, ішкенге мәз, кигенге мәз. Тойғандары соншалық, кездерін шел, көкіректерін тот басқан. Саналы-ау дегендері өбден қорқып қалған, тілдерін тістеп, іштерінен тынады. Әйтпесе ата қоныстарының іргесінде отырған Тоқсейіт пен Жанғаным қалай шыдаған, жо-жоқ, олар білмей қалдық деп, қанша акталғандарымен, бәрібір кешірім жасау қын. Пәлен жыл өткеннен кейін Бұғылыға барған бір жолы ”Дәм-ағамен амандастып қайтайық” деген. Құрман шошыңқырап, қапелімде ешқайсы кетгік дей қоймайды. Үңғайсыздау тыныштық орнап, көздерін бір-бірінен алтып қашқан.

- Бастарына барып, малдың қаңын шығарсақ қайтеді, - деген Тоқсейіт.

- Онда бүткіл ауылды со жерге шақыру керек, - деп Жанғаным не қолдағанын, не қарсыласқанын білдірмеген.

- Жұрт қалай түсінеді, мұның өзі... - деп Құрман сөзінің сонын жұтыңқырап, ынғай танытпады.

- Иә, сен өмірбаки осылай жұрт қалай деп өтесің ғой. - Кеудесін кере күрсінген Айғанымның жігері жасыған.

Құрмалдық шалмаған. Төртеуі күздің қоныр салқынында ілби аяңдаған ат-арбаның үстінде. Әке-шешелерін бүтін жерлегендей қабактарынан қар жауып отыра берген.

Божы ұстаған Тоқсейіт қамшысын атқа сіттемеді. Басы салбырап, қалың ойға батқан түрінен айныған жоқ. Әрқайсы іштерінен күйзеліп, анда-санда ”үн” деп тұншықдан тыныстары ғана әуені сызғылайды. Төнірек те мұная мултіген, жолдың қос қапталындағы тал, қайыңың жапырақтары бір сарғайып, бір қызырып қалып барады. Айнала жудеп, алдағы жол қысқарған сайын сидаң тартқандай. Дала баяғы маңғаздығынан, шексіздігінен айырылып, етек-жені түріліңкірегендей ме, жан-жақтарынан қысып, демдерін алқына алады. Әлде іштерін тесіп әкеткен шарасыздық па, жан дүниелерін айран-асыр ғып, жүректерін шайльқтырған мына сэтте қоршаған орга да өз-өзінен кішірейіп кеткендей. Балалық, жастық дәурендері өткен алқаптың қойнауына бірегей енген

сайын әлде сағыныш, әлде өкініш, әлде құлазу ма, бойларын телегей-теніз толғаныс билеген.

Соны бұзғысы келмегендей, біреуі жағын ашар емес. Оқыстан әлдене десе, табиғат пен екі ортадағы тілсіз үндестіктің шыркы бұзылатында. Алға жылжыған сайын баяғыдағы қалың жыныстың қатары селдіреп, әлден уақытта жазыққа ұласты. Манадан соңдарынан қалмай жарысқан қос қапталдағы ағаштар да кітт тыйысып, донғалақтардың астында шыр айналған жол енді жінішкере берді. Жиекке шейін егілген дақыл, оң жақта бидай, сол жақта жүгері. Жолға тақала себілген соншалық, әрлі-берлі өткен көлік шеттерін аяусыз жаншыған. Машина, тракторлардың бүл жермен жүрмейтіні анғарылады, ені тар, аракідік ызығытқан мотоцикл іздері баттыыпты шашылған дақылдың устінде. Усті-устіне төпелеген сұық жаңбырдан еңсесін көтере алмай, пісіп үлгермеген қалпында бидайдың сабактары иіле төмөншіктеғен.

- Шіркін-ай, бес-алты күн ашық болса ғой, жауын әбден титықтатқан екен жарықтықты. - Төңірегін әрлі-берлі барлағанымен, Құрман қайда келе жатқандарымен ісі жоқ сияқты. Қөгерген күйінде комбайнға түсер астықты елестетіп, басын қайта-қайта шайқайды. - Жарықтық-ай, обал-ай, аспанның да жуықта ашылар райы байқалмайды, ә...

Касындағылардың ешқайсы оның сөзін жалғастырмады, тұнжыраған күйлері. Тоқсейіт қана көкжиеқке енжарлау коз қызығын жүтіртпі өтті.

Шынында жер-көк көнілсіз. Баяу көшкен қою бүлттардың жақында тарай қоятын түрі жоқ. Төбеден төне түсіп-тоне түсіп жауын тамшыларына айналмай жатып, қайтадан жел көтеріп әкеткенде, кеністікке қанатын кең жая үздік-создық жүзе жөнеледі. Әлгі өзірдегі жоғарыдан сығалаған жылт-жылт күннің сәулесі енді бүлттардың астында жоғалып, төңіректі одан әрмен жүдетіп жіберді. Қай-қайсының да бойы тоназығандай. Сумандаған ызығарлы лептің онайтықлен басылар сынаійы жоқ. Неге екені белгісіз, бір-біріне арқа сүйеп отырмай, әрқайсы өзінше бөлек шоқиған. Сірә, соңдықтан да шығар тонғандары.

- Айдамайсың ба атты, - деп қалды Жанғаным.

Оған Тоқсейіт ден қоймады. Өз ойымен өзі әлек. Межеге жақындаған сайын алабұртып, жеткізбесе еken, көрінбесе еken деп келеді іздеп келе жатқандарын. Жеткізетіндей, көрінетіндей мүмкіндігі жоғын білгендіктен бе, өзі де түсінген жок.

Мынау сары-жасылды алқап шексіз созылып, бұлардың көрсем дегенін үшпі-куйлі жұтып қойғанын елестеткендіктен де әрі қапаланып, әрі ынғайсызданып, божыны мұлдем бос тастаған.

Іштей анықтап отыр: ескі қорымға апарар жол жок, мынау егіс алқабын он айналса да жетпейді, жету үшін анау бір тұстан тіке тарту керек, жайқалып өскен дақылды таптап өту керек, соқпак салу керек. Бағана бұны қалай ескермегеніне таңырқады. Ауылға жыл құсындаи сиректеу соғатын Айғанымның көнілін қимағанда, бұндағы жағдайдың тарс есінен шыққаны-ай. Орақ аяқтағасын, әйтпесе қоқтемде, қыста әкелмесе, қисынсыз шаруа еken. Әдетте өздері бұ жаққа аяқтарын аттап баспайтын. Қанша опындығанымен, болар іс болғасын, ескі жараны тырнауға аянашқтанатын. Тіпті кейінгі кезде ұмыта бастағандай, қайтемін енді, уақыттың өмірі ғой деп тынатын. Осы төніректі мекендердегендердің бәрінің де бабаларының сүйегі кетті, жалғыз біздікі емес деп, бір-бірінен кінәні қашыруға тырысып жүргенде, жылдар да жылжып өте шығыпты. Көзкөрген қарттар азайып, кейінгілердің мұнымен титтей ісі жок.

Алыстан жалғыз ағаштың сүлбасы шалынды назарына. Жүргегі шым етті. Ескі қорымға аппаратын жолдан қалған жалғыз белгі, баяғыда да дәл осылай тұратын, "жалмауыз кемпір" дейтін жүрт. Бала-шаға жиылып, қиқы-шойқы бұтактарына өрмелеп, денелерін көгертсе де, қоймайтын мұнда келулерін. Соларға талай таяқ жегізген "жалмауыз кемпір" енді өзінің атауына лайық сияқты көрінді. Жалмауыз деп ойлады Тоқсейіт. Анау зым-зия, көне қорымды құртқан да осы "жалмауыз кемпірдей" елестеп кетті. Ойырмай, құдайдың ісі ме еken, төніректегі шоқ-шоқ қарағайлар, корым тып-типыл да, мынау сакталған.

Арбадағылардың қабағын сезгендей ат та көнілсіздеу ілбіп,

донғалактар сықыр-сықыр ирелендейді. Қасындағыларға не дерін білмеген Тоқсейіттің кері оралуға да құлқы соқпады. Меніреу жандай басын көтерер емес.

Құрманның есі-дергі егінде, "әттеген-ай, жарықтық-ай" деп әлсін-әлсін қайталайды, баласын әлдилеген әйелдей-ақ еміренеді.

- Енді ғана түсіндім, - деді Айғаным, - миыма кірсеші дәл осылай боларын, көрмеген соң сенбейтінмін, сенбекесін, аландастынымын, есім кете аландастынымын, құрыңды, бітті бәрі.

Тоқсейіттің иығынан жүк түскендей, божыны қаттырақ тартып қалды. Дәм-лим үндеместен, егін демей, жол демей, аттың басын дөрекілеу бұрып кеп жіберді. Бидайдың сабактары кірш-кірш сыйып, жапырыла құлады.

Әлі де ештеңе үғынқырамаған Құрман:

- Өй, аясанды, обал ғой, аясанды, - деп Тоқсейітке алақтай қарады, - өй, қайда тарттың, мұнның не, байқасанды, обал ғой, обал...

- Обал дейсің бе, - Айғанымның дауысы қаттырақ шықты,
- Нені обал деп аяп келесің сен, не түсініп келесің сен? Сен...
сен...

- Нанға обал деймін, тағы да не жазып қалдық саған, әлде обал емес пе, қанша бидай сабактарын жапырып кеттік, өткен-кеткеннің бәрі сөйтсе, несі қалады мынау егіннің, қанша адамның мәндай тері, адал енбегі...

- Сорлы... сорлы, - деді қайталап Айғаным, - нан дейсің бе, бәрін - арын, намысын нанға сатқан сорлы, әй, наның құдірет, әмір, дәмнің патшасы екенін білеміз, бірақ жаным - арымның садақасы демей ме қазак...

Мұлгіген тыныштықты тілгілеген Айғанымның сөздерін бөлуге ешқайсының батылы бармады. Тоқсейіттің жауырыны қозғалғандай.

Құрманның түрі аянышты еді, басын мұлдем көтере алмай қалды.

Жанғаным Айғанымның тізесіне қолын батырып-батырып, "қойсанды" дегендей үнсіз қылды. Жалғанда еркектің баяшаша түрін көргеннен қысылар әдетімен Құрманға қарауға үялып, бұрылыңқырай теріс айналды.

Айғаным бірақ құлақ аспады, жүзі күренітіп, көздері жасына лайықсыз шоқтай қызарған, Жанғаным дереу қолын тартып алды.

- Нұрхан қалай біліп айтып кеткен: қайран қазақ, тірлік тоzaқ, - Айғаным өз-өзінен тебіреніп, өз-өзінен көнілі бұзылған кейінде ұзақ күніренді. - Құдайдың қандай қаһарына ұшырасқа та, енді бізге обал жоқ шығар, жаратқан иеңе енді не деп жалынуға болады, тәубадан айырылдық, ата-баба аруағын аттап кеттік, қап-қара қарғыс арқаладық... қайран қазақ, атқан аруақ, азған үрпак, қалды-ау, өнкей бозсолпак, қайдасың, қайда кешегі боздак, осының бәрін болжап айтып кеткен, беу, шіркін, Нұрхан!

Кез жасына булығып, әрен отырган Жанғаным шыдамады, аңырап қоя берді:

- Арманда кеткен бауырым, азатқа көнген бауырым, айтуға да болмайды, іздеуте де болмайды, түсіндірші бауырым, өттің бе өлде қинальп, қандай жағдай, не халде, артынан сұрап баруға, жетпеді біздің дәрмен де, құзғынға жем болдың ба, қоқыста әлде қалдың ба, асыл сүйегін, қапылыста солдың ба!?

Айғаным Жанғанымды құшактай алды, қанша жылдан бері тұншықтырған, екеуіне ғана белгілі қайғы-бұлақ арнасынан асып, ал кеп бүрк-сарқ төгілсін. Мынау қындау сәтке дөп келген қырық жамау көнілдеріне басу айттар шама Құрман мен Тоқсейітте жоқ. Бұрын-сонды жариялап сәті түспеген, іштерін әбден тескен екен, екі әйел Нұрханды айтып, солқ-солқ жылады.

Ескі қорымның орнын шырамытқандарымен, әке-шешелерінің бейітін дәл анықтай алмады. Бірақ қай жағына қараса да сол баяғыдай коріністе, әке-шешелерінің бейіті ап-анық елестей берді. Сол баяғыдай екен дейді, бәрі жерге отыра қалыш, беттерін сипайды, әлдекімнің аят оқығаны естіледі, неткен макам, құлаққа жағымды, көзінді жұмып, қолынды жаясын, кәдімгідей қауышасын, амандасасын, бәрі өніндегіндей.

Жанғанымның иығына басын сүйеген Айғанымның сарнаған жоктауы екен санасына бірте-бірте сінген. Сынаітын, сөгетін бөтен кісі жоқ, мұнартқан дала жап-жасыл, екеуіне

қосылып сыңсығандай, ізім-қайым жоғалған бауырын бірге жоқтағандай, анау астықты алқаптың астында қалған ата-баба сүйегі үшін кешірім сұрап жалбарынғандай.

Шіркін, даланың қайталаңбас қасиеті-ай, әкең болып, анаң болып аялайды, аймалайды, сырласың, досың болып, құшағын жаяды, қайғынды бөліседі, мандайынан өбеді, арқандан қағады, әйтесін кіршіксіз ниетімен бауырына тартады да тұрады. Даға дегені далиған аспан екенін аңғарған Айғаным қайтадан төнірекін барлаған, бидайдың масақтары да бұлардың жоқтауына қосылғандай, теңсөледі, иледі, бүгіледі, тербеледі. Жер-көк тұтаса астасып, тебіренгендей. Төніректі жайланаған лептің өзінен шарасыздық аңғарылады. Анау-мынауға былқ етпейтін жел де жуасып, бұлардың зарын қостағандай.

Құрман мен Тоқсейіт әлі үндемеген қалпы, бір-біріне арқаларын бере бүктетілген. Жүріп келеміз бе десе, аттың қашан тоқтағаны естерінде жок, басын шулғып тұр.

- Сабыр етіндер, - деді Құрман естілер-естілместеу. Даусын сәл қаттырақ шығарайын десе, өзі де еніреп қоя беретіндей. Сай-сүйектен откен өйелдердің сөзіне шыдау мүмкін емес, - сабыр, сабыр, - деді тағы да.

- Жыласын, ақтарсын мұн-зарларын. - Тоқсейіттің үні ширак, іштей бекінген, нық. - Осы арада жыламағанда, қайда жылайды, жетер тұншыққандары, жыласын, зарласын. Енірейтіндей-ақ жағдай, шырылдататындағы-ақ ашы шыныңқ емес пе. Қайда барып, кімге мұндарын шағады, кім құлақ асады дейсін, кім түсінер дейсін, айтқанымен, үқтыра алмассын, сыйырлағанынмен, сылап-сипай алмассын, алдағанынмен, актауға бәрібір келмейтін қасірет қой бүл. Бүкіл атырапқа аттандалап, жар салсанғана жеңілденерсін, бәлкім бір амалын табар құдайым, азап шенгелінен құтқарап сөйтіп біздей пақырларын, не болыпты соншама бітеу қинайтындаі, соншама бітеу қорлайтындаі. Мынау жарық әлемнің астында бір әділеттің бары хак, тоса-тоса шаршаған шығар. Жоқтамайтындаі жан ба еді Нұрхан, жыла Жанғаным, зарла Айғаным...

- Құдай бірақ қалай ғана жібір дейсін, Тоқсейіт-ау, қалай ғана мейірім танытар дейсін, аргы тегін қазбаламағанда, әке-

шешенің сүйегін қорлатып, осы күнге, осы масқараға жетілпіз, құдайға жалбарынар бет қалды ма енді бізде, өнкей жасық арсыздарда. Не түрімізben келдік осында. Түсіндірші, Тоқсейіт, мүмкін сонда басылармын, мүмкін сонда құтылармын құсадан, құдайдың құлағына мүмкін сонда тыныштық берермін. - Айғаным қалтасынан орамалын альп, көзін сұртті.

Жанғаным тағы да жоктауға көшті. Нұрханның белгісіз тағдырын обден сарнатып кеп, әкесі мен шешесіне ауысты:

- Жатырсың ба, әулием, отырсың ба, әулием, әлде бізге өкпелеп, үштың ба алыс, әулием, біздін тірлік далбаса, не істесен де еркінде, қыласың ба қанжоса, отырсақ та іргенде, қомтиғанмен құр кеуде, аруағынды қорлаттық, артындағы кор пенде. Мына дала қай дала, кешегі ғажап боздала, тай-құлындаі төбіскен, сендер едің бозбала, қазір міне отырмыз, сақал-ша羞ы ағарған, қаусаған өнкей кемпір-шал. Жыла, зарла, айғайла, қолдан келер қайран жок, бабаң бәрібір кешірмес, қанша мейлі қазбала, жаратылған екенсін, етек-жені далишп, аруақтардың сорына, кешегі шексіз кең дала, енді бүгін тар дала, зарыма менің назар сал, танымай тұрмын өзінді, шалғының қайда, шүйгін шөп, еді ғой жидек, шие көп, алаңдаймын, қараймын, әттен, бірақ дүниес-ай, қаңыраған айнала, қалған жерім айдала, мына дала қай дала-ау...

Құрман арбадан түсті. Тоқсейіт әрлі-берлі қозғалынқырай арқасын жазды. Айғаным мен Жанғаным сабасына тускендей, анда-санда өксіп, бірінің айтқанын екіншісі сыйырлай жалғастырады.

- Тіршілік заны осылай, - Тоқсейіт бұларға жақындағы, - енді жиырма, отыз жылдан кейін бұжерге ешкім де атабабасына тәжім етуте келмейді, біз басы да, аяғы да шығармыз. Жалаң аяқ жүгірген, аунап-кунаған, қайран, туған топырак, бізді жас болды, сені жұп-жұмсақ, үлпа болды дегенге енді кім сенсін, ерсілі-қарсылы шапқылағанда, сағымға жетем деп зымырағанда, жеткізбейтін едің, қайран, кең далам, өрісің тарылар дептіз бе,

- Өзіміз ғой өрісін тарылтқан, - Айғаным да жерге түсіп, қара мақпал шапанының умаждалған етегін қағынқырады. -

Сені кінәлауға дәтім шыламайды, жолың әуелден ауыр, ал елдің басқа еркектері ше, қайда қараған.

- Жоқ, мен де кінәлімін, айтуға, жоғары жаққа баруға қорыққаным рас, оқыстап "ә" дегендегі үркіп қалған сорлымын, ести тұра ешқандай әрекет жасамадым, не істесе, соны істесін дедім, тұп орнымызбен өртесе де қарсыласатын дәрмен жоқ еді. Тұған жерге жетіп өлсем, арман жоқ деп жүргенде, тірлік шіркін, тәтті екен, қайтадан итжеккенге айдай ма деп қаймықтым, аруақты атауға қаймықтым, аңдығандар арамызыда көп еді, өздерің сезесіндер ғой, әттең, бекершілік екен. Егер Нұрхан тірі оралғанда, мұндай сорақылық жасатпайтынына көзім анық жетеді, ол бәрімізден білімді еді ғой. Біз істің байыбын зерттеместен, әншейін құрдан құр айғайлап шапқылағанда, Нұрхан мың ойланып, мың толғанып барып шешім қабылдайтын.

- Қайран, ашылмай кеткен кеменгерім!?

- Маңдайға симай кеткен асылыым...

Әйелдер жағы қайтадан аһ үрді, үздіксіз құрсіністің толастар түрі жоқ, ұзак уақыт сактаған шерлерін осы сәтке дайындағандай, осы сәтпен ақтарынып тынатынғай. Бұрын соңды бастарынан кештеген жағдай. Үйден әрі-сөрі халде аттанып, біреуі барайық, екіншісі бармайық дескенде, жүргіттан тығызып, үрлік жасаута бел бугандай-ақ қыстаңған қайқайсы да. Әсіресе Тоқсейіт кәдімгідей сасқан, жолдың жоктығын Айғанымға айта алмай тәуекелмен жүріп кеткен, не болса да өзі көрсін, көнілі сұзысын, қашан тоқтатқанша, егіс алқабын айнала берейік деген іштей. Алдарынан жалғыз ағаш "жалмауыз кемпір" қарайғаннан селе қойды, дәл қай тұс деп және қинамады. Дағаны құнғрентіп, жоқтауды аңыратқаныай, шіркіннің, бәрінің мұн-мұқтажын тәнірінің қолына ұстап жеткізгендей болды. Тоқсейіт кәдімгідей женілденіп қалыпты.

- Оňаша келгендерің дұрыс болды, - деді, - әйппесе Айғаным "молда керек, молданы апарып, аят оқытайық" деп болмап едін, олар баяғыда қайда қалыпты.

- Артығы жоқ, кейін үйге шақырып, жолын беру керек, қазір де дұрыс болатын еді.

- Сонда кім деп, не деп аят оқытасындар, мына егінге ме? -

Күрман басын шайқады. - Молда келмес те еді, күнәға белшемнен батармын деп.

- Күнәға батқысы келмесе, әлгінде Токсейіт дұрыс айтты, құдайдан корықса, баяғыда қайда қалыпты, солардың міндепті емес пе, аруақты сыйлату, таптаптау, бейттерді қорлатпау... біздің ауылдың молдалары өншейін күнкөріс қамының құлы, ә десе, ақша деп құныкқан, екі ауыз арабша айтқан сөздерін сатқандар ғой кілең, - деді Айғаным.

- Қой, ойтіп барлық молданың обалын көтерме, - деп Жанғаным майдалай сөйлемді, - бәрі бірдей емес, өзіміздей адам ғой, біздегі құлқын тамақ оларда да бар, қайтсін, көптін көніліндегін табу онай ма?

- Мен басқа нәрсені айтып түрмyn, құран оқып, майлы ет жегенде керемет, шетінен шешенсіп және мықты, ақылгойсігенде тағы солай, нақтылы істеріне келгенде, қарның ашады, тіпті жүргегін айниды кейбірінен.

- Сөзің кітап, Айғаным, дәл айттың. - Токсейіт миығынан күлді. - Сен, Жанғаным, жаңың ауырмай-ак қойсын, бірақ мына шыңдықты мойындаши, қазіргі молдалар кім?

- Енді қайтеміз, кәрі құртаң азайды, өлкіті арулайтын да жан қалмады бүгінде, құран шығартып, актық сапарға аттандырар шал-кемпір де саусаклен санаарлық, сосын амал жоқ, сасқанда, сақалы шошандаған біреулердің отырғаны да демеу көнілге, - деп Жанғаным жуып-шая сөйлемді.

- Қой әрі, ойтіп көнілге демеу болғаны құрсын. Енді ойлансам, өзімізде еken ғой барлық пәленін үясы, әйтеур осылай жасайтын баяғыда деп, тонын айналдырып, былыққа жол ашамыз, дәстүрімізді сөйтіп тоздырамыз. Жаланың бәрін артынан ата-бабаларымызға аудара саламыз, топас, мешеу болғанбыз баяғыда, сорлы болғанбыз деп қақсаймыз келіп, қақсаймыз келіп. Топастықты өзіміз өрбітіп жатқанымызбен шаруамыз жоқ, міне көріп түрған жоқсындар ма, анау ескі қорымның орнында қанша жаның сүйегі жатыр, кезінде қасиеттеп, әрқайсын жерлеуге қанша халық жиналды. қанша тілек, қанша арман, қанша үмітті жоғалттық, санасак, Жанғаным екеуміздің шашымыз жетпес.

- Иә, - деді Токсейіт тебіреніп, - осы маңайға жақындауға

бір түрлі жүргегім дауаламайды, әлгінде Құрман, сен, “пісіп үлгермей құрыды-ау” деп өкініш білдірдің, дәл осы жердің егіні жыл сайын осылай, дән түйіп үлгерместен қардың астында қалады, кейде орылмайды да, басқаша болуы мүмкін бе? Мен ойлаймын басқаша болуы мүмкін емес, бұ Жердің егіні ешқашан толысып піспейді, құдай бар ма, жоқ па, мәселе тіпті онда да емес, жүздеген, мындаған адамның қаны, жаны болды, бәрі бірдей жексүрүн емес шығар, топалаң асыратындей, тыптипыл ғып жойып жіберетіндей денелерін. Қанша дегенмен, қыын іс, ойласам, миым ашиды. Осылай өндірген нанның тамактан қалай өтетініне қайранмын, қылтамакқа, не басқаға үшірамай, міне, әлі келеміз саудың тамағын ішіп, нақурыстың тірлігін кешіп. Өз шанырағымның жағдайын, ешкімге ешқашан айтпайтын өз қасіретімді ойлағанда, неге деп аласұрғанымда, нендей күнәм бар деп арғы-бергіні қопарғанымда, міне, мынау қорымның жоғалған кейіпі көз алдымда тұратын да қоятын. Үрпағымның ертеңі не болмақ, құдай бізге бір шаранасын қия ма, қимай ма деп күдік пен үміт қатарласа қеудені қысқанда, үрейленіп, кешірілмес қылмыс жасағандай ойым тағы да сол ескі қорымға кеп тірелстін. Осылай қиналғаныңды тіпті жақынына білдіруге батпайсың, гөп атаулы өзімізде ғой өйткені. Қырсығынан қорқамын, бала-шағадан аулак болса екен, құрбандығына өзім-ақ шалынып кетер едім, егер менімен ғана жоғалса пәле-жаласы, менде бір үрей бар.

- Үрей кімде жоқ дейсін, түсінемін емеурініңді, - деп Айғаным көзінің жасын бір сығып алды, - бірақ үзбес үмітінде, қуантайын десе, құдайымның шапағаты коп қой. Алда-жалда қателессен, қунәға батсан, әлдеқашан қарымын қайтарғансың, сенің, Тоқсейіт, құдайға да адамға да карызың жоқ, керісінше құдай саған қарыға болмаса...

- Жо-жоқ, атама, құдай ешкімте борышты емес, өйтіп артық кетпейік, сөздін де киесі бар, жалпамыздан түсіріп жүрмесін. Небір әулие жігіттер қор бол өлді ғой, шіркін, құдай дүшпаныңды да телмірттесін темір тордың артында, одан горі атысып-шабысып, жұлқысып өткен әлдеқайда жеңіл, әлдеқайда абырайлы. Әлі есімде, тұтқындарды екі кемеге тиеп,

қайда аппаратының білмейміз, бұырқанған теніздің тентек толқындарын көру де бақыт сиякты, еркіндіктің самалы еседі одан, бір мезетте жоғарыдан ба, судың астынан ба, гурс етіп, аспан аударылып бара жатты, қапелімде түкке түсінген жоклыз, төніректі қара тұман жайлап, көзімізді байлаң үлтерді. Құрылдық дегенімізше, о, сүмдыш, әлтінде ғана анадай қалқыған кеме өртеніп, улап-шулаған дауыстардан құйқамыз шымырлады. Кеменің алдыңғы жағы суға түгелдей батып, киражан, қас қағымда үтіліп барады, кеме емес, кенеттен еріген мұз сиякты. Аласурған адамдарды бақа, шаян құрлы елеместен бір жағы от, екінші жағы су, шетінен жұтып, шетінен құртып тынды. Сонда деймін, мындаған адам қырылды, әлі таңғаламын, әбден мүмкін еді ғой менің де сол кемеге тиелүм. Иә, иә, бізді жүк ретінде тиеген, отыруға, жатуға хакымыз жок, тек түрегеп тұрасын, қалай тірі қалдым, әлі таңғаламын. Тұн үйқым төрт бөлінгенде, шошып оянғанымда, он жылғы қорлығымды емес, әлгі коріністі алдымен қаз-қалпында елестетемін. Ажал мені айналып өтті ме, мен ажалды айналып оттім бе, әйтеір пешенеге жазылғанға шыдадық қой, артықшылығымнан тірі қалды дейсіндер ме, бұл тағдыр дегеннің құдіретін қой деймін, мына сендердің орталарында осылай тұрудың өзі де бақыт маған. Әлгінде Жанғаным, Айғаным екеуінің аңырап жоқтағандарың сүйегімді езіп жіберді, іште қатқаның бәрі жібіді. Осынша актарылмас па едім, қайтер едім, егер екеуін катып-семген көнілді қапастан босатпағанда, сай сүйекті осылай бір сырқыратпағанда. Бұл жоқтау дегеннің қасиетін бұрын кім болжапты, маңызын да қадірін де енді түсінгендеймін.

Төніректі тыныштық басып, Токсейіттің әңгімесінен кейін бәрі де үнсіз. Ұзакты күн төбеден төнген қою бұлтар ыдырай тарап, жанға жайлы шуак төгілгендей. Бидайдын сабактары да әрлі-берлі ырғалады. Көз алмай қадалсан мұхитқа үқсатасын.

Төртеуінің де ойы айналып-айналып әлгі бір жәйтке орала береді, шынымен мынау егіннің астында қалғаны ма әке-шешелері, кураған қанқасы деуге ауыздары бармайды, қашан өздері өлтөншіе олар да тірі тәрізді. Сондықтан да шығар, әрі қиналыш, әрі өкінетіндері. Өздері өлгесін ешкім де "öttеген-

айлат” басын қатырмайлыш, бұу жерде не болды, кім өмір сүрді, қайсының бабасы, көкесі, оқесі жатыр, сұрамайтындарын алдын-ала сезгендейтін бе, қай-қайсының да жүрегі өрекпігендей, әлдекіммен, әлденемен қоштасқандай, әлдекімте, әлденеге үнсіз жалбарынғандай. Аспан мен жер үланғайып астасып, қөкжиектің алыстан мұнартқан сағымы бір көрініп, бір жоғалып, кеністікті тұтастай жаулап алған. Аяқ асты оқыс сапарға шығып, бұрын соңды мұндайды, қатар тұрып өзді-өзі онаша ойға батқанды кешпеген мына төртеуін сырттан бакылаған адам естері дұрыс па деп күмәнданар ма еді, қайтер еді. Бірақ бұлар ештепені елер емес, осы бір хал-ахуалшары аса қымбат өздеріне. Ешқашан ешқайсы мұншалық егіліп, мұншалық актарылмаған. Тәубәсін ұмытқан құдайсыздардың қатарында алқынып-жұлқынып, жұдышықтасып, арандары ашылып, іс-әрекеттері обден шектен шыққанда, міне имандарын үйіртер, есенгіретіп барып естерін кіргізер жер тапқандай.

Тірліктің қат-қабат күйбені, қарбаласы адам жаңының таусылмайтын құпиясына үңілдірмейтіні онын дамуын, үздіксіз қозғалысын тұншықтыратыны рас қой. Құпия атаулыны адам сырттан ғана іздейді, ішкі әлемінде қанша қазына жасырынғанын, қанша жұмбақтың шешуі жатқанына тіпті мән бермейді. Өзімді білемін дегеннен сөйтеді. Өзінің әлеміндегі қатпар-қатпар сыр қыртыстарына үңілсе, қанша байлыққа кенелер елі. Жан дүниен де анау тобеннен шалқайған әуе кеністігінде үстатпайтын, бойлатпайтын сикырлы әлем емес пе!? Тіпті басқаның: ми, сана, түйсік мүмкіндіктерін былай қойғанда, кім көрінгеннен таяқ жемеуін, тапталып-жаншылмауын үшін қажет кой өзінді біліп, өзінді сынау. Ашық аспанның астында бір-біріне сүйенген мына төртеу, әрине, өздерінің ішінде жырланбаған, шырқалмаған қаншама сырлардың тұншыққанынан мүлдем бейхабар. Олар бәрін-бәрін айналадан, жерден, коктен күтіп дағдыланған, бәрінебәріне әсер етер күш те соларда ғана деп сенеді. Зым-зия жоғалған мына қорым үшін де жауапты өздерінен гөрі айналадан іздеулері сондықтан. Сірә, адам баласының небір жауыздықты қолдарымен атқарып, артынан себебін тағдырға

ма, құдайға ма, аудара салуы да өз табиғатын білмеуінен. Өзін зұлыммын, жексүрінмын, хайуанмын, миғұламын, каракшымын деген ой біреуінің ойына кіріп пе. Әркім өзін адатмын, жолдан таймаспын деп алдайды. Сонда қатігездік, әділетсіздік қайдан туындайды. Бәрі жұмылып өтіріктің, үрлектың, арсыздықтың ұсын салсыып, былай шыға жеке-жеке періште көрінуге құштар. Ишкі сарайының ірі-шірігенінен жалпы тіршіліктің ағымы бұзылатынын, оналмастай бүлінетінін пенде шіркін ешқашан үклас. Табиғатты өзінің ігілігіне тұтастай бағындырып, жұмсауға келгенде, алдына жан салмайтын өзімшілдігінде шек жок-ау. Жерді, кокті, желді, бүкіл органды табындырмас бұрын адам өзін өзі егжей-тегжей зерттеуі кажет пе еді, кім білсін. Қырсық-қынырлығының, арамзалығының, жатып ішер жалқаулығының, надандығының, мактаншак данғойлығының, яғни бүкіл болмысы тұтастай талданбайынша, өзінің толып жатқан кемістігін жігеріне жықпайынша сыртқы әлемді женемін деуі неткен үшқалактық, үшқарылтық. Ишкі дүниеміз бен сыртқы ортандың арасындағы үндестіктің бір-бірінен алшактауынан қанша апатка ұшырағанымыз, әлі де қанша қайғы-қасіретке душар боларымыз белгісіз. Әттең мұны түсіну кайда. Қатігездік, жауыздық әүелден-ак үялап үлгерген адамның өз бойында. Тұрмысты, тірлікті женілдетудің таңғажайып амалдарын ойлап тапқанда, киял, шіркін, үшқыр-ак, бірақ өмір күрделі, ас ішіп, аяқ босатумен, әдемі киіnumen, сылаңдаумен, жәйлі жатып, сергек тұрумен, тұқым қебейтіп, үрпак асыраумен шектелмейді тірінің парзызы, айласын асыруға қанша әрекеттегенімен, киялы қанша үшқыр болғанымен, бәрібір адамның өзін-өзі итеруі, бағындыруы киын. Бәлкім мұндай ой ешқашан мазаламауы мына төртеуін, тіршіліктің асав ағысының ыңғайында момақандаулықпен жүзгендे, бір шығып, бір батып, көптін қатарында кәріліктің межесіне жеткенде, ұзак сапар үстіндегі қателіктерін, кемішліктерін, қынырлықтарын емес, әр кезде шеккен запа, қорлықтарын, өздерінің өзгеге жасаған емес, өзгеден көрген зияндарын текшелегендей.

Әрқайсы “мен кінәлі емес” дегенді анғартады жоңе қай-

қайсы да осыған сенеді. Ата-бабаларының сүйегі ешқайда үшінші кеткен жок, әйтеүір осында ғой дегендей іштерінен.

- Наннан құдіретті ештеңе жок, ендеше наның астында қалды деп қапалану да ретсіз, - деп Құрман түр.

Айғаным әуелгі райынан қайтпаған: арын, аруағын нанға сатқан өңкей жасықтар, қарғыс атқан өңкей күнәһарлар.

Жанғаным ойлады: не болса да енді кеш, түзеуге келмейді, иә, құдайым, кеше гөр қорғансыз пақырларынды, оттың, судың, жердің апатынан сақтай гөр, елдің тыныштығын сақтай гөр, сакта-а-а-а... - Үрпак, дегенде, Жанғаным мудіріш, тізелері дірілдеді. Иегі кемсендеп, көз жасына булыққанын қасындағыларға көрсеттейін деп әрі таман жүрді.

Қайта-қайта қубірледі: ”үрпак, аруақ, үрпак, аруақ...” - Басы айналғандай. Құнғіртеу көрініс елестеді - жермен-жексен қорым, әке-шеше бейтінен титтей белгі қалмаған тып-типшіл тақырлық пен он жыл, жиырма жылдан бері немере күткен тілеуінің арасында айтты түсіндіргісіз үқастық бар ма, қалай?

Оз ойынан өзі шошылы. Неден жаздық, неден жанылдық, нендей бұзықтығымыздан таптық деп алланың алдында акталғанда, сары уайымнан әбден сарғайғанда, өз іздерін өздері өшіріп, өздері өзін құрткан екен ғой. Откені де жып-жылмағай, келещегі де жып-жылмағай ма!?

- Үрпак, аруақ, үрпак, аруақ... иә, иә, алла қолдаса ғана, аруақ желеп-жебесе ғана көгерерсін, тамыр жаярсын. Сонда қалай, бізді алланың қолдамағаны ма, аруақтың атқаны ма. Әлгінде Айғаным айтты ғой, соның өзінде миыма қонбапты. Мына жерге осы сүмдикқа көз жеткізу үшін келдік пе, үмітті біржола үзу үшін келдік пе.

Тоқсейіттің де жүйкесін жүқартып, баяғыдан алаңдатқан осы жәйт болатын, шет жағасын әлгінде Айғанымға толғана жеткізгенде, Жанғаным онша құлақ тоспаған. Әлденені қубірлеп, әріректеу аяңдаған кемпіріне ден қоймаған Тоқсейіт айналасын барлап біраз түрдь.

Қашан еді, мал-жаның, тірінің де, өлінің де өрісін тарылтқан жағдай қалай басталды, иә, иә, ойдан, қырдан жүрт ағылды, жарылқанамыз, байимыз деп даурығысты, бұғаулаймыз, бағындырамыз жерді деп айғайласты. Ежелден өздерін асырап-

сақтаған, аталарының қаңын төгіп қорғаған қасиетті жерлері кенеттен ешкімнін табаны тимеген, соканың ізі түспеген, мұлліген меніреу, бұрын-соңды игерілмен тың жер боп шыға келді. Жан-жақтан лап қойысқан жұртты көргенде, Токсейіт те шынымен осылай екен-ау деп сенуге можбүр болған.

Алғаш рет күдіктенгені - осы төңіректе ойдым-ойдым бой түзеген шоқ қарағайлар көп те, жаппай жер жыртуды бастағанда, әлті ағаштардан түк қалмады, әсіресе жазықта жайқала өскендері тез құрылды. Шағын тоғайларға шейін көзден бүл-бүл үшып жатты. Жалғыз-жарым қарағайлар көбелек құрлыш көрінбеді алып техникаға. Жердің ит сілікпесі шығып, көнеден ауысқан атаулары да бірте-бірте жойылды. Қарағайдың қазасынан басталған бақытсызық аруақтарды қорлаумен аяқталыпты. Қайран, кіндік қаны тамған топырақ, қайран, қасиетті жер, оның ескісі, жаңасы, тыңаймағаны, тыңы бола ма екен? Шығармайтыны жоқ-ау адамдардың, жуз, мың ғасыр жасаған жерді, дүшпаның тайрандаттырмаған, жан қысып, садағасы болайын деген жерді, батырлары елім деп еніреп өткен жерді аяқ астынан тың дегендесір кай сасқандары екен. Басқаны есептемегендеге, өздері де "иә, тың, иә, көтерісеміз, игереміз" деп шапқылалы ғой. Сөйтіп жүргенде, тамырларын шапқызып бір-ақ тыңды, енді айғайла, айға шап, көкке шапшы, шашынды жүл, түк те өндірмейсін. - Токсейіт осылай деп ойлайды, бірақ күні бүтінге шейін бүл жайлы жұмған аузын ашпағты. - Қайран туған жері шүрк-шүрк тесік жарадан ынъранып жатыр,

бебеулейді боз дала,

зар дала, маң дала ... өзінің іші де дала-дала...

Енді өкінгеннен не қайыр, болған іске болаттай беріктік танытудан басқа шара жок. Әбден қажып, куат іздегендей, алысқа көзін тікті. Сонау кия шеттен “бөрікті қарағайдың” сұлбасын шалғанда ғана сол тыныстап, жо-жоқ, түншімейінші деп өзіне басу айтты. Ертеректе әлті “бөрікті қарағайдың” айналасынан шықпайтын, қасына адамдар түнейтін. Осы

атырап “бөрікті қарағайды” қадір тұтып, кейде басында ошақ қазып, қазан көтерісетін. Содан кейін әсерлерін қопке шейін үмытпай, бейне құдайлдың рахымына боленгендей шабытты хал кешетін еді.

- Тоқсейіт, - деді Құрман оңаша қалғанда, - сенен көптен сұрайын деймін, бірақ батпаймын, өзің тиіп-қашып өлгінде сұырпақтадың ғой, ешқашан ашылмайсын, бұл арада тың тыңдайтын жок, ұзынқұлаққа жетпейді, осы сенің бетіне не болды, елге оралғанында, жұрттың қобі тіпті танымапты да, бертінге шейін Жанғаным да үйрене алмапты ғой. Енді айтуға болатын шығар, котырдың орнына үқсамайды, сонда не?

- Оны қайтесін сұрап, - Тоқсейіт көздерін алыстағы “бөрікті қарағайдан” алар емес. - Тар жолда кешкен қорлықты тістен шығаруға болмайды бізге, бетімдегі әншейін женіл-желпі бірдене сияқты қазір. Қайтеміз жамандықты жаңғыртып, осы күнге жеткенімізге шүкір. Естімендер де, білмендер менің көргенімді...

- Неге естімеуге, неге білмеуге тиістіміз, - деген Айғанымның дауысы дәл қастарынан естілгенде, екі шал антарыла бұрылды.

- Әлемге жар салып айту керек ондайды, не сен қылмыс жасапсың ба, біреудің обалына қалыпсың ба? - деп Айғаным әлгі пікірін нығарлай қайталады. - Әттен, катын боп, әрі қартайып қор болып отырмын, әйтпесе Нұрханның хабарын іздел, дүниенің шетіне жетер ме едім, шіркін. Ал сендер ештепе естімедік, білмедік, көргендерінді де кормедік дейсіндер. Бір аяғымыз жерде, бір аяғымыз көрде, енді қажып-қаусағанда, кімнен қорқамыз, құдай да бізді үмыткан тәрізді...

- Кейін айтамын, бәрін айтамын, анау “бөрікті қарағайдың” басына жиналайық келесі жолы, құрмалдықты сонда берейік елді жинап, сонда ағымнан бір жарылармын, тек асықландар, - деді Тоқсейіт, - ал енді үйге қайтпаймыз ба?

- Күн сәскеден ауынты, ауа райы құбылайын деді ме, жауынның исі келіп түр, жә, қайтайық, Айған, Жанған, қайдасындар, - деп Құрман да қозғалақтап қалды.

Содан кейін Айғаным ескі қорымға барайық дейтінді айтпайтын. Көнілдеріне қаяу салған сол бір сапар туралы жиі ойланатын, одан бері де он шақты жылдың жүзі өтіпті. Бірақ

жүргін тескен бір ой уақыт озған сайын күні-тұні қинайтынды шығарды.

Кисыны келе ме, келмей ме деп күмәнданданғанымен, бір дауыс күні-тұні сыйырлауын еш догарар емес:

- Дәм-аға сені қасына шақырады, Дәм-аға сені қасына шақырады, Дәм-аға сені қасына шақырады, қасына шақырады...

Тан алдында тәтті үйкысынан шошып оятқан осы дауыс, міне, алты жылдан бері үздіксіз мазалауда.

Ата-баба арауынан жеткен хабар ма, құдайдың жіберген белгісі ме, ұдайы біркелкі мақамда, біркелкі сарында естілшіп, бірте-бірте әлгі дауысты тіпті алдын-ала тосатын әдет тапты. Алғашқыдай емес, уақыт өте келе бұған әбден үйреніп алды. Науқасқа шалдыққалы тіпті әлгі үнді сағынатынды шығарыпты.

Осының бәрі бала-шағасына, шалына оқыс отініш жасауға мәжбүр қылған:

- Өлсем, әке-шешемнің қасына апарып қойындар. Менің емес, алла тағаланың бүйрығы деп қабылдандар.

XIV

Етін орағы аяқталып үлгермей сіркіреген жауынның соны қарға ұласып, бір еріп, бір қатып, отын, шөп деп жанталасқан жүрттyn құтын қашырды. Совхоз орталығына көшуге ниеттенгендердің көнілі не онда, не мұнда тұрақтамай, ала жаздай текке шапқылап, қара сұықтын ызғарынан хабар жеткенде ғана қысқа қамсыздықтарын аңғарып, аяқасты обігерге түскен. Сабан екеш сабанға шейін қат бола қалатын ертегі күннің жан-жақтан қысар сары аязын естерін білгенмен өткеріп келе жатқандарымен, қашанғы әдеттері — асықлайды, саспайды, еншілеріне тиғен жаймашуақ жаздың санаулы мерзімін далан-дұлаң тірлікпен үрлайды.

Жұықта көшкен бес-алты үйдің айналасы алқам-салқам, анадайдан үрей шақырады. Тіпті кора-копсысы, шарбағын тұғи-

түгелімен қиратып, ештегесін қалдырмады дегенінің орны да көзге қораш. Кешегі үйлердің артындағы үйінділер кім-кімнің де көніліне қаяу салғандай. Онсыз да өнебойларын керенаулық билеген бұғылылықтардың санасын мынадай опыр-топыр, шашылған, төгілген, бықсыған көрініс одан әрмен бітеп тастағандай. Соңғы кездегі жаппай көшудің әсері ме, әйтекеүір ауыл үстін әлде енжарлық, әлде бейқамдық жайланаған.

Төрт-бес жылда ауылдың жартысынан астамы қоныс аударды. Бұрын талай топалаңға төтеп беріп, қандай да бүйрық райларға әбден көндіккен Бұғылы түрғындары артель бол десе, артель, колхоз бол десе, колхоз, совхоз бол десе, совхоз болды, бірақ әлгіндей жиі-жіе өзгерістерге дағыланғандарымен, жоғарғы жақтағылардың иықтарына ілген қамытына мойындарын салбыратып тосқаннан басқа еш амалын іздеғен емес. Осы бір көнбістік қандарына біткен қасиеттей, елу жылдың ішінде бұлар бетегеден биік, жусаннан аласа болуға мүлдем көндіккен.

Бірақ мынадай жағдай алғаш рет үшірасып отыр, қандай тоқпактың астында жүрсе де өз еріктерімен мекендерін мұншалық тастай қашпайтын. Ел аман, заман тынышта сонау сұрапыл жылдардағыдай аласалыран басталды да кетті. Құні кеше тың итерушілердің алғашқы балағандары тігілген жерлер қалашыққа айналып, төнірекіндегілердің бәрі енді соған ағылуда. Бір-бірінен айнымайтын сұп-сұр тас үйлер оқтай түзу көшелерді жалғастырған көрші селоларға бұлар таңырқай қарайды. Осынысымен, әлде өзге сиқырымен бе, бұғылылықтарды бауырына тартқан совхоз орталығының атағы аспандағалы қашан. Тонна-тонна тиелген астық машиналары нөсердің, бүршақтың, кардың астында дамылсыз алысқа аттануда. Үлкенінің де, кішінің де аузында тек бір сез — бидай, ол, тіріл, тек дән жарықтықтың қамын ойла, есен-сау жібер мақсатты жеріне. Құні-тұні сылп-сылп, аяқтан шалған саз, батпақ, көктен төпелеген жанбыр, ерсілі-қарсылы осқылаған сойкан жел аламдардың еңесесін езгенімен, күзгі науқанға титтей ықпалы жок тәрізді. Астық орылып жатыр, астық тиелініп жатыр, жөнелтіліп жатыр, жергілікті түрғындар осыған риза. Ауылды айналдыра түп-түгелімен жыртылған

даланы көмкөрген егіс алқабының кей түстарында пісіп-жетілместен бір жауған қардың астында қыршынынан қылған дән сабактарын жоқтайтын ешқайсы байқалмайды. “Малға жем” деп миықтарынан күледі, наннан гөрі жем-шөпті қадірлейтін сынаймен. Жо-жок, нанға да жарып жатқандары шамалы. Дүкенге кейде ертелеғіп, кейде кештетіп өкелинер ашыған қара нанға ұзыннан-ұзак кезекке тұруға үйрентен. Және бұдан ешқандай сөкеттік таппайды, әйелдер тіпті “құдайдың рақаты” деп тамсанады. Уақыт озған сайын бұл ауылдың әйелдеріне “құдайдың рақаты” үсті-үстіне көбесюде, баяғыдай түйенін, жылқының, қойдың соңынан титықтатар шаруа аз, әрқасының қорасындағы жалғыз сиырдың сүпі ғана салмақ, кейінгі кезде оны үқсатуға да ерінетіндей. Бұрындары азын-аулақ билайды аскан сақтықпен қадірлеп, күнделікті шілт-жемді өз қораларынан өрген түяқтан, өз бау-бакшаларынан өндіретін жүргітың ниеттері, ықыластары кенеттен өзгерді. Мал үстaugа шек қойылғаннан-ақ көшениң шетіндегі кішкентай қара дүкенге телміреді бәрі. Алғашында жағасын үстап, “астапыралла” дескен кемпір, шалдар бұған да көнді, тіпті қайсібірі айналсоқтап сол маңдан шықтайтын, ертегі-кеш жол күзетіп, азық-түлік таситын күркелі машинаны тосады. Алды-артын шанға көміп, қисалаңдаған күркені көргеннен жиналған топ мәре-сәре жадырасып, қоктен күткендері жерден табылғандай жымын қағып, күт-берекеге кенелгендей қуанады. Қысыльлық-қымтырылып алған бір-екі бөлке, қант-кәмпітке қанша сағаттарын сарп қылғанын елейтіндей ес қалмайды, әйтеур қолдарына тигенге мәз. Бейсаут қыдыруға дәніккен қатын-қалаш шекілдеуікті шырт-шырт шағып, ерні еріндеріне тимейді.

Ертеректе той-думандарда үстеріне жылтырағанын тағынып, көпшіліктің арасына тап-таза, әдемі бол баруға тырысатын келіншектер алқам-салқам жүретінді шығарды. Аядай дүкеннің іші ығы-жығы, бірдене түссін, түспесін, салпиып текке тұруды ешқайсы ұят санамайды. Кешегі елеусіздеу иба, ізет атаулыны мынау кезек дегені, не болса, соған таласып-тармасулары мүлдем жойғандай. Қандай жаңдай, қандай хал кешкендерімен, біркелкі үстамдылықтан, сабырдан

аірыйтмаған аталарының осынау қасиеттерін қашан, қалай өлтіріп алды екен? Қара дүкеннің есік-терезесін торығандардың бұны ойлайтында шама-шарқылары қалмаған. Тірлік-тыныстарының кілтін кенеттен мына қара дүкенге тапсыртқан нендей күш екенін білмейді. Үрыстарын жерден, көлден, орманнан іздеғен ежелгі көсіптерінен неліктен тез айнығандары өздеріне де жұмбак. Үрымға түяқ қалдырмай сатып жібергендері бар, биесін откізсе, амалдан тай-құлынын алып қалғандары бар, қаз-үйректерін сойып, бес-алты тауығын санаپ отырғандары бар, айтып-айтпай не керек, бұ Жердің малжануары аспаннан жәй түскендей тып-типыл.

Адамдардың күн көрісін актап отырған мал құрығасын ауылдан мөн кетті. Мал кеткесін, мөн кеткесін, сөн қалсын ба? Эйтеуір қара дүкенге бір дүркін қатынар құркелі машинаның ғайыптан тайып сынбауын тілейді, бұған дейін бойларына жат, өгей ниетке тым тез құлады. Жер мен малға құрақ үшқан пигылдарынан оп-онай жеріткен жағдайдың себебіне үнілу түгілі, тіпті сондай себеп бар-ау деген қаперлеріне кірсе-ші. Шүкіршілік, үкімет ашыған болкесін жеткізіп түр, жәшік-жәшік арағын және аямай үйіп-төгуде.

Қашалық мөлдіреп, бұрынныракта әншнейін елеңдеткенімен, байырғы тұргындар сол құрғырдың дәмін татудан да тартыншақтайтын, ілуде біреу болмаса, арак ішіп, ойран салатындар кездеспейтін. Соғыстан кейінгі жылы мектепке мүғалім бол келген жігіттің келіншегі сыра ашытып, ауылды дүрліктіргені, басқалардың бұған әдеттене жаздап, әрен басылғаны үшірасқан.

Жан-жағында үйымдасқан шаруашылықтардан, қалашықтардан Бұғылының анау-мынау менсінбейтін есік дүкеніне комбайнмен бе, трактормен бе, алғаш жер жыртып тастағандар дереу лап қойысқан. Сол-ақ екен, бұғылылықтар түсінбейтін бір сүргін басталды да кетті. Ақ демей, қызыл демей, қашан палатқаларынан тас үйге көшкенше, қашан өздерінде лавка ашылғанша, қойны-қоныштарын толтырып әкстеді де жатады. Ауыл ішін бейтаныстар қалтап, біреудін койы, біреудің үйрекі, қазы жоғалатын болды. Емін-еркін жайылар маңдан сиық қашты, әсіресе жылқы жарықтыққа қыын тиді. Ен

даланы аяусыз жыртып кеп жібергенде, жұпар аңқыған хош иістер майдаланған топырактың астына көміліп, кеше ғана далиған кен дүние тарылып, айнала атырап қушиды да қалды. Жеміс-жидегі, жусаны, аршасы, қышасы, актікені, итмұрын, итбұлдіргені, қырықбуын, қалақайы, шиесі, қаракаты ма, бәрі жойылып, ауылдың малы мен жаны тістейтіннің бәрі оталды. Жау шаппай шабылып, жұт шақырғандарын тіпті де болжамаған сондағы жүрттың бейқамдығы-ай, сондағы төзімділігі-ай. Бейнебір баяғыдан көздері үйренгендей, етек-жендерінің шұнтылып шыға келгеніне бірден көнген сыңай танытты. Рас, шалдар тарапынан күнкіл кобейген, онысы айбынға ұласпады. Сойысқа дайындалған малдай көздері мөлиіп, иықтарын қиқандатқаннан әріге бармады. Кілонкей кемиек, кетік тісті пакырларды кім тыңдасын, соңғы отызықтық жылдың арасындағы мұнда аксақалдардан горі атқамінерлердің ыңғайына жығылуға әдettengen. Аксақал дейтін аксақал да қалмағандай, жиырма тоғызынышы жылы Үлкен Түктінің арғы-бергі қойнауында шашыраған кішкентай ауылдардың бәрін осында көшіріп, “Жалшы” колхозын үйымдастырғанда, кәрі құртанаңынан, бала-шағасынан жер қайыскан. Төніректен зорлықпен көшіріп әкелгендердің қабағын жаппай кірбің шалғанымен, улаг-шұлағанымен, бірте-бірте жана тірліктеріне мойынсұнған. Сол жер қайыскан халық қайда қазір?

Көмпескеленген бай-құлактардың әйелдерін, қыздарын осы төніректе қаңырап бос қалған атшаптырым қорада пәлен ай қамап, аштық жайлайған кезде біразы еліп, біразы тым-тырақай қашып, біразын қатын ала алмай жүргендер иемденіп, карқ болған. Малдарын шетінен қырып тастаған жергілікті тұрғындар, ерсілі-карсылы ағылған босқындар, бір үзім нанның соңында тентіреп, өйтіп-бүйтіп жанын сақтағандар артынан естерін әрең жиғанда, кешегі үйымдастырылған “Жалшы” алапат өрттен кейінгі ормандай қап-қара күйе жамылды. Қалт-құлт етіп қалбаңдағандар сол қап-қара күйенің арасында белдері бүгіліп, қаракан бастарының қамы үшін не істемеді, не тындырмады, нендей ғана зобалаңға конбеді. Пендені соншалькты қорлайтын бул аштық дегенді қойсанышы,

өзекке түскенде, ашынған аңдан әрмен, адамдық қасиеттен жүрдай боп кетерін бұл ауыл басынан өткөрген. Жақындарын, небір асылдарын, боздақтарын бабаларының зиратына апаруға шамалары жетпей, үйлерінің бе, қораларының ба, әйтеуір аяқтары бірер адым жетіп-жыныған түсқа сүйреп апарып, әрен дегенде көметін. Бұған күә болғандар бірінен соң бірі сол кепті киіп, ақырында қайсының сүйегі қайда қуарғанынан кейінгі толқын мүлдем хабарсызы. Бірақ ауылдың қақ оргасындағы томпиган төбешіктер, молалардың жермен тегістелген орнын бүтінгілер сол аштық жылдарының ескерткіші деседі.

Кейінгілердің мұнымен істері жоқ, қарттар жағы бұл жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды. Өлгендердің сүйегі аяқасты шашылған қорқынышты жағдайды енді өздері де кешіп жатқандарын тірілердің байыптайтындаш шамашарқылары қалмаған да тәрізді. Соңғы үш-төрт жылдың аясында үдере көшкенде, тек ертенгі күндеріне үміт артқан сыңайлары бар, пейішті болашақтан күтеді. Алайда бұл ауылдың ертеннен күткен ракымын түсіну мүмкін емес. Өйткені түгелдей малдарын тапсырып, жұмыссыздық жайлғаннан кейін тағы да баяғыдай далбаса тірлік басталған. Қалталарын қампитқан қағаз ақша айдалып кеткен малдың қасиетін қайдан толтырын. Жаппай орындалған науқан жүрттың жаппай арак ішүіне, жаппай жалқаулыққа әкеп үрындыры. Күні кеше арзанға өткізген мал бес-алты жылды аралатып, жүздін, мыңның үстінен секіргенде, бұғылылықтар қатты танғалысты. Босағадан аттаған кісіні құр жібермейтіндер енді қонақ десе, іштері қылп етіп қиналатынды шығарды. Келекеле бұның да қисыны табылды, дастарқан үстін мөлдіреген шынылар толтырып, ашыған бөлке ме, аңы сарымсақ па, жетеді, әйтеуір арак болса, арғы жағы түк емес. Бір шиша арак қойса, қонақ шапан жауып, ат жетектетіп жібергендей риза, үй иесі тай сойып, қазан көтергендей мәз. Сойте-сойте арактың қызы мен күші бұл өңірді түгелдей сикырлап үлгерген. Алда жалда тата қалса, кенеттен кереннің тілі шықты, құлағы естілі, санлауы оянды, жасыққа жігер бітті, наданға ақыл қонды. Жарықтық наннан кейінгі құт арак деп танығалы бұғылылықтар оміріне үлкен өзгерістер енді. Арак күтпеген

тұста жөн-жоралғы, кәде-салттың ажыратылmas бөлшегіне айналып, жүз, мың жылдан бергі серігіндей бол шыға келді. Ауылдың қызығы, қайғысы, шаттығы ендігі шакта аракқа жығылатын болды. Шілдехана, той, құдалық па, жәшік-жәшік арақ табылса, аргы жағы оп-онай орайын тауып жалғасады. Ертеректе жиын-той өткізгенде ең алдымен дәмнің, малдың жайын қарасатын бұғылылықтар айналасы он бес жылдың ішінде танымастай өзгерген.

Мынау алқам-салқам ауыл көрінісі сырт көзге бірден шалынғанымен, ішіндегілердің ешқайсы мұны елемейді. Сонау бір жылдары екі қабатты үлкен дүкен салынады деп, іргетасы қаланып, қабырғалары шала-шарпы көтерілген құрылыш аяқталмады. Әлі түр анадайдан үрей шакырып. Қызының көріп жатқан ит, күшік, қарғалар. Тұнге қарай өңкей қаңғыған мысықтар қаптап, жүрек тырнайтындаі сүмдыш бір үнге басады. Таң атқанша әлде мысық, әлде жын, әлде пері ме, ойнақ сап, ауылды бағтарына көтереді. Алда-жалда құлағын тоқсан кісі мияулаған, сарнаған, сақылдаған, қарқылдаған, зарлаған небір дауыстарды естір еді. Алайда бұған да бұғылылықтардың еті әлдекашан өлген. Оны былай қойғанда, он жылда бес рет қазылып, бес рет жабылған су құбырларының ашық-шашиқ жатқан тұстарына талай бала құлап, мертіксе де, талай ұсак мал омақасып арам өлсе де, белсеніп осыны түзейікші деп шыққан ешқайсы жоқ. Запа шеккендердің өзі лезде бәрін ұмытып, арам өлген малын садақа деседі, әлде қолы, әлде аяғы сынған балаларының тірі қалғанына “құдайдың сақтағаны ғой бір ажалдан” деп, құрмалық шалатының қайтерсін. Онсыз да саусақпен санарлық аз малынан айырылып, бала-шағасы корлыққа үшыраса да былқ етпейді. Қандай жағдай кешсе де артының жақсылығын күтеді. Кез-келген қырсықтың себебін іздеу бұлардың қаперіне кірген емес. Анау алып шойын құбырлар неліктен көміліп калды, оны былай қоя салып, қатарласа қаздырып жатқаны не, анау магазиннің үйі неліктен аңғал-санғал, оған кім жауапты, құдай сақтасын, мұндай сауалды бұғылылықтар кімге қалай қою керектігін де білмейді. Баяғыда ата-бабаларының ардақтысы, құты болған Тұкті тауларынан ертелі-кеш қарағай бөренелері тиеліп, ағылған

машиналармен де, іргедегі орманнан бір согке дамыл таппайтын гүрсілдермен де титтей шаруалары болса-шы. Бұл бір танғаларлық-ақ тірлік.

Ешқайсының ешпенемен оуресі жок, әркім оз күйбенімен, өз қорасымен ғана әлек. Құні кеше терезелеріне шейін жерді жыртып тастағанда да “бұл не” деспеген жұрт бәріне конуге дайын. Олар өздерінің туған ауылында уақытша потер жалдап туған жатақтар сияқты. Аяқастынан “айға үшасындар”, ойтпесе “Сібірге көшесіндер” деген бүйрық естілсе, дереу үша жөнелетіндей, дереу көше жонелетіндей. Біреуінің де “неге” деп иық көтермеу мүмкін. Мына түрлеріне қарағанда, бірінен бірі озуға тырысып, әлті айға ма, Сібірге ме, бұрынырақ жетуге асығатындаи. Құруға, құлдырауға келгенде, қайран, шіркін, алдына жан салмайтын бұғылыштықтар-ай. Егер бұл ауылдың елу жылдық тарихына тым құрыса біреуі, шетте жүрген жұздеген, мындаған перзентінің біреуі үнілсе, қанша шежіре актарылар еді. Әттең, олар әке-шешелерінің туған жерін ұмытқалы қашан. Бұғылыштың шетте жүргендегі де, іргедегілері де, ішіндегілері де тарих пен шежірені алыстан іздеуге бейім. Ақ пен қызылдардың шайқасында қанша адам қырылды, қаншасы жер ауды, бір қап билай үшін қылмысқа тартылып, со күйі аты өшкендер қанша, аштықта ауыл-ауыл бол қырылған анау тобелердің астында. мынау ұшы-қырыры корінбейтін қазақ даласында қанша сүйек қурап жатыр, белгісіз. Тек тиіл-қашпа әңгіме коп:

- Шіркін, Зәйтунді ”ат бермедін“ деп қызылдың әскері атып кетті ғой, жалғыз ұлы Сейтенні ”контрдың баласы“ деп түрмеге қаматты. Әйтеүір бағы бар екен, елге оралып, топырак туған жерінен бұйырды.

- Медресе ашып, мешіт ұстағаны үшін Қожахмет қажы Омбының ақ түрмесінде тоқсан адаммен бір күнде атылып кетті. Оқымысты, көріпкел болатын. Дұға оқып, жүріп бара жатқан поезды тоқтатыпты. ”Қажы ата, аллаға сиынып, осыдан қашсақ қайтеді“ дегі, қасындағы, бұрын да оның өулиеішіне талай қуә болғандар. ”Алланың жазуы осы, не болса да көремін“ - дегі жарықтық. Шіркін, сүйегі қайда қалды екен?

- Беу, дүние-ай, Арыстанбек молданы кім білмейді, ит жеккенге айдалып кете барды отызының жылдары, ал ұлдары Әбілақ, Абайдолла, Наятолла соғыстан оралмады. Сол атадан жалғыз Әбдірасул ғана тірі оралды, көрмеген азабы жок, дегенмен артында өсіп-өнген үрпағы бар, тәубе, тәубе...

- Мұхамеджан қандай жігіт еді, жанары от шашқан, "бидай сатты" деген жаламен жабылып, содан оралмады. Шіркін, сүйегі қайда қалды екен?

- Халық қажының көз жасы ағтақ сақалын жуып, ұсталып кетерінде, елімен қоштасқаны-ай. Рахманмен құшақтасып көріскенде "дүғаннан қалдырма, туған топырақ енді қайтіп бүйира ма, бүйірмай ма" деген екен. Шіркін, сүйегі қайда қалды екен?

- Мақанның өлейін деп жатқанына қарамастан, бала-шагасымен, Қорған ба, Челябі ме, айдатып жіберді ғой, үрпағынан кім бар, кім жок... Сорлы Мақанның сүйегі қайда қалды екен?

- Есілмен екі ортада кіре тартып жүргенде, қақаған қыста Нұртас пен Бектас деген ағайынды жігіттер үсіп өліпті, сондарынан түяқ қалмады. Сүйектері қайда қалды екен?


- Әбденнің, қаз-қатарынан тіккенде, киіз үйлері ақшаңқан ауылға айналатын, топты үрпағына қызықпайтын жан қалмайтын, "бұл Әбденнің жаны мен малын-ай" деп тамсантқан шалдың үрпағының тоз-тозы шығады деп кім ойлапты, орны тып-типші. Сүйектері қайда қалды екен?

- Фин және Ұлы Отан соғысына аттанып, елте оралмағандар қанша десенізші:


Рамазан Аязбаев, Сейтқали Баймағанбетов, Келімбет Бекенов, Куанбай, Жаңбырбай Аяпбергеновтар, Шубай Файзулин, Төлеген Нұрмұғанбетов, Төлеубай Нұрсейітов, Қекен Әділов, Қайдар Мұқанов, Сұлеймен Асанов, Баймолда Құдайбергенов, Мәулетбай Ережепов, Ахмадия Сұлтанов, Файса Ахметов, Бірімжан Баймұқанов, Қерімжан Сералин, Себіғат Әлішев, Ақас Шынғожин, Қайырқожа Әбугәліпов, Әбутөліп Досымов, Ханиор Насибуллин, Бауеден Баймұханбетов, Сары Тәшмұқанов, Қабдрашит Халықов, Жұмғат Асанов, Сабыр Сұлейменов, Әукен Кожахметов,

Қабыкеш Асанов, Сүйінжан Айжарқынов, Қайыржан
Жақыпбеков, Бауken Үсенов...

Оқырман, күшінға ұшырап атылған, опат болған, із-түссіз
кеткен өз ауылыңыздың есіл ерлерінің тізімін жасаңыз:



A large rectangular frame containing ten horizontal lines for writing.



A large rectangular frame containing ten horizontal lines for writing.

Бірақ бұларды жоқтап, іздейтін, "шіркін, сүйектері қайда қалды екен" деп сыйырлайтын карттар да қазір азайған, күзгі желдің сүйкөтінде жападан-жалғыз қисайған қайыңың бірен-саран қалтырап, қуарып ұшып түскелі түрган жапырактарындаид. Өмірбақи сыйырлап айтқандықтан ба, бұл әңгімелерге кейінгі жастар ден қоймайды. Тұстарының бытшығ шашырап, мындал жоғалған арғы тарихын есептемегенде, ертегілі-кеш жырдай ғып айтатын, соғыста шейіт болғандардың атын атауға құлықсыз бұл ауылдың жастары. Марқұм Ерденнің майданнан қайтпаған жерлестеріне арнап шығарған токсан шумақ өлеңі елуінші жылдардың аяғына дейін бас қосыла қалған жерде міндетті түрде айтылатын:

- Аттанды тоқсан жігіт бауырынан

Өңкей сері Бұғылы ауыльнан, — деп басталғаннан, әрі қарай жыламайтын жан қалмаушы еді. Қазіргілер сол тоқсан боздақтың есімдерін де білмейді. Бірен-саран тірі оралғандарының ұл-қыздарының да мұнымен титтей істері жоқ. Айғайлайтындаид, ұлы жоқтауға айналдырлыктай соғыс қасіретінің өз ауылдарына қатысты жағдайын тез ұмытқан соң не үміт, не қайыр. Беу, шіркін, бұ күнде құруға айналған кішкентай ауылдың әр кезеңде қырылған, жойылған, қаза тапқандарын есептер пенде табылар ма? Егер табыла қалса ғайыптан, арғы жағын сұрамаңыз, ол бәрін-бәрін тізіп, пысықтап, мынау күйреуге жақындаған ыстық мекеннің бүгінгі тағдырын мүлдем басқаша елестетер еді. Апатқа ұшырағандардың тізімін, олардан таралуға тиіспілердің тізімін бөлек-бөлек жасап, кенеттен бір сүмдышқа жаңа жаңа тап болар еді:

- Тәңірім-ау, асқар тауым қулап, қайысқан ну орманым селліреп, мәлдір бұлағым лайланып, қайнар көзі бітеліп, құруға шак қалыптыз ғой; жер қайыстырған ақ мальц, кара мальцнан дағаң бір көркейсе, шетінен сұнқар, шетінен тұлпар, шетінен сұлу қыз-жігіттерінен екі көркейсе, құдай-ау, әлті дүркін-дүркін құртып жіберілген, дүркін-дүркін түбіріне балта шабылған алтын тамырынан тарамдалуға тиісті үрпақ екен ғой жанушыра іздегені; қайда, қайда сол тумай жатып солған, көгермей жатып өшкендердің ізі; қайда, қайда Бұғылының

мынға, миллионға жетуге тиісті тұрғындары; анау селдірекен орманыңдай, мұжілген тауындаған, суалған көліндей, ешқашан дүниеге келмегендейсін, тірлік кешпегендейсін, неткен мейірімсіздік, гүлденуге, есіп-өркендеуге лайықты үрпағың зым-зия. Бұғылы ежелден осындаған хал кешкендей ме, қалай соңда? Қарақұрым жаңы мен малынан жері қайысқан Бұғылы деп енді кім айттар.

Бірақ әзірге Бұғыльдан мұншалық шырақ алып, “тумай, туа өшкір” қарғысына ұшыраған аға-апаларының ізім-қайым жоғалған аңы тағдырын жоктайтын пенденің табыла қояр түрі көрінбейді. Тірілердің есте сактайтындағы қабілеті болса, откенине, бүгініне, ертеңіне де өздері иелік етер еді.

Зердесінен, есінен айырылу – бәрінен айырылу. Ең қорқыныштысы – болашағынан айырылу. Жеріне, топырағына, тау-тасына әр келімсек қожандаган бұғылылықтардың қасіретін өзге түгілі өздері түсінбейді.

Жеті атасының ба, жетпіс, жеті жұз атасының ба, қылышынан қан тама жүріп корғаған жеріне иелік қылуды ұмытқалы қашан. Тіпті қашаннан бері екенін де білмейді. Өйткені үзілген тамырдың орнын жалғау еш мүмкін емес. Жарты ғасырда ғана өзегін дүркін-дүркін үсік шалған сорлы тамырдың соңынан талғажау қыларлықтай түк қалмапты осынау алқапта. Мұның арты зердені жоғалтуға әкелді, зердені жоғалту – елдігінді жоғалту емей немене. Атаусыз адыра қалған бұғылылықтар мен ауылдың дәл қазіргі кескіні арасындағы жіпсіз байланысты үтар бірі де жок. Аллатагалаңың бүйрекшіна сыйғызып, қаншалықты жаратқан тәніріне сиынар сәт туғаниның өзінде, алтыс жылда әлденеше рет қырылғып, мың өлгенімен, бір тірілмеген беймәлім де бейтаныстардың құрдымқа батқаны, шырқалмаған жыр, төгілмеген күй, жанбаған жұлдыз емес пе. Ендеши әлгіндеғі ақыл-естен, зердеден адаланудың арғы түбі топастықтан, меніреуліктен басталып, бергі тұсы ешқашан шырқалмайтын ән, төгілмеген күй, жарқырамайтын жұлдызбен тұтасып кетеді. Бұғыльдан қашқақтай алыстаған бақ та солардың еншісінде жасырынса керек. Ақ ажалынан өлгенінің жөні бөлек. Тіршіліктегі ең киынны адамдардың қорлықтан, зорлықтан, апаттан өлгені,

күштеп өлтірілгені. Әр-берден соң елі, жері үшін жан пида деп асқақтатқанмен, соғыста қаза табу да өлшеусіз қасірет. Оның аржағында жұттан, аштықтан, бір-бірінің сатқындығынан, жауыздығынан жүздел, мындал жоғалған, құзғын-қарғаларға жем болғандарын салқынқандылықпен шотқа қақса, қанша жерлестерінен, қыршын боздақтарынан айырылғанын біліп, тобе шәштері тік тұрар еді бүтінгі Бұғылы тұрғындарының. Әлде жақсылыққа, әлде жамандыққа ма, олар бірақ кешегі күндеріне қайырылып, бастарын қатырмайды, жүректерін сыздатпайды. Олар өткен-кеткеннің бәрін “мандайға жазылған” зандылығына бағындырады. Бір-біріне жасаған әділетсіздік атаулы да соның ішінде жасырынып, еселене көбейіп жатады. Кез-келген қисынсызық, селкостық, маубастықты, өздерінің жалқаулығын, аракқұмарлығын, қызғаншақтығын жаратқан иелерінің әміріне оп-онай аудара салатындары қызық. Небір келенсіздіктерді қолдарымен орнатып, көздерімен көріп, көкіректеріне түйіп алады да артынца бәрін-бәрін “аллаға” жабады. Алланың еншісіне енгізбейтін істері жок. Сойте тұра әке-шешелері, аталары, ауылы кешкен тағдырдан тірі жүргендерінің қай-қайсы да хабарсыз. Осы қалыптарында, осы тұрпаттарында аспаннан салбырап түсе қалғандай. Бұғылы да дәл осы қирап-қаңыраған көріністе топ ете түскендей.

Қиратқан кім, неліктен бұлай болып жатыр? Ештеңенің паркына үнілмейтін ежелі әдептерімен мұндай саудалды өзгеге де, өздеріне де қойған емес. Әлпі әзірде армандағандай, қапияда ауылының шежіресіне үніліп-зерттейтіндей біреу-міреу табыла қалса, әй, қайдам, әлдеқашан шіріп кеткен бір кездегі алтын тамырдың орнын арам шөгтер қаптап, қаулай өскеніне өзегі өртengенімен, соның негізгі себебін талдаپ бере ала ма, жок па. Зердеден айырылудың арғы жағын топастықтан таратқанда, сол топастық аспаннан жауған ба, мұның да өз себебі болады ғой. Қалай дегенмен, Бұғылының мына халі аянышты. Қаранғыштықты қак жарған наизағайдың жарқылындаі бол, сонау жырымасының жылдары естерін тез жып, еңселерін тез көтерген, көршілерінен бұрынырақ қимылдаپ, алғаш мектеп салған, алғаш интернат ашқан, ойдағы, қырдағы

жүргттың балаларын жинап, оқытқаны, үйір-үйір жылқысы, табын-табын ірі қарасы таңдай қақтырған дәулетті ауылдың бүгінгі сиқынан әлгі айтылғанның көлеңкесін де шырамыттайсың. Тағы да “қайда, қайда” деген бұршақша жауған сұрақ:

- Жылқы қайда, қой-ешкісі қайда, түйесі қайда?

Шегіне жетпессің, мейлі жыла, мейлі күл, бұл ауылдың ырысы, берекесі – сол баяғы қара дүкен.

Отзынышы жылдары жаппай жер аударылғандардың малы жаман-жәугікке таратылып, одан артылғаны ортаға салынса, елуінші жылдардың ортасынан алпысыныш жылдардың ортасына дейін бұл ауылдың малдары жер аударылды да, адамдары өз еріктерімен жан-жаққа тарап жатыр. Әлі солай, міне, жетпісінші жылдар да аяқталмақ, Бұғылы жыны үрланған бақсыдай пұшайман кейіпке енген.

Белгісі де, бейіті де жермен-жексен атыраптың үстінде көктем сайын дән себіліп, күз сайын орылғанымен, бірен-саран медаль, орден таққан Көпжасар сияқты механизаторларғана еңбегінің жемісін көреді, бытайдылар көптің қатарында қара наң мен ашы суға мәз. Екеуінің қасиеті, әйтеуір жүрек қарайтайтыны, әсіресе арақ өзекке түскенде, ауылдың үлкен-кішісі өлгендері тіріліп, өшкендері жанғандай масайрайты. Аузын буған өтіздей тымырайтып жүрер жігіттердің де мұндайда тұл-жақтары ашылады. Сау кездерінде ләм деспейтіндер ауылдың бұрынғы дүрілдеген данқын болісе алмай, қырық пышақ таласып, төбелесіп тарқайды. Бұдан он жыл, он бес жыл бұрын малдың төңірегінен ұзауға титтей муршалары жок, ертелі-кеш шаруадан босамайтын жүрт шетінен бос, қол кусырып қара дүкенге телміргеннен басқа амалдары да жок. Іргедегі село орталыққа айналып, соған бұларды қосып жібергеннен кейін қырманды да бұзып тастады. Бәрін совхоз орталығына көшіріп жатыр, құдіреттері жетсе, тіпті мына даланы да совхоз орталығына көшіріп тастар ма еді, қайтер еді. Егінге жайқалған даладан өзгенің бәрі “орталық” деп тыптыруду. Піспеген дәннің жартысы сүйк жаңбырдың астында қалса, піскен дәннің жартысы, уақытында тиеліп әкетілмегесін, асты қызып, акырында қардың астында қалады.

“Орталықтың” бұған күші жете бермейді, ал бөлімшенің сиқы мынау, ешпене үшін де жауапты емес, өнегінде, тезірек көшсек дейді. Удере көшетіндегі жағдайлары да жоқ қебінін, маңайдан жұмыс табылғанымен, қатынайтын көліктің реті келмейді, көлік табылса, не жұмыс табылмайды, жұмыс табылса, баспа на жоқ, әйтеүір шым-шыптырық әуре. Отыз жылдан астам қой мен жылқыдан, сиырдан күн көрістерін айырган тұрғындар енді бармақтарын шайнауга әзір. Орталықтан бөлісіп алар еттен бұларға үлес тигенің өзінде, қолдан өсіріп, қолдан соған ақ адаптальындағы болмайды екен. Таразыға салып өлшегеннен-ақ біргүрлі қоңылтаксу, біргүрлі ынғайсыздық орнап, кез-келген бұғылылық дастарқанынан ырыс қашқандай корқатын. Келе-келе бұған да машықтанды, кезекке тұруды, керілдесуді үйренді. Күні кеше кесектеп, килограмдап азық-түлікті сатып алуға қысылып-қымтывылатын бұғылылық енді айғайлап ет, май, т.б. с.с. сұраудан, орталықтағы қойманы андудан ұялмайтын әдет тапты. Бұның соны жүрттың жаппай қара дүкенінде құзететініне ұласты. Жылдар жылжыған сайын орталықтағы қоймадан да, өздеріндегі қара дүкеннен де мән тая бастады. Ортада барды бөле жеттін әдеттерінен тайып, жасырынып, үрланып, қолы жеткендер өзара талап алатынды шығарды. Бірте-бірте жергілікті тұрғындар совхоз орталығына иек артуды доғарып, “бөлімше болғасын, осылай екен гой” десті. Бөлімшеліктен айырылғалы “масқара, әлі жаман қара дүкенімізге зар бол жүрмейік” деп, әр күнді құдіктене карсы альп, құлазумен шығарып салуда. Пәлен жыл колхоз кеңесі болған алты бөлмелі ағаш үй бос тұрғасын, пеш жағылмағасын, терезелерін әлдекім жұлып, есігін әлдекім бұзып әкеткен, көзалдарында шіріп барады.

Кітапхана мен клуб орналасқан зәулім тас үй баяғыда ханының ақ сарайындағы кім-кімнің де көкейіне сән-салтанат үялатып, іші-сырты думаннан арылтыйтын. Мұғалімдер, шопандар, қызметкерлер қосылып, әр мерекені құр жібермей, концерт, сауық кештер үйымдастыратын, спектакльдер қоятын. Халықты қыран-топан күлкіге батырып, әжуа, мысқылға толы небір көріністерді жиналғандардың кол шапалақтауымен әлсін-әлсін қайталап, түннің бір уағында әрен

тарқасатын. Жастар жағы да қазіргідей топтасып, ойқаң-көйкаң секіруден гөрі сахнадан ән шырқап, күй күмбірлетеуге, мың бурала билеуге әүес еді. Бұғылтының егдесін де, кішісін де елуінші жылдардың аяғына шейін осы зәулім тас үйден ешкім қуып шығара алмайтын. Бүтін нану қызын, колхоз кенсесіндегі еңкіш тартпағанымен, еңсесі биік болса да айналасынан күніренген үн, сұық леп ескендей. Шатырына қонақтаған қарғалардың қарқылы әлті тынымсыз күніренген лепті ара-тұра әлдеқайда алып қашқандай шуласып, ұша жөнеледі де төнірегін қайтадан мағынасыздық езгілейді.

Бір адам ішіне не кірмейді, не шықпайды, қарғыс атқандай қысы-жазы түнереді де тұрады. Қапталдаса сол жағынан салынған шарбағы да қираған, ішінде өскен сайын, талдар кәдімгідей бой көтергенімен, төнірегі қоқысқа толы, лактырылған шынылар, консерв құтылары. Ешкімнің кіргенін, шыққаның ешкім көрмейді, ал айналасы әрдайым да ыбырысбыр. Қашан, кім ластап жатыр, белгісіз.

Ауылдан жарты шақырымдай жердегі көлге ертеректе қыз-келіншектер арнайы барып, тап-таза сұына кір шайқайтын. Айдынында құстар жүзген, қаз-үйрегі қаңқылдап, дабыры алысқа жететін көлден де бұ күнде қызық тайыпты. Дәл жағасына тірестіріп, совхоз мал қорасын салған. Қас қылғандай қыр жағынан орын теуіпті! Со жақтан төгілген, лактырылғаның бәрі ылдимен көлге агады. Бірақ ауыл балалары мұны елемейді, жаздай көл маңынан шықпайды. Жағаға байланған бірлі-жарым ескі қайықтармен әрлі-берлі жарысып, суға шомылады, жүзеді. Қөн мен мал зәрінің танау жарған исін әлде ескермей ме, мән бермей ме, үлкендер жағы олардың бетін қайтармайды.

Кара сұық түскелі жағалауы тып-тыныш, адам жоламайды, совхоздың етке өткізуге бордақылап жатқан тайыншалары суарылады.

Өуелде шетінен жеке меншік малды жинап әкеткенде, ел не істерін білмей антарылған. “Соны қайырлы болса иті” десіп, кәрі-күртаң жайнамазға жығылған. “Ойпирмай, мынау тапатал түсте тонау ғой, бермеймін де, өткізбеймін де тайлы биемді” деп қасарысқандар да кездесті.

Бұл ауылда Көпжасардың әкесі мен Токсейт біразға шейін қасарысыш, әсіресе Күжбан байғұс тұқымына біткен жалғыз атын “өлтірсендер де өткізбеймін” деп отырып алған. Даусын кетеріп сейлемейтін жуас адамның мұншалық қырысыққаны оқыс жағдай еді. Селолық советтен күні-түні кіслер есігін тоздырып, ақырында әрен қөндірген. Атымен бірге өзі де өлшеніп, “мені де бірге ет комбинатына өткізіндер” деп, кірден түспей қойғанда, ұлы алдап-сулап үйіне әкеткен. Сол жалғыз ат шалдың жарығын қоса әкеткендей болды. Артынша төсек тартып, онсыз да дімкес жанның ғұмыры ұзаққа созылмады. Жерлестеріне айта алмағанын баласына оңашада жеткізген:

- Сен, қарагым, не біліп-не сездін, әлі жассың ғой. Мен білсем, мына жағдай баяғы жиырма тоғызыңы жылдың отыз жылдан кейінгі жалғасы. Корқамын, соны тағы да жұтқа айнала ма деп. Ел ішін апат жайларда осындаі бір адам түсінбейтін науқан қысатын. Со жолы да дәл осылай басталған, дәл осылай жүргіттың апшысын қуырған, дәл осылай бірінің тыққан малын бірі көрсетіп, бірін-бірі ұстап берген. Ақырында нендей күйге ұшырадық, о жағын сенің ұғып-ұқпауын екіталай. Ойлайтын шығарсын, біздің көзімізді ашқаннан еншілегеніміз жоқтық деп, ойлайтын шығарсын, ата-бабаның мәңгі бақи көргені де сол, және мына сендердің де, кейінгілердің, ертеңгілердің де көрешегі осы жоқ-жетімдік деп. Өйтіп қателеспе, ұлым. Қазақтар ешқашан да өз қолымен малын, міне, осымен екінші рет күэмін, мұндай топаланға ұшыратпаған. Кесапат жаудан, әйтпесе табиғаттың апатынан келуші еді. Адамдардың өз еркімен өздеріне қастық жасағаны ғой бұл. – Күжбан шалдың сол сырьы өзімен кетті, Көпжасар бұған мән бермеген.

Бұл күнде Бұғылыда шалдар некен-саяқ, ғасырдың бас кезіндегі оқиғалардың ата мекендеріне қатысты тұсынан ашылып ешкім айтпайды, мұлдем құлықсыз шежіре шертіп, сыр актаруға. Салтанатты жиындарда, тойларда төрден табылатын Итемген откеннен сөз қозғаса, бас-аяғына жетпейді тыңдаушылары. Эр тұстан бір іліп, мардымды түк айтпайды. Әлде ниет қылмай ма, жасаураған көздері жыптылыштап, жиналғандардың төзімін тауысып бітеді. Соны қезде оны елеп-

ескеріп, әңгіме сұрап жатқандар да шамалы. Жағасы күс-күс кір, жас тұр ма, келін-кепшік тұр ма қасында, елемейді, ертеңнен кешке шейін андитыны дүкен. Кейде ақшасына, кейде қарызға, күн күргітпай бір шишаңы қойнына тығып, бүкшендеп бара жатқаны. Сөйтіе тұра есінен танып, мас болғанын ешкім көрген емес.

Бұғылы қандай дәүір кешсе де, мейлі өрлеген бе, күлдіраған ба, Итемген соның бәрінің жалғыз қуәгері. Біреу оны мақтайды, біреу даттайды. “Беу, заман-ай, осы ауылды аспандатқан Итемген ғой”, “осы ауылдың тубіне жетіп, Бұғылыны жұтып барып өлер бұл қақпас” деген сөздер қабаттаса естіледі әрдайым. Сүйінгені де, жиренгені де “бәрір емес пе, өсірді не, өшірді не” дегендей сыңай танытатын. Осы енжарлық бұғылылықтардың бойынан сәт сайын мен мұндалап, ертелі-кеш ызындаған желдей әбден белең алған. Салқын қанды бейқамдыққа үйрентгендері сонша, мына қыын да түсініксіз жағдайларына сelt етпейді. Тобымен жеті қат жердің астына түсіп кетсе де қынқ дейтін шамалары жоқ. Өздері ешқашан өз тағдырларын шешіп дағдыланбағандықтан, ештеңеге иелік етіп көрмегендіктен, “құдайдың” басқа салғанына” конетін түрлөрі бар. Дағдарыс кешкен бірен-сараны кездессе, айналасындағы жаппай бас шүлғысудан аспай, көптің соңынан елпелектей ілесе кетеді. “Көптен көрген ұлы тойда” титтей ренжуге, күдікtenуте хақылары жоқ, көптің арасында жалғыз-жарымның үні естілмейді. Әлдекімнің жеке ықыласы, жеке тілегімен ешкім санаспайды. Көптен бірге деген ұғымның аясында кез-келген қылмыс, кез-келген қырсықты актайтындағы ғаламат күш жасырынған. Оны бірақ бұғылылықтардың жуықта сезер түрі байқалмайды. Ұлы топпен бәрін-бәрін көруге, бәріне-бәріне шыдауға әдеттенген дағдылары бойынша, жоғарыдан қандай бүйрік жетсе де құлап-сүріне қабылдайды. Пәлен жыл тоғтасып, артель, колхоз, совхоз, бөлімше, бригада боп тірлік кешкенде, “оу, халайық, осы біз қалай тұрып жатырмыз” деп қынқылдағаны кездескен емес. Қиналса да бастарын шүлғиды, куанса да бастарын шүлғиды. Өздері кешкен жағдайдан өзге де жағдай болуы мүмкін-ау деген қаперлеріне кірмейді.

Бұғылылықтардың ойынша өздері қалай өмір сүрсе, бүкіл адамзат та дәл солай өмір сүруде. Әбден еттері өлген өз тірліктерінен өзгөні қаламайтындаи. Сондықтан да олар үшін мынау ата мекен, алтын үяларын Итемген өсіріп пе еді, өшіріп пе еді, басқа кімдер жүрді қазаның құлағын ұстап, үйлерін тастай қашып, тұрғындары қайда, неге асығады, бәрібір, миларын ашытпайды. Әрқайсы жеке өз күйбенімен әлек. Бастьарын қосып, “мына заман, қай заман” деп қазылыққа жүгінер де жүгіндірер де ешқайсы жок.

Бір ауылда тұрганымен, түрлі ғарыштан жиналғандай өмір сүріп жатқан адамдардың бір-бірімен титтей істерінің жоғы шынында қызық-ак. Ана бұрышта босаған, мына бұрышта жартылай көшкен үй, кошенің қай шетінен көз жүгіртсөң де иесіз үйлер үрей шақырады. Эрине, олар ақылдастып, бір күнде тайып тұрган жок. Он бес жылдың көлемінде біртіндеп қоныс аударғасын ба, ауылда қалғандар Бұғылыны күні ертең құрилы дегенге сенбейді. Тіпті басым көпшілігінің ойына келген де емес мұндан жәйт. Әсіресе Қөтжасардың. Оның су жана монша салғаны соны дәлелдегендей. Бос үйлердің текке қалып жатқанын арзанға, тіпті тегінге алушын орнына әскердегі ұлына арнап бөлек отау саламын дейді. Соның іргетасын әлдекашан қалатып та қойған. Өзі қазір ауылда жок. Армия қатарында жүрген баласына шұғыл шақыртып, со жаққа кеткен. Жиырма жылдан бері тұнғыш рет шығар, комбайның тастауға мәжбур болғаны. Совхоз басшылары әрен жіберді. Әскери бөлімшениң телеграммасы бар деп Қалқан араласқасын ғана амалсыздан босатқан.

Елу бесінші жылды әкесі жалғыз атын өткізбей бастықтарды шулатса, енді баласы “өлсем да ауылдан көшпеймін” дегенді анғартады. Содан бері жиырма үш жыл өтілпі. Самаған уақыттай, не тұrlауын таптайсын, әйтеді бірін біріне арбатып қойған жұмбақ тіршілік. Бұғылы тұрғындары өздерінің сол жұмбақ тіршіліктің құлақкесті құлдары екенін ғана анық біледі. Араларынан басын көтеріп, коқан лоқы көрсетер бірі шықсын, шықпасын, ендіті тұста бет-бетіне лаққан бұлардың адасқан бағытынан қайтару мүмкін де емес. Ауылды қоршаған

тогайдың селдірегеніндей адамдардың ішінде де сондай тозып-мұжілу басталған.

Сірә, табиғат өзіне жасалған титтей қияннатты кешірмесе керек. Бұдан алпыс-жетпіс жыл бұрын оған мәңгілік құдірет деп қарайтын қарттарда табыну, аялау сезімдері басым түсіп жататын. Фасырдың басында бұл ауылдың естиярлары өздерін қоршаған ортаның иесі құдай деп қарайтын. Мынау таңғажайып туған өлкенің иесін құдай деп танығандықтан қай-қайсы да қажымай-талмай енбектеніп, қандай жағдай, қандай ахуалда журмесін, өздерінің тәнірі бар екенін сезетін. Сол сезім небір асуладардан альш та шығатын.

Енді ше?

Бүтінгі бұғылылықтар ең алдымен өздерінің иесін-тәнірін мойындаудан қалды. Мұндайда әркім-ақ мықтымысынып, шыға келетін әдеті ғой. Әркім өзін құдаймын деп сезінген жерде дуние атаулы адыра...

Осындай ұрымтал сәтке жоғарыдан тасқындайтын нұсқаулар дәп келіп, Бұғылы өзіне өзі қожалық жасаудан айырылғалы қашан. Мұның соны жауапкершіліктен, жер үшін, ел үшін, тіл үшін, дін үшін – бәрі үшін қажетті жауапкершіліктен жұртты жүрдай қылды. Өздеріне кім ие, кімге, неге өздері ие, мұны ұмытқалы қай заман.

Бірақ ауылдың құлазыған корінісінен әлдене аңғару қындау. Қаныраған үйлердің ашық-тесік терезе, есіктерінен кіріп ойнактаған жел тутастай ауылды жайлап алған. Би де, патшасы да өзі сияқты осы ауылдың. Бір үйдің жартылай бұзылған сенегінен ытқыған адуын жел екінші үйдің тесілген шатырына жұлқи еніп, көшіріліп әкеткен үшінші бір үйдің орнында жалғыз моладай сопайған пештің муржасына барып соқтығысады.

Аракідік әлдекайдан мысық зып етіп, артынан құған ит айналасына алактап, құйрығын бұлғандағатады. Әлде қарға, әлде торғай қонды ма, электр сымы дыңылдап, желдің гүліне қосылғанда, төніректі мұлдем шулатып әкетті. Әр тұстан сиырдың мөнірегені, қозысын шарқ ұра іздеген қойдың маңырағаны естіліп, әлтіндей бірлі-жарымның үні ғана әуені сызығылап барып басылды.

Тіркемесіне тиелген сабаны ырғалған сайын шашылып, көшеге енген трактордың дарылы құлак жарды. Ауылдың ортасындағы Итемген үйінің қорасына бұратылып әрен жақындаған соң, әлгіндегі жеддің ысқырығы қайтадан күшіне енді.

Қас қарайып, аспанды қою бұлттар көмкергенде әр бұрыштан үйлердің шамдары жанып, сыртқа жылт-жылт үшкындары шашырады.

Бос үйлерге тартылған электр сымдары үзілгендіктен бе, әлде себебі басқа ма, көшениң бойында жарық жоқ. Тұн әбден қаһарына мінін, қарангыштық орнағанда, бір жағынан

езіп-жанышып зіл, зала,

екінші жағынан әлгі, бұзылған, босаған, қираған, қаныраған үйлердің сұлбасы он есе зорайып, жердің астынан шыққан күбыжықтай елестейді. Кәдімгідей алқына тынысталап, касына жақындағанды жұтып қоятындар. Әрқайсының өз демі, өз тірлігі бар сияқты.

Ара-арасында тышқан ба, суыр ма, белгісіз, түнгі мақұлықтар ойнақ салады, сақылдайды, шиқылдайды, әлденені кеміреді, әлденені мұжгілейді. Бұлар да өз патшалығын құргандаидар.

Ызғарлы күздің тұнгі желі де барған сайын құтырып, жолындағысының бәрін сарт-сұрт домалатып, тас-талқанын шығара Бұғылының үстінен үйіріліп-үйіріліп кеп долдана ышқынады, бет бақтырмай аласура соғады.

X V

- Жолдас Құрманова, қарамайсыз ғой. - Таныс дауыстан селк еткен Еленай жалт бұрылды. Жұмыстан шықкан беті. Өні күқылданып, Кенжеболатты дәл бүгін күтпегендіктен бір куана, бір муңая жігітке қарсы асықпай аяңдады.

Машинасының қасында жігіт қолдарын қалтасына салып, ыржып тұр.

- Ту-уу, алып-ұшып жетсем, мені күнде көріп жүргендей, аяғынды санап басасын ғой.

- Ә, - деді қыз салқынқандылықпен, - шаршап шықтым, әрі жер тайғақ...

- Мен болмағасын, әрине, шаршайсын, - Кенжеболат Еленайға қолын созды. - Сағындырдың, сарғайтып өлтіретін шығарсын.

- Жүрт бізді көрсін дегендей-ақ машинаңды кесекөлденен тарқаңың не, - деді Еленай ештене естімегендей.

- Енді не қалды жасыратын.

- Сонда қалай? - Еленай күмілжи тіл қатты. Іштей мазасызданып, жігітке біргүрлі торыға қарады. Әуелден-ақ екеуінің жағдайын өзіне іштей ежіктеп, іштей анықтағанымен, әр жүздескен сайын жөн-жосықсыз елеңдейтіні бар. Болашақтарынан не тосатыны белгісіз. Мына түрлерімен сырсың өсекке жем болатыны қинайды. Сиқырлы бір күш жігітке тартады, кет деуге де, кел деуге де шамасы жок. Қалай басталғанын білмейді, ағысы қатты тасқынға төтеп беруге мүлдем қауқарсыз. Алды-артын тентек толқынымен орап, әй-шәйға қаратпастан әкетіп барады. Кенжеболаттың әр сезінен, титтей қозғалысынан әлде мейірім, әлде жұбаныш, әлде сүйеніш, не қүтетіні өзіне де таң. Бұған дейін еркек тарапынан мұншалық арқа тұтарлықтай даралығына зер салмағандықтан ба, кездеспегендіктен бе, өз тыныштығын өзі ұрлап мазаланбайтын. Өнбойын буған аландаушылықтан қалай құтыларын білмейді. Кенжеболатпен танысқалы ұшы - қырырсыз бір елендеу, елегізу. Ең қорқынштысы да осы. "Маскара қылғанда, Кенжеболатқа күйеуге шығуға дәмеленіп жүрмейін" деген ой қос буйірін қысып әкетеді кейде. Сондайда өз үмітінен өзі ынғайсызданады. Шырылдаған үш баласын елестеткенде, басы қазандай боп, не істеп, не қойғанын ескермейді. "Мүмкін емес, мүмкін емес" деп қанша іштей қатайғанымен, тәтті бір елестің сонынан қайтадан жүзе жөнеледі. Осы жасында сүйіп-куюдің талай хикаясын өткердім дегені бекерілік екен. Кенжеболатқа деген ықыласы

бұған дейінгі бір де бір әрекетіне үқсамайды. Әлде жігіттің өзіне деген дәл сондай ыстық ниетін малданып жур ме ?! Қарап отырса, баяғыдан бері сөз салғаны, көз қысқаны, әншейін қызыққаны, қыдырғаны бар, толып жатқан жігіттердің арасынан соншалық өзін бағалап, сырт жүргітан қорықпай-үрікпей өзін іздегені болды ма. Отken жолы келгенінде де “несіне тығылмақ ойнаймыз” деген. Аржағын қазбалап бұл сұрамады. Біртүрлі өнбойын күдік билеген. Әлденендей шешімге келсе, арақатынастары дереу бүлінетіндегі көрініп, әңгімені созбай дөгарған.

Әуелден өзіне серт бергені қайда: анда-санда көргенінді қанағат тұт, бала-шағасынан айырып, опа таптайсын. Нәпсінді тия алмасаң да есінді жый. Енді кеп тағы да аландағаны несі. Мұнысы тіпті үят-ақ. Шын сезім есеп-қисапты дарытпаса керек. Ал өзі соңғы кездे жігіттің сәл-пәл емеурінінен жөнжосықсыз үміттеніп, ”сені ғана сүйемін, жолыңа бәрін құрбандыққа шаламын” дегенін естуге асығады. Кенжеболаттың ықыласына кіршіксіз сенгенімен, соған сәт сайын көзін жеткізуге құмартастыны түсініксіздеу. Ақыл-есін төнкеріп әкеткелі түрған мына қақпаннан қалай құтыламын деп іштей амалын іздегенде, қайтадан сол қақпанға кеп түскендей. Жүрг құлақтанып үлгермей нүктесін қойып, өзінің де өзгенін де басын қатырмайын дейді. Амал нешік, өзірге дәрменсіз.

Көрген сайын Сана да ”қайтесін сау басына сақина тілеп, бітпейтін дауға қаласын” деп ескертеді. Бүкіл туыстардың ішінде сол ғана біледі Кенжеболат екеуінің қарым-қатынасын. Ешқандай сырын одан жасырмайды. Эйтеүір тәнірі тілеуіне жеткізіп, соның сәбиін емізіп отырғанын бір көрсө екен. Мінезінің жібегі-ай, бұның бетін Кенжеболаттан қайтарғанының түрі де қызық. ”Әйелі масқара долы, тарған, ұрысқанынан ел шошитын көрінеді” дейді. Бейнебір бұл Кенжеболаттың келіншегін ұнатуға тиіс сияқты. ”Жұмыс орныңа, үйіңе келіп, абырайыңды төгіп журмесін” деп те ескерткен. ”Атам мен апамдар ұнаттайыңды соларды” дегенде, мұлдем таңғалған. Мұның жүрек қалауы ағайындарына жағып-жаклауының нендей маңызы бар, бәріне ұнауы шарт емес кой.

Және Кенжеболат бұны алайын, бұл оған тиейін деп отырған жоқ.

Жүргіш шым етті. Егер ол "маған тұрмысқа шық" десе ше? Жігіттің жузіне сыйнай көзін тікті. Емхана ауласынан әрлі-берлі өткендерді екеуі де елейтін емес, бір-біріне қарап тұра берді.

- Не, сенбейсің бе маған, - деді Кенжеболат қыздың ойын оқығандай.

- Маған бәрібір. - Өтірік айтқанына қыздың өзі танғалды.

- Бәрібір болса, несіне басымызды қатырамыз?

- Мен басымды қатырып жүрген жоқтын.

- Еленай, - деді Кенжеболат дауысын бәсендетіп, - кеңінен отырып сөйлесу керек екеумізге. Саған айтуға тиіспін, бірақ бұл арада емес. Жүр, үйге барайык.

Машинамен Еленайдың пәтеріне жақындағанда, үйдің алдындағы қарайған кісілерге назар аудармаған. Көршілер шығар деп, Еленай әлгілердің қасынан асырып өте берді. Кенжеболат машинасын ыққа қарай жылжытып, күттін таптай біраз кідірді. Қалталарын актарып, машинаның ішіне кірпі, кілттерін іздең жатты.

Қыз есіктің тұтқасын ұстап үлгерген жоқ, қасынан Қалқанның байсалды дауысы естілді:

- Еленай, келдің бе? - Соншалықты сабырлы, өзінің есімін аялай айтқан үн қыздың қапелімде сасып қалғанын білдірмеуге әсерін тигізді.

- Аға, - деді таңырқап, - ұзак тостыңыз ба.

- Жұмысына согайын дегенмін, сағат алтыдан асқасын, келген шығар деп... Айапаң мен Жанапаң тосып отыр.

- Қайда, - деді дегірсіздентен Еленай.

- Сыртта тоңатын болғасын, көршінің үйіне апардым, - дей берген Қалқанға кілтті ұстата салған Еленай "мен қазір, есікті ашып, жайғаса беріндер" деді де сыртқа асықты.

Кенжеболат қарсы беттеген, мұның қолына шампан мен коньяк салынған торды ұсынды.

- Жо-жоқ, - деді Еленай аттырып, - үйде кісілер тосып отыр.

Сен енді қайтесің, ә, не істесек екен, ә...

- Е, кісілер болса, кісі жемейтін шығар, - деді Кенжеболат бері қарай нық адымдал.

- Тоқтасанды, - деді қыз үздіге сыйырлап, - қайда барасын?
- Қайда барғаны қалай, үйге барамыз.
- Сен түсінсөнші, Қалқан ағам...
- Онда тіпті дұрыс, шаруаның басы бірден қайырылатын болды.

- Жо-жоқ, сәл тоқташы, ынғайсыз емес пе. Апамдарды да өкеліпті, олар басқаша қабылдайды ғой, бекерге ренжіктім келмейді, қартайғанда...

- Саспа, - деді Кенжеболат одан әрмен даурығыш, - құдай сәтін салса, дәл осылай салсын. Ет жақының түгел жиналған екен, екеуміз де тайғанақтамайық, тындашы Еленай, не қазір, не ешқашан...

- Не дейсін? - Қыз шошып кетті.

- Мен бүгін бір шешіммен шығып едім, міне, көрмейсің бе, ағайындарыңды алланың өзі алдыма әкеп жыққанын. Мен саған үйленемін.

Алқына тыныстаған қыз кейін шегінді. Өз деміне өзі тұншығардай. Тағдырының мына мыскылын-ай. Мың қудіктеніп, мың үміттеніп, толғана тосқан, әлі бірақ толғагы жетті демеген ұлы сәттің мынадай қысылтаянға дөп түсуін-ай. Айнала ақ қар, көк мұз, не әрі, не бері бұрылуға мұршасы болмаған Еленай еріксіз ернін тістеді. Ішке жүлкұна енгелеген жігіттің пальтосының етегінен ұстай алды жүрелей отырып. Қаткан мұздың лебі тізесінен найзадай қадалып, сүйек-сүйегінен өтті.

- Саған не болған. - Кенжеболат оны тік көтеріп түрғызды да сәл аялдады. - Неге өзінді осынша пұшайман қыласын. Ешқашан сені мұнша жасық деген емеспін. Эйтеуір тубінде болатын жағдай, ойлағаным сенің қамың, сенің мүдден еді. Тұystарлыңың алдынан біржола өтіп, жолынды ашып берейін десем...

- Оңай жағына құлайсың, ә, - Еленай ішкі толқынысын мейлінше іркуге тырысып, зорлана жымыды. - Алдарынан өткін келсе, әкендей жібер, мениң емес, атамың үйіне. Неге сен олар кездесе кетті екен деп, алланың өзі жығып берді деп даурығасың, не бетінмен көрінесін, қыздарыңың ашынасы едім дейсің бе. Әлде мені оңай олжа деп ойлайсың ба. -

Аяқастынан асып-сасқаның жасырудың амалымен осыншама қатқылдана сөйлегенін байыттамады.

- Өзің біл. - Кеңжеболат бір орнында тұрып қалды. - Енді не істе дейсін, кетейін бе.

Жоғарғы қабаттан Қалқанның есікті аша алмай, кілтті сыртылдатқаны естіліп тұр. Еленай әлсін-әлсін со жаққа қарап, Кеңжеболатқа не кет, не бірге жүр деуге батылы жетпеді.

- Кейін хабарласарсың, менің де жаңалығым бар саған айтатын.

Кеңжеболат бұу сөзіне назар тоқтатпады. Ренжігенін жасырмай мойнын жағасына тығып, кері бұрылды.

- Мыналар ше? - Еленай тор дорбаны ұсынды.

Жігіт қолын созбады. Сырткы есікті тарс жауып, көшеге шықты. Еленай соңынан жүгірмеді. Бір-бірімен қоштасқан жок.

Айғаным мен Жанғаным Еленайды кезек-мезек құшақтап, бетінен сүйді. Екі інінен ауыр тыныстағанына қарамастан Айғаным немересін айналып-толғанып, диванға жайғасқаннан кейін де ”жарығым, жансаям” деп күбірлеп отырды.

Аядай бөлме сөүлеленіп, екі анасы қатарласқанда, Еленай еріксіз сүйсінді. Қас-қағымда сан алуан сезім кештірген бүтінгі кештің күтпеген тұстағы оқиғасынан көпке шейін арылмады. Бәрібір Кеңжеболатқа іштей алаңдай берді. Қолына ұстағаны сусып, не тамақ дайындарын білмей ас үй мен екі ортала зыр жүгіріп жүр. Жүрегін өрекпіткен ой кимыл-қозғалысына ауысқан.

- Жарығым, ештенеге әуреленбе, сенің қарасының керек маған, өз аяғыммен келіп, құтханана қонып кетейін деп арнайы соқтым. -Айғанымның өні жүдеу. Ұялы көздері шектен тыс шүнгірейіп, өзіне мүлдем тән емес қыықпен қарағасын ба, Еленайдың ет бауыры езіліп, ұсақ-түйек шаруаға алданғандай теріс айналды. Бір айдан бұрынғы түрінен тез өзгергені шошыгты.

Бұыльып-туйілген қалталарын актарған Жанғаным кесек ет, қаймақ, майды стол үстіне, бұзылмаған тұтас қаздың істәгін төменгі түсқа қойды.

Қалқан жуынып-шайынатын құыстағы шегесі босап

қисайған айнаны қағып, басқа да көзіне іштінген ұсак-түйек шаруаларды реттеуте кіріскең.

Шәйді төртеуі ұзак ішті. Айғанымның көңілін білуге әдейі барғандарын Қалқан айтып жатпағы. Еленай онсыз да бәрін түсінген.

- Біз қоярда қоймай апаңды дәрігерге көрсетейік деп, сенімен ақылдасадайық деп алып шықтық, - деді Жанғаным.

- Қайтесің дәрігер-мәрігерінді, жетпісті желкелеген кемпірге ол не істесін. Кесілтіп-пішілген құдекеннің уақытынан бәрібір аспайсың. Қоліктің реті келгесін, сені көріп, мауқымды басайын, ауылға барып қайтайын деп тәуекел еткенім фой, әйтпесе өзі берген жаңын олжалаімын деп құдайға қарсылық көрсетер жағдайым жоқ. - Айғаным ақырын, бірақ ұзак сөйлемді. Тамақ ішкендей қаужаңдағанымен, Еленай байқап отыр, бір кесе шайын өлі сыйздықтатып, тауысар емес.

- Айапа, сіз түсінсенізші, - деді Еленай қынжылып, - құдай дейсіз, дұрыс қой, бірақ емделгеннің түк те зияны жоқ. Өзім апарамын, өзім әкелемін, дәрігерлер таныс.

- Жарығым, ризамын саған, қайбір жылы көрсеттің, тексерді фой...

Еленай үнсіз күрсінді. Шынында апасының аурудан гөрі тексерудің толып жатқан хикметтерінен шаршағаны, ақырында қашып құтылғандай болғаны есінде. Қасында жүргенімен, дәрігердің алдында бейшара кейіпте сұлқ отырғанынан бір де айнымаған. Сондағы ақылынан адасқандай меніреу түрін бұрын-соңды көрген емес. Әдетте бойын тік ұстап, бүтежектеуді бұтмейтін, қандай топтың ортасынан жарқырай, көзге жылы үштырап апасының емхана кабинеттерінде әр шешініп-киінген сайын еңсесі түсіп, ауруына ауру жабыстырғандай түнжырағасын, екінші қайтіп бұлай өуре-сарсаңға жолаттастын деген. Қайда тап болғанын білмегендей, со жылы есенғіреген мүшкіл халин көзалдына елестетіп, Еленай одан әрі апасын қолқаламады.

- Еленайды тыңдасаншы. - Жанғаным естілер-естілмес күбірледі.

- Октябрьден хабар жоқ па? - Айғаным әнгімені кілт басқа

арнаға бұрды. - Хабарласып сөйлессөнші, қашанғы жүреді қанғырыш, жас емес, бұдан былайғысы лайқатсыз.

- О кісінің қашанғысы лайқатты болып еді. - Еленай дудемалдана тіл қатты. - Шақырсақ, қайда барап, келеді ғой. Тағы да бәрімізді шаршатып жүрмесе.

- Жарығым-ай, қайтейін, сен шаршамасаң, біз шаршап біткен адамбыз ғой. Жақында түсімде көрдім, үстіндегі кимі ескі, жыртық-жыртық, маған алыстан жаутаңдап, мойнын созады. Мен қақбас иілмей дәл қасынан өтіп барамын, оянғасын өкінгенім-ай, әлі қиналадын, неге тоқтамадым, неге жылы сөйлемедім, неге бір бауырима қысып сүймедім деп...

Еленай көзіне тығылған жасты андаусызыда іркіп тастады. Апасының мұнша толқығаны, әкесін опына есіне алғаны сай-сүйегін сырқыратты. Әке деп ешқашан еміренбегенімен, Октябрғе деген әлде аяныш, әлде сағыныш сезімі ме, әйтеуір өнбойын шарпып өтті. Көптен бері тілі ол туралы ойламапты. Анда-санда жолыққанда, үрлік жасағандай қуыстанған бет-бейнесін көруге құлқы соқтайдын. Дүниедегі ең сорлы бейбақ деп қабылдайтын. Намыс кернеген кеудесіне сая таптай, дүниедегі ең сорлы бейбақ неге бұның әкесі деген сұраққа жауап таптай қүйзелетін. Ұзак жылғы қүйзеліс аяушылыққа үласты, әлгі сауалына жауап та күтпіді, Октябрьдің түрін де ұмытты.

- Октябрьді өмірімде бір де рет түсімде көрген емесін, - деді Еленай.

- Қарағым, Еленім, - Жанғаным мейлінше жұмсақ сөйлеуге тырысты, - қанша дегенмен әкен ғой, атын төбеден дүнк еткізгендей атамашы, бөтен кісі естісе, сөгіп жүрер.

- Кішкентайынан есімін атайдын, аға дейтін көңілі түскенде... - Айғаным жымыған сыңай танытты. - Өзің де білесің ғой, Жанғаным, менің жарығыма, жансаяма бәрі жарасады.

- Машинаны қайда қойсақ екен, - деді Қалқан есікке беттеп, - тұн де сұық-ау, ә...

Еленай тәсек сала жүріп, шүйркелесіп отырған апаларына көз қырын аударды. Соңғы кезде екеуіне катысты жиі-жиі елестер бір сурет кенеттен көзалдында зорайып тұрып алды:

асқар тауы, панасы, корғаны. Мына түрлерінен қиялын тербекен әлгі сұлбаны ап-анық тағы да көрді. Екеуі қатарласа жайғасқанда, тынысын кенейтіп жібереді екен ғой. Төңірегіндегінің еңсесін көтеріп әкетер кескін-келбеттері расымен занғар тауды мегзейді. Еленай қәдімгідей қайран қалды. Былай қараса, қарапайым ғана әйелдер, кемпір деуте қимайды. Екеуі де қартайған, жүздерін айқыш-үйқыш әжім сыйған. Соғите тұра бойларында қорғансызыдықтың, әлсіздіктің ізі де жок. Қажып-шаршады-ау деген жұздері өзгеше айбын, өзгеше жігер анғартады. Бірақ қөнілін өсірген әлгі көрініс-асқар тауы тубінде мужішпі біту ықтимал екенін елестеткенде, денесі тітіркенді. Неге екені белгісіз, мына сәт кейін қайталанбайтындар, мына сәтті кейін талай-талай шарқ ұрып іздейтіндей, сарғайып сағынатындар. Өз-өзінен босап, екеуінің иყстарынан қалсыра құшқатады.

- Сендерді қатты сағынып тұрмын, - деді. Сағынамын деуте аузы бармады.

Айғаным мен Жанғаным күлісіп мәз.

- Екеуінді бір-біріңсіз елестету қын, осылай үнемі қатар жүрсөндерші, мен тіпті екеуінді қашан бірге көргенімді үмытыптын, ал бірақ бәрібір екеуінді бір-біріңсіз елестете алмаймын. Осы сендер неге бір ауылда тұрмайсындар? Сағынбайсындар ма бір-бірінлі? Әйтпесе екеуін де менің қолыма келсөндерші. - Еленай енді Айғанымға қарай ойысты.

- Айапа, қеудене баяғыдай басымды сүйейінші, көптен арқамнан сипамағасын ба, удай ашилды, соқшы арқамнан.

Тұн ортасынан ауғанша Еленай көз ітмеді. Екі аласының да тіл жағы тыным таптауды. Бұдан елу-жеттіс жыл бұрын еткен оқиғалардың ортасына сұнгілі де кетті. Есімдері баяғыда өшкен әлдекімдердің түрлі-түрлі қылықтары, жақсылығы, жамандығы аралас көріністер қаранғы үйді кенейтіп жібергендей. "Итемген" деген есімді естіген сайын Еленай елең ете қалады. Тіпті зер салғаны сонша, үйқысы шайдай ашылып, басы ауырайын деді. Өзгеше бір өмір тізбегі тал-тар үйі арқылы үзынсонар көшіп бара жатқаңдай. Ешқашан естіп-болжамаған жәйттер бір сәтте төбесінен бүршакша жауды. Тұтастай ғасырдың килы-қилы сырларын бойларына сінірген, осынау

атырағтың талай жұмбағының шешуін іштеріне бүккен мына екі қарияның таң атқанша шерткен әңгімесі Еленайдың санасын мулдем жаулап алды.

Көз алдында көлбендеғен Кенжеболаттың да бейнесі әлгі әңгімелермен қатарласа жарысады. Екі кештің арасында басына үйіліп-төгілген әсер көз шырымын алдыраар емес. Кенжеболатты үйтеге кіргізбегеніне өкініп те қалған манағы әзірде. Неліктен азар да безер ”жо-жоқ“ деп үріккен себебін енді еміс-еміс бағдарлағандай. Айапасы мен Жанапасының сыбыр-күбірі көптеген құпияның қойнауын ашып жатыр. Мұның жүргіндегі жараны аяусыз тілгілегендерінен олардың тиғтей хабары жоқ. Екеуін тыңдасаң, Кенжеболаттың әкесінің жасамағаны жоқ сияқты. Өзі үшін аса аяулы жандардың - Құрман, Токсейіт аталарының көрген қорлығына, кішкентайынан аңызыдың кейіпкеріндей есінде сақталған Нұрхан деген тұмасының құрып кетуіне, тұған мекендерінің күйреп, ағайындарының айдалада жургендеріне Кенжеболат әкесінің нендей қатысты, нендей кінәсі бар екенін түсінбеді. Әйтеуір ол қанды шенгелін талайға батырыпты, талайды зарлатыпты. Естіп жатқаны осы болғанымен, Еленай бәрібір ештеңе үқпады. Тек қана Кенжеболатты бұлардың жолықтырмағанына қуанды. Бірақ әлі ешкім, тіпті Санада білмейтін, Кенжеболатқа да айтып үлгерметеген жаңалығын ойлағанда, төбе шашы тік тұрды. Өзіне ғана мәлім жағдайының дәл қазірігі сәтке шейінгі қадір-қасиеті кенеттен тоналып, жантәнін үрей биледі.

- О, тоба, - деді ішінен, - мұндай да болады екен-ау. Бұл не, жасаған иесінің әдейі жіберген сынны ма, әлде қырысығы ма? Кімге, өзіне ме, Айапасына ма, кімге? Жаратқан ием-ау, бу не қылғаның, Айапама қалай жеткіземін, қалай естіртемін бұны. Жүргімнің астында бұлк-бұлк соққан жаңа тыңыстың тұрғы тегі өзің сұмырай деп жатқан Кенжеболаттың әкесі екенін білсөн, Айапа-ау, не істер едің. Сананың құмілжитіні де сондықтан екен ғой.

- Жарығым, жансаям, бір жерің ауырып жатқан жоқ па, - деді Айғаным.

- Біз үйқысын бұздық-ау баланың, - деді Жанғаным.

- Жок, керісінше, көп нәрсенің анық-қанығын естіл, екеуінің ештеңе ұмытпағандарына таңғалып жатырмын. Мен кеше көргенімді ұмытып қаламын, ал сендер жүз жылғыны қалай-қалай жаңғыртасындар?!

- Е, жарығым, ұмытылмайтында заман болғаны-дағы, әйтпесе біздей алжыған кемпірлердің ақылында, есінде турған не бар дейсін.

- Екеуің мына қазірі заманға риза емессіндер-ay, ә...

- Қой, кайдағыны айтпай, өйтіп бізді күнәға батырма, ел аман, жұрт тыныш, бұдан артық не керек бізге.

- Ал, манадан бері айтып жатқандарың не? Сендерді тындасан, коммунизмді қазактар баяғыда етіп кеткен сияқты. Сендерді тындалап, сол баяғы өмірді аңсап кеттім. Сол заман болса ғой, бүтіп күйеусіз қалмайды екенмін, көзімді ашқаннан атастырып, есімді жияр-жимаста жат жұртқа аттанып кете барады екенмін. Қазіргідей кімге шығамын деп қиналмайсын.

- Еленай сөзінің аяғын әзілте айналдырыды.

- Е, жарығым-ай, - деп Айғаным қеудесін кере күрсінді. - Эр кезеңнің жақсы, жаманы, жағымды, жағымсызы, қыындығы, женелдігі қатар жүреді, әйтпесе несі қызық тіршіліктің. Тек адалдықтан тайдырмасын адам баласын, аласатыранның алапат ағымына кезіктірмесін сендерді, кетті ғой талай арман сол ағылда түншілікпі, солды ғой талай сенім сол ағыстың астында.

- Соған кінәлі кім? - Еленай төсектен басын көтерді.

- Е, кім дерің бар ма, құдай енді сендерге көрсетпесін зорлық-зомбылығын, атын атап, түсін түстейтін заман емес казір, қайтесін, - деді Жанғаным әлдекімді әлденеден актағандай.

- Соңда Нұрхан ағамды түрмете отырғызған Итемген шал ма? - Тебеден тарс еткізгендей суралына өзі де ынғайсызданды. Кеңжеболаттың әкесінің есімін алғаш рет атаса керек.

Апалары іштерінен тынып үндемеді.

- Оны қайдан блесің? - Жанғаным күрсінді. - Сен ештеңе білмей-ақ қой, қайтесін...

- Неге? Мүмкін ең алдымен менің білуім керек шығар. Ол

шынымен жауыз болғаны ма, Итемген шалды айтамын, онда балалары сондай шығар, ә... - деді Еленай сыр тартып.

- Тенідік жарықтықтан туғандарының пошымы бөлек қой, обалы нешік, - Жанғаным тағы да аһ ара курсінді, - қай-қайсы да алдымыздан кесекөлденен демейді, кішілейіл.

Еленай бұдан әрі сөз жарыстырмады. Кірпіктері айқасар емес. Ой мұхитына малтығып, әлденеге мазасызданады, тыптырышиды. Алақанымен кіндігін сыйпады, өз тәні өзіне сиқырлы құпия, сиқырлы әлем. Әйелдің тәні өзіне де жұмбақ екен-ау дейді ішінен, саусақтарына ап-анық дарығандай кіндігінің айналасын түйнектеп үлгерген бір ғажайып. Ертегідей күндерінің осымен біткені ме, әлде осы сәттен басталғаны ма, айырмады. Манадан бері байқамапты, ас үйдегі сағаттың сыртылы енді сандауын мазалап, біркелкі соққан сайын әлдекайда асықтырғандай ма, шакырғандай ма, әлсін-әлсін аударылды. Жан дүниесін билеп төстеген бұл не күш екенін түсінбеді. Әлде мынау бұлдыр тұмандай жағдайы күні ертең қасірет арқалатып, орны толmas өкінішке ұрындыра ма, таусылмайтын қобалжудың тасқынына төтеп беруге қаукарыз еді Еленай. Бір жағынан келешегі ушін үрейленсе, екінші жағынан анау аскар таудай апаларын аяды. Солардың артқан үмітін ендігі шақта қалай ақтамак. Айапасының шарасынан ұша жаздағалы түрған көздері нендей сүмдүқты емексітеді. Өзін шошытқаны рас, бірақ әлі де мойындауға дауаламайды, ұсынан актарыла қараған көздері мұлдем басқа жаққа тесіліп, мұлдем басқа жақтың бөтен ниетіне құлдық дегендей. Айапасының бұ дүниенің пендесіне тән емес көзқарасы бағана жүрөгін тілгілесе де, артынан іс-әрекеті, сөзі орнықты екенін байқап, сәл-пәл жұбанған. Тіпті қазір де Жанғаным екеуінің таңға созылған әңгімесі Еленайдың күдігін женілдеткендей. Оның бержағында көнілін астан-кестен ойрандатқан жәйттердің астары таң созылған сайын қалындал, бір әсерін бір әсер жанғыртқанда, кәдімгідей абыржыған. Сондықтан ба, шекесі зірк-зірк, қарағұсы қимылдатпай, төсектен қыбыр еткізер емес. Жүргегі шаншығасын он жағына ауысып еді, көзінің оты үшіп, басы айналып қоя берді. Танауын жағымсыз иіс жарып, көкірегін ашы запыран қысты. Бір куанып, бір

мұңайтқан, бір сағынтып, бір ренжіткен, бір қобалжыгып, бір үміттендірген екі кештің арасындағы самғая ойлары Еленайға тым ауыр тиді.

Кеудесін мұң кеміріп,

әл-дәрмені құрып, соны бірақ қасындағыларға білдірмеудің амалымен қалың қөрпені тас бүркеніп, демін ішіне бүкті, жүрегі асау аттай тулағ, дұрс-дұрс.

Қараша, 1989 жыл

(Біріншиі кітаптың соңы)

МАЗМҰНЫ

I тарая	
Маздалап оты үміттің	4-17
II тарая	
Ағынында күдіктің	17-31
III тарая	
Фасыр сырғып барады	32-49
IV тарая	
Илеуінде тірліктің	49-67
V тарая	
Ризық кетті өүлеттен	67-86

VI тарай

Арманды бос тербеткен 86-106

VII тарай

Дауасыз дерпт - өткен күн 106-131

VIII тарай

Әдетті жат селдектен 131-149

IX тарай

Үш тәтті сезімнің 149-165

X тарай

Лаж жок, шыдар төзімнің 166-184

XI тарай

Елін қорғар ер қалмай 184-196

XII тарая

Түсі қашты жерімнің 196-207

XIII тарая

Бебеулейді боз даға..... 207-273

XIV тарая

Езіп-жаншып зіл, зала 273-294

XV тарая

Кеудесін мұң кеміріп 294-306

Магира Кожахметова

АГОНИЯ
роман
(на казахском языке)

Редакторы Ж. Малайсарин
Суретшісі Е. Қожабаев
Тех. редакторы Д. Омарғалиева

ИБ 298

Басуға 2001ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 16,4.
Есептік баспа табағы 17.
Таралымы 2000дана.
Тапсырыс № 481.
Бағасы келісімді.

«Ана тілі» баспасы ЖШС, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй, тел: 42-54-13

 «Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 42-36-31, 42-07-90, too_kitap@mail.ru

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Ана тілі» баспасынан мына кітаптарды сатып алуарыңызга болады:

1. *Қазақ мақал-мәтеддері.*
2. *Л. Дүйсембекова. Іс қагаздарын қазақша жүргізу.*
3. *Қазақстан тарихы. Пән анықтамалығы.*
4. *С. Ақтаев. Қазақ ханымдары. Эсселер.*
5. *О. Әбділдаұлы. Сөз бен саз. Публицистикалық эсселер.*
6. *Имандылық бастаулары. (Пайғамбарлар жайлы өңдеімелер).*

Алматы қаласы, Абай даңғылы 143 үй, «Ана тілі»
баспасы, тел. 43-45-27, 42-54-13, 53-95-65

V
RF. TITANUS BRAGI MAMANI DE LIMA
HABERMAN, 100% ALGODON DOBLE TEJIDA PER
210030130067



